

Орманова Зауре Құрбанбайқызы

# ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКА НЕГІЗДЕРІ

Оқулық

«Тұран-Астана» университеті

КІТАПХАНА

Инв.№

67833



TECHSMITH

Алматы, 2023

ӘОЖ 159.9 (075.8)

КБЖ 88.1 я 7

О-67

*«Тұран» университетінің Ғылыми кеңес шешімімен ұсынылған  
(2019 жыл, желтоқсан айы, № хаттама)*

*«Тұран» университетінің психология кафедрасының мәжілісінің  
шешімімен ұсынылған (2019 жыл, 19 қараша, №6-хаттама)*

Пікір жазғандар:

«Тұран» университетінің «Психология» кафедрасының доценті,  
психол. ғ. к. И.К. Аманова;

«Қайнар» Академиясының профессоры, психол.ғ.д. Перленбетов  
М.А., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
профессоры, психол.ғ.д. докторы Н.Б. Жиенбаева.

О-67 Орманова З.Қ.

Психологиялық диагностика негіздері: оқулық / З.Қ. Орманова.–  
Алматы: TechSmith, 2023. -244 бет.

ISBN 978-601-352-186-2

Оқулық психология ғылымының және тәжірибелік іс-әрекеттің жетістіктері ескеріле отырып, психодиагностикалық құралдарды зерттеудегі ғылыми әдіснаманың мәселелерін және адамның психодиагностикасы саласындағы ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру және ұйымдастыру тәсілдерін толық көрсететін теориялық және практикалық материал жүйелі түрде келтірілген. Ұсынылған мазмұнды оқу барысында студенттер адамның психодиагностикалық сипаттамаларын практикалық психологиялық зерттеу әдістерімен және әдістемелерімен, әртүрлі психикалық феномендерді зерттеудің психодиагностикалық әдістерімен толық таныса алады.

Оқулық жоғары оқу орындарында оқытылатын Психологиялық диагностика негіздерінің оқу бағдарламасына негізделіп дайындалған.

ӘОЖ 159.9 (075.8)

КБЖ 88.1 я 7

ISBN 978-601-352-186-2

© Орманова З.Қ., 2023

© TechSmith, 2023

## Мазмұны

Алғы сөз.....	6
<b>I. Психологиялық диагностика пәні және оның тәжірибелік маңызы.....</b>	<b>9</b>
1.1. Психодиагностиканың ғылыми - теориялық негіздері .....	9
1.2. Ғылыми және практикалық психодиагностиканың мақсат-міндеттері.....	14
1.3. Психодиагностиканың қолдану аясы.....	17
<b>II. Психодиагностиканың қолдану салалары .....</b>	<b>23</b>
2.1. Психологиялық кеңес беру, психотерапия, сараптама, кәсіби таңдау .....	23
2.2. Психологиялық қорытынды және психодиагностикалық тексеру .....	26
2.3. Тест-психодиагностиканың негізгі құралы .....	33
<b>III. Психодиагностиканың этикалық және кәсіби бағыттары .....</b>	<b>38</b>
3.1. Психодиагностиканың әдістемелік негіздері мен объективтік көрсеткіштері.....	38
3.2. Диагностикалық әдістемелерге қойылатын талаптар .....	42
3.3. Этикалық кодекстің негізгі принциптері мен нормалары .....	45
<b>IV. Психодиагностиканың пайда болу және даму тарихы.....</b>	<b>49</b>
4.1. Психодиагностиканың пайда болу тарихы .....	49
4.2. Психологиялық және педагогикалық тесттерді қолдану тәжірибесі .....	54
4.3. Психодиагностика ғылымының қазіргі жағдайы .....	58
<b>V. Психодиагностиканың эксперименталды психология аясында қалыптасуы.....</b>	<b>63</b>
5.1. Психодиагностиканың негізгі бағытына шолу .....	63

5.2. Психодиагностиканың дамуына үлес қосқан ғалымдар .....	66
5.3. Әртүрлі ғылыми бағыттардағы психодиагностикалық амалдар .....	75
<b>VI. Тест нормалары мен шкалалардың статистикалық табиғаты .....</b>	<b>80</b>
6.1. Тест шкалары, нормалары және олардың түрлері .....	80
6.2. Психодиагностикалық әдістердің топтастырылуы .....	84
<b>VII. Шкалалар туралы түсінік, оның түрлері мен өлшеу деңгейлері .....</b>	<b>87</b>
7.1. Шкалалар, түрлері, өлшеу деңгейлері мен классификациясы .....	87
7.2. Психодиагностикалық мәліметтердің негізгі түрлеріне сипаттама .....	93
<b>VIII. Сенімділік және оны тексеру шаралары .....</b>	<b>96</b>
8.1. Сенімділік. Тест дәлдігі мен сенімділігінің байланысы .....	96
8.2. Сенімділік нақты өлшемді анықтау құралы ретінде .....	99
8.3. Тұлғалық қасиеттерді диагностикалаудағы тесттің дәлдігі мен сенімділігі .....	102
<b>IX. Валидтілік және оның түрлері .....</b>	<b>109</b>
9.1. Тесттің валидтілігі мен сенімділігі .....	109
9.2. Психодиагностикалық эксперимент валидтілігінің типологиясы .....	113
<b>X. Психодиагностикалық технология .....</b>	<b>119</b>
10.1. Тест тапсырмалары мен оларға қойылатын талаптар .....	119
10.2. Психодиагностикалық әдістердің классификациясы .....	125



<b>XI. Тұлға психодиагностикасы.....</b>	<b>133</b>
11.1. Тұлға моделіне қатысты теориялық құрылым .....	133
11.2. Тұлғаны зерттеудегі проективті әдістер .....	138
<b>XII. Проективті әдістер және олардың негізгі белгілері .....</b>	<b>146</b>
12.1. Проективті әдістер мен тестің теориялық негіздері .....	146
12.2. Психодиагностикалық тестерге қойылатын талаптар .....	149
<b>XIII. Қабілеттің психодиагностикасы, түрлері және шарттары.....</b>	<b>153</b>
13.1. Қабілетті дамытуға арналған жалпы шарттар.....	153
13.2. Қабілеттің түрлері және олардың нұсқауы мен дамуы .....	157
<b>XIV. Интеллект психодиагностикасы .....</b>	<b>162</b>
14.1. Интеллектіні анықтаудағы негізгі амалдар .....	162
14.2. Интеллектінің факторлық модельдері, типтері мен жалпы ережелері .....	165
<b>XV. Ақыл-ой дамуының психологиялық диагностикасы.....</b>	<b>169</b>
15.1. Ақыл-ой деңгейіне әсер етуші факторлар мен эмоционалды сана-сезім.....	169
15.2. Өзін-өзі бақылау, өзінің көңіл-күйін басқарудың амалы ретінде.....	173
<b>Семинар, практика, зертханалық сабақтардың жоспарлары .....</b>	<b>177</b>
<b>Білім алушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру материалдары .....</b>	<b>196</b>
<b>Білім алушылардың білімін бақылауға арналған тест тапсырмалары .....</b>	<b>198</b>
<b>Емтиханға дайындалуға арналған сұрақтар .....</b>	<b>236</b>
<b>Қолданылған әдебиеттер тізімі .....</b>	<b>238</b>
<b>Глоссарий.....</b>	<b>241</b>

## АЛҒЫ СӨЗ

«Психологиялық диагностика» пәнінен бұл оқулық «психология», «педагогика-психология» мамандықтарының студенттеріне арналған.

Болашақ мамандардың кәсіби деңгейін арттыруда арнайы кәсіби біліммен қатар психологиялық білім берудің мәні зор. Университет студенттеріне психологиялық білім беру арқылы жас маман ретінде психологиялық жағынан дайындау бүтінгі өмір талаптарымен тікелей байланысты. Модульдік оқыту технологиясының кредиттік жүйемен оқыту бойынша барлық психологиялық-педагогикалық мамандарға «Психо-диагностика негіздері» пәнінен дәріс, практикалық, зертханалық сабақтармен қатар ОБСӨЖ және СӨЖ тапсырмалары беріледі. «Психодиагностика негіздері» пәніндегі дәрістерде психологиядағы ғылыми жаңалықтардың кәсіби психолог мамандарды даярлауда алатын орнын аша отырып, әрбір болашақ маманның өзінің таңдаған кәсібіне сәйкес білімін толықтырып, практикалық сабақтарда студенттер өзін-өзі бақылауға арналған әдістер мен әдістемелер арқылы жеке тұлғаға тән қасиеттерді, сапаларды, интеллектуалдық қабілеттілігін зерттеп білуді үйренеді.

Практикалық психодиагностика психолог іс-әрекетінің әртүрлі саласында қолданылады. Дегенмен, психодиагностика психологиялық іс-әрекетінің жеке, өз алдына дербес сферасы ретінде қалыптасқан. Оның басты мақсаты: психологиялық диагноз қою яғни былайша айтқанда, адамның нақты психологиялық жағдайын бағалау.

Кез-келген мемлекеттің стратегиялық мәселелерінің бірі – ол өсіп келе жатқан өскелең ұрпақты ел алдындағы міндеттерді өз бетінше шеше білуге қабілетті етіп тәрбиелеу.

Қазіргі ғылымда білімді адам және оның дамуымен байланысты мәселелер алдыңғы қатарға шығып отыр. Жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру мемлекеттің алдында тұрған ең басты міндеттердің бірі екендігін жоғарыда атап өттік. Еңбек өнімінің өсуі, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін жақсарту, осылардың барлығы адамға қатысты мәселелерді ғылыми зерттеуді талап етеді.

Өмір сүру барысында дамыған тұлғаның ерекшеліктері, меңгерген білімінің көлемі мен сипаты, қызығушылығы, эмоциялық-ерік сфераларының ерекшеліктері, адамгершілік қасиеті осылардың барлығы адамның белгілі бір жағдайларға еркін жауап қайтаруына бейімделуіне белсенді және мақсатты түрде әсер етеді.

Біздің қоғамның болашағы болашақ психологтарды, педагогтарды, өндіріс және ғылым басшыларын т.б. мамандарды тек қана сауаттылыққа ғана емес, сонымен қатар белсенділікке, алдына қойған мақсат-міндеттеріне қызығушылықпен қарауға тәрбиелеумен байланысты. Соның негізінде тұлғалық позициясы белсенді, өзінің күшіне сенімді, орындалатын іс әрекетке шығармашылықпен қарайтын тұлға қалыптасады. Әрине эмоциялық-ерік сфералары дұрыс қалыптаспаған студенттерде осындай сапалардың көрініс беруі қиындайды немесе қалыптаспауы да мүмкін.

Жоғары оқу орнындағы студенттердің білім сапасын арттыру тұлғаның қасиеттерінің дамуымен тығыз байланысты. Оқу процесін меңгерту жеке тұлғалық қасиеттердің дамуын ұйымдастырумен көрінеді.

Бұл мәселені психология ғылымы тарапынан бүгінгі күн талабына сай шешу үшін психологиялық ой-пікірлер саласында жинақталған барлық құнды идеяларды зерттеп, пайдаланудың маңызы зор екені анық.

Қазақстанның ғалымдары Қ.Ә.Алдамұратовтың, Қ.Б.Жарықбаевтың, Ж.Ы.Намазбаеваның, С.М.Жақыповтың, Р.Б.Қаримованың және т.б. еңбек-терінде жазылған жеке адамның дара психологиялық ерекшеліктері жайлы көзқарастары мен эксперименттері, теория және тәжірибе үшін өте маңызды.

Психология бөліміндегі оқытушылық іс-әрекет орта мектептен бастап жоғары білім мен магистрлік даярлыққа дейін білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде тәжірибеленеді. Психологиялық көмек көрсету, адамның нақты психологиялық жағдайын бағалау, психологиялық білім, білімнің кейінгі дамуы мен оның әлеуметтік тұрғыда таралуымен шектелмейтін тәжірибелі психологиялық міндеттерді шешу үшін психологиялық теориялар мен әдістердің қолданылуын анықтайды. Дәл осы іс-әрекет кең

мағынадағы психологиялық диагностика деп аталады. Психологиялық диагностика бұл психологияның пәні – психологтардың нақты адамға, оның мәселелеріне, сұраныстарына, қажеттіліктеріне және т.б. бағытталған тәжірибелік іс-әрекеті болып табылатын бір саласы.

«Психодиагностика негіздері» пәнінен оқулықтың мақсаты: адамның нақты психологиялық жағдайын бағалау, психологиялық пәндерден дәріс жүргізу әдістемелері, психологиялық оқу пәндерінің құрылымдық принциптері және олардың мазмұндарын игеру жолдары туралы білімдер қалыптастыру, психологиялық қызметтің мазмұны мен маңызын, қазіргі әдістерін қызметі мен тәсілдерін, жаңа психотехнологиялардың компонент-терін білуі болып табылады.

«Психодиагностика негіздері» пәнінен студенттерге арналған оқулықтың құрылымы типтік бағдарлама, жұмыс бағдарламасы, негізгі бөлімдерден, дәріс сабақтарының мазмұнынан, практикалық сабақтардың жоспары мен орындалу кезіндегі тапсырмаларды басшылыққа алып қарастырылды.

Бұл оқу құралы студенттердің теориялық білімдерін, психологиялық диагностиканың қазіргі ғылыми-теориялық негізін арттыруға, адамның нақты психологиялық жағдайын бағалап, жеке адам психодиагностикасының ғылыми-теориялық негізін тереңдетіп оқытуға, психологиялық көмек көрсету кезінде маманның практикалық дайындығын және кәсіби дағдыларын игеруге, психологиялық тәжірибенің әр түрлі облыстарында психологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыра алу дағдысын және психодиагностикалық зерттеулерді жүргізу ережелерімен танысып, әр түрлі әлеуметтік өмір сферасын ескере отырып өз бетімен психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізуге, сандық-сапалық анализ және интерпретация нәтижесін шығаруды меңгеруге, психологиялық дайындықтарын нығайтуға көмектеседі.

«Психодиагностика негіздері» пәні жеке ғылыми психологиялық пән, ғылымдар жүйесінде ерекеше орын алады және адамның нақты психологиялық жағдайын бағалап, психологиялық көмек көрсету. Пәннің оқыту объектісі ҚР мемлекеттік стандартының ережесіне сәйкес психологиялық білім беру болып табылады.

## I. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКА ПӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК МАҢЫЗЫ

### 1.1. Психодиагностиканың ғылыми - теориялық негіздері

Психодиагностика—бұл психология ғылымының негізгі облысы және психологиялық практиканың формасы. Жеке адамның жеке ерекшеліктерін тануға арналған әдістемелер жиынын өңдеу және қолдану. Баска (техникалық, медициналық, педагогикалық кәсіби) диагностикалардан объектісі мен зерттеу әдістемелерімен ерекшеленеді.

Психодиагностика (грек тілінен Diagnostikos—танып білуге қабілетті деген мағынаны білдіреді) жеке тұлғаның индивидуалдық ерекшеліктері мен оның дамуының ерекшеліктерін айқындайтын әдістерді жасап шығаратын психологияның сапасы болып табылады. Жалпы психодиагностика теориялық ғылым ретінде берік диагностикалық пікірлердің шығу заңдылықтарын және диагностикалық ой еңбектерінің ежесін қарастырады. Мұндай ереже кейде қарапайым, кейде өте күрделі болып келеді. Күрделі жағдайда диагностикалық көрсеткіштермен ерекше жұмыс жасауды қажет етеді, профильдерді стандартты түрде салыстыру, интегралды көрсеткіштер есебі, альтернативті диагностикалық байқаулармен салыстыру, сараптамаларды өңдеу, болжам және оны алып тастау.

Психодиагностика теориялық пән болғандықтан психология ғылымының тиісті салаларымен тығыз байланысты. Мысалы, жалпы психодиагностика элеуметтік және даралық психологиясымен, ал жеке психодиагностика медициналық, жас ерекшелік, әскери, соғ, еңбек, спорт психологиясымен байланысты.

Теориялық психодиагностика психологиялық білімдердің 3 облысын қамтиды.

1. берілген құбылыстарды түсіндіретін психологияның пәндік саласын.
2. анықталар жағдайдағы даралық өзгешеліктерді өлшеу ғылымы —психометрика (психологиялық өлшеу)

3. психологиялық білімдерді пайдалану тәжірибесі.

«Психодиагностика» сөзі - «психологиялық диагноз қою» дегенді немесе адамның жеке өзінің психологиялық жағдайы немесе қандайда бір психологиялық қасиеттері жайлы сапалы шешім қабылдауды білдіреді. Талқыланып отырған бұл терминнің психологияда екі мағынасы бар. «Психодиагностика» ұғымының бірінші анықтамасы оны алуан түрлі психодиагностикалық құралдарды жасап, оларды практикада пайдалануға қатысты психологиялық білімдердің арнайы саласына жатқызады.

Практикалық психодиагностика психолог іс-әрекетінің әртүрлі саласында қолданылады. Дегенмен, психодиагностика психологиялық іс-әрекетінің жеке, өз алдына дербес сферасы ретінде қалыптасқан. Оның басты мақсаты: психологиялық диагноз қою яғни былайша айтқанда, адамның нақты психологиялық жағдайын бағалау.

Мұндай ұғымдағы психодиагностика өз саласында мынадай мәселелерді қарастыратын ғылым болып табылады.

1. Психологиялық құбылыстардың табиғаты мен оларды ғылыми бағалаудың принципті мүмкіндіктері туралы.

2. Психологиялық құбылыстардың принципті түрде танылуы мен сандық бағалануы үшін осы уақытқа дейін қалыптасқан жалпылама ғылыми негіздемелер туралы.

3. Қазіргі уақытта қолданылып жүрген психодиагностика құралдары, қабылданған жалпылама ғылыми методологиялық талаптарға қаншалықты сай келеді.

4. Психодиагностиканың алуан түрлі құралдарына қойылатын негізгі әдістемелік талаптар қандай.

5. Психодиагностиканы жүргізу жағдайларында, алынған нәтижелерді өңдеу құралдары мен сол нәтижелерді қорыту тәсілдеріне қойылатын талаптарды қоса алғандағы практикалық психодиагностиканың нәтижелерінің сенімділігінің негіздемесі туралы.

6.Тесттерді қоса алғандағы психодиагностика әдістерінің ғылымилығын құрастыру мен тексерудің негізгі тәртібі туралы.

«Психодиагностика» терминінің екінші анықтамасы психологиялық диагнозды практика жүзінде қолданумен байланысты психологтың өзіндік саласын көрсетеді. Бұл жерде

психодиагностиканы ұйымдастырып өткізуге қатысты таза практикалық мәселелер шешіледі. Оған мыналар кіреді:

1. Психодиагностика ретіндегі психологқа қойылатын кәсіби талаптарды айқындау;

2. Психологтың өз жұмысын сәтті жүргізуі үшін, өзінде болуы тиісті білімдердің, ептіліктер мен дағдылардың жиынтығын білуі;

3. Психологтың практикалық жағдайларды анықтауы, оларды сақтауы, психодиагностиканың өзге де әдістерін сәтті әрі кәсіби түрде игеріп алғандығының кепілі болып табылады.

4. Психодиагностика саласындағы психологты практикалық тұрғыда дайындаудың бағдарламаларын, тәсілдері мен әдістерін жасап шығу, сонымен бірге оның осы саладағы біліктілігін бағалау;

Теориялық және практикалық мәселелердің екеуі де бір бірімен тығыз байланысты. Осы салада біліктілігі жоғары маман болуы үшін, психолог психодиагностиканың ғылыми әрі практикалық негіздерін жақсы меңгеруі тиіс. Сондықтан теориялық және практикалық мәселелер бірге, олардың кәйі салаға қатысы бар екендігін анықтамасада талқылана береді. Практикалық тұрғыда психодиагностика психолог қызметінің әр түрлі салаларында, мәселен, ол психологиялық педагогикалық тәжірибелердің авторы болса да, оған қатысушы ретінде жұмыс істесе де және ол психологиялық кеңеспен немесе психологиялық түзету жұмыстарымен шұғылданса да пайдала-нылады. Дегенмен де, практикалық психологтың жұмысында психодиагнос-тика қызметтің жеке саласы ретінде көрінеді. Оның мақсаты психологиялық диагнозды қою болып табылады яғни адамның жеке өзінің психологиялық жағдайы. Кез- келген психологиялық - педагогикалық ғылыми тәжірибеде, дәл психодиагностика психологиялық қасиеттердің даму деңгейін білікті түрде бағалауды мақсат етеді. Әдеттегідей бұл осы тәжірибеде тексерілетін, заңды түрдегі өзгерістері болжамдарда болады деп күтілетін қасиеттер. Мәселен, ғылыми психологиялық зерттеулердің мәселелері кейбір заңдар бойынша өмір сүреді немесе белгілі бір дәрежеде әртүрлі айналымдарға тәуелді деген тұжырымдарға қатысты адамның ойлауының кейбір ерекшеліктері болуы мүмкін.

Психодиагностика - кез-келген психологиялық - педагогикалық ғылыми тәжірибе барысында психологиялық қасиеттердің даму дәрежесін сапалы түрде бағалауды көздейді. Олардың заңды өзгерістері болжам жасауда көрініс тауып, тәжірибеде тексерілетін қасиеттер. Мәселен, ғылыми психологиялық зерттеудің мәселелері адамның ойлау ерекшеліктері болуы мүмкін. Оларға қатысты мынадай тұжырым жасалуда : олар кейбір заңдар бойынша өмір сүріп өзгереді немесе белгілі бір жағдайда әртүрлі өзгерістерге тәуелді болады. Кез-келген осындай жағдайда соған сәйкес ой-өріс қасиеттерінің , біріншіден, олардың өмір сүруін дәлелдеуге, екіншіден олардың өзгерістерінің айнымас заңдылықтарын көрсетуге, үшіншіден олардың болжамдарында кездесетін өзгерістерге шынайы тәуелді екенін көрсетуге бағытталған дәл психодиагностика қажет.

Қазіргі жалпы ғылыми көзқарасқа сүйенсек, «диагностика» дегеніміз- белгілі бір объектінің ахуалын танып білу немесе оның тәртібінің болжауы мен сол тәртібіне әсер етуінің мүмкіншіліктері туралы шешім қабылдау мақсатында сол объектінің негізгі параметрлерін тез тіркеу жолымен содан кейін оны белгілі бір диагностикалық категорияға жатқызу жүйелерін тану болып табылады. Сондықтан, психодиагностика деген кезде, біз диагностикалық танымның белгілі бір объектілер, яғни психикасы бар нақты адамдар туралы айтамыз.

Әртүрлі қасиеттерді зерттеуден ғылыми психодиагностиканың диагностикалық қорытындыға өту үшін белгілі бір әдістерді, тесттерді, эксперттік шкалаларды қолдануды талап етеді. Сондықтан, психодиагностиканың негізгі түсініктеріне диагностикалық қасиеттер және диагностикалық категорияларды жатқызамыз. Қасиеттерді зерттеп, тіркеуге болады. Ал категориялар негізгі зерттеуден жасырын, олар латентті (латентные переменные) болып келеді. Психодиагностиканың қиындығы қасиеттер мен категориялардың арасында қатаң байланыстың жоқтығында. Бір қорығынды жасау үшін бір қасиеттің өзі жетіспейді, ол үшін бірнеше қасиетті тесттер арқылы талдау жасау керек. Психодиагностикадағы тест деп, біз сыналатын адамға көрсететін бірнеше стандарттық қысқа сындарды айтамыз. Тесттік тапсырмалар сыналатын адамның әртүрлі жасырын факторларды



анықтауға көмектеседі. Осы қысқа сынаулардың нәтижелері өлшенетін фактордың деңгейін көрсетеді. Сонымен «психодиагностика» ұғымы- психологиялық тестпен тығыз байланысты. Психологиялық тесттен басқа эксперттік (клиникалық) психодиагностикалық әдісте қолданылады.

Стандартты сандық тесттер бір топ адамдар туралы қысқа уақытта мәліметтер алу үшін және қатаң альтернативті шешім қабылдау үшін керек. (мысалы: жұмысқа қабылдау-қабылдамау, демалыс беру немесе кезектікке қою). Бұл тесттер әртүрлі әдістемелік қателерді болдырмайды. Эксперттік әдістерді көбінесе тәжірибелі мамандар психологтар қолданады. Олар белгілі бір адамның бірден - бір өмірлік жағдайына енуді көздейді, бірақ бұған ұзақ уақыт талап етеді. Бұл әдістердің тиімділігі психолог-диагносттың өзі психологиялық көмек көрсетіп, психокоррекцияны, психотерапияны, тренинг және психологиялық араласудың басқа түрлерін пайдаланғандығында.

Психологиялық диагноз - бір ғана сөзден тұрмайды, кең мағынада жүйелі түрде болады. Қазіргі психодиагностикада психологиялық диагноз ауруды анықтамайды, сонымен қатар психологиялық ауруларға болжам жасамайды. Психологиялық диагноз кез - келген сау адамға қойылып, сонымен қатар психикалық қасиеттердің комплекстік бейнесін береді, - қабілеттілігін, стилін және адамның өзіне байланысты себептерін. мысалы, бір адамда бір уақытта бірден бірнеше қабілеттер анықталады: креативтік дамуының жоғары деңгейі, вербальдық (ауызша) интеллекттің орташа деңгейі, әлеуметтік табысқа жетуінің негізі, себептердің негізінде зейін қабілеттілігінің төмен деңгейі. Белгілі бір адамның кейбір қасиеттері мен қабілеттері кейбір жағдайларда өзара кикілжіңге ұшырап, әртүрлі қимылдарға итермеләуі мүмкін.

Психодиагностиканың мақсаты - адамның қайсы психикалық қасиеттері өзара қайшылықтарға ұшырағанын анықтау. Бұл ішкі конфликтті шешуге көмектеседі. Психодиагностикада норма деген ұғымның үлкен маңызы бар. Норманың екі түрі болады: статистикалық және социокультуралық.

Бірінші түрі - стильдік және мотивациялық қасиеттерді бағалау үшін пайдаланады. Екінші түрі - қабілеттерді және жетістіктерді бағалау үшін.

Статистикалық норма - өлшенетін қасиеттің орта диапазоны. Әлеуметтік-мәдени норма - қоғамда қажет қасиеттің деңгейі.

## 1.2. Ғылыми және практикалық психодиагностиканың мақсат- міндеттері

Барлық жағдайда ғылыми және практикалық психодиагностика өзіне тән бірнеше міндеттерді шешеді. Олар мыналар:

1. Адамдағы белгілі бір психологиялық сапалар мен мінез - құлық ерекшеліктерінің бастамасын анықтау.

2. Бұл сапаның даму деңгейін анықтау, оның белгілі бір сапалық және сандық көрсеткіштерінде көрініс табуын анықтау.

3. Қажет болған жағдайда адамның (мінез- құлық) диагностикаланған мінез құлық және психологиялық ерекшеліктерін сипаттау.

4. Әр түрлі адамдардағы бұл сапалардың даму деңгейін салыстыру.

Осы келтірілген төрт міндеттің бәрі практикалық психодиагностикада, өткізілетін тексерістердің мақсатына қарай әрбірі жеке немесе кешенді түрде шешіледі.

Практикалық психодиагностикада бұл міндеттердің барлығы бөлек - бөлек шешіледі немесе жүргізілетін зерттеулердің мақсатына байланысты комплексті түрде шешілуі мүмкін. Барлық жағдайда нәтижелерді сапалы сипаттаудан басқа, сандық талдау әдістерін меңгеру де талап етіледі. Сонымен психодиагностика арнайы дайындықты талап ететін психологтың кәсіби қызметінің күрделі аймағы болып табылады. Психолог диагносттың (меңгеруге тиісті болған дағды мен икемділік, білімнің жиынтығы) меңгеруіне тиісті барлық білімдер жиынтығы, дағды мен икемділіктері соншалықты аумақты, ал білім, дағды мен икемділіктері соншалықты күрделі, психодиагностика психолог кәсібіндегі арнайы сапа ретінде қарастырылады. Шынында да, мысалы, АҚШ- та практикалық психологтарды дайындау ХІХ – ғасырдың соңынан бастап жүргізіліп келеді, бұл жерде мамандарды арнайы екі жылдық факультетте жоғары психологиялық, қосымша педагогикалық

салада дайындайды. Бұл факультет түлектері мынадай кәсіптердің бірін меңгеріп шығады: психодиагностика, психологиялық кеңес және түзету жұмыстары.

Бұл жерде дипломдарының артықшылығы оларға практикалық психодиагностикамен де шұғылдануға құқық береді. Әрине, бұл салаларда психодиагностика бірінші орында тұр.

Психологияның бұл саласынсыз бірде бір психолог маманы жұмыс істей алмайды. Кәсіби дайындықта мамандарды іріктеу практикалық психологтар арасындағы еңбекті іріктеумен сәйкес келеді. Олардың бірі психодиагностикамен айналысса, екіншілері психологиялық кеңес берумен шұғылданады, ал үшіншілері психологиялық коррекциямен айналысады. Әсіресе, психодиагностика аумағында мұндай еңбектің нақты бөлінуі мен өз сапасын терең меңгеру кәсіби біліктіліктің ең жоғарғы деңгейіне жетуіне кемеңдеседі.

Психодиагностикадағы кәсіби қателіктердің салдарынан экспериментталды нәтижелермен қатар, консультациялық, психокоррекциялық жұмыстар да жоққа шығарылады. Осыған орай психодиагностика және оның психодиагностикалық әдістеріне бірнеше қатаң талаптар қойылады.

Психодиагностиканың ғылыми білімдері қолданылатын психодиагностикалық әдістер мен соған негізделіп жасалынатын нәтижелердің анализі мен интерпретацияларына негізделіп жинақталады. Егер де мысалы, мұндай әдістерге проективті тұлғалық тесттер жататын болса, оларды кәсіби және дұрыс қолдану қажет. Егер де бұл тесттер адамның тұлғалық белгілерін бағалау мен өлшейтін болса, онда оларды кәсіби тұрғыдан қолдану үшін тұлға белгілерінің жалпы психологиялық теорияларын білу қажет. Тек қана әдістердің бір бөлігін меңгеру психодиагностикадағы кәсіби жұмысқа жеткіліксіз болып табылады.

Психодиагностикадағы ғылыми жалпы білім негізін білмеу, өте үлкен қателіктерге әкелуі мүмкін. Мысалы, әйгілі Миннесоталық көпфакторлы тұлғалық сауалнама (қысқ. - МКТС) әртүрлі психологиялық ауытқулары бар адамдарды іріктеу барысында тіркеліп, реттелініп жасалынды, іс - тәжірибеде бұл әдістеме тұлғаның клиникалық диагностикасында

жиі қолданылады яғни адамды медициналық тұрғыдан нормадан ауытқу дәрежесін анықтау мақсатында қолданылады. Бірақта бұл ерекшеліктер тесттің өзінде жоқ кәсіби тұрғыдан дайындалмаған адам бұл тестті жалпы психологиялық тұлғалық тест деп қабылдап, оны адамның кез - келген сапаларының деңгейін анықтауға көмектеседі деп ойлауы мүмкін. Осыған орай, бұл тестті адамның кәсіби жарамдылығын яғни басқарушылық қабілетін анықтауға пайдалану идеясы туындап отыр.

Басқарушылар мен бұл орынға үміттенушілер тобын зерттеу үшін ММРІ тесті қолданылады, алынған нәтижелері нормамен салыстырылады, егерде нормадан ауытқыса немесе нормада болатын болса, сонда зерттелінуші адамның кәсіби жарамдылығы туралы қорытынды жасалынады.

Негізінен кәсіби психодиагностқа қойылатын негізгі талап - бұл адамдардың сенімінен шыға білу, адамдарды өзіне тарта білу және жауаптарының шынайы болуына қол жеткізу.

Арнайы теориялық білімсіз практикалық психодиагностиканың жоғарғы деңгейге көтерілуі мүмкін емес. Біріншіден, психодиагностикалық тесттердің көпшілігі бланкілік әдістемелер болып табылады, яғни адамның санасына қатысты бірнеше сұрақтар жинағын құрайды. Егер, зерттелінуші психологиялық тұрғыдан ашылып, психологқа сенім білдірмесе, онда берілетін сұрақтарға шынайы жауап бермейді.

Келесі талаптың бірі – психодиагностикалық әдістер мен оларды дұрыс қолдану жағдайы туралы білімдерді нақты меңгеру болып табылады. Бұл талапқа көбіне көңіл бөлмейді, әдістерді терең меңгеру мен оның апробацияларына назар аудармайды. Көбіне кәсіби психологтар жаңа тесттерді қолдану кезінде оларды меңгеру мен кәсіби деңгейде өткізуі үшін апталап, айлап қарқынды түрде жұмыс істеуге тура келеді. Негізгі талаптардың ішінен валидтілікті, бірізділікті, дәлдікті, беріктілікті атап кетуге болады. Психодиагностикалық мақсатта белгілі бір тәжірибелік әдістемені қолдану үшін психолог таңдалған әдістеменің қандай талаптарға жауап беретінін білуі тиіс. Мұндай ұғымдар жинағынсыз психолог жұмыс бағдарын меңгере алмайды.

Практикалық психодиагностика пайдалы дағдылар мен жоғары сезімталдылықты (интуиция), бай клиникалық және тұрмыстық тәжірибені, психодиагностикалық өлшеуіш

құрылымдарды қарастырады. Практикалық психодиагностиканы тексеру, өткізуге басшылық жасай білу керек және жеке адамдардың көрсеткіштерін нормативпен салыстыра білуі керек. Мәселен, тексеру үстінде қоршаған орта жағдайынан сыналушы шоппанып қалса, тексеру процесі үшін сарапшылық (экспертиза) мәнге айналып кетеді. Мұндай жағдайда сенімді қарым-қатынас барысында алынған нормадағы көрсеткіштер мен зерттеу барысында алынған көрсеткіштер сәйкес келмейді. Немесе, керісінше оның бәрін психодиагност біліп қоймай, сыналушының жағдайы қалай қабылдағандығын анықтай білуі керек.

Практикалық-психодиагностика, сондай-ақ клиентті тексерілуге түткі болған себептерді, оны қолдануға қажетті білімдерді, тексерілушінің жағдайын таразылай білу іскерлігін, тәрбиелеушіге өзі туралы деректерді хабарлаудағы біліктілікті сыналушыға еріксіз зиянын тигізер әрекеттерге, қимылдарға сезімталдықты, сұраныс жасағандарға деректер бере алу икемділігін қарастырады.

Психодиагностиканың теориялық пән ретіндегі негізгі міндеті, ғылыми түрде дәлелденген психодиагностикалық әдістерді қарастыру және теориялық құрылымдар мен ғылыми болжамдарды тексеру болып табылады. Практикалық психодиагностика кім және қалай психодиагностикалық мәліметтерді қолданатыны жағынан айрықшаланатын және сыналушы жағдайына килігу тәсілдерін таңдаудағы психологтың жауапкершілігі қаншалықты екеніне байланысты көп міндеттер атқарады. Осыған байланысты психодиагностикалық жұмыстардың нәтижесін тәжірибе түрінде қолданудың бірнеше аймағын белгілеуге болады.

### 1.3. Психодиагностиканың қолдану аясы

Психодиагностиканың қолдану салалары: психологиялық кеңсе беру, психотерапия, психологиялық сараптама, кәсіби таңдау т.б.

Психодиагностикалық зерттеулердің нәтижелері консултикалық-кеңес беруде және психотерапиялық жұмыстарда көбінен қолданылады. Аталған жағдайда психодиагностиканың басты міндеті болып клиентте пайда болған нақты бір мәселенің

себебін анықтау (туған-туысқандарымен қарым-қатынастағы келіспеушілік, қорқыныш, уайым, т.б.) және соларды шешуге мүмкіндік беретін әдіс-тәсілдерді таңдау саналады

«Психодиагностика» сөзі - «психологиялық диагноз қою» дегенді немесе адамның жеке өзінің психологиялық жағдайы немесе қандайда бір психологиялық қасиеттері жайлы сапалы шешім қабылдауды білдіреді. Талқыланып отырған бұл терминнің психологияда екі мағынасы бар.

«Психодиагностика» ұғымының бірінші анықтамасы оны алуан түрлі психодиагностикалық құралдарды жасап, оларды практикада пайдалануға қатысты психологиялық білімдердің арнайы саласына жатқызады.

Практикалық психодиагностика психолог іс-әрекетінің әртүрлі саласында қолданылады. Дегенмен психодиагностика психологиялық іс-әрекетінің жеке, өз алдына дербес сферасы ретінде қалыптасқан. Оның басты мақсаты: психологиялық диагноз қою яғни былайша айтқанда, адамның нақты психологиялық жағдайын бағалау.

Мұндай ұғымдағы психодиагностика өз саласында мынадай мәселелерді қарастыратын ғылым болып табылады.

1. Психологиялық құбылыстардың табиғаты мен оларды ғылыми бағалаудың принципті мүмкіндіктері туралы.

2. Психологиялық құбылыстардың принципті түрде танылуы мен сандық бағалануы үшін осы уақытқа дейін қалыптасқан жалпылама ғылыми негіздемелер туралы.

3. Қазіргі уақытта қолданылып жүрген психодиагностика құралдары,

қабылданған жалпылама ғылыми методологиялық талаптарға қаншалықты

сай келеді.

4. Психодиагностиканың алуан түрлі құралдарына қойылатын негізгі әдістемелік талаптар қандай.

5. Психодиагностиканы жүргізу жағдайларында, алынған нәтижелерді өңдеу құралдары мен сол нәтижелерді қорыту тәсілдеріне қойылатын талаптарды қоса алғандағы практикалық психодиагностиканың нәтижелерінің сенімділігінің негіздемесі туралы.

6. Тесттерді қоса алғандағы психодиагностика әдістерінің ғылымилығын құрастыру мен тексерудің негізгі тәртібі туралы.

«Психодиагностика» терминінің екінші анықтамасы психологиялық диагнозды практика жүзінде қолданумен байланысты психологтың өзіндік саласын көрсетеді. Бұл жерде психодиагностиканы ұйымдастырып өткізуге қатысты таза практикалық мәселелер шешіледі.

Оған мыналар кіреді:

1. Психодиагностика ретіндегі психологқа қойылатын кәсіби талаптарды айқындау;

2. Психологтың өз жұмысын сәтті жүргізуі үшін, өзінде болуы тиісті білімдердің, ептіліктер мен дағдылардың жиынтығын білуі;

3. Психологтың практикалық жағдайларды анықтауы, оларды сақтауы, психодиагностиканын өзге де әдістерін сәтті әрі кәсіби түрде игеріп алғандығының кепілі болып табылады.

4. Психодиагностика саласындағы психологты практикалық тұрғыда дайындаудың бағдарламаларының, тәсілдері мен әдістерін жасап шығу, сонымен бірге оның осы саладағы біліктілігін бағалау;

Теориялық және практикалық мәселелердің екеуі де бір бірімен тығыз байланысты. Осы салада біліктілігі жоғары маман болуы үшін, психолог психодиагностиканың ғылыми әрі практикалық негіздерін жақсы меңгеруі тиіс. Сондықтан теориялық және практикалық мәселелер бірге, олардың қай салаға қатысы бар екендігін анықтамасада талқылана береді. Практикалық тұрғыда психодиагностика психолог қызметінің әр түрлі салаларында, мәселен, ол психологиялық педагогикалық тәжірибелердің авторы болса да, оған қатысушы ретінде жұмыс істесе де және ол психологиялық кеңеспен немесе психологиялық түзету жұмыстарымен шұғылданса да пайдалана-нылады. Дегенмен де, практикалық психологтың жұмысында психодиагностика қызметінің жеке саласы ретінде көрінеді. Оның мақсаты психологиялық диагнозды қою болып табылады яғни адамның жеке өзінің психологиялық жағдайы. Кез-келген психологиялық - педагогикалық ғылыми тәжірибеде, дәл психодиагностика психологиялық қасиеттердің даму деңгейін білікті түрде бағалауды мақсат етеді. Әдеттегідей бұл осы тәжірибеде тексерілетін, заңды түрдегі өзгерістері болжамдарда болады деп

күгілетін қасиеттер. Мәселен, ғылыми психологиялық зерттеулердің мәселелері кейбір заңдар бойынша өмір сүреді немесе белгілі бір дәрежеде әртүрлі айналымдарға тәуелді деген тұжырымдарға қатысты адамның ойлауының кейбір ерекшеліктері болуы мүмкін.

Психодиагностика - кез-келген психологиялық - педагогикалық ғылыми тәжірибе барысында психологиялық қасиеттердің даму дәрежесін сапалы түрде бағалауды көздейді. Олардың заңды өзгерістері болжам жасауда көрініс тауып, тәжірибеде тексерілетін қасиеттер. Мәселен, ғылыми психологиялық зерттеудің мәселелері адамның ойлау ерекшеліктері болуы мүмкін. Оларға қатысты мынадай тұжырым жасалуда: олар кейбір заңдар бойынша өмір сүріп өзгереді немесе белгілі бір жағдайда әртүрлі өзгерістерге тәуелді болады. Кез-келген осындай жағдайда соған сәйкес ой-өріс қасиеттерінің, біріншіден, олардың өмір сүруін дәлелдеуге, екіншіден олардың өзгерістерінің айнымас заңдылықтарын көрсетуге, үшіншіден олардың болжамдарында кездесетін өзгерістерге шынайы тәуелді екенін көрсетуге бағытталған дәл психодиагностика қажет.

Психологиялық кеңеспен шұғылданушы маман клиентке қандай-да бір кеңес беруден брын, дұрыс диагноз қоя білуі тиіс, клиентті толғандыратын психологиялық мәселенің мәнін бағалауы шарт. Маман бұл жағдайда клиентпен болған жеке сұхбат пен оны бақылаудың нәтижелеріне сүйенеді.

Егерде психологиялық кеңес өзінің барысында психологтың кеңеспен ғана шектеліп қана қоймай, клиентке өз мәселесін шешуге көмектесе отырып, сонымен бірге өз жұмысының нәтижесін бақылай отырып, сол клиентпен нақты жұмыс атқарса, онда бұл жерде «кіру» және «шығу» психодиагностикасын жүзеге асырудың міндеті пайда болады яғни кеңес берудің бастапқы кезінде және клиентпен жүргізілген жұмыстың соңындағы істің мән - жайын ерекше айқындап алу міндеті пайда болады.

Кеңес беру процесіне қарағанда психодиагностика практикалық психологиялық түзету жұмысында өте нақты болып табылады. Мәселе мынада: бұл жағдайда қолға алынған психологиялық түзету шараларының тиімділігіне тек психолог немесе тәжірибе жүргізуші ғана емес, сонымен бірге клиенттің өзі де көз жеткізуі тиіс.



Клиентте, оның психологиясы бірге жүргізген жұмысының нәтижесінде, оның өзінің психологиясы мен мінез - құлқында маңызды өзгерістер байқалғандығы жөнінде дәлелдер болуы қажет. Бұл клиенттің өз уақытының босқа кетпегендігіне сендіру үшін ғана емес, сонымен бірге әсер етудің психологиялық түзету тиімділігін күшейту үшін де қажет. Болатын істің сәттілігіне сену - бұл кез - келген терапиялық әсердің тиімділігінің маңызды факторы. Істің нақты жағдайының дәл психодиагностикасынан кез - келген психологиялық түзету сеансы басталып, сонымен аяқталуы тиіс.

Психодиагностика оның өзге де салаларында, мәселен медициналық психологияда, патопсихологияда инженерлік психологияда, еңбек психологиясында басқаша айтқанда адамның кез келген психологиялық қасиеттерінің даму дәрежесін дәл білуді қажет ететін барлық жерлерде қолданылады.

Сонымен, психодиагностика психологтан арнайы дайындықты талап ететін, оның кәсіби іс-әрекетінің ең қиын саласы болып табылады. Психодиагностиканы игеруі тиіс, барлық білімдердің, шеберліктер мен дағдылардың жиынтығы өте кең. Ал, білімдердің, шеберліктер мен дағдылардың күрделі болатыны сонша, психодиагностика кәсіби маман психологтың жұмысында жеке маманданған сала ретінде қарастырылады.

Психодиагносттың ғылыми білімдері, оның тарапынан қолданылатын психодиагностикалық әдістер арқау болатын психологиялық теориялармен жеке танысуды қажет етеді, және де осының позициясы тұрғысынан алынған нәтижелерді талдау жүзеге асырылады.

Маман психодиагностқа қойылатын негізгі талаптар: ол адамдарды өзіне тарта білуі, олардың сеніміне ие бола білуі және жауаптардың шынайы болуына қол жеткізе білуі тиіс. Арнайы теориялық білімдерсіз, практикалық психодиагностика жоғары дәрежеде жүзеге асырылмайды. Себебі, біріншіден психодиагностикалық тесттердің көпшілігі адам санасына бағытталған сұрақтар тізімін енгізген бланкілік әдістемелерді білдіреді. Сондықтан егер де, сынаудан өтіп жатқан адам психологиялық тұрғыдан ашық болмаса және де психологқа деген сенімі болмаса, ол қойылған тиісті жауаптарға жауап бермейді. Ал егер де одан өзге жағдайда мәселен, ол өзіне деген

қатынастың салқынқанды екенін сезсе қойылған сұрақтарға жауап беруден тіптен бас тартуы мүмкін немесе тіптен тәжірибе жүргізушіні әуре сарсаңға салатындай жауаптар беруі мүмкін.

Келесі маңызды талап диагностикалық әдістемелер мен оларды дұрыс қолдану шарттарын тиянақты түрде білу. Негізгі талаптарға жауап беруге тиісті психодиагностиканың ғылыми негізделген әдістерінің ішінде сенімділікті, біржақтылықты және дәлдікті атауға болады. Сонымен қатар психодиагностикалық әдістемелерді таңдауда қойылатын бірқатар басқа да талаптар бар. Олар: Біріншіден – таңдап алынған әдістеме бәрінің ішіндегі ең қарапайымы, әрі қажетті нәтижелерді алуға мүмкіндік беретіндердің ішіндегі еңбек шығынын ең аз талап ететін болуы шарт. Екіншіден әдістемеге арналған нұсқаулар қарапайым қысқа әрі қосымша түсініктеме-лерсіз жеткілікті түрде ұғынықты болуы шарт. Үшіншіден, таңдап алынған әдістемелер тек психологқа түсінікті болып қана қоймай, психодиагностиканың өткізілуіне психологиялық және дене күші аз жұмсалуды талап ететіндей, тәжірибеден өтіп жатқан адамдарға да түсінікті әрі белгілі болуы шарт. Төртіншіден, психодиагностиканы өткізу мен өзге де жағдайлар тәжірибеден өтушінің көңілін аударатын бөтен тітіркендірушілердің болмауын қамтамасыз етуі шарт. Сонымен қатар психодиагностика өткізіліп жатқан мезгілде психодиагностикамен тәжірибеден өтушіден өзге ешкім де болмауы тиіс және музыка мен басқа дауыстар естілмеуі шарт.

**Тақырыпты пысықтауға және бекітуге арналған сұрақтар:**

1. Психодиагностика пәні нені зерттейді?
2. Психодиагностиканың ғылыми - теориялық негіздері.
3. Психодиагностика пәнінің мақсаты және міндеттері.
4. Психодиагностиканың қолдану аясы.

## II. ПСИХОДИАГНОСТИКАНЫҢ ҚОЛДАНУ САЛАЛАРЫ

### 2.1. Психологиялық кеңес беру, психотерапия, сараптама, кәсіби таңдау

Наистырақ айтқанда психодиагностика практикалық психологияның дербес тәуелсіз саласы. 1951 жылы АҚШ психологтары конференциясында «консультативті психология» терминінің пайда болуымен сәйкес келеді.

Психологиялық кеңес – адамдарды толғандырып жүрген мәселелерді шешуде, ақыл-кеңес беру арқылы психологиялық көмек көрсету. Психологиялық кеңес алуға адам күнделікті өмірді кездесетін мәселелермен бара алады. Мысалы: отбасылық, жеке басы, жұмыста, ұжымда т.б. Кеңес берушінің арнайы дипломы болады. Психологиялық кеңес берудің өзі жеке және топтық болып бөлінеді. Кеңес берушінің бөлмесі де арнайы жабдықталған болуы тиіс. Кеңес беруші ең бірінші танысудан бастайды.

Психотерапия (грек тілінен: psuche – жан, therapia – емдеу, күтім) қысқалау келген тар ұғымда адамды (пациентті) психологиялық әдістер арқылы әсер ете отырып емдеу, сауықтыру дегенді білдіреді. Кең мағынада алып қарасақ, психотерапия дені сау адамдарға (клиенттерге) психологиялық қиындық туғызатын түрлі ситуацияларда, сонымен қатар жеке бастық өмір сапасын көтеру қажеттігі туындаған жағдайларда психологиялық көмек көрсетуді білдіреді. Мұндай көмек негізгі 2 формада жүргізіледі: индивидуалды және топтық. Бірінші яғни индивидуалды түрі жеке консультация беруге бағытталған. Бірақ кейбір кезде жеке мәселені шешуде топты, яғни бірнеше адамды бірге консультациялау қажет. Мысалы, жанұя немесе жанұялық мәселе бойынша жеке консультация.

Топтық психотерапияның негізі – ойын, тренинг, дискуссиялар және басқа да жұмыс түрлері болып саналады. Қазіргі уақытта, осыған байланысты көптеген теориялық және методикалық негіздері бар. Топтық психотерапия адамның өіндік ерекшеліктерін, қасиеттерін, қарым-қатынасын топтық үрдістер арқылы түсіндіреді. Ең бір белгілі әдістерінің қатарына

психоаналитикалық, необихевиористік, когнитивтік, гуманистік, нейролингвистикалық бағдарламалау және т.б., түсініктер жатады. Бұлардың әрқайсысын қолдану әдетте белгілі бір психотерапевтік міндетті атқаруда адекватты болып табылады.

Психотерапия дегеніміз, түрлі ауруларды психологиялық әдістердің көмегімен емдеу, сауықтыру сияқты медицинаның кешенді саласы.

Қазіргі психология тек қана ғылым емес, сонымен қатар қолданысқа кеңінен еніп келе жатқан практика болып табылады. Адам қозғалыс - әрекетінің барлық саласында қолданылатын, әсіресе адам қарым-қатынасының және т.б. аспектілерінің мәселесін шешудегі бағалы тәжірибе.

XIX ғасырдың алғашқы жарты жылдығында медицинада психодиагностикалық әдістер қолданыла басталды. Қазірдің өзінде дефектологияда, психопатология мен медициналық психологияда қолданылатын клиникалық психодиагностиканың түрлі арсеналдары кеңінен ұсынылады. Екіншіден, психодиагностикадан басқа медицина тәжірибесінде психологиялық білім негіздері терапия саласында да қолданылады, яғни түрлі ауруларды психологиялық әдістермен емдеу, сауықтыру, алдын-алу және т.б. Бұған бағытталған әдістер психотерапия әдістері деп аталады.

Көптеген (органикалық) аурулардың табиғатынан психогенді болып келетіні, сондай-ақ адамның психологиялық жағдайына тәуелді болып келетіні бұрыннан-ақ белгілі. Бұл түсінік, яғни адамның психологиялық жағдайына әсер ету (емдеу, алдын-алу, сауықтыру) шаралары дәрігерлердің психотерапиялық әдіске көшуіне себеп болды. Олар адамның психологиялық жағдайын жақсартып отырып, көптеген ауруларды сауықтыра бастады. Бүгінгі таңда, осындай база негізінде, қазіргі медициналық практиканың ерекше саласы — психотерапия даму үстінде. Алғашқыда тәжірибеде индивидуалды, яғни жеке формасы қолданылса, соңғы кездері топтық формасы да қолданыла бастады. Психотерапияның жеке формасына психоанализ, аутогенді жаттығу (аутотренинг), өзін-өзі сендіру, иландыру (внушение) әдістері жатады. Топтық түріне дискуссия, ойындар, әлеуметтік-психологиялық тренингтер және т.б. жұмыстар жатады.

Психотерапияның сонымен қатар ашық және жабық топтары болады. Ашық топта адам саны шектеусіз, ал жабық топта адам саны шектелуі болады. Психотерапияда гетерогенді және гомогенді топтар да болады, яғни ер және әйел адамдарға бөліп терапиялық әдістер жүргізіледі. Сонымен қатар 18-50 жас аралығындағы адамдарға жас шамасына қарай, бөліп терапиялық әдістер жүргізіледі. 50 жастан жоғары 18-ден төмен жастағы науқастар үшін тек жасына байланысты ғана емес сонымен бірге әйелдер мен еркектердің санының тең болуын естен шығармаған жөн.

Топ құрғанда ешқандай шектеу қойылмайды (тек интеллектің өте төмен деңгейін көрсеткен науқастардан бөлек).

Профессионалдық іс-әрекеттің индивидуалды стилине тәуелсіз топтың алғашқы дәрісінде психолог топтың әрбір мүшесі үшін міндетті топтық психотерапияның негізгі принциптерін айтып кетуі керек.

- топтық жұмыстың тәртібін қатаң сақтау;

- топта мүмкіндігінше барлық мәселе жөнінде ашық, шынайы айтуға тырысу;

- топтық дәрісте болған жайттарды топтың шегінен шығармау (бұл барлық топ мүшелеріне тиісті);

- топпен қарым-қатынас жасауға жолдастарына көмек көрсету;

- науқастың ауруының себебі болған не оның өмірінде маңызды рөл атқаратын мінез-құлық формаларын танып-өзгертуге тырысу;

- жалпы тақырыптарды талқылауға уақытты жібермей, өзінің және топтың жеке мүшелерінің қазіргі кездегі өзекті мәселелерін талқылауға көңіл бөлу;

- топ мүшелерінің пікірлерін, көзқарастарын, кеңестерін тыңдап, оларды талқылау, бірақ шешімді өз бетінше қабылдамау.

Бұл принциптерді іске асыру көптеген науқастар үшін туғызады.

Осы қиындықтар топтағы талқылаулар мен психотерапиялық оңдеулердің тақырыбы болуы мүмкін.

Топтың өмірінің алғашқы фазасында психолог тақырыпты өзі ұсынуына болады (кейде емдеуші дәрігермен оя алдын-ала келісіліп қояды). Егер, топ ашық топ болса, онда жаңа клиент

келгенде топтың жұмысы оны таныстырудан басталады. Топтың кейбір жеке мүшелерінің биографиясы мен мәселелерін жасырын талқылауда клиентке ешқандай шектеу қойылмайды. Оның әңгімесі аяқталғаннан кейін, қосымша ақпарат алу үшін оған сұрақтар қояды.

Топтық психотерапияның тақырыбын келесі тәртіп бойынша бөлуге болады:

- жеке клиенттің биографиясы;
- олардың мінез-құлқы («егер стационарлық жағдайда болса»);
- қазіргі уақыттағы өзекті өмірлік ситуациялары мен мәселелері;
- топтық психотерапиядағы уайымдары.

Психотерапиялық топты құрғанда қоятын бірнеше шектеулер бар, мысалы: бір топқа истерикалық не мінез-құлықтың акцентуациясының ауыр симптоматикасы бар 2-3 ауруды біріктіруге болмайды. 18 жастан төменгі 50 жастан жоғарғы науқастарды мақсатты түрде топтың жасына байланысты гомогенді топ құру керек.

## 2.2. Психологиялық қорытынды және психодиагностикалық тексеру

Психологиялық қорытынды (грекше- анықтау) - психолог жұмысының соңғы қорытындысы, тұлғаның жеке психологиялық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған, олардың актуалды жағдайын бағалауда, ары қарай дамуының жолын және кеңестерін, психодиагностиканың зерттеулерімен анықталады.

Психологиялық қорытынды - норма және патология кезінде жеке психологиялық айырмашылықтарды жасау. Психологиялық қорытындының басты элементі әрбір жеке жағдайда, сыналушының тәртібінде көрінеді, олардың себебі неде. Психологиялық білімді жоғарылатуда «этиологиялық» элемент психологиялық диагнозда да мүмкін, қазіргі жағдайдағы практика-лық жұмысқа қарағанда, соншалық маңызды емес. Бүгінгі жағдайда психо-диагностика жолдарымен жеке психологиялық ерекшеліктерін зерттеуші оның себебін көрсете алмайды, жеке структуралық орны көрсетіледі.

Базалық деңгейі дегеніміз — біз диагностика жүргізетін сапаның зерттелуші популяцияның ішіндегі үлесін білдіреді. Диагностиканың дәлдігін жоғарылатуға өз үлесін қосатын *тесттің инкременттік валидтілігі* базалық деңгейге тәуелді. Басқаша айтқанда, тесттің валидтілігі мен базалық деңгейдің байлестілігі оны қолданудың қаншалықты ақталғандығын анықтауға мүмкіндік береді. А.Анастаси нөлге немесе бірге жақын базалық деңгейде тесттің инкременттік валидтілігі өте аз болғандықтан оны қолдану тиімсіз деп жазады: «Мысалы, егер клиникалық популяцияның 5% бас миының органикалық зақымдануы болса, онда осы популяциядағы болжамның базалық деңгейі 5%. Валидті тест диагностиканың дәлдігін арттырғашымен, егер базалық деңгей 0,50 жақын болса, онда одан ештеңе ұспаймыз. Патологиялық жағдайдың өте сирек кездесетінін білдіретін төмен базалық деңгейде тесттің инкременттік валидтілігі түкке тұрғысыз болып қалады, оны қолдануға кеткен шығындар мен өңдеуді ақтай алмаймыз».

Клиникаға тән қарқынды жеке-дара зерттеу кезінде селекция мен іріктеуде ерекше маңызға ие тесттің инкременттік валидтілігі өзінің қажеттігін жояды.

Алынған сандық нәтижелердің пайдалы екендігімен психодиагностика саласындағы көптеген мамандар келіседі. Алайда, зерттеу нәтижелерін қалайша жалпылау керек деген көрегер көзқарастар туындайды.

Клиникалық тәсіл негізінен сапалық көрсеткіштерге сүйеніп, оларды толық қамтуға тырысады. «Субъективтік пайымдауға» және кәсіби тәжірибеге сену оның маңызды ерекшелігі.

Статистикалық тәсіл объективтік көрсеткіштерді, олардың мысалы, регрессия теңдігі немесе факторлық талдау түріндегі статистикалық өңделуін есепке алады. Субъективтік пайымдау ролі едәуір төмендейді.

Осы саладағы жұмыстарды талдауға сүйене отырып, осындай пікір таластардың негізін салушы П.Мил клиникалық болжамға қарағанда статистикалық болжам анағұрлым тиімдірек деген тұжырымға келеді (20 зерттеуге шолу жүргізіледі, олардың біреуінен басқасы статистикалық тәсілдің пайдасына иешіледі). Ол кейінгі зерттеулермен де дәлелденді (Barenberg, 1961). Сөйтсе, диагностикалық нәтижелер көлемінің өсуі бастап-қыда

болжамның дәлдігінің артуына, соңынан кемуіне әкеліп соғады екен.

Клиникалық болжамның ең осал тұсы – бейнені тұтас көру мақсатында ұсақ, жекелеген бөлшектерді құрбандыққа шалуы.

Бірақ, бұдан клиникалық тәсілді психодиагностикадан алып тастау деген қорытынды шықпайды. статистикалық тәсіл тұлғаны жан-жақты сипаттау, себеп-салдарлы байланыстарды және қатынастарды ашу міндеті қойылғанда клиникалық тәсілдің орнын баса алмайды. Тест қолдану тиімсіз болған жағдайларда клиникалық тәсілді басқамен алмастыру қиын. Өз жұмысында негізделмеген критерийлер бойынша тиімділікті бағалауды жүзеге асырған зерттеулерге сүйенген деп көрсеткен, П.Милдің көзқарасын сынаушылар статистикалық және клиникалық бағалауды жақтаушылар арасындағы кереғар пікірлерді одан сайын өршітті деп санайды.

Толыққанды диагностикалық зерттеулерде негізделген психологиялық қорытынды шығару арқылы статистикалық нәтижелер шегінен шығуға болады. «Талқылауда субъективтік сәттерден шектен тыс қорку және нәти-желерді таза механикалық, арифметикалық жолмен алу қате. Субъективтік өңдеу болмаған жерде, яғни ойлаусыз, интерпретациясыз, нәтижелердің жұмбағын шешу, талқылау болмаған жерде ғылыми зерттеу болмайды» (Выготский). Диагностикалық жағдайлардың көпшілігінде клиникалық және статистикалық тәсілдер өзара үйлесімді түрде қолданылуы қажет.

Н.Сандберг пен Л.Тайлер диагностикалық шешімдердің үш деңгейін бөліп көрсетеді.

Бірінші деңгейде зерттелінуші туралы мағлұматтардан диагностикалық қорытынды шығарылады. Мысалы, әдістеменің тапсырмаларын жемісті орындау ойлаудың бұзылуының жоқтығы туралы шешім шығаруға мүмкіндік береді. Бұл іріктеуге негіз болады. Мұндай «селекциялық» тәсілде психологты жекелеген сыналушылардың тест тапсырмаларын *неліктен* орындай алмағаны қызықтырмайды. Индивидуалдық болжам жасалмайды. Бұл деңгейдегі диагноз клиниканың қорытындыларын өзіне, бірақ түсінік-тердің басқа түрінде қайтарып береді. Л.С.Выготский мұндай диагнозды «айқын, көп жағдайда шетелдік және түсініксіз тілде» қайталау дейді.



Психологты машинамен алмастыруға болатын диагностиканың осы тиім кеңестік кезеңде көп сынға ұшыраған. Сынмен келісе отырып, оның қажетті тұстарын да атап кеткен жөн (мысалы, дифференциациялау мақсатында көп адамға зерттеу жүргізу).

Екінші деңгей жекелеген зерттеулер нәтижелері мен диагноз арасындағы делдалдарды тудыруды білдіреді. Н.Сандберг пен Д.Тайлер сипаттаушы жалпылама мен гипотетикалық конструкты делдалдар ретінде ұсынады. Ол жалпылау деңгейінің төмендігін, психикалық үрдістер қарқынының бәсеңдеуін анықтап, осы нәтижелерді ойлаудың бұзылуы деп жолшылайды. Гипотетикалық конструкт ретінде бұзылудың психологиялық құрылымын ашуды алуға болады. Бұл кезеңде зерттеуші диагностикалық жұмыстың келесі кезеңдерін жоспарлауға, ықпал етудің нақты әдістерін таңдауға мүмкіндік алады.

Үшінші, жоғарғы деңгейде сипаттаушы жалпыламадан, гипотетикалық конструкттан тұлағ теориясына көшу жүзеге асуы қажет. Зерттелуші жағдайдың жұмыс үлгісі құрылады, онда құбылыстың психологиялық мағынасын, оның құрылымын негүрлым нақ, әрі негізді түрде ашуға мүмкіндік беретін, тұтастықтан және түсініктерден құралған индивидтің нақты ерекшеліктері беріледі.

Тұлағның үлгісін құруға ұмтылған зерттеуші көптеген қиындықтарға тап болады. Көп қиындықтар «вербалдық нақты бейнелерді (немесе олардың жиынтығын) үлгімен, теориялық құрылыммен теңестіру кезінде туындайды. Мысалы, зерттеушілер тұлағның ержүректік, агрессивтілік, табандылық және т.б. сапалары туралы айтқанда, олар көп жағдайда теориялық құрылымдар қасиетін иеленбеген нақты бейнелер жиынтығын – яғни тек синдромдарды жайында ғана сөз етеді. Бейнелер мен үлгілер арасындағы айырмашылықтарды ескермеудің нәтижесінде индивидтің психологиялық қасиеттерін оның мінез-құлық стилімен оңай теңестіруге болады.

Тұлағның бір ғана қасиетінің мінез-құлық ретіндегі бейнелерінің алуан түрлілігінің кеңдігі, мысалы шыншылдық, табандылық, ержүректік тәрізді белгілі бір әлеуметтік

идеалдарды жүзеге асыру тәсілдері санының кендігіне тең» (К.Обуховский, 1981, 49 б.).

Жоғарғы деңгейде диагноз жүргізу тұлғаның маңызды сапаларын іріктеу, олардың арасындағы ішкі байланыстарды ашу қажеттігіне кезігеді, ал ол болса психологиядағы тұлғаның жалпы теориясының ахуалымен байланысты. Н.Сандберг пен Л.Тайлер ұсынған диагностикалық қорытындылар типтері ресей психологтары А.А.Невский мен Л.С.Выготский одан ертеректе бөліп көрсеткен *диагноздың даму сатыларымен* үндеседі. Бірінші саты – *симптомдық (эмпирикалық) диагноз*, соның негізінде практикалық шешімдер құралып, белгілі бір ерекшеліктерді немесе симптомдарды атаумен ғана шектеледі.

Екінші саты – *этиологиялық диагностика*, ол тек белгілі бір симптомдарды ғана емес, оларды тудырған себептерді де есепке алады. Осы жерде кателіктерге ұрындыратын едәуір қиындықтарға кезігеміз.

Үшінші саты – *типологиялық диагностика*, тұлғаның типін анықтауда осы ұғымның динамикалық мағынасын қолданады. «Даму үрдісі үнемі белгілі бір жоспар бойынша ашылады, белгілі бір тип бойынша жүзеге асады, басқаша айтқанда, жеке-дара жағдайлардың алуан түрлерін типтік жағдайлардың белгілі бір санымен салыстыруға болады...» (Выготский, 1983, 318 б.)

Диагноздың аталған деңгейлерін альтернатива ретінде түсінуге болмайды. Ол тек танудың түрлі сатылары ғана.

Диагноз бен болжамда тұлғаның тек теориялық үлгілері ғана есепке алынбауы қажет. Қоршаған ортаның, нақты жағдайлардың өзгешелігін талдау қажет. «Біз «жалқау баланың» кім екенін, егер кімнің, қандай әлеуметтік жағдайда, кімге және қандай негізде осындай анықтама бергендігі жайлы білетін болсақ қана түсінеміз» (Обуховский, 1981, 50 б.)

Осындай диагностика дәрежесін Л.С. Выготский симптоматикалық немесе эмпирикалық деп атады. Бұл диагноз белгілі симптомдар мен ерекшеліктерімен шектеледі, осыған орай практикалық шешім қабылдайды. Л.С. Выготскийдің айтуы бойынша бұл нағыз ғылыми диагноз емес, себебі симптомдарды анықтау, автоматты түрде диагнозға әкелмейді. Бұл жерде психолог жұмысын, қайта өңдеу машинасымен ауыстыруға болады.

Психологиялық диагноздың дамуының екінші сатысы - этиологиялық диагноз, ол тек қана белгілі ерекшеліктеді (симптомдарды) айтпайды және оның пайда болу себебін айтады. Жоғарғы дәреже – типологиялық диагноз жалпы мәліметтің орны мен маңызылығын анықтауда қорытындыланады, жалпы жеке тұлғаның динамикалық көрінісінде Выготскийдің сөзінде, диагнозда- жеке тұлғаның структурасы есте болу керек.

Диагноз болжаумен өте тығыз байланысты. Выготский бойынша болжау мен диагноз мазмұны ұқсас, бірақ болжау құрылысы ішкі даму процессінің логикалық дамуын, өткен мен қазіргінің даму жолдарын түсіне білуінде. Болжаудың бірнеше бөлек периодтарға бөліп, қайтадан ұзақ қадағалау қажет. Психологиялық диагноз теориясының дамуы қазіргі жағдайда, психодиагностиканың ең басты мәселесі.

### 1. Тапсырысты қабылдау:

- А) алғашқы қарым-қатынас, әңгімелесу;
- Б) тапсырыс берушінің немесе клиенттің тапсырмасын анықтау;
- В) әлеуметтік, этикалық, намыс ерекшеліктерін психологиялық міндеттен ажырату;
- С) клиенттің тапсырмасын қайта өңдеуден өткізу;
- Д) психологтың клиентпен өзара қатынасының мақсатын анықтап алу.

### 2. Болжам құру:

- А) интервью (мінез ерекшеліктерін бақылау және қабылдау);
- Б) клиенттің шынай психикалық көрінісі жайлы ақпаратты алу (клиенттің айтқан сөзінен көрінетін белгі);
- В) белгілерді (симптомдарды) жіктеу (типология, теория тандау).
- С) гипотезаны өңдеу;
- Д) гипотезаны нақтылау (клиникалық әңгіме).

### 3. Тексеруді жүргізу:

- А) зерттеу жұмысының жоспарын құру;
- Б) «әдістемелер батареясын» құру, жинау, тандау;
- В) зерттелушілерді зерттеу жағдайына дайындау;
- С) зерттеуді жүргізу.

#### 4. Прогностикалық диагнозды құру:

- А) көрсеткішті өңдеу;
- Б) салыстыру;
- В) нәтижесін интерпретациялау;
- С) белгілерді (симптомдарды) анықтау, диагноз не болып жатыр? деген сұраққа жауап беру;
- Д) белгілердің туындау себептерін ұйымдастыру;
- Е) белгілердің алдағы дамуын болжау;
- Ж) қорытындылау, әріптестерімен нәтижені талқылау.

#### 5. Мәліметті баяндау:

- А) тұтынушыға мәліметті баяндау критерилерін өңдеу;
- Б) баяндалатын мәліметті клиенттің тіліне аудару;
- В) нәтижені баяндау.

#### 6. Түзету бағдарламасын құру:

- А) дайындық кезеңі;
- Б) негізгі кезең;
- В) қорытынды кезең.

Дайындық этап базалық болып есептеледі, осының негізінде зерттеу ұйымдастырылады. Әдістемелерді адекватты таңдау, оларды қолданудағы нақтылық орнайды. Зерттеу жұмысын толығымен дайындауды талап етеді.

**Психологиялық сұраныс** - клиенттің психологқа нақты психологиялық көмекті сұраудың мотивтенген бағыты. Клиенттің психологтан күтетін көмегі.

**Психологиялық проблема**- клиенттің психологиялық құндылықтарының жиынтығы, дисгармониялық жағдай, тұлға дамуының негізгі қарамақарсы жағдайы психикалық күйзелеістер одан ұмтылу жолы.

**Жекелік мәселе** - жекелік дамуға кедергі болатын қиындықтар, психикалық денсаулықтың, көңіл-күйдің жалпы жағдайдың бұзылуы.

**Ұжымдық топтық мәселе**- топтың коммуникативті процессінің бұзылуы, ұжымның әлеуметтік психологиялық климаттың әлсіреуі және топтың дамуының тежелуі.

**Іс-әрекет мәселесі**- кәсіби талапқа адамның жағдайы мен кәсіби әрекетінің сай келмеуінің негізінде туындауы.

Жалпы айтқан мәселелер жекелік, топтық (жұмысқа қызығушылықтың жоғалуы, шешілетін тапсырмаға көңіл-бөле алмауы, ауыр эмоционалды реакция). Бұл мәселелерді бөлу қиын: органың өзгеруінен туындауы мүмкін, адамның көңіл-күйінің өзгеруінен туындауы мүмкін.

#### 1. Мәселені анықтаудың анамнезі.

**Объект** - нақты өмірдің фрагменті (бөлігі), іс-әрекеттің және күш-қуаттың бағытталуы.

**Пәні** - объект негізінде алынған зерттеудің спецификасы.

**Мақсаты** - жұмыстың болашақтағы бейнелік нәтижесі.

**Анамнез** - келесі факторларға тәуелді жүйеленген ақпарат:

А) биографиялық фон, зерттелушінің мінез-ерекшелігінің жағдайы;

В) соматикалық фон мінездің көріну факторы;

С) зерттелушінің актуалды мінез жағдайы;

Д) әлеуметтік жағдайлардың даму шарттары (жанұялық жағдай, бала мен ата-ана қатынасы).

Психологиялық анамнез - «психикалық дамудың жекелік ерекшелігі» синонимі. Психологиялық анамнезді жинау негізінде фактілермен оқиғаларға акцент жасауға бағыталады.

### **2.3. Тест – психодиагностиканың негізгі құралы**

Психологияда тест деп психодиагностикалық стандартты әдістемелерін айтады. Бұл әдістемелер зерттелетін қасиеттердің даму дәрежесінің салыстырмалы сапалық және сандық көрсеткіштерді алуға көмектеседі. Барлық кезде бірдей болғандықтан бұл әдістемелерді стандарттық деп айтамыз, зерттелетін адам алатын жағдай мен нұсқаудан бастап, есептеу мен интерпретацияны алатын көрсеткіштермен аяқтайды. Тестпен алынған бағаларды қашан қай жерде алынғанына қарамастан, бір бірімен салыстыруға болады, сондықтан біз оны салыстырмалы дейміз. Тесттерге қойылатын психодиагностикалық әдістемелердің ішіндегі ең қатаңы деп валидтық нақтылықты және бірегейлікті көздейтін әдістемелерді айтамыз. Бірнеше топтарға бөлінетін тесттердің көп түрлері бар: Тесттелетін қасиетіне қарай, тестте қолданылатын есептердің ерекшеліктеріне қарай, зерттелетін адамға ұсынылатын

материалына қарай, бағаланатын объектісіне қарай. Тесттер интеллектуалдық (адамның әртүрлі қызығушылық процестердің даму дәрежесін бағалайтын), тұлғалық және тұлғааралық болып бөлінеді. Қолданылатын есептердің ерекшеліктеріне қарай практикалық, бейнелік және вербальдық тесттер болып бөлінеді. Ұсынылатын тест материалына қарай тесттер бланктық, аппараттық болып бөлінеді. Баға объектісіне – процессуальдық, жетістік тесттер, құбылыстар мен қасиеттер тесттері.

**Интеллект деңгейін анықтауға арналған тест** - адамның интеллектуалдық даму деңгейін бағалауға, жеке когнитивтік процестерін (қабылдау, зейін, жады, сөйлеу) бағалауға арналған.

**Тұлғалық ерекшеліктерді анықтауға арналған тест** - адамның жеке тұрақты ерекшеліктерінің психодиагностикасымен байланысты: темпераментке, мінезге, мотивация, эмоция, қабілеттерге арналған тесттер. Тесттердің арасында тұлғаның жағдайын немесе оның жеке қасиеттерінің даму дәрежесінің жүйелі бағасын беретіні кездеседі.

**Комплекстік (жүйелілік) тесттерге** КЭТТЕЛ, ММРІ және т.б. жатады.

**Жекешеленген тесттерге** - адам тұлғасының жеке бір қасиеттерін бағалайтын тесттер жатады.

**Тұлғааралық деп** - әртүрлі әлеуметтік топтардағы адам қарым - қатынастарын бағалайтын тесттерді айтамыз. Мысалы, социометриялық тест, топтың ұжым ретінде өзін-өзі тексерудің әлеуметтік - психологиялық тесті.

**Практикалық тест тапсырмалары** - есептер мен жаттығулардан тұрады.

**Образдық тапсырмалар**- суретті, схемалық, бейнелік тапсырмалардан тұрады.

**Вербалды тест** - тәсілдік сөздермен тапсырмалардан тұрады. Мысалы, ұғымдарды анықтау, ой қорытындылары, сөздердің көлемі мен мазмұнын салыстыру, әртүрлі логикалық тәсілдердің түсініктерін орындау және т.б. Тестте қолданылатын көп тапсырмалар кешендік болып келеді, яғни практикалық, теориялық, бейнелік, вербальдық іс - әрекеттерден және тапсырмалардан тұрады. Адамға өмірде кездесетін көп есептер кешенді болып келеді, ал тест адамның іс-қимылдарын және мүмкін болатын жетістіктерін лабораториялық жағдайда емес, өмірде болжау үпін өткізіледі.

Бланктік тест деп - зерттелетін адамның алатын тест материалы бланк түрінде (суреттер, схемалар, таблицалар, сұрақ-жауаптар және т.б.) болады.

Аппаратуралық тест қолдану барысында - нәтижелерді өңдеу үшін әртүрлі аудио- видеотехника, электрондық есептеу машиналары қолданылады.

Процессуалды тесттер - психологиялық және іс-әрекеттік процесстерді зерттеп, нәтижесінде нақты сапалық және сандық міндеттеме беріледі. Тест жетістіктері тобына-адамның әртүрлі іс-әрекеттердегі жетістіктері бағаланатын тесттер жатады. Мысалы, танудың түрлі ортасында: естің (жадының) жетістігі, ойлау логикасы, зейіннің тұрақтылығы, вербальдық ойлаудың даму деңгейі және т.б. Тесттердің жағдайы мен қасиеттері, адамның тұрақты психологиялық қасиеттерінің диагностикасына қатысты болады. Жобалау тесттерін жеке бір топ етіп бөлуге болады. Олар адамның психологиялық сапасын тура емес, жанама бағалауға негізделген. Мұндай бағалау көптеген объектілерді адам қалай қабылдап және интерпретация жасап, талдау нәтижесінде ашынады, алынған мазмұнды объектілері: сюжеттік суреттер, формасыз дақтар, бітпеген сөйлемдер және т.б. болуы мүмкін. Бұл тесттерге қатысты, мысалыға, Роршахтың, Апперцептивтік тақырыптық тесттер және т.б. жатады.

Прективті тесттер деп зерттелетін адамның жасырын немесе еркінен тыс басынан өткізетін психологиялық ерекшеліктердің психодиагностикасын айтамыз. Психодиагностикалық эксперимент әдіс ретінде жеке жағдайларда ғана қолданылады: егер керекті қасиетті басқа әдіспен анықтауға болмайды.

Процессуалдық тесттер зерттелетін адамның психикалық және іс-әрекеттік процесстердің өту ерекшеліктері зерттеушілерді қызықтырады. Ал жетістіктер тесттер қабілеттер, дағдыларды бағалау есебі шешілген кезде қолданылады.

Жеке топқа интеллект тесттері жатады. Олар адамның интеллектуалдық дамуының жалпы деңгейін нақты және сапалық жағынан анықтаған кезде қолданылады.

Тесттерге нақты психодиагностиканың әдістері ретінде ерекше талаптар қойылады.

Тесттің социокультуралық адаптациясы. Бұл дегеніміз тест тапсырма-ларының және тест бағаларының сәйкестігі. Мысалы,

Еуропада пайда болған интеллект тесті құрылымында сөздік-логикалық емес, образдық-практикалық ойлау басым болатын, интеллекті бар елде қолданылса, ол міндетті түрде әлеуметтік-мәдени түрде адаптациядан өту керек. Кері жағдайда біз сол елдің тұрғындарының ой дамуының деңгейіне сәйкес келмейтін төмен нәтижелерді аламыз. Және, керісінше, практикалық ойлауға тапсырмалары бар интеллект тесті вербалдық интеллекті басым елде қолданған кезде біз ой дамуының адекваттық емес көрсеткіштерді аламыз.

Егер, тест пайда болған жағдайлардан мүлдем басқа жағдайда қолданылатын болса, міндетті түрде ол жаңа жағдайларға бейімделіп, адаптациядан өту керек.

Бірінші кезекте бұл нәрсе бланктік тесттерге қатысты, өйткені олар басқа елден алынған және сол елдің тілінде жазылған. Тест тапсырмаларының бір тілден екіншіге аудармасы ешқандай нақты болмайды. Көбінесе сөзбе-сөз емес мағынасына қарай аударылады.

Екінші, талап-тұжырымдамалардың қарапайымдылығы және тест тапсырмаларының бір мағыналылығы. Бұл талап бойынша сөздік және басқа тапсырмаларда адамдар әртүрлі мағынада түсініп қалмау керек олар: (сурет, сөздер болуы мүмкін).

Үшінші талап - тест тапсырмаларын орындау үшін бөлінген уақыт. Психологиялық тест тапсырмаларын орындау үшін бөлінген уақыт 1,5-2 сағаттан аспау керек, өйткені бұдан ұзақ уақытқа адам, өзінің жұмыс істеу қабілетін жоғары деңгейде сақтай алмайды.

Төртінші талап - белгілі тест үшін тест нормалары.

Бұларға репрезентативтік орташа көрсеткіштер жатады, яғни ол бір топ адамдар. Белгілі бір адамның көрсеткіштерін оның психологиялық даму деңгейін бағалап сол адамдармен салыстыруға болады. Тест нормасы зерттелетін адамдардың жасына, жынысына қарай және алынған бағаны жасына, жынысына және басқа релеванттық көрсеткіштердің дифференциясымен орталандыру нәтижесінде алынады.

Тест нормасы дегеніміз зерттелетін адамға бірнеше әлеуметтік - демографиялық мінездемелер бойынша ұқсас адамдардың үлкен шынтығының дамуының орта деңгейі. Барлық нормалар адамдардың психологиялық дамуында жындап



өзгертін табиғи өзгерістерімен бірге өзгереді. Мысалы XX ғасырдың 25-ші жылдарындағы интеллектуалдық даму нормасы 90-шы жылдардағы адамның ой даму деңгейімен салыстыра алмаймыз. Эмпирикалық ереже бойынша бес жылда бір рет тест нормалары қайта қарастырылу керек.

Бұл қайта қарау төмендегідей өту керек. Біріншіден, бір топ адам зерттеуді жүргізу үшін керек. Содан соң өзінің әлеуметтік – демографиялық мінездемелері бойынша топшаларға бөлінеді. Әр топна үшін тесттің көмегімен құрметті адамдар іріктеліп зерттеледі. Соңында көрсеткіштерді орталандыру жолмен белгілі адамдардың жиынтығы үшін тест нормасы анықталады. Тестті сипаттаған кезде міндетті түрде норма кімге, қай кезд, қалай орнатылғаны туралы айту керек.

Тестті өткізу үшін, нәтижені өңдеп интерпретация жүргізу үшін қатаң ережелер белгіленген:

1. Бір тестті қолдану үшін, психолог оны бірінші өзіне өткізу керек. Бұл нәрсе тесттің нюанстарын білмеу қателіктерінен сақтайды.

2. Зерттелетін адамдар тест инструкциясымен мұқият танысып, оны жақсы түсініп алу керек.

3. Тест барысында зерттелетіндер бір-бірінен көмек сұрамай, жеке өз алдына жауап беру керек.

4. Әр тест үшін нәтижелерді өңдеп, интерпретация жүргізу үшін тексеруден өткен процедура болу керек. Әсіресе бұл мәліметтер математико-статистикалық әдістерге қатысты. Практикалық тест өткізу үшін белгілі дайындық жүргізу керек. Біріншіден, зерттелетіндерге тестті беріп түсіндіреді, не мақсатта өткізілгені, оның нәтижесінде қандай мәліметтер алынуы мүмкін және өмірде олар қалай қолдануы мүмкін. Содан соң ол инструкцияны түсініп алу керек. Соның бәрінен кейін психолог тестті жүргізеді.

**Тақырыпты нысықтауға және бекітуге арналған сұрақтар:**

1. Психологиялық кеңес беру.
2. Психотерапия, сараптама, кәсіби таңдау.
3. Психологиялық қорытынды дегеніміз не?
4. Тест–психодиагностиканың негізгі құралы.

### III. ПСИХОДИАГНОСТИКАНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БАҒЫТТАРЫ

#### 3.1. Психодиагностиканың әдістемелік негіздері мен объективтік көрсеткіштері

Психодиагностика практикалық психологияның бағыты ғана емес, ол теориялық пән болып табылады. Теориялық пән ретінде психодиагностика адамның ішкі дүниесін сипаттайтын тұрақты және тұрақсыз шамалармен жұмыс істейді. Бұл шамаларды анықтап, сипаттап, тіркеу үшін фактілерді қорытындылап, анализдің теориялық жұмысы жүргізіледі. Осы фактілер арнаулы әдістерімен тексерілетін теориялық құрылымдары мен гипотезалардың негізін құрайды. Сондықтан психодиагностика бір жағынан теориялық құрылымдарын тексеру әдісі, екінші жағынан абстрақтық теориядан жылжу әдісі болып табылады. Мысалы, жеке тұлғаны зерттеу барысында тұлғаның қорғау механизмдері деген ұғымға көп жүтінген. Теориялық диагностикамен айналысатын психологтар үшін мына сұрақтар қызықтыруы мүмкін.

1. Қорғау механизмдері адамның іс - қимылдары фактілерінің деңгейінде қалай көрінеді?

2. Қалай, қандай әдістермен оларды тіркеу керек?

Теориялық психодиагностика жалпы психологияның мәліметтерін пайдаланады (оның салаларының, психометриканың, психологиялық білімді пайдаланып практиканың мәліметтерін) т.б.

Психодиагностика психологияның негізгі әдістеріне сүйенеді:

1. Кескіндеу принципі (қоршаған дүниенің адекватты кескіндеу адамға оның іс қимылдарының тиімді регуляциясын қамтамасыз етеді).

2. Даму принципі (психикалық құбылыстардың пайда болу жағдайын зерттеуге бағытталған жобалау, олардың өзгеруінің тенденциясы, сол өзгеруінің сапалық және сандық мінездемелерінің тенденциялары).

3. Құбылыс пен мәннің диалектикалық байланысының принципі (осы философиялық категориялардың өзара қамтамасыз етілуі).

4. Іс-қимылдарының және сананың бірлік принципі (сана мен психика адам іс-қимылдарында қалыптасады).

Психологтың осы салада жинаған нәтижесі психологиялық информацияны алудың әдістері болып табылады. Ол әдістерді өзінің әріптестеріне беру мүмкіншілігі бар.

Психодиагностикалық методика – шешілген психологиялық есеп. Бұл есепте психологиялық информацияны алудың әдістері бар, әртүрлі варианттары, сол варианттардың мәні. Психологияда көптеген әдістер өзінің авторларының есімімен аталған – Роршахтың тесті, Розенцвейгтің тесті, Вартеннің тесті, К.Косстың кубиктері, Равен тесті және т.б.

Психодиагностика іс-жүзінде қолданатын психология ғылымы ретінде әдістемелік қамтамасыз етілуден басқа психодиагносттың зерттелетін адаммен әр түрлі психодиагностикалық жағдайларда қарым-қатынас жасайды, зерттеулердің нәтижелерін тіркеу технологиясын, зерттеулер негізінде диагностикалық қорытынды жасалады. Клиентке нәтижелер туралы кері байланыс туғызады, диагностика деген талаппен мамандық-этикалық стандарттар көрсетіледі. Сонымен мамандықты жете білуді, мамандық құпиясын сақтау және мамандар еместерді психодиагностикалық әдістерге жолатпау, алынған мәліметтерді құпия түрде сақтау талап етіледі.

Диагностикалық әдістемелер көмегімен мағлұмат жинаудың алдында зерттелінуді жөніндегі объективтік және субъективтік көрсеткіштер кешенімен (сұхбат, ауру тарихы, басқа мамандардың шешімдері және т.б.) танысу кезеңі өтеді. Диагностикалық әдістемелердің белгілі авторлары сыналушыны алдын ала мұқият зерттеуге, оның өткені мен бүгінгісін есепке алу қажеттігіне ерекше назар аударады. Осылайша, зерттеудің негізгі көрінісі туындайды.

Психодиагностикалық зерттеу үнемі «экспериментатор – сыналушы» өзара әрекеттесуші жүйесінен тұрады, әдебиеттерде осы жүйеге кіретін түрлі айнымалылардың ықпалын талдауға көп назар аударылады. Әдетте *жағдаяттық айнымалылар, зерттеулер мен тапсырмалардың айнымалы мақсаттары, зерттеуші мен сыналушының айнымалылары* болады. Бұл айнымалылардың мағынасы зор, ал олардың ықпалы зерттеулерді

жоспарлау мен жүргізуде, алынған нәтижелерді өңдеу мен қолдануда есепке алынуы қажет.

Тестілеу үрдісіне ықпал етуі мүмкін факторлардың барлығын қадағалау мүмкін емес. Әйтсе де тестілеуге дайындық кездейсоқ жағдайлардың туындауын болдырмауы және процедураның біркелкілігін қамтамасыз етуі қажет. Тестілеу шарттарының стандартталуы тек нұсқауға ғана емес, зерттелушіге ұсынылатын тест материалына да, тестілеу ахуалына да қатысты. Тест құрастырушының міндеті – тестілеу барысының барлық кезеңінің сипаттамасы толық, әрі анық болуы қажет. Зерттелушімен раппорт орнатуға да едәуір зейін аудару қажет.

В.И.Дружинин психодиагностикалық жағдаяттардың төрт нұсқасы болады деп пайымдайды: 1) зерттеуге өз еркімен қатысу және одан кейінгі мінез-құлықты өзі таңдауы (мысалы, психологиялық кеңес беру); 2) зерттеуге күштеп көндіру, бірақ одан кейінгі мінез-құлқын өзі таңдайды (мысалы, тест құрастыру кезінде психолог-студенттерге сынақ жүргізу); 3) зерттеуге күштеп көндіру және зерттеуден кейінгі мінез-құлықты өзі таңдамайды (мысалы, атқарып отырған қызмет талаптарына сай екендігін анықтау үшін тестілеу); 4) зерттеуге өз еркімен қатысады, бірақ әрі қарай мінез-құлқын өзі таңдамайды (мысалы, кәсіби іріктеу).

Жеке-дара – психологиялық тәсіл әлеуметтік-психологиялық тәсілмен толықтырылуы керек.

Психодиагностикалық зерттеу алынған нәтижелермен, ауру терапиясының қолайлы әдістерімен, реабилитациямен және т.б. байланысты жүзеге асыруды қажет ететін әрекеттер бағдарламасын құрастырумен аяқталады.

Диагностикалық зерттеудің қорытындылары түсіндіруші ұғымдар ретінде ұсынылуы қажет, яғни арнайы терминологияны қолданып, нақты әдістемелер арқылы алынған нәтижелері емес, олардың психологиялық интерпретациясы сипатталады. Қолданылған терминдердің тиісті теорияға сәйкестілігі анықталуы қажет, мысалы «Айзенк бойынша интроверт» немесе «Роршах бойынша интроверт» (Обуховский, 1981).

Өкінішке орай, отандық психодиагностиканың диагностикалық зерттеулерінде туындайтын әдеп мәселелеріне аз

мән беріледі. Соңғы жылдары ТМД көлемінде құрастырылған (мысалы, Ресейде, Украинада) психологтың әдеп кодексі жалпылама түрде, бастысы – оларды жүзеге асыруды қадағаланбайды. Психодиагностика саласындағы шетел психологтарының, мамандардың жұмыс тәжірибесі тесттерді басып шығару және қолдануда көптеген әдеп мәселелеріне келіседі. Америкалық психологиялық ассоциацияның қабылдауымен шыққан психологтың практикалық, оның ішінде психодиагностикалық іс-әрекетін реттеудің нормативтік-құқықтық нормаларын үлгі етуге болады (толығырақ А.Анастасиді, С.Урбинаны қараңыз, 2001). Шетел психологтары атап көрсеткен кейбір мәселелерге тоқтала кетейік.

Тесттер «Психологиялық және білім тесттеріне арналған стандарттарда» сипатталған талаптарға, ал психологтың іс-әрекеті «Әдеп стандарттарымен және мінез-құлық кодексімен» реттелуі керек. Тестті қолданушы оның валидтілігі мен сенімділігі, оны қолданудағы шектеулер жайлы мағлұматы болуы керек. Тесттерді іріктеуге, алынған нәтижелерді интерпретациялауға баса мән беру керек. Кез-келген диагностикалық құрал зерттеу мақсатына сәйкес келуі қажет. Қәсіби психологиялық құралдарды кез-келгеннің қолдануына жол берілмеуі қажет. Компьютерленген тесттермен жұмыс жасауға ерекше талаптар қойылады. Компьютерлік сынақты ешқашанда психологсыз өткізуге болмайтындығын есте ұстау қажет. Әдістемелерді теріс пайдалану қолданушының өзі туралы, өзінің мүмкіндіктері жайында бұрмаланған пікірлердің пайда болуына, көп жағдайда психологиялық жарақаттаушы ықпал етуі мүмкін. Тесттердің конфиденциалдылығына үлкен мән беріледі.

Ешбір психолог тесттердің барлығын бірдей білуі мүмкін емес, сондықтан да алдын ала дайындалу артық емес. Кейбір тесттерді қолдану арнайы білімдерді және оқытуды қажет етеді. Мысалы, *Калифорниялық психологиялық сауалнамамен* жұмыс жасау үшін АҚШ-та қабылданған талаптар бойынша психологтың лицензиясы болуын талап етеді. Зерттелінуші өзіне ұғынықты түрде тесттің мақсаты, сондай-ақ алынған нәтижелердің қалай қолданылатындығы жайында мағлұматтар алуы қажет. Сонымен қоса, ол тесттің нәтижесін білуге құқылы.

### 3.2. Диагностикалық әдістемелерге қойылатын талаптар

Психодиагностика саласындағы маман адамдармен жұмыс жасап қана қоймайды, оның оларға ықпал ете алатын үлкен мүмкіндіктері бар, ол үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Біздің зерттеулеріміздің зерттелінуші үшін *тұлғалық мағынасы* бар екендігін естен шығармауымыз қажет. Осыдан психологтың кәсіби әдебінің маңызды талаптарының бірі – тұлғаға моралдық зиян келтірмеу. Психологиялық диагностикада «айдар тағу», зерттелінушіге жоғарыдан қарау тәрізді мәселелер мүлдем болмауы керек.

Сарапшылық әдістемелер:

а) қолдану туралы инструкциялар сарапшы талап ететін мамандыққа нұсқаумен қамтамасыз етіледі

б) міндетті түрде сынақтан өтуі керек

в) нәтижені өңдеу процедураларында соңғы нәтижені басқа экспорт (сарапшы) тексеріп көруі үшін өңдеудің аралық кезеңін өткізуі керек

г) жасап қолданушылық нормативті зерттеушінің өткізіп көруі керек

д) басты ұйым деректер банкасын жүргізуі керек

Әдістемені қолданушыға қойылатын талаптар:

а) психодиагностиканың теориялық, әдістемелік принциптерін білуі шарт, дифференциалды психометрия негіздерін игере білуі керек

б) тесті өткізу негізінде қабылданатын шешім үшін жауап береді

в) берілген салада психодиагностика өткізу құқы бар

г) стандартты әдістемелер өткізу үшін қойылатын талаптарды сақтайды

д) психодиагностикалық деректің құпиялылығы үшін жауап береді

е) психолог қате, әдепсіз қолданылған әдістемені өткізуге, кедергі келтіруге, оны психологтар қоғамына хабарлауға міндетті

ж) зерттеушілердің құрамы, қолдану барысы туралы баяндайды.

Нұсқау құжаттарымен анықтамалық басылымдар әр кезең сайын қайта құрылып отыруы керек.себебі, әдістер шартты уақыт аптымына қарай сай өзгеріп отырады, нәтижесінде психометрия да өзгереді.

Психодиагностикамен шұғылданушы адамдарға ерекше талаптар қойылады. Олардың негізгілері мыналар : өте жақсы теориялық дайындық, психодиагностикалық әдістемелерді және оларды қолдану ережелерін тиянақты түрде білу. Соған сәйкес әдістемелерді практика жүзінде қолдануда жеткілікті дәрежеде тәжірибенің болуы.

Әдістемеге қойылатын талаптар. Тестер мына талаптарды қанағаттандыруы керек.

1.әдістемені қолдау саласы (өндіріс медицина, жанұя) мақсаты-(әкімшілік шешім қабылдау үшін, кәсіптік әрекетті жетілдіру үлгісі) заты бір жақты белгіленуі керек

2.зерттеушінің контингенті (жас, жыныс, білім, тәжірибе қызмет)

3.тапсырманы өңдеу процедурасы статистикалық негізделген санақ әдістерін пайдалану арқылы жүруі керек

4.тестің репрезентативтілігі немесе валидтілікке тексерілуі керек

5.өзіндік есепке негізделінген процедуралар ақиқаттығына бұқылдау жасайтын құралдармен қамтамасыз етілуі керек

6.тест бойынша жиналған деректер бланкасын жүргізуі керек және мезгіл-мезгіл барлық стандартты әдістемелерді түзетін отыруы керек.

Практикалық психодиагностика - бұл психологтардың кәсіптік іс-әрекетінің ең қиын және жауапты саласы. Ол арнайы білімді, кәсіптік шеберлікті талап етеді және адамдардың тағдырын қамтуы мүмкін (мысалы, соның негізінде медициналық немесе сот психологиялық диагноз қойылады, жұмысқа конкурстық негізде қабылдау мен таңдау жүргізіледі).

Психодиагностисаның құпияны сақтау принципі оның нәтижелерін психодиагностикадан өткізілген адамның жеке келісімісіз жария етпеуді білдіреді.

Психодиагностика әдістемелерінің ғылыми тұрғыдан дәйектелмеген принципі оған толық сенім арта алатындай нәтижелердің болуын талап етеді.

Нұқсан келтірмеу принципі психодиагностиканың нәтижелерін психодиагностикадан өтіп жатқан адамға нұқсан келтірмейтіндей етіп қолдануды қарастырады.

Тестілеу нәтижелерінен алынған қорытындылардың объективтілігі принципі, оның ғылыми тұрғыда дәйектемеленген болуын талап етеді, барлық қорытындылар тестілеуді нәтижелерінің негізінде болуы шарт. Нәтижелерді қорытындылау тестілеуді өткізген немесе оның нәтижелерін пайдаланған. Кісілердің субъективті ұстанымдарына тәуелді болмауы тиіс.

Ұсынылатын кепілдемелердің тиімділік принципі адамдарға берілетін кепілдемелердің міндетті түрде қауіпсіз болуын қарастырады.

Психологиялық диагностикада қойылған міндеттерге сәйкес белгілі бір әдістемелерді таңдауға қатысты нақты бір шарттар болмайды (танымдық үрдістерді есепке алмағанда). Бұл әсіресе тұлғалық ерекшеліктерді зерттеуде (бір әдістеме түрлі мақсаттарда қолданылады) анық көрінеді. Әдістеменің диагностикалық міндетке қатысты валидтілігі зерттеу құралы ретінде тандалатын критерий болуы қажет.

Алайда, тұлға әдістемелерінің валидтілігін анықтағанда едәуір қиындықтар туындайды. Бұл әдістемелердің сыртқы критерийлер негізінде валидтілігін анықтау мүмкін емес, сондықтан да зерттеуші конструктивтік валидтіліктің нәтижелеріне сүйенуге мәжбүр. Кейде тұлғалық сауалнамалардың валидизациясында психиатриялық болжамдарға жүгінеміз. Бұл жерде психиатриялық болжамдардың сенімсіздігін; түрлі бағыттар мен мектептердің клиникалық-диагностикалық сәйкессіздіктері болатындығын; патологияны анықтауға бағытталған сауалнамалардың сыртқы критерийі ретінде психиатриялық болжамды қолданудың мақсатқа сәйкестілігін ескеру қажет. Әдістеменің валидтілігінің эмпирикалық коэффициенті белгілі болған жағдайда да диагностика жүргізілуші параметрдің базалық деңгейіне қатысты бағалануы керек (Meehl, Rozen, 1955).



### 3.3. Этикалық кодекстің негізгі принциптері мен нормалары

Практикалық психодиагностика-психологтардың кәсіби іс-әрекетінің өте қиын және жауапты саласы. Ол сәйкес білімді, кәсіби шеберлікті қажет етеді, ол адамның тағдырына әсер етуі мүмкін. Оның негізінде медициналық немесе сот-психологиялық диагноз қойылады, оның негізінде жұмысқа іріктелу жүргізіледі. Осыған байланысты психодиагностикаға және психодиагносттарға бірқатар әлеуметтік – этикалық талаптар қойылады. Оның жартысы практикалық психологтың этикалық кодексіне енгізілген. («білім алу психологиясы», 28-тарау), қалғандары қосымша талқылауды қажет етеді. Оның ішінде – психодиагностика құпияларын сақтау, психо-диагностикалық әдістемелердің ғылыми негізделуі, зерттеу нәтижелерінің ашықтығы, қорытындылардың объективтігі және ұсынылатын нұсқаулардың тиімділігі.

Құпия сақтау принципі. Зерттелетін адамның рұқсатынсыз зерттеу нәтижелерін жарияламау. Біріншіден, бұл нәрсе кәмілет жасқа жеткендерге қатысты. Егер, кәмілет жасқа толмағандар туралы айтатын болсақ, онда олардың ата-аналарының немесе басқа олардың орнындағы адамдардың рұқсаты керек. Егер зерттеу эксперименті ретінде өткізілсе, онда аты жөндері өзгертіліп жазылу керек.

Ғылыми негізделу принципі психодиагностиканың валидты болуын, сенімді нәтижелерді талап етеді.

Зерттелетіндерге зардап келтірмеу принципі. Психодиагностикадан өтетін адамға нәтижелер ешқандай зиян келтірмеу керек. Бұл принцип нәтижелердің ашықтығы принципімен қатар қолданылады.

Қорытындылар объективті және ғылыми тұрғыда негізделуді талап етеді, яғни тест нәтижелерінен шығу керек, ол тесттерде мықты, сенімді және валидтық әдістемелер қолдануы керек, тест өткізетін адамдарға тәуелді болмауы керек.

Ұсынылатын нұсқаулардың тиімділік принципі. Нұсқаулар міндетті түрде зерттелушіге пайдалы болу керек. Пайдасы жоқ тест нәтижелерінен ешқандай нұсқау ұсынуға болмайды.

Психодиагностикамен айналысатын адамдарға ерекше кәсіби талаптар қойылады. Негізгі талаптар: жақсы теориялық дайындық, психодиагностикалық әдістемелерді өте жақсы білу сәйкес әдістемелердің практикалық қолданудың жеткілікті тәжірибенің бары.

Әр психодиагностикалық әдістеме бос жерден пайда болмайды, ол сол объектің психологиялық теорияның негізінде пайда болып, дамиды. Мысалы интеллект тесттері өзінің шығу табиғатына, құрылымы, маңызы туралы ғылыми анықтамаларына негізделеді. Тұлға тесттері тұлғаның белгілі бір теориясынан жығады. Әр сәйкес теорияны біліп, зерттелетін объект туралы қорытынды жасауға болады. Мысалы, бір қасиеттің психодиагностикасын жүргізіп, екінші қасиет туралы нәтижелер алуға болады. Мысалы Фрейдтің психоанализіне сүйенетін тақырыптық апперцептивтік тест тұлға тестінің нәтижелерін интерпретациялап және ғылыми негізделген қортындыларды алуды көздейді.

Кез-келген психодиагностикалық әдістемелік дұрыс қолдануға байланысты теорияны білу міндетті болады. Онсыз психодиагностика анализде қате жіберуі мүмкін.

Бірде бір психологиялық тестті зерттеуші бәрін түсініп тексермейінше қолдануға болмайды. Тест қандай болмасын жақсы болғанымен міндетті түрде жағдайды, зерттелетіндердің жеке ерекшеліктерін, басқа психодиагностикаға релевантты факторларды ескеру керек.

Сәйкес психодиагностикалық әдістемелердің практикалық қолданудың жеткілікті тәжірибесі аз маңызы жоқ. Бұл нәрсе жобалы және басқа, контент-анализ қолданатын интуитивтік немесе стандарттық процедураларын және нәтижелер интерпретацияларын қолданылатын әдістемелерге қатысты. Бұндай психодиагностикалық әдістемелерді қолдану тәжірибесі үздіксіз болу керек, өйткені ұзақ үзілістер керекті білімді жоғалтуға, жұмыстың санасының төмендеуіне әкеліп соғады.

Психодиагностика білімі, дипломы міндетті түрде тұру керек пе? Кейбір жағдайларда, мысалы, сот-медициналық немесе психодиагностикалық экспертиза өткізу керек, жұмысқа қабылдаған кезде, қиын психологиялық тесттерді қолдану

кезінде дипломдағы білім міндетті түрде керек. Ал егер мектепте, басқа мекемелерде жай, қарапайым психодиагностикалық тест өткізу үшін психологияның өзінше алған білімі жетеді. Жоғары кәсіби дайындық барлық мемлекеттік білім алу мекемелерде (практикалық психологтарды дайындайтын) мүлдем ойдағыдай емес. Мысалы, қанағат-танарлық деңгейде психодиагностикамен кәсіп келген жоғары педагогикалық, медициналық, әлеуметтік білімі бар адамдар шұғылданулары мүмкін.

Төменде берілген моральдық-этикалық нормалармен танысыңыз.

1. Адамды өзінің рұқсатынсыз ешқандай психодиагностикалық зерттеуден өткізуге болмайды, тек заңға негізделген жағдайда ғана соттың немесе медициналық практикада.

2. Тест өткізу алдында зерттелетін адамға зерттеу процесінде ол өзі туралы кейбір мәліметтерді еркінен тыс беретінін ескерту керек.

3. Әр адам (егер заңмен негізделмеген болса) тест нәтижелерін білуге және қай жерде, қашан қолданылатынын білуге құқығы бар.

4. Тест нәтижелері тестті жүргізетін адамдармен беріледі. Көмеңет жасқа толмаған балалардың ата-аналары тест нәтижелерін білуге құқылы.

5. Егер тест жұмысқа алу үшін жүргізілсе, онда адам тек нәтижелерін ғана емес, оның әрі қарай не мақсатта қолданылатынын туралы құқылы.

6. Іс жүзінде психолог тесттерді дұрыс қолдану жауапкершілігі психологтарға жүктеледі.

Көп елдерде психологиялық тесттерді таратуға және қолдануға мемлекеттік, заңда тіркелген шектеулер бар. Олар міндетті нормалардан тұрады:

1. Кәсіби ірістелуге және экспертизаға қолданатын психологиялық тесттің кәсібін БАҚ-та (бұқаралық ақпарат құралдарында) шығаруға тыйым салынған, өйткені кәсіби жоқ адамдар қолданылуы мүмкін.

2. Психологиялық тестті қолданылатын және психологиялық тестілеумен шұғылданатын психологтар жоғары психологиялық

білім туралы дипломы және психологиялық ғылым кандидаты деген ғылыми дәрежесі болу керек, ал басқа адамдар — осы әрекетпен шұғылдануға рұқсат беретін лицензиялары болу керек.

**Тақырыпты пысықтауға және бекітуге арналған сұрақтар:**

1. Диагностикалық әдістерге қойылатын талаптар.
2. Этикалық кодекстің негізгі принциптері.
3. Моральдық-этикалық нормалар.
4. Өндеу және интерпретация кезеңіндегі клиникалық тәсілдің статистикалық тәсілден айырмашылығы неде?

## IV. ПСИХОДИАГНОСТИКАНЫҢ ПАЙДА БОЛУ ЖӘНЕ ДАМУЫ ТАРИХЫ

### 4.1. Психодиагностиканың пайда болу тарихы

Психодиагностиканың тарихы III-ғасырдан басталады. Ежелгі Мысыр, Қытайда, кейіннен ежелгі Грецияда, Вьетнамда мемлекеттік қызметке үміткерлерді, дінге қызмет етем доушілерді бірнеше сындардан өткізетін еді. Психодиагностиканың тарихы ғылыми негізделген компакттық әдістердің, нұсқаулардың методологиясы ретінде XX ғасырдың басында психологиядан бөлек дами бастады.

Педагогикалық диагностиканың даму тарихы шамамен педагогика сапасының даму жолымен сәйкес келеді. Кез келген педагог өзінің кәсіби қызметін жоспарлау барысында өзінің мүмкіндігінің мативациясы мен оның нәтижесін анықтай білуге тырысқан. Мұндай әрекеттер мың жылдықтар барысында әр түрлі әдістер көмегімен жүзеге асырылып отырды.

Алғашқы да диагностиканың мақсаты тәртіпті тіркеуге келіп тірелген. Бірінші психодиагносттар тест әдісін шығарған. Клиникалық бағыт ассоциативтік психологиямен психоанализге негізделген. Психодиагностиканың келесі кезеңі А.Бине есімімен байланысты. Ол ой дамуының және ой әрекетінің артта қалуының дәрежесінің психодиагностика әдістемелерінің нұсқауларына негіз салды. В.Штерн IQ коэффициентін (ой дамуының) ұсынды. Бұл коэффициент зерттелетін адамдардың даму деңгейінің интегралдық мінездеме ретінде алынған. Епқандай қиындықтарға қарамастан интеллектің психодиагностикасы практиканың әр түрлі салаларында кең таралып кәзіргі күнге дейін пайдаланады. Сонымен қатар К.Юнгтің есімімен ассоциация әдісімен Г.Роршахтың (1921) тесттері проекцияның әдістемелік принципіне негізделген жеке тұлғалық құрылымының психодиагностикалық алғашқы проективтік әдістері пайда болады. 30-шы 40-шы жылдары консультациялық нұсқаулар өзекті бола бастады. 40-шы 60-шы жылдары жеке анкеталар кең таралған болатын. Г.И.Россолиммо (1910) еңбектерінен бастап интелек-туалдық дамуының әдістерінің адаптациясымен пайда бола бастағандығына байланысты үлкен

жұмыс атқарылды. Критикалық емес мамандардың емес бөгде адамдардың тест нәтижелеріне араласып тез арада дұрыс емес шешім қабылдау арқасында СССР-де психодиагностиканың барлық зерттеулер таратылған еді. Психодиагностиканың қайта өрлеуі 60-шы 70-шы жылдарына тура келген.

Егер, педагогикалық диагностика оқу-тәрбие процессінің нәтиже-лілігін зерттеудің қортындысы болса, онда оның тарихы ежелгі ғасырлар тереңіне кетеді. Ол әртүрлі қабілеттер білім мен дағдыларды зерттеумен – III мың жылдықтың ортасында ежелгі Вавилонда мектеп бітіретін түлектерге арналып жазушыларды дайындау үшін сынаулар өткізілетін болған. Кәсіби дайындалған жазушы сол кездегі цивилизациядағы ең негізгі адам болып табылған. Ол барлық арифметикалық әрекет-амалдарды беруі тиіс еді, жерлерді өлшей алды, рациондарды анықтап мүліктерді бөліп беруі тиіс еді, ән айту өнері мен музыкалық инструменттерде ойнай білуі тиіс еді. Сондай ақ маталарды, металлдарды, өсімдіктердің және т.б. ажырата білуі тиіс болған.

Ежелгі Египетте білім алу үшін белгілі бір сынау жүйесінен өту керек. Ең алдымен адамнан биографиялық мәліметтер алу үшін әңгімелесу процесі жүреді, соның нәтижесінде оның білім деңгейі де анықталып отырған, сондай-ақ сырт келбеті мен әңгімені қолдау қабілеттілігі де бағаланған. Одан кейін еңбек ете алу қабілеттілігі, тыңдай білуі мен сөйлей білуі, отпен, сумен, қорқынышпен сынау процестері де жүріп жатты.

Бұл қатаң жазаларға қоса әрбір адам, бұл сынауларға төзе алады ма, әлде жоқ па? өзі шешуі тиіс еді, егерде сыннан өте алмаған жағдайда өлім жаза-сына кесілетін еді. Сондықтан да әрбір адамға, алдын ала жақсылап бәрін таразылап алу ұсынылатын еді. Мұндай қатаң сынаулардың барлығын Пифагор сәтті өткізген еді. Грецияға келісімен ол мектеп ашты. Мектепке тек қана белгілі бір сынаулар жүйесінен өте алған балалар ғана жіберіліп отырды.

Деректерге сүйенетін болсақ, Пифагор «Меркурийді кез келген ағаштан жонып алуға бола бермейді» дей келіп, интеллектуалдық қабілеттердің маңызды рөлін атап өткен. Сондықтан осы қабілеттердің диагностикасына ерекше маңыз берген. Бұл үшін әрбір адамға салыстырмалы түрде күрделі математикалық есеп берілді. Есептің шешімін тапқан талалкер

өзде қабылданатын болған. Алайда көпшілік жағдайда есептің шешімі табыла бермейтін еді. Жасы болмағанды үлкен бөлмеге кіргізіп, сынақ ережесі бойынша мұнда оны оқушылар аяусыз күлкіге айналдыруы тиіс болды. Егерде сынға алынған адамның бұл сыны сағаттағы қимыл-әрекеті жасалынып жатқан сөз шабуылдарына лайықты түрде жауап берумен және өзін-өзі лайықты түрде ұстай білумен сипатталса, онда ол адам мектепке қабылданатын еді.

Пифогор жастардың күлкісі мен жүріс-тұрыстарына ерекше мән берді. Ол күле беру адамның мінез-құлқының ең жақсы көрсеткіші болып табылады деп есептеді. Ол ата-аналар мен мұғалімдердің ұсыныстарына зейін қойып қарады, жаңадан келген әрбір баланы өз көз қарасын еркін түрде айтуға және де қарсыластарының көз-қарастарымен қысылмастан таласуға шақырғаннан кейін оларды мұқиятты түрде бақылауға алып отырады.

Б.з.д 2200 жыл бұрын ежелгі Қытайда үкімет шенеунерінің лауазымын иеленгісі келген тұлғалардың қабілеттерін тексеруге арналған жүйе қалыптасқан болатын. Шенеуніктер әрбір үш жыл сайын музыка, садақ ату, ат үстінде отыру, жазу, санау, жөн-жоралғылар мен сән-салтанаттарды білу секілді алты «өнер» бойынша императордың алдында емтиханды қайта тапсырып отырды. Мемлекет үшін емтихандар жүйесі қажетінше қабілетті, талғамды және де ең бастысы үкіметке одан әрі пайдалану үшін таңдап алудың маңызды тәсілі болды (P. Dubois, 1970).

Интеллектуалдық қабілеттерді сынаудың нәтижелері жиі түрде белгілі бір халықтың мақтанышына да айналып отырды, ал кей жағдайларда ол табыс көзі ретінде қызмет етті. Мәселен, үнді патшасы Девсаремнің ирандықтардың данышпандығын сынау мақсатында, оларға шахмат жібергені мәлім. Ирандықтардың бұл ойынның мәнін ашуға қабілеттері жетпейді деп ұйғарылып осы шарт бойынша олар Үндістанға алым-салық жөнелтуі тиіс болды. Алайда, Хосраудың уәзірі Вазургмихр ойынның ережесін түсініп, өз кезегінде кәзіргі уақытта «нарды» деп аталатын ойынды ойлап тапты. Ол (Хосрау) уәзірді жаңа ойынмен бірге Үндістанға жібереді. Ал мұнда ешкім де бұл ойынның мәнін аша алмаған екен (И.А. Орбели, 1936).

Тест сипатындағы сынақтарды пайдаланудың өзге де бір көрінісі ретінде чань-буддизмнің діни ілімінің негізін білдіретін материалдар болып табылады. Чань-буддизмнің ұстаздары жұмбақтарды, таңғажайып сурақтарды пайдалана отырып, сонымен бірге психологиялық стресс жағдайын қалыптастырып отырды. Бұл сурақтарға бір сәтте, ойланбастан, лезде жауап беру қажет болды.

Н.В.Абаев келтіргендей, чаньдік жекпе-жек сұхбаттарда сурақтардың қойылуының таң қаларлығының өзі (мәселен, сақалды жабайының сақалы болды, ма?) ұстаздың бүкіл қимыл-әрекеті арқылы күшейтілген шиеленісті жағдайды қалыптастырып отырды. Өз қарсыласын жұлқып, әрі оған Айт! Айт! Кідірместен жауап бер! Деп айқайлап отырып, ол психикалық шиеленісті жағдайды қалыптастырып отырды. Осы автордың пікірінше чаньдық таңғажайып жұмбақтар белгілі бір чаньдық ойлау барысына тест ретінде пайдаланылды. Тестіленуші неофиттің осы жұмбақтарға қалай жауап беруіне қарай, тәжірибелі жетекші оның «көзінің ашылуының» қай деңгейде екенін және оның «чаньдық тәжірибесін» тереңдету үшін нендей амалдарды қолдану керектігін анықтап отырды. Сондай ақ дәрекілік пен түсініксіз қылықтардың аржағында өзінің дәрменсіздігін жасырып тұрған симулянттарды да айқындап отырды.

Чжурчженьдердің (шүршіттердің) құрған Цзинь мемлекетінде емтихан нәтижелері медициналық училищелердің түлектерін жұмыс орындарына бөлу үшін қолданылды. Емтиханнан сүрінбей өткендердің ішіндегі ең үздіктері емдеуші дәрігер, оқытушы немесе зерттеуші ретінде мемлекеттік қызметке орналасты. Ал емтиханнан сүрінгендерге дайындықты жалғастыру немесе мамандықты өзгерту ұсынылды (М.В.Воробьев, 1983).

Орта ғасырлық Вьетнам мемлекетінде де әртүрлі байқаулар мен емтихандар өткізіліп жатты. 1370 пен 1972 жылдар аралығындағы екі жылда бүкіл әскери және адамзаттық шенеуніктер қайта аттестациядан өтті. Бұл бүкіл елдегі мемлекеттік аппаратты тексеруді ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Мұның нәтижесінде Вьетнам қуатты және өміршең феодалдық мемлекетке айналды, әсіресе соғысқа аса қабілетті



офицерлік корпусық құрылуына ерекше назар аударылды. XVI ғасырда конкурстық сынақтар белгілі бір тәртіпке келтірілді. Олар кезеңдер мен турлар бойынша өткізілетін болды. Ымтихандарда жоғары дәрежелерді беру рәсімі аса үлкен құрметпен өткізілді. Лауреаттар, корольден сыйлықтар алып отырды, олардың есімдері астананың Шығыс қақпасына ілінетін «алтын тізімге» енгізілді, олардың жеңістері жайлы туған қуымына хабар беріліп отырылды. Ал ерекше көзге түскендердің есімдері әдебиет храмында орнатылған арнайы тас қлыбыраларға қашалып жазылды (Э.О.Берзин, 1982).

Шамандарды оқыту жайындағы қызықты мәліметтерді В.Н.Басилов келтіреді. Кейбір халықтарда мәселен эскимостарда әрбір ересек ер адам өзін шамандыққа қабілеттімін деп есептеді. Алайда мұндай талап-сенім сынаудың барысында жоққа шығарылып отырылды.

Тексеру мен оның нәтижесі – мойындау, шамандық қызметтің міндеті шартты болды. Әртүрлі халықтарда шаманды сынау, алуан түрлі формаға ие болды. Айталық қазақтарда өзін шаманмын (бақсымын) деп жариялаған адам халықтың талап етуі бойынша мұздай қар үстімен жалаң аяқ, бас киімсіз, қызған темірді тілімен жалауы тиіс болды. Ал ханттар халқында жолы болмаған үміткерді есі ауысқан деп есептеді. Ульчилер шамандарды кісіні жерлеу сәтінде сынақа алып отырды, дәл осындай дәстүр нанайлықтарда да болды (В.Н.Басилов, 1984).

Осы келтірілген қысқаша тарихи шолу жеке бастық қабілеттерін сынау-ды көптеген халықтардың көне замандардан күні бүгінге дейінгі қоғамдық өмірінің ажырамас бір бөлігі ретінде қарастырудың қажеттілігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл тарихи тәжірибе адамдардың, адам мүмкіндіктерінің мәнін тануға деген ұмтылыстары қандайда бір өлшемдегі сана мен қасиетте болғандығын және де бола беретіндігін дәлелдейді. Алайда таным әдістері ұзақ уақыт бойы тұрапайы болып келді.

Қазіргі заманғы психодиагностиканың тарихы XIX ғасырдың бірінші жартысынан басталады. Бұл кезеңнің ерекшелігі сонда, адам туралы эмпирикалық психологиялық білімдерді талдауда шешуші ролді дәрігерлер атқара бастады. Психиатр -дәрігер Вурона емханаларында науқастарды жүйелі түрде бақылауға

алып, өз бақылауларының нәтижелерін жазып алып, талдап отырды. Осы кезде психодиагностиканың бақылау, сауалнама жүргізу, құжаттарды талдау секілді әдістері пайда болды. Алайда, ол жылдардағы психодиагностика әлсіз, буыны бекімеген сиятта болды. Мұндай жағдайды шектеулі әдістердің көмегімен белгілі бір науқастарды қайта-қайта бақылауға алған, дәрігердің келтірген әртүрлі қорытындылары мен ой-қорытындыларынан байқауға болады.

#### 4.2. Психологиялық және педагогикалық тесттерді қолдану тәжірибесі

Психодиагностиканың сандық әдістемелерінің пайда болуының бастапқы кезеңі ретінде XIX ғасырдың екінші жартысын айтуға болады. Сол кезде көрнекті неміс психологы В.Вундтың басшылығымен дүние жүзі бойынша алғашқы тәжірибені жасау үшін психологиялық зертхана құрылды. Мұнда психодиагностика мақсатында техникалық құрылғылар мен аспаптар қолданыла бастады.

Адамдағы негізгі психологиялық процестерге, қасиеттер мен жағдайларға қатысы бар. Қазіргі заманғы психодиагностиканың бастапқы кезеңі ретінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басын атауға болады. Бұл кезеңде белсенді түрде, әрине маман психологтардың қатысуынсыз ықтималдық теориясы мен математикалық статистиканың кейінгі уақыттарда сандық психодиагностиканың ғылыми әдістері арқа сүйеген салалары дами бастады.

Статистикалық тұрғыдан дәйектелген алғашқы ой-өріс тесттерінің бірін 1905-1907 жылдары француз ғалымы Т.Симонмен бірге ол осы тесттерді жетілдірс түсті. Сондықтан бұл тесттер психодиагностика тарихына Бине - Симон тесті ретінде енді.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдарында адамның әртүрлі процестері мен қасиеттеріне психодиагностика жүргізуге мүмкіндік беретін жаңа психологиялық, соның ішінде интеллектуалдық және жеке адамға арналған тесттер пайда бола бастады.

Алуан түрлі психодиагностикалық әдістемелердің басым көпшілігі ХХ ғасырдың 50-60-шы жылдарында пайда болды. Бұл ғана емес психологтардың психометриялық аса белсенді кезеңі болды.

Қазіргі кездегі психодиагностика ғылымы және практикалық психологиялық білімдердің жеке саласы болып ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың шегінде бөлінді. Көптеген психодиагностикалық әдістемелер құрылды және де олардың саны жылдам қарқынмен көбейіп келеді.

Психодиагностикада барған сайын математика мен физиканың қазіргі заманғы әдістері сондай-ақ электронды психодиагностика құралдары мәселен ЭВМ-дер кең түрде қолданысқа енгізілуде.

20-ғасырдың басындағы Жаңа кеңес мектебінің қалыптасу жағдайында педагогикалық процеске психологиялық - педагогикалық диагностика қажет болды. РСФСР Наркомпросның «Педагогикалық жұмысының мақсаты мен жағдайы туралы» (7 мамыр, 1933ж) мәжілісінің шешімінде педагогикалық диагностика мен психологияның әрі қарай даму жолдары белгіленген болатын. Бұл қаулыда мектептегі педагогика үшін аса маңызды психологиялық қызметінің негізгі мәселелері анықталған. Біріншісі, үйрету табиғаты(мәнісі), оның құрылымы, механизмі және факторы, оларды басқару нәтижесінде әртүрлі іс-қимылдарға үйретудің белгіленген режимінің құрылуы мүмкін. Екінші мәселе-индивидтің қалыптасуы; адам онтогенезінің заңдылықтарын анықтау.

Бұл қаулымен төмендегі мақсаттар анықталған:

1. Білім беру мен тәрбие жұмысының сапасын жоғарылату мақсатында, сапалы тәртіпті нығайту үшін оқушыларды зерттеу.
2. Қиын балалармен жұмыс жүргізу.
3. Педагогтарды, вожатыйларды, ата-аналарды педагогика негіздерімен таныстыру жұмысы.
4. Үгіт-психихат жұмысы.

Диагностикалық әрекетті жалпы бастауыш оқыту жағдайында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға педологтардың қатысуымен тығыз байланыстыру керек. «Зерттеу» мәселесін шешу үшін педологтар тәжірибесі жоқ адам да қолдана алып және оны мұғалімге өткізу мүмкін болатын оқыту әдісін негіздеу

керек еді. Бастауыш сыныптағы оқушылардың оқуға дайындығы және ақыл – есі даму деңгейінің негізінде комплектация жасауын қамтамасыз етуінде, дәрістерді рационализациялау үшін практикалық іс- шараларға қатысуында, жас ерекшелігіне сәйкес, оқу жұмысына талдау – жасауында педологияның басқа мәселелері тұрған.

ЦК ВКП(Б)- ның қаулысы «Оқу бағдарламалары және бастауыш пен орта мектебінің режимі туралы» (25 тамыз, 1932 ж.) бір жағынан мектеп мамандарынан әр оқушыны зерттеуді талап еткен, екінші жағынан - түрлі қиын схемаларды, есептердің формаларына тияым салған. Бұл педологтарды оқу- тәрбиелік мекемелердің өтініштері бойынша қиын балаларды зерттеудің эпизодикалық диагностикалық- коррекциялық жұмысына дейінгі оқу- тәрбиелік процесіне қатысуды шектейді.

Сонымен, Наркомпрос педологтардың оқу процесіне қатысуды қамтамасыз ету үшін барлық педологиялық қызметтің күшін салып, олардың құрылымын жетілдірген.

Педологиялық қызметтің үш деңгейлік құрылымы төмендегідей түрде болған:

а) РСФСР Наркомпростың құрамындағы мекеме аралық педологиялық комиссия мен педологиялық топ түріндегі негізгі институт

б) ОБЛОНО, ГОРОНО, РОНО құрамындағы педологиялық көмектің ғылыми-әдістемелік орталықтары болып саналатын педологиялық кабинеттер мен лабораториялар.

в) Педологтың немесе мектеп комиссиясының ұяшықтың, бригаданың мектептің педологиялық бөлімінің жұмысы.

Жалпы басқару барысында негізгі мәселе жергілікті педологиялық қызметтің педология бойынша жаңа әдебиеттерді алуды, нұсқаулар, тесттерді, баланың ішкі дүниесін әсерлейтін әдістемелерді алуды көздейді. Педологиялық кабинеттер негізінен аудандық, қалалық, ауылдық бірлестіктерде жұмысын жүргізді. Олар мектепке дейінгі мекемелерге, мектептерге, мұғалімдерге, ата-аналарға және балаларға негізгі ғылыми-әдістемелік және консультациялық орталықтар ретінде көмек берді.

Педологиялық кабинеттің жұмысы үш бағыт бойынша құрылған:

1) Профилактикалық, интеллекттің бұзылуын уақыттылы анықтау мақсатында, оқушылар мен ата-аналарда педологиялық культураның қалыптасу мақсатында баланың жан-жақты дамуының зерттеуіне бағытталған.

2) Диагностикалық, балалар дамуының ерекшеліктерін зерттеуіне бағытталған, кейбір ауытқуларына, солардың себебін анықтауына бағытталған.

3) Коррекциялық жұмыс диагностикалық жұмыстан шығып анықталған ауытқуларының педагогикалық коррекциясын көздеген. Аудандық педологиялық кабинеттердің жұмысының негізгі бағыты балалардың мектепке дайындығының деңгейін анықтау болып табылады.

Уақытша жұмыс топтар мамандар болмауынан қиындықтарға тап болды. 1924-25 оқу жылдарында кейбір жоғары оқу орындарының оқу жоспарына экспериментальдық педагогиканың және психологияның, рефлексологияның курстары кіргізілген болатын. Ал 1927-28 оқу жылдарында педология барлық педогогикалық оқу орындарының оқу жоспарына кіретін болған.

Педологиялық съезд өткізілді, «Педология» журналы шығарылды, мектеп педологтардың дайындау проблемасы шешіле басталды. Педологтың мамандығын 4 педогогикалық жоғары оқу орында, 10 педтехникумда, 2 наркомапта және ғылыми – зерттеу центрлерде алуға мүмкін еді.

1967 жылы Берлинде өткізілген халықаралық конференциядан кейін неформалдық тесттер дами бастады. Осы кезде педагогикалық әдебиетте педогогикалық диагностика деген термин пайда болды. Бұл ұғымды 1968 жылы К.Ингенкамп деген неміс педагог ұсынған еді (бір ғылыми проект барысында медициналық диагностикалық аналогиясы бойынша) Бұл кездейсоқ емес. 1970 жылы неміс тілінде сөйлейтіндердің барлығында 122 тест пен анкета болды. Анкеталар оқу үлгерімін, балалардың мектепке дайындығын, ақыл қабілетін, мамандық алуға жарамдылығын, шоғырлану қабілеттілігін анықтады. Бұл тесттер жоғарыда аталған салаларда, эксперименттік мектептерде қолданылды. Екінші сатыдағы мектептерде, гимназияларда тесттер өте сирек қолданылды. Сонымен қатар объективтік әдістер оқыту процесін зерттеу жұмысында өте сәтті қолданылды.

1980 ж. мектептерге арналған тест пен анкеталардың саны көтерілді, бірақ қолдану жиілігі төмен түсіп кетті. Өйткені тест жүйесі сынға алынды және бастауыш мектептерде балалар саны азайып кетті. 1970 жылдарында жалпы мектептерде ориентациялық сатыларда әдіс ретінде диагностикалық анкеталар қолданылды. Бірақ олар кең өріс алалмады.

Ресейлік педагогикалық әдебиеттерде «педагогикалық диагностика» ұғымын А.С.Белкин (1970 ж.), А.И.Кочетов (1981 ж.), Н.К.Голубев (1988 ж.), В.П.Беспалько (1989 ж.), Б.П.Битинас пен Л.И.Катаева (1993 ж.), В.Г.Максимов (1993 ж.) және т.б. зерттеген. Соңғы жылдары әртүрлі мамандықтардың мұғалімдерінің диагностикалық іс-әрекетінің ерекшеліктеріне арналған, мектептегі информациялық - диагностикалық орталықтарға мұғалімдерді кәсіби-диагностикалық әрекеттеріне оқу-тәрбиелік процестің диагностика-сымен болжамдарына арналған теоретикалық және әдістемелік жұмыстар пайда болған. Бүгінгі таңда негізгі бағыттар болып басқару диагностикасы мен өзіндік диагностика есептелінеді.

Педагогиканың теориялық функциясын сипаттау барысында В.А.Сластенин екінші деңгейін анықтады диагностикалық (1997 ж.), И.П.Подласый «Педагогика» оқулығында студенттерге даму, оқыту, тәрбие алу диагностика туралы оқу материалын ұсынған (2000 ж.). Педагогикалық диагностика жаңа бағыт ретінде тиянақты зерттеуді талап етеді. Қазіргі кезеңдегі оның барысын, маңызын, мазмұнын, әдістерін, ерекшеліктерін және жағдайларын анықтау негізгі мақсаты болып табылады. Қазіргі педагогикалық диагностиканың мақсаттарымен қатар нағыз дидактикалық, мектептегі оқу тәрбие процесінің оптимизациясына бағытталған, педагогикалық кадрларды дайындау процесін және кәсіби куәліктерін беру процесін реттеуіне арналған мақсаттар анықталған.

#### 4.3. Психодиагностика ғылымының қазіргі жағдайы

Қазіргі таңда психодиагностика ғылыми және практикалық психологиялық білімнің жеке саласы болып бөлінді. Көптеген психодиагностикалық әдістемелер пайда болып, тез арада көбейіп кетті. Математика мен физиканың қазіргі әдістері,

электрондық психодиагностиканың құралдары яғни IT технологиялары кеңінен қолданылуда. Көптеген елдерде, мысалы АҚШ та, Германияда көптеген ғылыми және практикалық баспаларда жүйелі түрде психологиялық әдістерді сипаттаған. Соңғы жылдары мұндай әрекеттер Ресейде де жасалынған. Бірақ оның ешқандай тұжырымдамасы мен ғылыми негізі жоқ еді. Бұл жағдайда тұжырымдама дегеніміз негізделген, психодиагностикалық әдістемелердің классификация-лау негізіне салынған жүйе. Ғылыми негіз ретінде психодиагностикалық әдістер, олардың ауқаттылығын, күшті және әлсіз жақтарын айтамыз. Баспаларда шығатын әдістемелер ешқандай керек мәліметтермен толықтырылмаған.

Бұл формалды талап емес. Көптеген психодиагностикалық әдістемелер белгілі психологтармен баспаға шығарылған болса да, жоғарыда аталған талаптарға сай келмейді.

Педагогикалық іс - әрекетте өзінің мақсаттары, мазмұны, формасы, әдістері және нәтижелері бар.

Педагогикалық диагностика мұғалімнің кәсіби жұмысының бір бөлігі ретінде мектепке дейінгі, бастауыш сыныптағы оқушыны, жеткіншекті және жоғары сыныптағы оқушыны, оның дамып жатқан жеке тұлғасын зерттейді.

Сондықтан кәсіби диагностикалық жұмыстың практикасы мен теория-сын білім деушілер жеке тұлға ұғымының қазіргі түсінігімен таныс болу керек. Социологиялық, психологиялық зерттеу ешқандай өзінің педагогика-лық талдауын ауыстыра алмайды. Кешендік зерттеу тұлғаны зерттеу барысында әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық зерттеудің бірлігін қамтамасыз етеді. Жүйелілік жағынан педагогика тұлғаны жүйелі ұйымдастырудың спецификалық деңгейін басқа ғылымдардың адам туралы алынған нәтижелері мен біргелікте қарастырады. Тұлға дегеніміз үнемі өзгеріп дамытын жүйе, ол белгілі әлеуметтік түрде қалыптасады. Тұлғаның қалыптасуы саналы өзін - өзі басқаруына қабілетінің дамуымен ғана сипатталып қоймайды, ол керекті тәртібін қамтамасыз ететін сөйкес мотивацияны қалыптастырумен сипатталады. Мотивация (себеп) ішкі конфликттерді жеңіп шығуды қамтамасыз етеді. Адам тұлға болып тек өзінің тәртібі мен іс - әрекетін басқаруға

кабілетті ететін психологиялық дамуының деңгейіне жеткен кезде ғана қалыптасады (Л.И.Божович).

Психикалық іс-әрекеттің дамуы динамикалық пен тұрақсыздан тұрақтыға қарай жүреді. Сыртқы әсерлер психикалық процестер мен жағдайларды тұрақты қасиеттерге айналдырады. Жағдайлардың фонында психикалық процестер мен тұлғаның қасиеттері пайда болады. Қасиеттер белсенділіктің белгілі бір адамға қатысты тұрақты және орнықты деңгейін сипаттайды. Бұл деңгей тұлғаның элеуметтік құндылығын анықтайды және оның әрі қарай дамуына субъективтік жағдай жасайды. Қалыптасқан жүйе ситуациялық әсерлер мен өзгерістердің тәртіптің егеменділігін қамтамасыз етеді. Бұл егеменділік тұлғаның анықтығы мен жетілуінің көрсеткіші болып табылады (А.Г.Ковалев).

Педагогикада оқушы тұлғасын талдаудың негізгі бағыттары анықталған:

1. Кішкентай кезіндегі баланы тәрбиелеу бірыңғай процесс болып табылады. Ал оқушы тұлғасының қалыптасуы, тәрбиелеу функцияларының (стимулдық, іс әрекетінің сәйкестігімен, тәрбиелеу процесінің бөліктерінің біртұтастығымен, В.С.Ильин) жүзеге асуымен қамтамасыз етіледі.

2. Тұлғаның қалыптасуындағы даму, тәрбиелеу, оқу потенциалы. (Ю.К.Бабанский, В.В.Давыдов, А.А.Кирсанов, И.Я.Лернер, М.И.Махмутов және т.б.).

Оқу іс-әрекеті жеке белсенділіктің спецификалық формасы ретінде тұлғаны өзгертуге бағытталған. Мысалы, оқу процесінде өнегелік сана-сезім дамиды, ал танылатын ортаның дамуы, нормалық өнегеліліктің талаптары туралы спецификалық балалық көзқарасының қалыптасуына әкеледі.

3. Оқушының басқалармен араласу қарым-қатынасы субъектінің болу процесі ретінде. Оқушының тәртібі араласу субъектісі ретінде элеуметтік жағдайларды анықтайды. Оның негізгісі - «Мен» деген бейне. Оның негізін тұлғаның өзін-өзі сыйлауы құрайды. Элеуметтік жағдайларға: қарым-қатынас жағдайы, басқа адамға бағытталған жағдай, эмпатияға дайындық яғни жанашырлыққа, мейірімділікке және т.б. (А.В.Мудрин).

4. Оқушы тұлғасының өзін-өзі тәрбиелеуі. Өзін-өзі тәрбиелеу тұлғаның белсенділігімен анықталады. Өзін-өзі тәрбиелеу



қажеттілігі тұлғаның дамуының ең жоғарғы формасында. Оқушының өзін-өзі тәрбиелеу мазмұнын жігерлілік пен өнегелік, жамап қасиеттерді жеңу. (А.А.Арет, А.Г.Ковалев, Л.И.Рувинский және т.б.).

5. Тұлғаның тәртібі мен дамуындағы ауытқуларды жеңу. Қиын балалар мен жасөспірімдердің тәрбиесінің негізгі өлшемі тұлғаның белсенділігімен бағытталуы, жетекші іс-әрекеттерге қолдасы, жеке психологиялық ерекшеліктер мен қасиеттер болып табылады. Тәрбиесінің ауытқулары бар балалар - қиын тәрбиеленсегін балалар, заң бұзушы жасөспірімдер және көмелетке толмаған қылмыскерлер. (М.А.Алемаскин, А.С.Белкин, И.А.Невский, Б.Ф.Райский және т.б.).

Нәтижесінде:

1.Тұлғаның тәртібі мен іс- әрекетінің негізгі факторы- әлеуметтілік болып саналады.

2.Тұлға деп қарым-қатынасы өзінше ретімен дамитын жүйені айтамыз.

3.Тұлғаның қалыптасуы- бірыңғайлық үрдіс.

Сонымен тұлға дегеніміз- қоғамның әлеуметтік дамуының нәтижесі және әлеуметтік сапасы болып табылады. Тұлғаның әлеуметтілігі көп жоспарлы болып саналады.Әлеуметтік сапа ретінде тұлға тәрбиеленеді. Педагогикалық ұғым ретінде тұлға өзінше іс-жүзіне асатын, өзінше дамитын қарым-қатынастардың жүйесі болып саналады. Бұл жүйе тұрақты құрылымның (білім алу, жағдай, сапа) динамикалық бірегейліктің біртұтастығын құрайды.

Тұлғаның жеке дамуы оның сапалық жағдайларының кезекті ауысымында көрсетілген бөліктердің тұрақтылығының дамуы болып саналады. Бұл адамның даму деңгейінің динамикасының психосоматикалық бағыттың зерттеу нәтижелерімен расталады. Жеке сана-сезімнің қалыптасуы оның онтогенетикалық дамуының процесінде кезекті деңгейлерімен іске асырылады. Тұлға сана-сезімі деңгейлерінің ауысымының кезектілігін А.А.Меграбен төмендегідей көрсеткен:

1.Сенсорно-перцептивтік;

2. Ойлау - логикалық;

3. Практикалық іс- әрекеттерін және қимылдау функцияларын меңгеру деңгейі;

4. Витальды (өмірлік) құптарлықты меңгеруінің деңгейі;

5. Тәртіптің сана-сезімдік өзін - өзі басқарудың деңгейі;

Өмірдің әр кезеңінде адам әртүрлі қиындықтарды басынан өткізеді. Әр кезеңде тұлға белгілі бір қиын құбылысты меңгереді. Бірінші деңгейде сезімнің жинақы еместігінің құбылысын бағындырады. Екінші деңгейде ойлау танудың сезімдік көлемінің шектеулігін жеңіп шығады. Үшінші деңгейде-өзінің қызыққан нәрселерінің қиын құбылысын меңгереді, аффектілері мен құмарлықтарының құбылыстарын меңгеріп, оларды жылудың көзіне айналдырады. Төртінші деңгейде-сана-сезім мен тәртібінің зоологиялық жекешелендірудің белгілерін жеңіп шығады, ой өнегеліктің шыңына көтеріледі. Тұлғаны тәрбиелеу жүйке жұмысының физиологиялық көзқарасы тұрғысынан қарағанда динамикалық стереотиптер тұрақты жүйені құру болып есептеледі (И.С.Марьенко). Бас миының қабығының қасиеті болып саналатын жаңа әсерлерді қабылдау және байланыстарды құру, бұзу тенденциясы немесе бұрынғы байланыстарды қайта құрайды. Сонымен қатар ескі динамикалық стереотип тұрақтылықты меңгерген, сондықтан қайта құруға қарсы тұрады.

**Тақырыпты пысықтауға және бекітуге арналған сұрақтар:**

1. Шетелдердегі психодиагностиканың пайда болу тарихы.
2. Қазіргі кездегі психодиагностиканың даму тарихы
3. Психологиялық және педагогикалық тесттерді қолдану тәжірибесі.
4. Ресейдегі психодиагностиканың даму жолдары.

## У. ПСИХОДИАГНОСТИКАНЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ПСИХОЛОГИЯ АЯСЫНДА ҚАЛЫПТАСУЫ

### 5.1. Психодиагностиканың эксперименталды психология аясында қалыптасуы

Психодиагностика психологияның бірнеше бағыттарының өсерімен пайда болды. Оның біріншісі—экспериментальдық психология. Өйткені психодиагностикалық әдістемелерінің негізінде эксперименттер болатыны заңды.

Экспериментальды психология 1878 жылы пайда болған делінеді, өйткені осы жылы В.Вундт Германияда өзінің экспериментальдық психологияның бірінші лабораториясын ашты. Бұл лабораторияда негізінен түйсіктер және олардан пайда болатын іс- қимыл- актілер — реакциялар. Сонымен қатар перифериялық және бинокулярлық көру, түстерді ажырату және т.б. зерттелді. В.Вундтың лабораториясы сияқты басқа да елдерде экспериментальдық лабораториялары ашылды.

Англияда Ч.Дарвиннің Ф.Гальтон бірінші болып өзі шығарған жаңа комплексттік ғылымы «антропометрикаға» ерекше сыйдарды кіргізген. Мысалыға көзінің өткірлігін анықтау, есту қабілетін т.б. реакцияларын анықтау және Ф.Гальтон «Тест» терминді енгізді, соның атымен психодиагностика тарихының пайда болуын байланыстырады. Алғашқы да психодиагностика экспериментальдық дифференциялық психологияның әдістемелері туралы ғылым ретінде қалыптасты. Эксперимент арқылы адам-дар арасындағы психологиялық айырмашылықтарды зерттейді, бұл зерттеулер медицинамен педогогика содан соң өнер кәсіп өндірістерінің талаптарының ықпалымен пайда бола бастаған. Әр психологиялық мектептерінің негізін қалаушыларымен олардың жолын қуғандар практиканың талаптарына әр түрлі жауап берген. Тесттік әдістемелер Бихебиоризмнің теориялық принциптерімен тығыз байланысты. Бихебиоризмнің методологиялық тұжырымдамасы организммен қоршаған ортаның арасында бірдей себептік қарым — қатынастар негізінде пайда болған. Организм қоршаған ортаның стимулдарына жауап беріп, жағдайларды өзіне пайдалы

жағына өзгертіп соған бейімделеді. Бихебиоризм психологияға тәртіпті жетекші категория ретінде енгізді.

Экспериментальды психодиагностикалық әдістердің дамуында психодиагностикалық хабар алудың стимуляциясын тіркеуде және өңдеуде техникалық құралдар негізгі орын алады. Компьютерді қолдану практикалық психодиагностика тұрғысынан қарағанда бірнеше тиімділіктерге қол жеткізеді:

1. Дәстүрлі психодиагностикалық эксперименттің ескішіл тәсілдерін жеделдету (автоматизациялау). Оларға зерттелетін адамның жауаптарын тіркеу, хаттама жүргізу, нәтижелерді шығарып беру және т.б. жатады. Мұндай жеделдетудің арқасында психодиагностиканың стандарттық деңгейі жоғарылайды, диагностикалық мәліметтерді алудың жылдамдығы мен нақтылығы жоғарылайды.

2. Көпшілік психодиагностикалық зерттеуде қысқа мерзімде өткізу.

3. Психодиагностикалық зерттеулердің жаңа түрлерін реализациялау:

4. жаңа стимулдарды генерация өткізу мүмкіншілігі;

5. Стимулдық жүйелікті ұйымдастыру;

6. Зерттелетіндердің реакция параметрлерін тіркеу;

7. Психодиагностикалық әдістемелерін компьютер ойындары ретінде бейнелеу;

8. Статикалық стимулдарды (мәтіндерді, суреттерді) жылжымалы динамикалық объектілерге өзгерту және т.б.

Психодиагностикадағы жаңа бейнелерді ажырата білу, алгоритімдердің жаңа түрін шығару, жасанды интелекттердің әдістерін шығару.

Жоғарыда аталған тиімділіктер тек қана компьютерлік технологияларды қолданғанда пайда болады. Компьютерлік зерттеулерді барлық жағынан жақсы деп айтуға болмайды. Зерттелетін адамда компьютермен жұмыс істегенде «психологиялық тосқауыл» эффекті пайда болуы мүмкін. Сондықтан психологиялық зерттеулердің жеделдетілген жүйесі ресстандартизациядан өту керек.

Компьютерлік психодиагностиканың дамуының үш негізгі бағытын анықтауға болады.

1. Психодиагностикалық мәліметтердің даму базасын құру;
2. Психодиагностикалық информация анализінің тиімді әдістерін құру;
3. Интеллектуалды психодиагностикалық жүйесін құру;
4. Психодиагностикалық мәліметтердің базасы:

Мәліметтер базасының негізгі мақсаты информацияны қайталауды жою және әртүрлі информацияның ішкі түсінігін информациялау болып табылады. Біріншіден, мәліметтер базалары шексіз информацияны және мәліметтерді жинап, есептеуді мүмкіншілік береді. Екіншіден, мәліметтер базалары зерттелетін контингенттердің статистикалық мінездемелерінің оперативті анықтауларды жүргізуге мүмкіншілік береді.

Психодиагностикалық мәліметтердің анализінің компьютерлік әдістері.

Мәліметтердің компьютерлік анализі информацияны шығарудың әдістерінің жиынтығынан тұратын кең сала.

Қазіргі заманның компьютерлері психодиагностикалық информацияның күрделі құрылымын толық есепке алады.

Қазіргі компьютерлер бағдарламашылардың негізгі еңбегін өндері атқарып, басқа салаларға да тиімді. Бұл бағыт жасанды интеллектті зерттеу негізінде 80-жылдары пайда болған. Бұл бағыттың аты интеллектуалдық жүйелердің өндірісі. Интеллектуалдық жүйелер интеллектуалдық есептерді шешуге арналған. Олар мәтінді түсініп құрастыру есептерін табиғи түрде шешіп тіл түсінуімен синтезі, бейнелеудің анализі, синтезі және өңдеуі болып табылады. Мысалы отандық нұсқау 17 ЛФ интеллектуалдық психодиагностикалық жүйе. Ол алдыңғы 16PF Р.Кеттелдің тестісі көптеген модернизациялауымен көзге түседі. Мұнда :

1. Оригиналдық әдістің пункттері нақтыланған.
2. Тесттің толық психометриялық бейімделуі атқарылған.
3. Шкалалардың мықтылығы жоғарылаған.
4. Кері байланыстың көмегімен зерттелетіннің стратегиясын меңгеру әдістері қолданылады.

## 5.2. Психодиагностиканың дамуына үлес қосқан ғалымдар

Қазіргі заманғы психодиагностиканың тарихы ХІХ ғасырдың алғашқы ширегіне яғни психологиялық білімдердің дамуындағы клиникалық кезең дегеннің басталуымен басталады. Бұл кезеңнің сипаты ерекшелігі мынада: адам жайындағы эмпирикалық, психологиялық білімдерді алу мен оны талдаудағы басты рөл дәрігерлерге тиесілі болды (бұларға дейін мұнымен негізінен философтар мен жазушылар айналысты). Дәрігерлерді сол кезде дамыған елдерде тараған емделуі қиын психикалық аурулар мен невроздардың пайда болу себептері қызықтырды. Психиатр-дәрігерлер Еуропа емханаларында өз бақылауларының нәтижелерін жазып талдай отырып, науқастарға жүйелі бақылау орнатты. Осы уақытта психодиагностиканың бақылау, сауалнама, жан қуаттарын талдау секілді әдістері пайда болды.

Алайда, бұл кездегі психодиагностика қатаң емес, еркін сипатта болды. Бұл әсіресе бір науқастарда бақылауға алған және оларды бірдей әдістердің көмегімен зерттеген, дәрігерлердің келген қорығындыларынан көрінеді. Бұл сол кездегі психодиагностиканың әлі де болса сапалық сипатқа ие болғандығынан болды.

Психодиагностиканың сандық әдістерінің басталуын ХІХ ғасырдың екінші жартысы деуге болады. Бұл кезде көрнекті неміс психологы В.Вунттың басшылығымен дүние жүзіндегі ең алғашқы тәжірибелік психологиялық зертхана құрылған болатын. Мұнда психодиагностика мақсатында техникалық құрылғылар мен құралдар қолданыла бастады. Сондай-ақ осы уақытқа физикалық (денелік) және психологиялық құбылыстарының құрылуын жеделдеткен негізгі психофизикалық заңның ашылуы жатады. Негізгі психофизикалық заң психологиялық құбылыстарды өлшеудің мүмкіндіктерін ашты және де осы жаңалық сезімдік пайымдарды өлшеуге арналған субъективті шкалалар дегеннің пайда болуына алпы келді. Осы заңға сәйкес өлшемнің негізгі объектіс адамның сезімдік пайымдары болды және де ұзақ уақыт бойы ХІХ ғасырдың соңына дейін психодиагностика сезімдік пайымдарды өлшеумен ғана шектелді.

Адамның негізгі психологиялық процестеріне, қасиеттеріне және жағдайларына қатысты психодиагностиканың қазіргі заманғы әдістерінің қалыптасуының бастапқы кезеңі ретінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы деп есептеуге болады. Бұл уақытта белсенді түрде әрі маман психологтардың қатысуымен йктималдар теориясы мен математикалық статистиканың кейінірек сандық психодиагностиканың ғылыми әдістері арқа сүйей бастаған салалары дами бастады. Тәжірибелік мәліметтерді статистикалық өңдеудің алғашқы және екінші әдістері дәл сол жылдары пайда болды. Алайда бастапқыда математикалық статистиканы психологияда емес, биология, экономика, медицина секілді ғылым салаларында қолдана бастады.

Алғашқы психометриялық мекемені Англияда көрнекті ағылшын психологы Гальтон ашқан болатын. 1884 жылы ол Антропометриялық зертхананы ашты. Бұл зертхананың мақсаттарының бірі- адамның қабілеттері жайлы статистикалық мәліметтерді алу болды. Бұл зертханаға келушілердің өз қабілеттерін өлшеуіне мүмкіндіктері болды және де осы психометриялық тәжірибеден 10000 адам өтті. Гальтон психологияда статистиканы қолданудың бастамашысы болды және де ол статистикалық әдістерді жасап шығуда көп еңбек сіңірді. Гальтон 1877 жылы психологияда корреляция әдісін қолдануды ұсынды. Гальтон, Пирсон және Фишер секілді математик ғалымдарды бірлесе жұмыс істеу үшін өз жағына тартты, сондықтан олардың математикалық статистикадағы атықтары психолоктармен бірге жұмыс істегендіктерінің арқасында шықты. Фишер дисперсионды анализді ойлап тапса, ал өзге ағылшын ғалымы Гальтонның замандасы Спирмен - факторлы талдауды ойлап тапты. Бұл екеуі де өздерін психологияда математикадағыдан кем емес дәрежеде көрсете білді. Психология тарихына Спирмен өзінің 1904 жылы жарыққа шыққан «Жалпы интеллект, объективті айқындалған және өлшенген» деген классикалық еңбегінің арқасында енді. Г. Айзенг пен Р. Кеттель кейінірек факторлы талдауды тұлғаның өзіне тән ерекшеліктерін психологиялық диагностикадан өткізу үшін қолданды. Интеллектінің статистикалық тұрғыдан негізделген тәсілдерін француз ғалымы А. Бине 1905-1907 жылдары

кұрастырып жариялады. Кейінірек өзге француз ғалымы Т.Симонмен бірге ол осы тестті жетілдіре түскен. Бұл тест психодиагностика тарихына Бине – Симон тесті деген атпен енді.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдарының екінші жартысында адамның алуан түрлі үрдістері мен қасиеттерін психодиагностикадан өткізуге мүмкіндік беретін жана психологиялық, соның ішінде интеллектуалдық және жеке адамдық тесттер пайда бола бастады. Сандық сипаттағы психодиагностикалық амалдардың ішіндегі тарихы еңсоңғы пайда болып практикаға енгендері элеуметтік психологиялық байланыстылары енді. Бұл американ психологы Я.Мореноның құрған социометриялық тесті және фашизм жылдары АҚШ - қа қоныс аударған неміс психологы К.Левиннің шәкірттері мен ізбасарлары – бір топ американ элеуметтік психологтарының құрған көптеген өлшем әдістемелері еді.

XX ғасырдың 50-60-шы жылдарында алуан түрлі психодиагностикалық әдістемелердің негізгі көпшілігі пайда болды. Бұл психолог ғалымдардың ең көп психометриялық белсенді жылдары еді.

Психодиагностиканың пайда болып оның жасақталуына XIX ғасыр мен XX ғасырдың шегінде психологиялық ғылымда пайда болған жалпы дағдарыстың әсер еткенін ескеруіміз қажет. Ол бірінші кезекте әсіресе қабілеттер, интеллект және тұлға (жеке адам) секілді күрделі құбылыстардың дәл психодиагностикасы ғылыми тұрғыдан негізделген амал-тәсілдердің жоқтығы мен байланысты интроспективті психологияның кемшіліктерін айқын аңғартты. Осы тектес әдістердің жасалуы психологияның процестер, қасиеттер және жағдайлар жөнінде ішкі сйдан туындаған және субъективті емес, дәл айқын және объективті білімдерді алуға мүмкіндік берді.

Мұндай ілімдер антроспекцияға толық негізделген ой қорытындысына карағанда, теориялық жалпылау мен практикалық ұсыныс үшін мықты негіздеме бола алды. Нәтижеде психология лезде жаңа әрі мықты теориялармен түсіндіріліп, тек академиялық тұрғыдан лайық қана емес, практикалық тұрғыдан пайдалы ғылымға айналды. Психодиагностикаға негізделген қолданбалы білім салаларының соның ішінде еңбек психологиясының, психофизиологияның, инженерлік және



медициналық психологияның, педагогикалық психологияның дамуы үшін кең мүмкіндіктер ашылды.

1930 жылы көптеген жаңа тестілер пайда болды. Олардың көпшілігі АҚШ-та жасалған еді. 1936 жылы жарияланған тестілердің ішінде мына бес тесті алға шықты. Мысалы, Стэнфорд-Бине тесті туралы 141 мақала, Поршах тестісі туралы 68 мақала жарияланды. Келесі орындарда Бернрейтердің (Bernreiter Personality Inventory) тұлғалық сауалнамасы, Сиппордың (Seasures Measures of Musical Talent) музыкалық талантты өлшеулері Стронгтың (Strong Vocational Interest Beank) кәсібі қызығушылық бланкісі тұрған еді.

Оңжылдықтың басында екі жақсы жасалған вербалды емес шкалалар пайда болды. Портеус лабиринті (Arthur Point Scale of Performance Tests) мен Косс кубигі сияқты белгілі тестілер негізінде 6 мен 16 жас арасындағы балаларды зерттеуге арналған шкаланы 1930 жылы Грэйс Артур жариялады. Бұл шкаланы алғашқы кезде Стэнфорд-Бине шкаласымен корреляциялану тек 12 жастағыларды зерттегеннен кейін ғана мүмкін болды.

Этель Корнелл және В.Кокс (Conele-Coxe Performance Ability Scale) екеуі өзгеше верьбалды емес шкала ұсынды. Бұл екі шкалалар әр түрлі мақсаттар үшін жобаланды: біріншісі – Биненің вербалды емес түсінігін беру болса, ал екіншісі – оған қосымша ретінде қолдану болды. Стенфорд-Бине шкаласының кең тараған жаңа редакцияда қамтылмаған 11-13 жас пен қоса, 2 жастан ержеткен жасқа қарастырылды. Эквивалентті формасы жасалынды олар L және M болып табылды (авторлардың бас әріптері қолданылды: Льюис Термен және Мауд Мерилл). Бұл шкаланың болжамы Америкада туылған үш мың 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі ақ нәсілді балаларды зерттеу барысында стандартталды (бір үлгіге салынды).

1916 жылы және 1937 жылы жарық көрген шкалаларға мынадай сын ескертпелер айтылған еді: ауызша тапсырмалардың көптігі, ересектерді бағалау құндылығының күдік тудыруы, тапсырмаларды әр уақытта дұрыс таңдамауы т.б. Дегенмен соңғы шкала көптеген психологтар тарапынан қолдау тапты. М.Мерридан басқа Стэнфорд-Бине шкаласын жасауда Кьюин Мак-Нимар деген белгілі американ психологі жұмыс жасады, ол

кейінірек Термен мен жаңа шкаланы, яғни Термен Мак-Нимардың ақыл-ой тестісін жариялады.

1938 жылы Ұлыбританияда тест жасалды. 1930 жылдың басында психологтарды Бэбкоктың (Babcock's Deterioration Test) интеллектінің нашарлауын диагностикалауға арналған тесті қызықтырды. Тестіге Стэнфорд-Бине шкаласынан вербалды тапсырмалар енгізілді. Кейінірек оқуға деген қабілеттілік пен жасап беру жылдамдығын анықтайтын 24 түрлі сынау қолданылды. Бұл интеллектінің сол деңгейін бейнелейтін көрсеткіш болды. Осы екі бағалаудың айырмасы интеллектінің нашарлау деңгейін бейнелейді деп қабылданды.

Вербалдық деп аталатын бірінші субтестінің көмегімен сыналушының жалпы және қарапайым арифметикалық есептерді шығаруын, құбылыстар мен заттар арасындағы ұқсастықты байқауын зерттеуге болады.

Вербалдық емес субтестілерде сыналушыдан бейнеден жетіспейтін детальдарды табу, кубиктерден әр түрлі фигураларды құрау, бөліктерден әр түрлі фигура құрастыру талап етіледі.

Нақты тұлғаның алған ұпайы сол жастағы өзге тұлғалардың алған аз ұпайымен салыстырылады. Штерннің формуласы IQ өзгеріліп жаңа түрде енді:

$$IQ = \frac{\text{нақты} - \text{көрсеткіш}}{\text{жас} - \text{тобына} - \text{арналған} - \text{күтетін} - \text{орташа көрсеткіш}}$$

1937 жылы ақыл-ойдың жетілуіне байланысты (The California Tests of Mental Maturity). Калифорниялық тестілер басылып шығарылды. Олар Эдвард Ли Торндайк пен (1874-1949) және Луис Леон Терстоунның (1887-1955) интеллекті туралы тестілеріне сүйенеді.

Факторлық-аналитикалық зерттеулердің нәтижесіне сүйене отырып интеллекті сипаттайтын тәуелсіз жеті факторын өлшеу шкала көмегімен жүргізеді деп есептеді. Бұл жерде айта кететін нәрсе Терстоун тек қана тестілердің авторы емес, сонымен қатар интеллекті теориясының мультифакторлық негізін салушыда (1931).

Осы жылы Гезелл мен Елена Томпсон 4 аптадан 56 аптаға дейінгі сәбилердің интеллектуалдық дамуын бағалаудың критерийлерін ұсынады...

1935 жылы Эдвар Доли (The Vineland Social Maturity Scale) әлеуметтік толығу Вайнленд шкаласын жасайды. Бұл шкала сәби жастан 30 жас аралығындағы адамдар үшін пайдаланылды. Шкала бойынша нәтижелер әлеуметтік толығуды айқындауға көмектесті. Доли көптеген индивидуумдардың, мысалы: заң бұзушылардың интеллектуалдық деңгейі жоғары болғанымен, әлеуметтік толығуы төмен болады деп есептеді.

1931 жылы Олпорт-Вернон тесті (Allport-Vernon-Lindzey of Values). Тұлғалық құндылық жүйесін зерттеуге арналып, шкаласы басылып шығарылды. Бұл тесті Эдуард Шпрингердің тұлғалық теориясының негізінде жасалды. Индивид үшін басым құндылықтар топтарын айқындауға көмектесті. Олар: эстетикалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және діни құндылықтар болып табылады. Осы жұмыстар американдық және ағылшын психологтарының Филип Эварт Вернонмен бірлескен еңбектерінің жемісі болғандықтан қызықты болып отыр. Тұлғалық сауалнамалардың ішінде кең танымалысы мыналар:

Терстоунның жеке тұлғалық описі (Terstone Personality Schedule);

Бернрейтердің жеке тұлғалық сауалнамасы (Bernreuter Personality Schedule);

Беллдің икемделу сауалнамасы (Bell Adjustment Inventory);

Роджерс сауалнамасы (Rogers Adjustment Inventory);

Хумма-Водсворттың (Humm-Wadsworth Temperament Scale) темперамент шкаласы;

Калифорниялық жекелік тесті (California Test of Personality);

Маллердің (Maller Personality Sketctes) жеке тұлғалық нобайлары;

Гилфордтың (Guilford Inventory of Faktors STDCR) жеке тұлғаның бес факторын айқындау сауалнамасы. Сауалнамаларда тікелей сұрақтар қойылады, мысалы: «Сіз өз ұялшақтығыңызға кінәлісіз бе?» «иә», «жоқ», «білмеймін» деген жауаптарды пайдалану қажет деп ескертіледі. Ал зерттеушілер осы тұлғалық сауалнаманы келгенде клиникалық қиыншылықтарға тап болды. Психологтар осы әдісті пайдаланған кезде кейбір сұрақтар адамдарды қорқытып ала ма деп үрейленді. Дегенмен де кейбір тұлғалық сауалнамалар кең таралып және тұлғалық әдістемелер арасында бірінші орынға ие болды.

Р.Бернрейтердің сауалнамасын еске түсірмеу мүмкін емес (1933). Оның сауалнамасы 4 шкаладан тұрады. Мысалы:

Нейротизм (BIN)

өзіне деген қанағаттанушылық (B2S)

интроверсия (B3I) және доминанттық (B4D).

1930 жылдары психологтар жеке тұлғаға арналған сауалнамаларды жасап, өз назарларын факторлық талдауға аудара бастаған. Соның бірі Л. Терстоун мен Джоя Пол Гилфорд (1897-1987) зерттеулері болды.

Аппел (Appel, 1930) баланың салған суреті бойынша (үлгілерді салу, әр түрлі адамдарды жанұясындағы адамдарды қосқанда) олардың суреттеріне түсінік беру арқылы жеке тұлғаны тұтастық тұрғысынан бағалауға болады деді. Сия дақтарын бере отырып берген түсініктерін жазып отырған.

1930 жылдардың ортасында Гарвард университетінде кристиан Морган мен Генри Александр Мюррей (1893-1930) өздерінің зерттеулерін өткізді. Диагностикалық процесдерасын құру кезінде алғашқы рет проекция қағидасына сүйенуді ұсынған өздерінің 1935 жылы «Жеке тұлға зерттеулері» (Исследование личности) атындағы кітабында психология саласындағы проекция қағидасының тұрақтауын аута келе алғашқы проективті тақырыптық апперцепции – ТАТ деп аталады) жасады. Бұны жеке тұлғаны зерттеудегі диагностикалық жаңа құралы ретінде психологтардың қажеттіліктеріне сай пайдалана алады.

Маргарет Лоренфельд (1931) жасаған екі тест қызығушылық тудырды.

«Мозаика» тесті бойынша тестіден етушіден әр түрлі пішіндегі түрлі -түсті пластинкалардан композиция жасау талап етілді. Ол орындалған композицияла жеке адам жөнінде ақпарат береді және отыра, психиатриялық диагноз қоюға көмектеседі деп сенді, ал екіншісі «Әлем» (Мир) деп аталатын тесті, онда миниатюрлы адам модельдерінің жануарларды, үйлердің және басқа да объектілердің көшірмесін пайдалану арқылы қоршауын сахна ретінде жасап, оны баяндауды қажет еткен. «Мозаика» тесті сияқты бұл тест те сенімділігі мен жарамдылығы зерттеуді қажет етті.

Швейцар-венгр психологы Леопольд Сонди (1883-1986) 6-сериялы әр түрлі психикалық аураулар мен ауыратын адамның

бет әлпетін бейнелейтін суреттерді ұсынды, оның әр сериясында 8 суреттен болды.

Лауретта Бендер 1938 жылы Бендер-гештальт атты өз тестін жариялады. Ол тоғыз геометриялық фигуралар композициясынан құрылған жеке тұлғаның қабылдауын зерттеуге арналды. Зерттелушіге әрбір көріністі берілген үлгі бойынша, сонымен бірге есте сақтауы бойынша жаңғырту ұсынылуы. Суреттерде көрініс тапқан кеңістікті талдау мен синтездеу механизмдерінің бұзылуына бас миының зақымдалғаның айқындауға мүмкіндік береді. Кейіннен бұл тестің нәтижелерін проективті болжамға сәйкес өңделіп дұрыстаған Леопольд Франк болды.

1939 жылы Франк «проективті әдістемелер» деген түсінікті (Роршах тесті, ТАТ, таутофон т.б.) тестілерге байланысты пайдалануды ұсынды. Бұлардағы жауап-реакциясы стимулдың объективті мәніне байланысты еместігін көрсетеді, оның жекелігін ғана сипаттайды.

XX ғ. отызыншы жылдары психодиагностика үшін өнімді (тиімді) болды. Алғашқы он жылдықтағы психодиагностика саласындағы бастапқы ойлар осы тиімді психодиагностикалық құралдардың дүниеге келуіне себеп болды. Жеке тұлғаны зерттеуде психопатологиядағы тұтастық ақпалының әсері арқылы дағдарыстан шығудың жолдары нақты белгіленді.

Мак-Нимар Кьюин (Mc-Nemar Q. 1990-1986) Пенсиль атындағы униат колледжінде білім алып, оны 1925 жылы аяқтаған. Екі жыл Чарльстэунде математика бойынша оқытушылық қызмет атқарып, Стэнфорд университетінде психологияны оқыды. 1932 жылы докторлық дәрежеге ие болды. Американдық психолог, Стэнфордтық университеттің және Форджам университетінің профессоры (АҚШ, Техас). Көп жылдар бойы “Journal Review of Psychology” (35 жылдан астам) және “Annual Review of Psychology” (15 жылдан астам) ғылыми редакторы болды. Стэнфорд-Бине ақыл-ой даму шкаласы модификациясының (1942), Векслердің ақыл-ойды өлшеу шкаласының қысқаша нұсқасының (версиясының) авторы (Abbreviated Wechsler – Bellevue Scale, 1950).

Векслер Давид (Wechsler D.; 1986-1981) Румынияда дүниеге келген. Ол алты жасында ата-анасымен және өзінен үлкен алты ағаларымен бірге Нью-Йорк қаласына көшкен. 1916 жылы

қалалық колледжде бакалавр деген дәрежеге ие болған, ал 1917 жылы Колумбия университетінде магистралдық дәрежеге жетті. Тағыры оны американ психолог Борингмен кездестірді. Ол әскери «Альфа» атты тестілерді өткізу және есептеудің жалпы жолын көрсетіп, оған көмек берген. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Векслер әскери адамдардың ойынын даму деңгейін зерттеп, әр түрлі тестілерді және сол сәтте Стэнфордтық баспадан жарық көрген Биненің ақыл – ой шкаласын пайдаланды. Американдық психолог және психиатр, университеттік медициналық колледжінің (Нью-Йорк) клиникалық психология профессоры, Белвью госпиталінің психиатриалық клиникасында бас психологы. Интеллектіні зерттеудегі кеңінен тараған әдістемелердің авторы. Бірінші болып вербалды және практикалық интеллект тестілерін біріктірді. Интеллектіден тыс факторлар тұжырымдамасын жылжытты. Д.Векслер «Детектор Лжи» нұсқаларының бірін ұсынған. Негізгі жұмыстары ителлект, динамика, интеллектінің жасерекшелік өзгешелігі мен ересектердегі ес теориясының проблемаларына айналған. Негізгі әдебиеттер: «Wechsler – Bellevue Intelligence Scale» (1939); «The Measurements of Adult Intelligence» (1944); «Wechsler Intelligence Scale for Children» (1949); «Wechsler Preschool and Primary Scale of Intelligence» (1967).

Терстоун Луис Леон (Thurstone L.L.1887 - 1955). Чикагода дүниеге келген. Бастапқы білімді Швецияда алған, одни кейін АҚШ та алған. Алғаншқы кезде оны қызықтырған физика, математика және инженерия саласы болған. 1912 бакалавр дәрежесін Чикаго университетінде алған. 1917 – 1924 жылдар аралығында Петербург технологиялық университетінде, ал 1924 – 1952 жылдар аралығында Чикаго университетінде психология профессоры ретінде жұмыс жасаған. Ол психологиялық мәліметтерді шкалалаудың теориясы мен әдістерін құрастырған. Негізгі үлесі – психодиагностикалық зерттеу ретінде көпфакторлық талдауды енгізуі.

Штерн Вильям. Неміс психологы, Гамбург университетінің прфессоры. Интеллект коэффициенті (IQ) түсінігін енгізді. Негізгі жұмыстары: «The Nature of Intelligence»(1924); «Fundamentals of Statistic»(1924); «The Measurement of Attitude»

(1929); «The Vecnors of Mind» (1935); «Factorial Studies of Intelligence» (1941); «Multiple Factor Analysis» (1947).

Тильфорд Джой Пол (Gilford J.P 1897-1987) АҚШ-та Маркетте деген жерде дүниеге келген. Небраск университетінің (1922) бакалавры. Корнельск университетінің (1926) философия докторы, Небрасск университетінің құқық бойынша докторы (1952). Психология бойынша дәріс берген, балаларға ақыл-ой тестілерін үйреткен. Американдық психолог, Канзак, Небрасска, Оңтүстік-Калифорния (Лос-Анджелес) штаттарындағы университеттердің профессоры. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ұшқыштардың психология-лық қызметінің директоры, курсанттарды таңдау тестілерін жазуға қатысқан. Американдық психологтарының ассоциациясының (1950) президенті, негізгі еңбектері ақыл-ой кубының моделі, факторлық талдау арқылы жекелік сауалнамалар құрастырған және креативті айқындау бағытында тестілер жасаған. В. Циммерманмен бірігіп Гильфорд-Циммерман «Көзбен шолу темпераменті» дегенді жасады. Негізгі әдебиеттер: «Psychometric Methods» (1936,1940); "Forteen Dimentions of Temperament" (W. Zimmermann) (1950); "Fundamental Statistics in Psychology and Education" (1950); "The Structure of Intellect" (1956); "The Nature of Human Intelligence" (1960); "Intelligence Creativity and Educational Implications" (1969).

### 5.3. Әртүрлі ғылыми бағыттардағы психодиагностикалық амалдар

XIX ғасырдың алпысыншы жылдары тестілер туралы пікір таластар туындаған жылдар болып есептелді. Қоғамдағы адамгершілік құқықтардың, әсіресе адамның жеке өміріне қатысты құқықтардан сақтауына байланысты алаңдаушылық жеке тұлғаның қасиеттері мен интеллектуалдық даму деңгейін бағалау үшін жасаған тестілерге күдікпен қарауды туғызды. ММРІ оның кейбір сұрақтарының ар-ұят бостандығы мен сексуалдық тәжірибе жайындағы ақпаратты (информацияны) талап етуіне байланысты қатал сынға ұшырады. Бұл сұрақтардың жауаптары әр мақсатында пайдаланылмауы да мүмкін болды.

American psychologist журналының 1965 жылы қараша айындағы басылымы толығымен психологиялық тестілеуге арналған қарсы пікірлерге және оны қорғау бағытындағы мәліметтерге арналған болып келеді.

1966 жылы АҚШ-та сенат деңгейінде тестіні тоқтату туралы шешім талқыланды, бірақ ол көпшілік тарапынан қолдау таппады. Сол кездегі АҚШ конгресінің халыққа қызмет ету комиссиясы төрағасының пікірі бойынша тестілерді пайдалануға болмайды деп айтылды. Көптеген психологтар әр түрлі себептерге байланысты тестілерге қарсы айтылған пікірлерге қосылды еді. Кейбіреулері белгілі бір тестілердің құндылықтарын ешқашан көрмеген, ал олардың пікірі көпшілік талқысына салынып көпшілікке тарады. Бихевиоризм бағытындағы психологтар проективтік әдістемелерді қатты сынға алды. Күткеніміздей, бихевиористер тұлғалық ерекшеліктерді тікелей емес, жасырын жолмен өлшеуге арналған әдістемелерге деген ескертпелері мол болды. Оларға санадан төмен шиеліністер мен және қозғалыс механизмдері «Менің» күші туралы пікірлер ұнамаған еді. Егер, психологтар тұлғаның белгілі бір сипаттамаларын өлшегісі келсе, онда осы сипаттамалардың көрсеткіштерін, тікелей белгілерін айқындау жолымен жүргізуі керек болып табылады. Мысалы, үрейленуді өлшеу үшін. Осы мақсатқа арналған арнаулы шкалаларды пайдалану керек немесе физиологиялық көрсеткіштерді қолдану қажет (терінің гальваникалық реакциясы, пульстің тездігі, дем алу). Мүмкін болғанша адамның табиғи жағдайдағы мінез-құлқын бақылау керек.

1960 жылы интеллект теориясына дамуына американ психологы Дж. Гильфордтың кубтық моделі біршама үлес қосты деп айтуға болады. Гильфорд Терстоунның дәстүрін жалғастыра отырып, интеллект бір-біріне тәуелсіз жекеленген қабілеттерден тұрады деп есептеді. Ол 120 интеллектуалдық факторлар бар деп есептеп, оларды зерттеуге арнап тестілер құрастырады. Осы 10 жылдықтағы маңызды оқиға критерийлі-бағдарлы тестілердің жасалуы еді. Бұл терминді Глассер енгізді (1963) оның дәстүрлі тестілерден айырмашылығы критерийлі-бағдарлы жүйеде тестінің нақты мағынасы есепке алынады. Сынаушы адам өзін басқалармен салыстырып, сөздік қорды меңгереді.



Тұлғалық сауалнамалардың жасалынуы психологиялық жана тұжырымдамалардың келуімен байланысты. Мәселен Джуллиан Бернард Роттердің әулеттік үйрену теориясы негізіндегі бақылау тұжырымдамасын атауға болады. Интерналды-экстерналды шкаласыпсиходиагностардың арасында қызығушылық туғызды және 1980ж. көптеген зерттеулерге негіз болды. Қажеттілік теориясына негізделген Генри Мюррейдің тұлғалық сауалнамасында айта керек.Тұлғалық зерттеу формасы ретінде көрінген (The Personality Resereh, Form PRF) Джексон сауалнамасы еді. (1967)

Тағы бір теория, Эрик Эрисонның даму теориясы психо-әулеттік тепе-теңдік сауалнамасының (The Inventory of Psychosocial Balans) жасалуына негіз болды.Айтылған сауалнамалар танымдылығы жағынан алғапқы орынды алмаса да, бірнеше рет қайталанып отырған ойды көрнекі түрде бейнелеп көрсетеді. Мысалы: әртүрлі тереңдіктегі дағдарысты шешіп, психодиагностиканы дамыту үшін математикалық-статистикалық аппаратты жетілдіру ғана емес, өлшенетін құбылыстар теориясын дамытумен айналысу қажеттілік көкейкесті болуда. Жольцман тестісі Роршах тестісіне жасалған сығна жауап ретінде ұсынылды. Бұл «сиялы дақтар» екі эквивалентті формада болды, олардың әрқайсысы 45 карточка тапсырмалардан тұрды . сынаушылардың әрбір бір карточкаға бір-бір жауаптан беріуі талап етеді,нормативті көрсеткіштер талап етеді,нормативті көрсеткіштер. Бірақ бұл тест психологтар арасында қолдау болмады.1964ж. Жарық көрген Роршахтың тестісінің зеттеу библиографиясында 3855 атау белгілі болды.Бұдан белгілі бір проективтік әдістемеден-ақ ғылыми зерттеу бағытының қалыптасқандығын айтуға болады.

1960 жылдардың соңында әлем психологтары Вальтер Минцельдің «Тұлға және бағалау» кітабынан кейін пікір таласқа көшті.Минцель психологтардың зерттеген тұлғалық аспектерінде бірқалыптылық, тұрақтылық жоқ деген үзілді-кесілді пікір айтылды.Демек осындай зерттеулердің нәтижесі, шындығында қате ақпарат береді. Сондықтан тұлғаның мінез-құлқы көрінетін ортаны өлшеумен ауыстырылғы қажет деген еді. Бұл пікір талас зерттеушілердің көңілін қоршаған ортаға аударды. Ақырында компрамисстік шешім жасалынды, адамның

мінез құлқынының өзгерткіштігі тұлға мен жағдайдың қарым-қатынасына байланысты түсіндіретін болды.

Бұл пікірталас әулеметтік психологиядағы бұрынғы айтыстарды еске түсіреді, яғни тұлғаның аттитюдның оның мінез құлқында қалай көрініс табады деген сияқты. Мишель бастаған пікірталас психологиядағы «Психологиялық ортаның» дамуымен қатар келді. Осыған байланысты ортаны бағалау құралына да қызығушылық туындады. Үй жағдайын бағалайтын шкалалар пайда болады, айналасындағы адамдардың мінез-құлқының типіне байланысты айналаны суретту әдістемесі тексерілді, интеллектіні дамытудағы мәніне, оқудағы жетістіктерге жету үшін жобалар шкалалар жасау мүмкіндігі зерттелді. Бұл зерттеулерде әдеттегі психодиагностикадағы тұлғалық парадигманы жеңу мәселесі қойылды. 1960 жындар бұл компьютерлік тестілердің пайда болған кезі еді. Алғашқы бұл тестілер 1960 ж. басында пайда болды. Ақпараттық технологияның даму деңгейі психологтарға көптеген диагностикалық тапсырмаларды компьютер көмегімен шешуге жағдай жасайды, ал бұл зерттеулерді жүргізу бұл психологтарға таптырмайтын құрал еді. Алғашқы компьютерленген тестілердің бірі ММРІ болды.

Американ психологиялық ассоциациясының «Білім беру мен психологиядағы тестілеу стандарты».

1966ж. басылымында компьютерлік тестілерді интерпретациялау бағдарламасының негізінде түсіндіру мәселелері талап етуде.

1961ж. Буростық психикалық өлшеулер институтының жаңа жобасы басталды. «жылдық психикалық өлшеуге» қосымша «testes en Print» басылымның бірінші томы шығады, онда мамандарға жаңа коммерциялық тестілер мен және оларды пайдалану барысындағы нәтижелер туралы «жылнама» сияқты ақпараттар береді.

Артур Дженсен 1969 «Мектептегі үлгірім ақыл-ойдың коэффициентін қаншалықты көтере аламыз? (How much we boost IQ and scholastic achievement) атты мақаласы үлкен дау туғызды, онда тест арқылы ақыл-ойды өлшеудің 80% тұқым қуалаушылықпен байланысты.

Автордың ойынша ақ және қара нәсілюқушылардың интеллектісінің айырмашылығы нәсіл арасындағы тұқым қуалаушылықпен байланысты. Бақытымызға қарай нәсілдік топқулар «зерттелуге» негативті реакцияның жарияландымен тоқтатылды. Дегенмен ақыл-ой тұқым қуалаушылықпен байланысты деген пікір таластар жалғаса берді.

1905 ж. француз психологы А.Бине интеллектті бағалайтын бірінші тестті жасады. XX ғ. басында француз үкіметі оқушыларды оқу деңгейіне қарай бөлу үшін А.Бинеге мектеп оқушыларына арналған интеллектуал-дылық қабілет шкаласын жасауды тапсырды. Соңынан көптеген ғалымдар тесттердің сериясын жасап шығарды. Олардың практикалық міндеттерді жедел шешуге бағытталғандығы бұл психологиялық тесттердің кеңінен тарауына әкелді. Мысалы, Г.Мюнстерберг (1863-1916) кәсіби таңдауға арналған тесттер жасады. Олар былайша жасанды: алдымен олар ерекше жетістікке жеткен бір топ жұмысшыларға, содан соң жаңадан жұмыс орнына келгендерге. Бұл оі психикалық жұмысшылардың қызметі табысты орындау құрылымдарының тест кезінде зерттелушінің орындай алатын құрылымдарымен өзара байланысына негізделді.

**Тақырыпты нысықтауға және бекітуге арналған сұрақтар:**

1. Психодиагностиканың пайда болу тарихы.
2. Қазіргі кездегі психодиагностиканың тарихы
3. XIX ғасырға дейін тест әдістерінің пайда болуы.
4. XX ғасырдың басында психологиялық тесттерді қолдану тәжірибесі.
5. Әртүрлі ғылыми бағыттарда психодиагностикалық амалдардың шығарылуы.

## VI. ТЕСТ НОРМАЛАРЫ МЕН ШКАЛАЛАРДЫҢ СТАТИСТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

### 6.1. Тест шкалалары, нормалары және олардың түрлері

Психодиагностикадағы типтік өлшеуіш тест – бұл қысқа тапсырмалар немесе пункттар жүйелілігі, осы жүйелілік орындалып біткен соң сыналған адамға оның біту жүйесін, сонан соң оның бір мағыналы мөлшерін интерпретациялау (түсіндіру, талдау).

Жеке тапсырмалардан тұратын интеллектуалды тестердегі интерпретация мысалдары: «дұрыс шешім», «дұрыс емес шешім», «жауаптың жоқтығы».


Тесттің жалпы баллы кілттің көмегімен есептеледі: кілт әр пунктқа біткенде сандық белгі белгілейді. Дұрыс жауапқа «+1», дұрыс емес немесе пропуск болса «0».

Барлық процедураның өлшеуінің тиімділігін, дифференциалды мәнін бағалау үшін қате көлемін жалпы баллмен сәкестіру қажет.

Психометрикадағы өлшеу проблемалары және тестің қасиеттері. Физикалық өлшеулерде шкалаларды колибрлеу үлгілі объектілерде бақылау негізінде өлшеу қасиеттерін біркелкі түрлендіру жүргізіледі. /Дифференциалды психометрикада біз индивидтің барын білмей/

Тестің қиындығын не болмаса тест пунктінің күшін тесті өткізіп болған соң ғана білуге болады. «Процентік өлшеу» арқылы қиындығын білуге болады. Процент аз болса сол құрылым қиын болғаны.

Тестік балдарды қисық орналастыру пунктің қасиеттерін білдіреді. Егер, қисық оң жақтағы ассиметрияда болса онда тесте қиын тапсырмалар болады: ал егер сол жақта орналасса тесте көп пункті оңай тапсырмалар.



Тестің 1 типі бойынша тексеріп жатқандарды төмен деңгейлік қабілеттілігімен нашар саралайды. Бұлардың барлығы болжаммен бірдей төмен балл алады. Ал 2 типі жоғарғы деңгейлік қабілеттілігімен өте нашар саралайды.

Дифференциалды психометрикада қолайлық пен сенімділік проблемалары өзара тығыз байланысты.

Сенімділік -- объектіге қатысты процедураның тұрақтылығы.

Объектіге қатысты тестің сенімділігі өте қажет.

Тестілеудің маңызды концепциялары өте көп, біз оларды персоналогтар адамның қанда да бір мінездемелерін бағалағанын талқылау кезінде мысалға алып отырамыз. Қандай да болмасын тестілеу тәсілі индивидуалды айырмашылықтарды өлшеу үшін ғылыми тиімді әдіс болып саналмастан бұрын, ол арнайы төрт критериядан өтуі керек. Бұл критериялар – стандарттау, нормалар, сенімділік және валидтылық.

Стандарттау (бір үлгіге салу) – жеке тұлға мінездемелерінің шешуші аспектісі. Ол тест жүргізу мен нәтижелерді есептеудің тұтастығын білдіреді. Мәселен, өзін-өзі бағалау шкаласын қолдану барысында, экспериментатор барлық сыналушылардың басылған нұсқауды оқып түсінгендіктеріне, бірлығының да сұрақтарының бірдей болуына, сонымен бірге берілген уақыт аралығына сыйуына көп күш жігерін жұмсауы керек. Стандарттау сонымен қатар: тесті қай жағдайда қолдануға не қолдануға болмайтындығын, кім тестіленуге тиісті не тиісті еместігін, тесті кес есептеу процедурасын, алынған нәтижелердің интерпретациясын шамалайды.

Нормалар. Жеке тұлға тестісін стандарттау сонымен бірге, сол нақты “шикі (алғашқы) баға” төмен, жоғары немесе тесттің басқа шикі бағаларына қарағанда орташа болып келгіндігі туралы мәліметті қамтиды. Тесттік нормалар деп аталатын осындай мәліметтер, сыналушы-лардың бағалары салыстырылатын стандарт болып табылады. Мәселен, сіз отыз сұрақтан тұратын сары уайым (депрессия) шкаласын қолдана отырып, алғашқы 18 (яғни сіздің жауабыңыз 18 жағдайда қағаз бетінде дұрыс жауаптармен белгіленген сары уайымның белгілерімен сәйкес келген) тест нәтижесін алдыңыз делік. Сіз тест нормаларына жүгініп, нәтиженің 75 процентилдерге сәйкес келетіндігін анықтамағанша, 18 деген көрсеткіш бір өзі ешнәрсені білдірмейді. Бұл мәлімет, сіздің бұрын сыналған және нормативті топты құраушы адамдар іріктемелерінің ішінен 75% -на қарағанда, көп дәрежеде басыңқы екендігіңізді білдіреді.

Қазіргі заманда ғылымға белгілі барлық психологиялық процестерін, адамның қасиеттерін және жағдайларын қамтитын психодиагностикалық әдістер пайда болып, іс жүзінде қолданылып жүр. Жаңа ғылыми ұғымдар мен олардың құбылыстарын қолдануға, ғылыми құқығының пайда болуы мен оны сипаттау, экспериментальдық зерттеуге жарайтын психодиагностика құралдарымен қатар жүреді. Ғылым ретінде психологиядағы жұмыс XX ғасырдың басында бір себептермен пайда болып, зерттеулер анықтағандай әдістеріне басқа ғылымдарда қолданылатын (мысалыға физикада) талаптар кең қолданылады. Олар операциялизация және верификация.

Операциялизация дегеніміз ұғымдағы сипатталатын құбылыс шынымен бар екеніне көз жеткізетін процедуралармен әдістерге сілтеу жасайтын талап. Операциялизация кез келген зерттеуші істей алатын практикалық іс әрекеттермен тәсілдерді көздейді, зерттеуші ұғымдағы құбылыс өзіне қажетті ғана қасиеттерге ие болып тұрғанына көз жеткізу үшін керек.

Верификация дегеніміз кез келген жаңа ұғым ғылыми деген статус алу үшін тексеруден өту керек. «Верификация» «тексеру» дегенді білдіреді. Мұндай тексеру психодиагностика қабылдауының көмегімен өткізіледі. Мысалы ғылымға «мотив» (себеп) ұғымын кіргізер кезде біріншіден, басқа ұғымдар арқылы

нақты анықтама беру керек. Мысалы анықтамамыз мынандай түрде болсын.

«Мотив- белсенділікпен мақсатқа жету құштарлығын беретін адамның іс әрекетінің ішкі, психологиялық ақыл оймен сезілетін және сезілмейтін түрткі болатын бұлақ»

Мотив ұғымын операционализациялаудың келесі кезеңінде біз әрекке психодиагностикалық әдісті ұсынуымыз керек еді. Бұл әдістің көмегімен берілген ұғымның негізгі бөлігінде айтылатын құбылыстар іс жүзінде бар екеніне көз жеткізетін едік. Соңғы кезеңде біз мотив құбылысының барын оны сипаттайтын қасиеттері барысында практикалық тексеру жүргізу керек еді. Бұл ұғымның верификациясы болып табылады. Сонымен операционализация-теориялық, ал верификация-практикалық болып бөлінеді.

Психодиагностикалық әдістерінің көбісі бланк әдісі болып келеді. Бұл әдісте зерттелетін адамға бір қатар сұрақтар ұсынылып, оларға ауызша немесе жазбаша жауап беруі керек. Алынған жауаптарына қарап сол адамның психологиясы туралы мәлімет алуға болады. Бланк әдісі өте кең қолданылады, өйткені олардың қолданылуы оңай және алынған мәліметтерді, нәтижелерді өңдеу жағыда қолайлы. Екінші орында сұрақ әдісі қолданылады. Ауызша сұрақ қойып психолог зерттелетін адамның берген жауаптарын өндейді. Бұл әдістің оңайлығы бланктердің дайындаудың қажеттігі жоқтығында. Бірақ бұл әдістің кемшілігі де бар сұрақтардың таңдауда субъективті бастама бірінші орында тұрады. Бұл әдістемені стандартқа көлтіру қиын. Үшінші орында психодиагностикалық суреттер әдісі қолданылады. Мұнда психологтар белгілі бір тақырыпта немесе бос тақырыпқа зерттелетін адамға сурет салдырады. Кейде зерттелетін адамға интерпретациялауға стандарттық дайын суреттер беріледі. Бұл суреттердің кейбіреулерінің мазмұнында жасырынған есептерді шешу керек (мысалы, матрицалық Равен тесті). Бірінші мен үшінші түрлерінің екі варианты бар-компьютерлік және қолдық. Қолдық вариантта бұл әдіс баспанан аяғына дейін электрондық-есептеу техника құралдарымен эксперименттік материалды презентациялау және өңдеуді өткізеді. Компьютерлік вариантта психодиагностиканың келесі кезеңінде ЭВМ қолданылады. Мысалыға, мәтінді немесе

суретті дисплей арқылы ұсынуға болады, ал процессорды сандық есептеулер үшін қолданады. Психодиагностикалық әдістердің ішінде жобалық әдістер бірінші орын алады. Бұл әдістер бланктық, сұраулы және суретті болады. Жылдан жылға олардың қолданылуы жиілеп келеді, осы топтың әдісі валидтік және информативтік болып бөлінеді. Келесі әдістің тобы-объективтік-манипуляциялық. Мұндағы есептер нақты заттар түрінде беріледі, оларды жинау, жасау немесе бұзу керек.

## 6.2. Психодиагностикалық әдістердің топтастырылуы

Психодиагностикалық әдістердің топтарға бөлінуіне сүйеніп, негізгі өлшемдерді анықтап, кең түрде топтастыруға болады.

Өлшемдер төмендегідей болады:

- 1.Әдістеде қолданылатын тест есептердің түрлері.
- 2.Әдістеде қолданылатын тест материалының жайы.
- 3.Зерттелетін адамның тест материалын ұсыну формасы.
- 4.Психодиагностика нәтижелерінің қорытындылау үшін қолданылатын мәліметтердің сипаттамасы.
- 5.Әдістедегі тест нормасының бар болуы.
- 6.Әдістеменің ішкі құрылысы.

Тест тапсырмаларын қолдану типі бойынша психодиагностикалық әдістемелер сұраулы (зерттелетін адамдарға арналған сұрақтар қолданылады), мақұлдайтын (зерттелетін адам бір ой – пікірлерді мақұлдау немесе мақұлдамау), өнімділік (зерттелетін адамның өзінің шығармашылық өнімінің түрі қолданылады), әсерлі (зерттелетін адам өзінің психологиясы туралы сипаттайтын белгілі бір кешенді практикалық іс - әрекетті жасау туралы есепті орындайды), физиологиялық (бұл жағдайда психодиагностика адам организмнің физиологиялық реакция немесе еркін емес физикалық анализдің негізінде өткізіледі), Мысалы, бір адамның психологиясын бағалау үшін тікелей немесе жанама сұрақтарды, бір пікірді мақұлдату немесе мақұлдатпау, ауызша, жазбаша, бейнелі, техникалық т.б. іс - әрекет, оның еркін немесе еркін емес қимылдарын және жауаптарға реакциясын және т.б. қолдануға болады. Электроэнцефалограмма, электрокардиограмма,



электромиограмма, тері – гальваникалық реакция және басқа рефлекстер де қолданылады.

Тест материалдың жағдайы бойынша психодиагностика әдістемелері сана – сезімдік және сана – сезімсіздерге бөлінеді. Бірінші типке сұраулы, ал екіншісіне жобалау әдістемесі жатады. Зерттелетін адамға ұсынылатын тест материалының психодиагностикалық әдістемелері бланктік (тест жазбаша түрінде немесе сурет, схема түрінде болады), техникалық (зерттелетін адамға тест материалы аудио – видео немесе кино түрінде болады), сенсорлық (тест материалы физикалық стимул түрінде болады).

Психодиагностикалық қорығындыларда қолданылатын мәліметтердің сипаттамасы бойынша әдістемелер объективтік (зерттелетін адамның немесе экспериментатордың сана – сезімінен немесе еркінен тәуелсіз көрсеткіштер қолданылады) және субъективтік (зерттелетін адамның немесе экспериментатордың сана – сезімдерімен еріктеріне тәуелді мәліметтер қолданылады). Объективтік түрге мысал ретінде қолданғанда бағалаудағы субъективтік минимумға келтірілген физиологиялық, рефлексивтік нәтижелері бар тесттерді айтуға болады. Субъективтік түріне мысал ретінде интуиция мен ішкі тәжірибеге негізделіп жасалынған интроспекция мен қорығындыларды айтуға болады. Тест мөлшерлерінің бәрінің өлшемі бойынша психодиагностикалық әдістемелер ұқсас мөлшерлерге және ұқсас еместерге бөлінеді. Ішкі құрылысына қарай психодиагностикалық әдістемелер мономерлік және многомерлік деп бөлінеді. Біріншісінде бір ғана қасиет бағаланып диагностика жүргізіледі, екіншісінде бірнеше психологиялық қасиеттер бағаланып олардың психодиагностикасы жүргізіледі. Ал соңғысында психодиагностикалық әдістеме бірнеше жеке әдістерге бөлінеді. Олар подшкалалар деп аталып жеке бір психологиялық қасиеттерді бағалайды. Мысалыға белгілі бір Шпилбергер – Ханин тесті адамның үрейленуін бағалау үшін жасалынған. Бұл мономерлік әдістеме, ал Кеттелдің тұлғалық тесті многомерлік әдістемеге жатады. Психодиагно-стикалық әдістеме жан – жақты қарастырылып топтастырылады. Сондықтан, кез – келген әдістемені жалғыз емес бірнеше топтарға топтастырып жатқызуға болады. Осыған байланысты

жоғарыда аталған топтастырылған өлшемдер әргүрлі әдістемелердің сипаттамасында бірін-бірі толықтыратын етіп бағалануы керек. Бөлек топқа эксперименталдық мәліметтердің сапалық және сандық талдауына негізделетін психодиагностикалық әдістемелер кіреді. Бірінші жағдайда диагностикадан өтетін қасиет белгілі ғылыми ұғымдарда сипатталады, ал екінші жағдайда белгілі бір адамды басқа адамдармен салыстырғанда ұнамды дәрежеде сипатталады. Кейде сапалық және сандық сипаттамалар бір-бірімен үйлеседі соңында зерттелетін қасиет сапалық және сандық сипат алады. Мысалы А.Е.Личко тестінде (жасөспірімдер мінезінің диагностикасы) мінезінің әр қасиеті сапалық және сандық сипаттамада болады.

Психодиагностиканың әдістемелері ғылыми және практикалық болып бөлінеді. Мұндай бөлінуі шартты түрде: белгілі психодиагнос-тикалық әдістемелердің көбісі практикалық психодиагностикада да, ғылыми – зерттеу эксперименттерінде де қолданылады. Олардың айырмашылығы төмендегіде: ғылыми – зерттеу әдістемелері анықтауға және әрі қарай зерттеуге бағытталған, ал практикалық – практикалық мақсаттарда қолданылып және оның дамуының дәрежесінің бағалауына бағытталған. Және ғылыми әдістеме тек ғылыми зерттеулерде қолданылып, кең практикалық психодиагностика үшін тиімді емес. Практикалық әдістеме, керісінше, жан-жақты, қарапайым және арзанға түсу керек.

Психодиагностика әдістемелерінің көптігі қолданылуда шектеулер бар болғандығымен түсіндіріледі. Сондықтан шектеулері жоқ әдістемелерді шығарып, қолдану керек.

**Тақырыпты пысықтауға және бекітуге арналған сұрақтар:**

1. Тест шкалаларының статистикалық табиғатын тексеру.
2. Тест нормалары және оларды тексеру.
3. Әртүрлі диагностикалық нормаларды қолдану шегі.
4. Диагностикалық нормалардың түрлерін атаңыз.

## VII. ШКАЛАЛАР ТУРАЛЫ ТҮСІНІК, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ӨЛШЕУ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

### 7.1. Шкалалар, түрлері, өлшеу деңгейлері мен классификациясы

Шкалалар, түрлері өлшеу деңгейі. Атаулар шкаласында анықтаушы белгілер класында сипаттама жолымен анықтауға болады. Абсолютті немесе қатысушы бөліктердің кездесуі арқылы сипатталады. Сонымен қатар модальды және орталық мағыналар класында анықтауы мүмкін. Статистикалық байланыс пен белгілер группасының бағасы корреляциялық анализ көмегімен болады. Егер үзіліс қатарының бірі дихотомикалық шкала өлшеуіш шкалада бола алмайды. Ол тендік және көбірек немесе аздық дифференциялық классификациясы белгілерін ғана өткізеді. Психологиялық зерттеулермен қатар және психологиялық диагностика осы өлшеуіш шкаласы көбірек мағынаға ие бола алады, әсіресе фиксация арқылы сапасы информация (нақты проективті методика психологиялық анамнез жинағында). Өлшемді шкалалар (лат. *scala* — «бастапқы») — менгерілген объектінің көлем формасының біртұтастығының белгілерін анықталған есептік жүйесіне реттеуі. Шкалалар өзіне метрлік жүйелерді қосып алады. Менгерілген объектінің бірвдіндік сапасының көріну элементіне анықталған балл немесе шкаланы индекс сәйкес келеді, ол бақыланушының сандық көрсеткіштерін шкалада бейнелеп тұрады. Ағымдық, эмпирикалық мәліметтерді шкалада бейнелеу операциясы шкалалау деп аталады. Шкалалар олардың құрылу негізінде жататын функция сипатына сай ерекшеленеді. Бұл функция ретінде мынадай қызыметтерді атқарады: өсу, ранжирлену сипаты бойынша салыстыру, интенсифтілік белгісін немесе белгілер арасындағы пропорционалдық қатынастарды бағалау. Өлшеуіш шкалалардың жалпы классификациясын С. Стивенсон ұсынды. Оның негізінде метрлік детермирлену белгісі жатыр. Осы белгісі бойынша шкалалар метрлік (интервальді және қатынас шкаласы) және метрлік емес (номинативті, тәртіп шкаласы) болып бөлінеді.

1. Интервалдар шкаласы метрлік шкалаларға қатысы, элементтері өлшеніліп жатқан белгінің нақтылық

принциптерінде ғана емес , сонымен қоса, өлшемі бойынша ранжирлену белгісінде де нақтыланады.

Интервалдар шкаласында нөлдік нүкте қисық болуы да мүмкін, ал бірлік көлемімен бағыты таңтап алынған константа бойынша анықталады.

Интервалды шкала қатарына IQ -- көрсеткіштері, T -- баллдары жатады. Интервалды шкаланы шкалалау психометрикалық өлшемдердің негізін құрайды.

2. Пропорционалды (қатынас) шкалаларда сандық мағына объектке мынадай жолмен бірігеді, үйлеседі: сандар мен объектілер аралығында пропорционалдылық сақталу арқылы. Бұл шкалада есептің басы фиксирленген. Шкала тең /тең емес, көп/аз, интервалдар теңдігі және интервалдар арақатынасы секілді операцияларды қарастырады.

Бұл секілді шкалалардың психологиялық өлшемдерде қолданылуын анализатордың абсолютті сезгіштік табалдырығы шкаласы алмастырады.

Атаулар шкаласы белгілі бір немесе басқа кластарын орнатады. Қандай да бір ортақ өзіндік символдар негізінде объектіге біріктіріледі. Пайда болған класстармен өзара ішкі байланысы болуы міндетті емес. Өзінің аты «атаулар шкаласы» шкала мағынасы атаулар классының ролін ойнайтынын көрсетеді. Номинативті шкаланың бір түрі классификация объектісі. Ол екі топты принципі «А – А емес» болып табылады (дихотомикалық шкала атауы альтернативті белгіде). Нақты мысалға мынадай шкаланың қолдануы бағалау пайдаланушы жауабы сұраушы пунктінде нақтылау немесе мойындамау болып табылады, алынған жауаптың «кілтіне» (кодына ) өзіндік өлшеуші.

Номинативті шкалада бағалаудың мысалы тесттік тапсырмаларды шешудің классификациясы қызметін атқаруда немесе жабық түрде сұраушыдан тапсырма пункті.

Солтүстік қалаларға мына аталған қалалар кіреді:

- а) Псков
- б) Төменгі Новгород
- в) Волгоград
- г) Сібір
- д) Красноярск

Қарасты деңгейдегі мағынада «құтжанды»

- а) қырсық
- б) кішіпейіл
- в) сараң
- д) жомарт

Басқа да қарапайым наминативті шкаланың әртүрлілігі қандайда бір белгілері болып табылады. Информатсия жиынтығына немесе оның қолдануы барысында біріктіріледі:

Пікірталас, сұхбат жүргізуді қалайсыз?

- а) жолдастармен немесе құрдастарымен;
- б) табиғат аясында;
- в) спортпен айналысуы;
- г) отбасы жанында және т.с.с.

Әрекет тестілерінде бірнеше амал бар: когнитивтік стилді зерттеу (кабылдаудың қарапайым тәсілдерін, мәселелі жағдайларды шешу, ойлау, есте сақтау), эстетикалық талғамдарын зерттеу, әзілкештігін, мақалдарды бағалау, қызығушылықтары мен ұстанымдарын бағалау.

Жағдайлық тестілер сыналұшыны оның шын өміріне ұқсас бір жағдайға қатыстыруын көздейді. Мысалы, зерттелушіге мазасыздық сезімін туғызатын біраз тапсырмалар беріледі және оны қалай орындағандығы тіркеліп отырады.

Өлшеу өзіндік әдіс ретінде субъектінің мінез-құлқының жеке ерекшеліктерін сипаттауға және оның қоршаған ортамен байланысын анықтауға, жеке тәжірибенің құрылымын зерттеуге қолданылады. Эксперимент контекстінде өлшеу зерттеу объектісінің жағдайын тіркеу әдісі ретінде қарастырылады. Өлшеу теориясының негізінде психологиялық тестілер құрылады.

Тест – практикалық міндеттерді шешуге қолданылатын психологиялық өлшеудің уақыт бойынша қысқартылған процедурасы.

Психологияда психологиялық өлшеудің 3 негізгі процедурасы анықталған. Анықтау негізі ретінде өлшеу объектісі алынады. Біріншіден, психолог адамның мінез-құлқы ерекшеліктерін өлшей отырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды, яғни психологиялық өлшеу сыналұшыларды өлшеу ретінде болады. Екіншіден, зерттеуші сыналұшылардың өлшеулерін қолдана алады, мұнда сыналұшы

сыртқы объектілерді, басқа адамдарды, қоршаған ортаның заттары мен стимулдарын, өзіндік жағдайын өлшейді. Бұл процедура «стимулдарды өлшеу» деп аталады. «Стимул» ұғымы кең мағынада алынады, яғни ол шкала жасалатын объект ретінде түсіндіріледі. Үшіншіден, стимулдар мен адамдарды бірлескен өлшеу процедурасы бар. Сыналушылардың мінез-құлқы жеке адам мен ситуациялардың өзара іс-әрекетінің көрінісі ретінде қарастырылады. Психологиялық өлшеу мен психологиялық эксперимент бір-біріне өте ұқсас, олар зерттеу практикасында синоним ретінде қолданылады. Психологиялық эксперимент арқылы ауыспалылар арасындағы себепті-салдарлы байланыс зерттеледі, ал психологиялық өлшеудің нәтижесінде сыналушының белгілі бір объекті, шкалаға байланысы зерттеледі.

Психологиялық өлшеу деп сыналушылардың мінез-құлқын өлшеуді атауға болады. Психологиялық өлшеу процедурасы эксперименталды зерттеу кезеңдеріне ұқсас кезеңдерден тұрады. Психологиялық өлшеудің негізі ретінде - өлшеудің математикалық теориясы алынады. Математикалық тұрғыда, өлшеу деп, көптеген объектілер мен символардың біржақты өзара сәйкес келуін қалыптастыру операциясы аталады.

Символдар (сандар) белгілі ереже бойынша заттарға жазылады. Ережелер өлшеудің шкаласын анықтайды. Өлшеу шкаласы – С.Стивенс 1950 жылы психологияға енгізген негізгі ұғым. Объектілерді өлшеу әдістері шкаланың типтерін құрайды. Шкала өлшеудің нәтижесі ретінде сипатталады. Шкалалар типі өлшеудің мәліметтерін өңдеуге қолданылатын статистикалық әдістер жиынтығын анықтайды. Шкала – латын тілінен аударғанда, баспалдақ деген мағынаны білдіреді, ол өлшеу құралы болып саналады.

Өлшеуде қолданылатын шкалалардың бірнеше типтері бар:

1. Атаулар немесе номинациялық шкала.
2. Реттік шкала.
3. Интервалдық шкала.
4. Қатынас шкаласы.

Атаулар немесе номинациялық шкаласы объектілерге «ат» беру жолы арқылы қолданылады. Бұл шкала бойынша объектілер салыстырылады және олардың эквиваленттігі және эквивалентті болмауы анықталады. Аталған процедура нәтижесінде

эквивалентті классификациялар жиынтығы құрылады. Эквивалентті объектілерге бірдей ат беріледі. Мұндай шкаланы құру үшін, объект өзімен тепе-тең немесе ұқсас болуы қажет ( $x=x$ ). Кез келген шкала идеалдылық, шынайылық моделі болып табылады. Объектілерде симметриялық қатынас жүзеге асуы қажет:  $R(X=Y), R(Y=X)$  немесе  $R(X=Y, Y=X) R(X=Z)$ . Атаулар шкаласы туралы эмпирикалық объектілерге сандар белгіленген жағдайда айтуға болады. Мысалы, футбол ойыншыларының майбасындағы сандар; №1 дәстүр бойынша қақпашыға беріледі, бұл сип оның өзінің; функциясы бойынша басқа ойыншылардан үдік екендігін көрсетеді. Атаулар шкаласында сандардың орнына басқа символдарды немесе сандық шкалаларды қолдануға болады. Егер объектілер белгілі бір қатынаста эквивалентті болса, олар бір класқа жатады. Бір символды әртүрлі кластарға беруге немесе әртүрлі символарды бір класқа беруге болмайды. Психологтар бұл шкаланы зерттеуде көп қолданады. Жеке адамға диагностика жүргізуде объективті өлшеу процедуралары олардың типологиясын анықтауға мүмкіндік береді. Осындай типологияның үлгісі ретінде классикалық темпераменттерді атауға болады.

Реттік шкаласын құру – күрделі процедура болып саналады. Бұл шкалада объект басқа екі объект арасында болуы мүмкін ( $a > b, b > c$ , онда  $a > c$ ). Мұнда эквивалентті кластар кейбір негіздері бойынша реттеледі. Реттік шкаласы қатал және әлсіз реттік шкаласы деп екіге бөлінеді. Реттік шкаласының өзінің қасиеттерін изотоникалық құрылымдарда сақтайды. Шамалардың мәнін квадрат, логарифм және т.б. деп белгілеуге болады. Мұндай құрылымдарда шамалардың мәні мен объектілердің шкаладағы орны өзгермейді. Реттік шкаласы тиымдық процесс психологиясында, эксперименталды психосемантикада, әлеуметтік психологияда кең қолданылады. Реттік шкалаларды қолданудың үлгісі ретінде жеке тұлғалық ерекшеліктер мен қабілеттерді тестілеуді атауға болады. Реттік шкаласы арқылы маңызды ұғым - өлшенетін қасиет немесе сынықтық қасиет пайда болады. Реттік шкаласы арқылы алынған мәліметтерді интерпретациялау үшін, статистикалық әдістерді қолдануға болады. Реттік шкаласының сандық мәндерін қосуға, көбейтуге, бөлуге, алуға болады.

Интервалдық шкаласы ең бірінші метрикалық шкала болып табылады. Бұл шкала объектілер арасындағы қасиеттердің көрінісінің айырмашылық шамасын анықтайды. Бұл шкала арқылы екі объектіні салыстыруға болады. Бұл шкаланы зерттеушілер кең қолданады. Бұл шкаланың классикалық үлгісі ретінде физика ғылымындағы Цельсия шкаласы бойынша температураны өлшеуді атауға болады. Интервалдық шкаласының көмегі арқылы мәліметтерді талдауға арналған статистикалық әдісті жүзеге асыруға болады. Психологиялық өлшеу теориясы саласындағы мамандар тестілерді психикалық қасиеттерді интервалдық шкаласы арқылы өлшеуге болатынын атап көрсетті. Көбінесе бұл жетістіктер мен интеллектіні өлшеу тестілеріне байланысты болады.

Қатынас шкаласы – физикада жиі қолданылатын шкала болып саналады. Өлшеу процедурасының идеалы ретінде объектілердің қасиеттері туралы мәліметтерді алуға болады. Қатынас шкаласы интервалдық шкаласынан ондағы «табиғи нөл» жағдайымен ерекшеленеді. Оның классикалық үлгісі ретінде Кельвин температурасының шкаласы алынады. Қатынас шкаласы психологияда мүлдем қолданылмайды. Сыналушылардың бір білім саласындағы «нөлдік» көрсеткіш деңгейін байқауға болады. Мысалы, «Психология» оқулығының авторларының эскимос тілін білуі сияқты. Қатынас шкаласының қолданылатын салалары – саямақты өлшеу, реакция уақытын және тестілік тапсырмалардың орындалуын өлшеу.

Шкалалардың өзіндік классификациясы бар:

1. дихотомиялық шкала – атаулар шкаласының бір нұсқасы. Мысалы, сыналушыларда белгілі бір тұқым қуалаушылық белгісі пайда болады: ауру (дальтонизм, Даун аурауы, гемофилия және т.б.);

2. айырмашылықтар шкаласы – бұл интервалдық шкаласының бір нұсқасы болып саналады. Оның үлгісі ретінде тарихи хронологияны атауға болады. Психологияда бұл шкала жұптарды салыстыру әдісінде қолданылады.

3. абсолютті шкала – қатынас шкаласының дамуы болып саналады, одан айырмашылығы өлшеудің табиғи бірлігімен ерекшеленеді. Психологияда абсолютті шкалалар қолданылмайды. Бұл шкалалар арқылы алынған мәліметтер қайта құрылмайды.



4. Психологиялық өлшеу мәселелеріне арналған арнайы әдістемелерде шкалалардың бірнеше түрлері көрсетіледі: ординалды (реттік), табиғи негізі бар лог-интервалдық, реттелген метрикалық және т.б. Бұл шкалалар бір өлшемді шкалаға жатады.

## 7.2. Психодиагностикалық мәліметтердің негізгі түрлеріне сипаттама

Мәлімет жинау әдістері. Тұлға туралы мәлімет әр түрлі жолмен алынуы мүмкін, мәліметтер «L», «Q», «T» болып бөлінеді.

«L» - мәліметтері. Күнделікті өмірден алынып тіркелген сыналудың шынайы қылықтары «L»-мәліметтер деп аталады. Бұл сынға түсушінің өмірі туралы ақпарат, көбінесе «L»-мәліметтерді біраз уақыт аралығында, арнайы жағдайларда сыналудың қылықтарын бақылайтын эксперттің бағасын талдау жолымен алады.

Әдетте, психодиагностикалық зерттеуді «L»-мәліметтерден бастау ұсынылады. Кәттелдің пікірінше /17/, «L»-мәліметтер зерттеуге арналған қылықтар белгілерін анықтауда аса маңызды. «L»-мәліметтердің артықшылығы, мінез-құлықтың барлық түрі тіндік түрде берілгендігінде болады. Бұл, алынған мәліметтердің жеңіл түрде талқыланып түсіндірілетініне кепілдік береді.

«L»-мәліметтер сыртқы сын белгісі ретінде қолданылады, соған қатысты өзге әдістердің көмегімен алынған қорытындылардың валидтілігі өлшенеді. Алайда, «L»-мәліметтердің осылай пайдаланылуы аса дұрыс емес, себебі мінез-құлықтың сыртқы бағалары жеткілікті түрде әділ болмайды. Басқа адамның мінез-құлқын қабылдау, зерттеушінің өзінің тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты үнемі өзгертілген болады.

«L»-мәліметтердің сенімділігін арттыру үшін эксперттік бағалау үрдісіне арнайы талаптар құрастырылған. Олар:

1. Бағаланатын ерекшеліктер бақыланатын қылықтардың терминінде анықталу керек.

2. Психодиагност сыналуды адамның мінез-құлқына біраз уақыт бақылау жүргізетіндей мүмкіндігі болу керек.

3. Бір сыналудың бірнеше зерттеуші (эксперт) қажет.

4. Бір сыналушыны мінездеменің барлық кешенінен өткізгенше, барлық сыналушыларды бірден бір сызықтан өткізген жөн.

«Q»-мәліметтер. Тұлғаны сауалнама немесе басқа әдістер бойынша зерттеу «Q»-мәліметтер деп аталады. Тұлғалық зерттеулерде өзінің құралдық құрылым жағынан қарапайымдылығымен және ақпаратты алуға жеңілдікпен «Q»-мәліметтер (сауалнама, өзіндік есеп берулер, өзін-өзі бағалау шкаласы, т.б.) аса маңызды орын алады. «Q»-мәліметтер алатын әдістемелер саны өте көп. Кеңінен таралған Минесотский көп пішінді тұлғалық тізім (MMPI), Калифорниялық психологиялық тест (CPI), 16 факторлы тұлғалық сауалнама (16PF) және басқалары. «Q»-мәліметтер өзгерістерге бағынышты құралды, бірақ «L»-мәліметтерден гөрі аз мөлшерде.

Q»-мәліметтердің өзгеруі танымдық және дәлелді себептерге ие. Танымдық өзгерістер өзінің тұлғалық қасиеттерін білмегенімен байланысты келесі себептердің негізінде пайда болады:

1. сыналушылардың ақыл-ой және мәдени деңгейлері төмен болуы;

2. интроспекция дағдыларының және арнайы білімдердің жоқтығы;

3. дұрыс емес үлгілерді қолдануы (мысалы, сыналушы өзін жақын қоршағандарымен ғана салыстырады).

Сынға түсушілердің әр түрлі түрткілері, берілетін жауаптардың ыңғайлы жағына қарай немесе өз кемшіліктеріне жиі мән беретін жаққа қарай өзгеруіне себеп болуы мүмкін. Себепті өзгерістер саналы және санасыз түрде болады. Саналы өзгерістер өзара әрекеттестіктен толығымен бас тартуға, қатал өзгерістерге және кездейсоқ жауаптарға әкелуі ықтимал. Санасыз өзгерістер аса сезілмейді.

«T»-мәліметтер. «T»-мәліметтер деп эксперименталды жағдайда тексерілетін әділ тестілер көрсеткіштерін атайды. Әділ тестілердің сан алуандылығына қарамастан әр кезде тұлғаның негізгі қасиеттерінің көрінуіне жол ашатын, арнайы шағын жағдайлар жасалады. Келесі екі талапты ескергеннің салдарынан әділдікке әбден жетуге болады: 1) тесттік бағаның өзгерілу

мүмкіндіктеріне шектеу жасалса; 2) сыналушы реакциясы бойынша әділ баға алудың әділ амалы бар болса.

Жалпы психодиагностикада мәліметтерді жинау үшін тұлғалық тестілердің екі тобын қолданады: іс-әрекет тесті және жағдайлық тестілері. Іс-әрекет тестілері сыналушыны бір міндетті орындауға бағыттайтын әрекеттерден тұрады. Мұндай тестілердің мақсаты жасырын болады, адам оның іс-әрекетінің қай тұстары бағаланатынын сезбейді. Сынға түсушіге қойылған міндеттер құрылымды түрде болады: жобалау әдістемелерінде қолданылатын міндеттерден басты айырмашылығы осында. Көп тестілер сыналушы қабілеттерін тексеру тесті ретінде қабылданады, «дұрыс» жауап беруге тырысады (ал жобалау әдістемесінде барлық жауаптар дұрыс болып есептеледі).

**Тақырыпты пысықтауға және бекітуге арналған сұрақтар:**

1. Психодиагностикалық өлшеулердің статистикалық принциптері.
2. Мәліметтердің негізгі түрлері (L, Q, T – мәліметтері).
3. Өлшеулердің шкалалары және деңгейлері.

## VIII. СЕНІМДІЛІК ЖӘНЕ ОНЫ ТЕКСЕРУ ШАРАЛАРЫ

### 8.1. Сенімділік. Тест дәлдігі мен сенімділігінің байланысы

Сенімділік. Жеке тұлғаны бағалау әдістеріне қойылатын тағы бір талап, олардың сенімді болуы. Бұл бір тестті екінші рет жүргізу, ұқсас нәтижелер мен бағалар беру керектігін білдіреді. Бағалау әдісінің сандық тұрақтылығы *ретесті (ретестовой) сенімділік коэффициентімен анықталады*. Ретесті сенімділік коэффициенті екі жағдайдың әрқайсысында бір сыналушылардан алынған нәтижелері арасындағы әдеттегі корреляцияға тең. Сенімділік коэффициенті  $+1$ ге жақын болған сайын, тест соғұрлым сенімді болады. Сенімділіктің екінші түрін тесттің параллельді түрлерін корреляциялау жолы арқылы анықтайды. Бұл үшін тестті көбіне салыстырмалы екі бөлікке бөледі, содан соң әр жартының жиынтық баллдарын есептейді де сыналушылар бойынша осы екі қатарлы баллдары арасындағы жіберілетін корреляция коэффициенттерін есептейді. Осылай алынған коэффициентті *іштей келісімділік коэффициенті* деп атайды. Іштей келісімділік тесттің іштей тұрақтылығын анықтайды. Егер де тесттің екі бөлігі де жеке тұлғаның бірдей қасиетін зерттейтін болса, онда тақ пункттер бойынша жоғары балл жинаған сыналушылар жұп пункттерден де жоғары балл жинауы керек, сол сияқты тақ пункттен аз балл алғандар жұп пункттен де аз балл жинауы тиіс.

Сенімділіктің үшінші типі бірдей сыналушылар тобында жүргізілген, бір тесттің екі салыстырмалы варианттары арасындағы корреляцияға негізделеді. Егер де осы тест түрінің екеуінде де бірдей бағалар алынса, онда тест *сенімділіктің параллельді түрін* меңгерген дегенді білдіреді. Мұндай жағдайда өзара ауыспалы түр арасындағы оң (жағымды) корреляция, тесттің екі пунктіннің бір нәрсені зерттейтіндігін көрсетеді.

Сенімділік, бір тест нәтижесін есептеу барысында бір немесе одан да көп эксперттер өзара қандай тұрғыда

келісімді болатынына да қатысты болады. Сенімділіктің бұл типі интервью, түс көруді талдау және де сандық бағалауға жатпайтын басқа да еркін жауаптар түрі тәрізді қандай да болмасын сапалы әдістерге қатысты мәні төмен.

Сарапшылар нақты ережелер мен осындай мәліметтерді талдауға арналған нұсқаулардан тұратын басшылықты пайдаланғанда ғана келісімділік өсе түседі.

Психологиялық - педагогикалық эксперимент -зерттеудің сенімді құралы болуы үшін және одан дұрыс нәтижелерді алу үшін қолданылатын психодиагностикалық әдістемелер ғылыми негізделген болуы керек. Ондай әдістемелер төмендегідей талаптарға сай болуы керек, олар: валидтық, сенімділік, бірегейлік және нақтылық. Тұрақты көрсеткіштерді алу әдістеменің сенімділігін көрсетеді (бұл жерде зерттелетін адамнан , экспериментатордың іс-әрекеті мен өзгеретін психологиялық қасиеттерінен емес, өлшеу құралына тәуелді тұрақтылық дәрежесі есептелінеді).

Психологиялық тесттің нәтижелері қиын бақыланатын факторларға тәуелді: өлшеу құралының сапасына, психологиялық тесттің ситуациясының релеванттық мінездемелердің тұрақтылығына. Аталған факторлардың біреуі өзгертсе өлшеу сенімділігінің дәрежесі төмендейді. Бірақ іс жүзінде бұл факторларды үнемі тұрақты етіп ұстап тұруға мүмкін емес болғандықтан, кез келген психодиагностикалық әдістеменің сенімділігі жоғары болуы мүмкін емес. Аталған факторлардың ішінде ең маңыздысы болып әдістеменің сенімділігі саналады, өйткені қалғандары алынатын нәтижелердің тұрақтылығына аз мөлшерде әсер етеді.

Психодиагностикалық әдістеменің сенімділігін екі әдіспен анықтауға болады: осы әдістеменің көмегімен әртүрлі адамдармен алынған нәтижелерді салыстыру жолымен және осы әдістемені бірдей жағдайларда қолданғанда алынған нәтижелерді салыстыру жолымен .

Әдістеменің нақтылығы психодиагностикалық эксперимент барысын-да бағаланатын қасиеттердің аз өзгерістердің өзіне жауап қайтару қабілеттілігі болып есептелінеді. Психологиялық әдістеменің нақтылығын өлшеу техникалық құралдарының нақтылығымен салыстыруға болады. Мысалы , сантиметрге

бөлінген метрден , миллиметрге бөлінген сызғыштың ұзындықты әлдеқайда нақтырақ өлшейді. Ал микрометр деген прибор ұзындықты 0,001мм дейін нақты өлшейтін сызғыштан әлдеқайда нақтырақ.

Психодиагностикалық әдістеме неғұрлым нақтырақ болса, соғұрлым нақты градацияларды бағалауға болады. Бірақ практикалық психодиагностикада баға нақтылығының өте жоғары дәрежесі барлық кезде талап етілмейді. Оның қажетті практикалық мерасы дифференциация тапсырма-сымен немесе зерттелетін адамдарды топтарға бөлумен анықталады. Мысалы, егер зерттелетін адамдарды екі топқа бөлуге болатын болсақ, сонда қолданылатын әдістеменің нақтылығы осы бөлікке сәйкес болу керек.

Егер, зерттелетіндерді бес топшаларға бөлетін болсақ онда бес пункттен тұратын өлшеу шкаласы бар әдістемені қолдануға тура келеді.

Әдістеменің бірігейлігі дегеніміз белгілі бір әдістеме бір қасиетті бағалау үшін осы әдістеменің көмегімен алынған мәліметтер тек сол бір қасиеттің өзгерістерін кескіндейтін дәрежесі. Егер осы қасиетімен қатар алынатын көрсеткіштерде әдістемеге байланысты емес басқа көрсеткіштер кескінделсе , онда әдістеме бірігейлік критерийге сәйкес емес деп саналады, сонымен қатар ол валидтық деп есептеліне береді.

Өлшеу – табиғи және арнайы жағдайда жүргізіледі. Өлшеудің эксперименттен айырмашылығы, зерттеуші объектіге әсер етуге ұмтылмайды, бірақ оның сипаттамасын объективті түрде анықтайды. Өлшеу объекті мен өлшеу құралының өзара іс-әрекет барысында жүргізіледі. Өлшеу әдісі корреляциялық зерттеуде қолданылады. Өлшеуді кей кезде операция ретінде қарастырады.

Әдістемелік тұрғыда өлшеу – құралдың өзгерісін тіркеу негізінде объектінің қалпын тіркеу болып саналады. Объектіге-сандық өлшеу жасауда шкаладағы сандар құралдың көрсеткіші емес, объектінің сандық сипаттамасы болып табылады. Өлшеу әдісін объектінің өлшеу құралымен өзара іс-әрекетін ұйымдастыру жолымен оның жағдайын немесе қасиеттерін анықтауға бағытталған эмпирикалық әдіс ретінде қарастыруға

болады. Құрал ретінде ұзындықты өлшейтін сызғыш, зерттеушінің өзі бола алады. Бірақ инструменталды өлшеуде психолог зерттеуші өлшеу әдістемесін, мысалы интеллектіні анықтауға арналған тестіні қолданады.

## 8.2. Сенімділік - нақты өлшемді анықтау құралы ретінде

Қазіргі заманғы ғылымның әдістері теориялық және эмпирикалық әдістерге бөлінеді. Өзіндік жеке әдіс ретінде модельдеу әдісін атауға болады, сонымен қатар интерпретациялық әдісті осылардан бөлек қарастыруға болады. Эмпирикалық зерттеулер теориялық құрылымның дұрыстығын тексеру үшін жүргізіледі. Зерттеуші эмпирикалық зерттеудің мәліметтерін өңдеу және жалпылауда график, таблица, формулаларды қолданады. Теориялық зерттеулерде зерттеу объектісіне логикалық талдау жасалады.

Жалпы ғылыми эмпирикалық әдістің түрлері:

1. Бақылау.
2. Эксперимент.
3. Өлшеу.

Бақылау – кейбір ғылым саласында эмпирикалық әдіс болып саналады. Бақылау жүргізілетін ғылым ретінде астрономия ғылымын атауға болады. Бақылау әдісінің этология (жануарлардың қылығы туралы ғылым), физика, химия, биология ғылымдарында ролі ерекше. Бақылаудың идиографиялық тәсілі тарих және психология ғылымдарында кең қолданылады. Осы тәсілге қарама-қарсы – номотетикалық тәсілді атауға болады, бұл объектілердің өмір сүруі, өзара іс-әрекеті және дамуының жалпы заңдарын анықтайтын зерттеу әдісі болып табылады.

Бақылау – зерттелетін объектіні максатты ұйымдастырылған және реттелген түрде қабылдау. Бақылау техникалық құралдарды қолдану арқылы жүргізіледі. Оның көмегі арқылы жай, қалыпты жағдайда кездесетін құбылыстарды анықтауға болады. Бақылау кезінде зерттеуші объектіге тікелей әсер ете алмайды, оның қабылдауынан тыс әрекетін анықтай алмайды.

Бақылау әдісінің негізгі ерекшеліктері:

1. бақылаушы мен бақыланатын объектінің тікелей байланысы;

2. бақылаудың эмоционалды жағдайы;

3. қайта бақылаудың қиындығы.

Жаратылыстану ғылымында бақылаушы зерттелетін құбылыс немесе процеске әсер ете алмайды. Психологияда бақылаушы мен бақылауға алыншы арасында өзара іс-әрекет жүзеге асады. Бақылау мен өлшеу әдістерімен салыстырғанда, эксперимент сыртқы орта ерекшеліктері мен құбылыстар арасындағы тәуелділікті анықтауға және арнайы жасалған жағдайда шынайы өмір құбылыстарын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Психологиялық өлшеу деп объектілердің айырмашылықтары мен өзгешеліктерінің параметрлерінің шамасын бағалауды атайды. Осы бағалау негізінде зерттеуші зерттелетін объектінің ерекшеліктерін өлшейді. Басқа мағынасында психологиялық өлшеу кезінде зерттеуші объектінің ерекшеліктерін анықтайды.

Жаратылыстану ғылымында С.С.Паповян ұсынған өлшеудің үш түрі бар:

1. Фундаменталды өлшеу – бұл өлшеу эмпирикалық жүйеден сандық катынастар жүйесін шығаруға мүмкіндік беретін эмпирикалық заңдылықтарға негізделеді.

2. Өндіруші өлшеу – бұл өлшеу түрінде құбылыстардың параметрлерінің арасындағы байланысты сипаттайтын заңдарды құрастыру жүзеге асады.

3. Анықтама бойынша өлшеу – бұнда бақыланатын объектілер жүйелі түрде сипатталады.

Объектінің әртүрлі қасиеттері арасындағы байланысты құру корреляциялық зерттеу деп аталады. Өлшеуді бақылау мен эксперимент арасындағы аралық әдіс ретінде сипатауға болады. Бақылау әдісін зерттеудің пассивті әдісіне жатқызуға болады.

Құбылыстар мен процестердің арасындағы себепті-салдарлы байла-нысты қалыптастыру үшін эксперимент жүргізледі. Зерттеуші зерттелетін объектіге әсер ету мақсатында сыртқы жағдайды өзгертуге ұмтылады. Эксперимент құбылыстарды зерттеудің белсенді әдісі болып саналады.



Эксперимент деп себепті-салдарлы байланыс туралы эксперименттік болжамды тексеру мақсатында арнайы құрылған жағдайда зерттеу жүргізу аталады. Эксперимент кезінде зерттеуші объектіні үздіксіз бақылайды және оның қалыпты жағдайын өлшейді. Бақылау мен өлшеу процедуралары эксперимент процесіне енеді. Сонымен қатар, зерттеуші объектінің жағдайын өлшеу үшін оған жоспарлы және мақсатты түрде әсер етеді. Бұл операция «эксперименттік әсер ету» деп аталады. Эксперимент – қазіргі заманғы жаратылыстану және психология ғылымдарындағы негізгі әдіс болып саналады. Ғылыми әдебиеттерде эксперимент термині тұтас эксперименттік зерттеуге байланысты қолданылады.

Психодиагностикада зерттеу әдістері 4 топқа бөлінеді:

1. Ұйымдастырушылық әдістер - салыстырмалы, лонгитюдті, кешенді әдістер оны ұйымдастыру бағдарламасына қарай зерттеудің барысына сәйкес жүргізуде қолданылады.

2. Эмпирикалық әдістер:

- эксперименталды әдістер: лабораториялық, табиғи, дағдарыс, психологиялық-педагогикалық эксперимент;

- обсервациялық әдістер: бақылау, өзіндік бақылау;

- психодиагностикалық әдістер: стандартты және проективті тестілер, сауалнама, социометрия, әңгімелесу, сұхбат;

- праксиметриялық әдістер: тапсырмалар мен орындалған жұмыстарды бағалау, хронометрия, профессиография;

- модельдеу әдістері: математикалық, кибернетикалық әдістер;

- биографиялық әдістер: адамның өмірдегі оқиғаларын талдау, құжаттарға, куәліктерге талдау жасау т.б.;

3. Мәліметтерді талдау әдісі: сапалық талдау әдісі, сандық талдау талдау әдісі - материалдарға типі, тобы, нұсқасы бойынша дифференциация жасау, себептерді сипаттау;

4. Интегретациялық әдістер:

- генетикалық әдістер: өзіндік генетикалық, филогенетикалық, онтогенетикалық, социогенетикалық, тарихи әдістер;

- құрылымдық әдістер: психография, классификация, психологиялық профилі.

### 8.3. Тұлғалық қасиеттерді диагностикалаудағы тесттің дәлдігі мен сенімділігі

Тұлғалық қасиеттердің кең тараған Мини – Мульти сауалнама әдістемесін өткізу техникасы және нәтижелер анализдері туралы анықтама. Мини – Мульти сұраулығы ММРІ-дің қысқартылған варианты. Ол 71 сұрақтан, 11 шкаладан (оның ішінде 3 – бағалық) (Адаптация Ф.Б.Березина және М.П.Мирошникова)

Бірінші 3 бағалау шкаласы зерттелетін адамның шындығын өлшейді. Қалған 8-і негізгі деп саналып тұлғаның қасиеттерін бағалайды. Бірінші шкала астено-невротикалық типті зерттелетіннің тұлғалық қасиеттерін өлшейді. Екінші шкала зерттелетіннің социопатикалық вариантты тұлғалық деңгейге басымдылығын көрсетеді. Бесінші шкала бұл вариантта қолданылмайды 4-тен кейін бірден 6-шы қолданылады. 6-шы шкала зерттелетіннің өкпелегіштігін сипаттайды.

7-ші шкала күдікті типті тұлғаны зерттеуге қолданылады.

8-ші шкала эмоциональдық алшақтықтың дәрежесін өлшейді.

9-шы шкала тұлғаның гипертимдік түріне жақындығын көрсетеді, белсенділікті өлшейді. Сұраулықты өткізу уақыты шектелмеген.

**Нұсқау.** Сіз денсаулығыңызға және мінезіңізге қатысты тұжырымдама-лармен танысасыз. Әр тұжырымдаманы оқып, өзіңізге қатыстысын шешесіз. Көп ойлауға уақыт бөлмеңіз. Ең бірінші келген шешім – ең дұрысы болады.

**Сұрақтар, тұжырымдамалар.**

1. Сіздің аппетитіңіз жақсы ма?
2. Таңертең жақсы ұйықтап демалғаныңызды сезесіз бе?
3. Сіздің күнделікті өміріңізде көп қызық бар.
4. Сіз өте үлкен қуатпен жұмыс істейсіз.
5. Басыңызға кейде жақсы емес ойлар келеді, бірақ ол туралы ешкімге айтпау керек.
6. Сіздің ішіңіз сирек қатып қалады.
7. Кейде сіз үйіңізден кетіп қалғыңыз келеді.
8. Кейде сіз тоқтаусыз күліп немесе жылайсыз.
9. Кейде жүрегіңіз айнып, құсқыңыз келеді.
10. Сізді ешкім түсінбейді деп ойлайсыз.

11. Кейде сіздің ұрысқыңыз келеді.
12. Апта сайын сіз нашар түс көресіз.
13. Сіз қиын жиналасыз, басқаларға қарағанда.
14. Сізбен түсініксіз нәрселер болып тұрады.
15. Адамдар сізге қарсы болмағанда, өмірде көп нәрсеге қол жеткізетін едіңіз.
16. Балалық шағыңызда ұрлық жасадыңыз.
17. Кейде бірнеше күн , апта немесе айлап ешнәрсеге қолыңыз бармай , жұмыс бастай алмай отырасыз.
18. Сіз тынышсыз ұйықтайсыз.
19. Адамдардың арасында болған кезде , сізге біртүрлі нәрселер естіледі.
20. Сізді танитын адамдардың көбісі сізді жаман емес деп ойлайды.
21. Сізден аз білетін адамға жиі бағынатын ба едіңіз?
22. Адамдардың көбісі сізге қарағанда өмірге көбірек қанағаттанады.
23. Көбісі өзінің бақытсыздығын көбейтіп жібереді, өйткені басқалардан көмек күтеді.
24. Кейде сіз ашуланасыз.
25. Өз-өзіңізге сенімділік жетпейді.
26. Кейде сіз бір нәрсені дұрыс істемедім деп ойлайсыз.
27. Өз тағдырыңыз сізді қанағаттандырады.
28. Кейбіреулер өте көп бұрын беруді ұнатады, сіз олардың дұрыстығын біле тұра , оларға қасарысасыз .
29. Сіздің асқазаныңыз жиі ауырады.
30. Сізге қарсы бір нәрсе ұйымдастырылып жатқанын сезесіз бе?
31. Адамның көбісі пайданы « өте шың жолымен » табады.
32. Бір күн бұрын сіздің көңіл-күйіңіздің нашарлағандығын түсіндіре алмайсыз.
33. Сіздің ойларыңыз соншалықты тез , сіз оларды айтып үлгере алмайсыз.
34. Сіздің жанұялық өміріңіз басқалармен салыстырғанда жаман емес.
35. Кейде өзіңіздің жарамсыздығыңызға сенімдісіз.
36. Соңғы кезде сіздің денсаулығыңыз әдетте дұрыс болды.
37. Кейде сіз не істегеніңізді есте сақтай алмайсыз.

38. Сізді дұрыс емес сөккен деп ойлайсыз.
39. Сіз өзіңізді қазіргіден жақсы ешқашан сезінбегенсіз.
40. Сіз туралы басқалар не ойлайтыны сізге бәрібір.
41. Сіздің жадыңыз өте жақсы.
42. Сіз жаңадан танысқан адаммен бірден сөйлесе алмайсыз.
43. Көбінесе сіз өзіңізді нашар сезінесіз.
44. Сіздің басыңыз сирек ауырып тұрады.
45. Кейде сіз жүріп-жүріп құлап қалайын дейсіз.
46. Сіздің таныстарыңыздың кейбіреулері сізге ұнамайды.
47. Сіздің идеяларыңызды ұрлайтын адамдар бар.
48. Сіздің ойыңызша сіз кешірілмейтін нәрсе істемедіңіз.
49. Сіздің ойыңызша сіз өте жуассыз.
50. Сізді бір нәрсе үнемі уайымдатады.
51. Ата-анаңыз сіздің таныстарыңызды жиі жақтырмайтын.
52. Сіз аздап өсек айтасыз.
53. Сіз кейде шешімдерді оңай табатыныңызды сезесіз.
54. Сіздің жүрегіңіз кейде тез соғып , сізге дем жетпей қалады.
55. Сіз тез көтеріліп, тез басыласыз.
56. Сіз кейде бір нәрсені уайымдап , бір орында отыра алмайсыз.
57. Ата-анаңыз және жанұяңыздың басқа мүшелері сізге көп тиіседі.
58. Сіздің тағдырыңыз ешкімді қызықтырмайды.
59. Басқа біреудің катесін өзінің мақсатында пайдаланатын адамды сіз айыптамайсыз.
60. Сіздің энергияңыз өте көп.
61. Соңғы кезде сіздің көзіңіз нашарлап кетті.
62. Сіздің құлағыңыз жиі шуылдайды.
63. Сізге гипноз қолданғандығын сезген уақыттарыңыз болды ма?
64. Кейде сіз өте көңілді боласыз (себеппіз).
65. Ортада болсаңызда , өзіңізді жалғыз сезінесіз.
66. Әр адам өтірік айтуы мүмкін.
67. Сіз басқаларға қарағанда өткіррек сезесіз.
68. Кейде сіздің басыңыз әдеттегіден баяу жұмыс істейді.
69. Сіздің көңіліңіз адамдардан жиі қалған.
70. Сіз алкоголь сусындарды ішесіз.

Сауалнамаға арнайы бланк беріледі, оның бір жағында зерттелетіннің жауаптары жазылады. Егер зерттелетін адам тұжырымдаманы мақұлдаса, онда + қойылады, мақұлдаса — қойылады. Бланктың арғы жағында экспериментатор коррекция шкаласын есепке алып зерттелетіннің тұлғасының профилін кұрайды. Бланкта бұл өлшеулер таблицанда берілген.

Д шкаласының өлшеулері № 1,4,7,8,9 негізгі шкалаларға қосылады. Мысалы, егер Д шкаласы бойынша 9 ұпай жиналса, онда №1 шкаласының өлшеулеріне, таблицаға қарап 5 ұпай қосады, №4 ке -4 ұпай, №7 мен 8-ге - 9 ұпайдан, №9 - 2 ұпай қосады.

**Шкалалар сипаттамасы:**

1. Өтірік шкаласы (L) зерттелетіннің шындығын анықтайды.
2. Шын шкаласы (F) өтірік жауаптарды анықтайды.
3. Коррекция шкаласы (K) . Бұл шкала бойынша жоғары көрсеткіштері әрекетті санасыз бақылау туралы айтады.

**Базистық шкалалар.**

1.Ипохондрия (Hs) — зерттелетін адам астено-невротикалық типке «жақындығы». Зерттелетіндер жоғары бағаларымен өте баяу, пассивті, бағынышты, айналаны ауыстыруды нашар сезінеді, әлеуметтік конфликттерде тез жоғалады.

2. Депрессия (D) — жоғары бағаны өте сезімтал, уайымға бейім, өте жуас адамдар алады. Олар кез келген істі өте жақсы орындап, оларды жоғары моральды болады, бірақ өздерінше сикандай шешім қабылдай алмайды.

3. Истерия (Hy) — конверсиондық типті неврологиялық қорғау реакцияларға бейім адамдарды анықтайды. Барлық проблемаларды ауруға «кетіп қалумен» шешеді. Ондай адамдар өздерін жоғары санайды, өздеріне көңіл аударуды қалайды.

4. Психопатия (Pd) — бұл шкаланың жоғары бағалары әлеуметтік дезадаптацияны білдіреді, адамдар агрессивті, ұрысқақ әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды қабылдамайды. Олар өте өкпелегіш, ашуланшақ, сезімтал болып келеді.

5. Параноял (Pa) — бұл шкала бойынша жоғары көрсеткіштері құнды идеялардың қалыптасуына бейімділігін анықтайды. Бұл адам бірбеткейлі, агрессивті және кешірімді емес. Кім олардың

жағында болмаса , ол-жау . Өздерінің көзқарастарын біреуге мойындатқылары келеді . , сондықтан айналадағыларымен конфликтке кездеседі. Өзіңіздің кішкене жетістіктерін олар үнемі жоғары бағалайды.

6. Психастения (Pf) – күдікті адамдарың диагностикадан өткізеді.

7. Шизоид (Se) – бұл шкаланың жоғары көрсеткіштері іс-әрекеттің шизоидтық түрін сипаттайды. Ондай адамдар өте сезімтал болады және абстракттың бейнелерді қабылдайды, бірақ күнделікті қуаныштар мен реніштер оларда ешқандай эмоциональдық реакцияны туғызбайды.

8. Гипомания (Ma) – бұл шкала бойынша жоғары көрсеткіштер адамның жағдайларға байланысты емес жоғары көңіл күйдің белгісі. Ондай адамдар өзгерістері жиі болып тұратын жұмысты жақсы көреді, адамдармен тез тіл табысады, бірақ олардың қызығушылықтары терең және тұрақты емес.

Барлық шкалалар бойынша ең жоғары бағалар 70-тен жоғары болып саналады. Төмендері 40-тан төмен.

Сауалнаманы жеке немесе топта өткізуге ұсынылады. Әр адамда сұраулықтың мәтіні және жауаптардың бланкісі болу керек. Экспериментатор міндетті түрде қатысу керек , өйткені зерттелетіндер оған сұрақ қояды.

#### Кілт

Шкала	Жауаптары	Сұрақтардың нөмірлері
I	2	3
I	Дұрыс емес(H)	5,11,24,47,53
F	H	22,24,61,
	Дұрыс (B)	9,12,15,19,30,38,48,49,58,59,8,71
K	H	11,23,31,33,34,36,40,41,43,51,56,61,65,67,69,70
	H	1,2,6,37,45
1(Hs)	B	9,18,26,32,44,46,55,62,63
	H	1,3,6,11,28,37,40,42,60,65,61
2(D)	B	9,13,11,18,22,25,36,44
	H	1,2,3,И,23,28,29,31,33,35,40,41,43,45,50,56
I(Hy)	B	9,13,18,26,44,46,55,57,62
-i(PtI)	H	3.^8,34,35,41,43,50,65
L---	B	7,10,13,14,15,16,22,27,52,58,71

Шкала	Жауаптары	Сұрақтардың нөмірлері
1	2	3
6(Pa)	II	28,29,31,67
	III	5,8,10,15,30,39,63,64,66,68
7(P)	II	2,3,42
	III	5,8,13,17,22,25,27,36,44,51,57,66,68-^
	II	3,42
8(Sc)	III	5,7,8,10,13,14,15,16,17,26,30,38,39,46Г,57,63,64,66
9(Ma)	II	43
	III	4,7,8,21,29,34,38,39,54,57,60

Тест мәліметтері бойынша зерттелетін тұлғаның профилі сызылды.

Жоғарыда сипатталған шкаланың бәріне жоғары болып «никі» ұпайлардағы бағалар болады, олар Т шкаласы бойынша 70-көрсеткішіне сәйкес болады. Төмені болып Т шкаласы бойынша 40-тан көтерілмейтін бағалар саналады.

Төмен болып ипохондрия шкаласы бойынша (1) 3-тен жоғары болмайтын бағалар, психопатия көрсеткіші бойынша (2 шкала) 4-тен, истерия көрсеткіші бойынша (3 шкала) 7-ден, және т.б. Бұл көрсеткіштердің маңыздары. Т шкаласы бойынша 40 белгісіне сәйкес болады. Жоғары бағалар ипохондрия көрсеткіші бойынша (1 шкала) 11-ден жоғары болады, психопатия көрсеткіші бойынша (2 шкала) 11-ден жоғары, истерия көрсеткіші бойынша (3 шкала) 16-дан жоғары және т.б. Бұл көрсеткіштердің маңызы Т шкала бойынша 70-ке сәйкес болады. Зерттелушінің тұлға профилін құрастыру кезінде «никі» ұпайларды негізгі шкалалар бойынша 1,4,7,8,9 шартты ұпайларға өзгерту керек.

#### Формула.

$$yB = A + 0,5K; yB4 = A4 + 0,5K; yB7 = A7 + K; yBк = A8 + K; yB9 = A9 + 0,2K$$

yB – негізгі 1-ші шкала бойынша шартты ұпайлар.

Ax – «никі» ұпайлар 1-ші шкала бойынша.

K – K бағалау шкаласының маңызы және т.б.

**Тақырыпты пысықтауға және бекітуге арналған сұрақтар:**

1. Сенімділік. Сенімділік түрлері: ретестік, синхронды сенімділік.

2. Сенімділік өлшемдері. Сауалнаманың сенімділігі.

3. Қандай тұлғалық қасиеттерді диагностикалау үшін Минимумыт сауалнамасы қажет?



## IX. ВАЛИДТІЛІК ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

### 9.1. Тесттің валидтілігі мен сенімділігі

«Валидтілік» деген термин еуропа тілдерінен шыққан. Ол «жарамды», «сәйкес» дегенді білдіреді. Валидтық психодиагностикалық әдістеме дегеніміз - сол әдістеменің нақты психологиялық сапаны бағалауға жарамды болуы. Валидтық әдістеме өлшейтін заты туралы мәліметтерді ғана емес, сол заттың жағдайы туралы хабарды, оның қолдану салалары туралы мәліметтерді ала алады. Валидтілік -теориялық және практикалық (эмпирикалық), ішкі және сыртқы болып бөлінеді.

Теориялық валидтілік зерттелетін сапаның нәтижелерінің сәйкестігі анықталады. Бұл нәтижелер нақты әдістемелер көмегімен алынатын, теориялық нәтижелерге негізделген тәуелділігі анықталады. Теориялық валидтықты бір теорияға негізделген әртүрлі әдістемелердің көмегімен бірдей қасиеттің көрсеткіштерінің корреляциясымен тексереді. Эмпирикалық валидтық зерттелетін адамның бақыланатын іс-әрекеттері мен реакция-ларға диагностикалық көрсеткіштердің нақты іс-әрекетіне сәйкестілігімен тексеріледі. Мысалы, бір зерттелетін адамның қасиеттерін белгілі бір әдістеме көмегімен бағалаймыз. Бұл әдістеме эмпирикалық валидтық деп айтамыз, тек егер нақты адам өмірде әдістеме болжайтындай өзін ұстайды.

Эмпирикалық валидтықтың критерийлерімен әдістемені өзінің көрсеткіштерінің адамдардың іс жүзіндегі әрекеттердің көрсеткіштерімен салыстыру жолымен тексеріледі.

Ішкі валидтық- дегеніміз әдістемедегі тапсырмалардың, субтесттердің, әртүрлі ойлардың, пікірлердің әдістеменің жалпы мақсатына сәйкестігі. Егер сұрақтар, тапсырмалар әдістемеге керек нәрселерді өлшемесе, онда ол әдістеме ішкі валидтық болып есептелінбейді.

Сыртқы валидтық- эмпирикалық валидтық сияқты, бірақ бұл жерде зерттелетін адамның іс-әрекетіне қатысты маңызды сыртқы қасиеттерімен әдістеменің көрсеткіштері арасындағы байланысты айтамыз.

Әдістемені құрған кезде оның валидтықты бірден бағалау өте қиын. Әдістеменің валидтығы оның ұзақ қолданылу процесі

барысында тексеріліп анықталады. Валидтықтың түрлерінен басқа валидтықтың критерийлері туралы білу керек.

1. Іс-әрекеттің көрсеткіштері – зерттелетін адамның өмірдің әртүрлі ситуациялардағы реакциялар, іс-әрекеттер.

2. Әртүрлі іс-әрекеттердегі зерттелетін адамның жетістіктері: оқу, еңбек, шығармашылық т.б.

3. Әртүрлі бақылау тапсырмаларды орындау туралы мәліметтер.

4. Басқа әдістемелер көмегімен алынатын мәліметтер.

3. Сенімділік өлшеу процедураның нақтылығы ретінде.

Психодиагностикалық тесттің валидтігі және сенімділігі. Тесттің

психикалық қасиеті немесе сапасының шынайы деңгейін өлшей алу қабілетін сипаттау үшін валидтілік термині қолданылады. Тесттің валидтілігі бағалауға арналған сапаны (қасиет, қабілет, мінездеме және т.б.) қандай өлшемде өлшейтінін көрсетеді. Инвалидті яғни валидті емес тесттер тәжірибелік пайдалануға жарамайды.

Валидтілік және сенімділік – байланысты ұғымдар. Олардың байланысын мынадай мысалдан көре аламыз. Мысалы А және В атты екі атқыш бар дейік. А атқышы 100-ден 90 ұпай, ал В атқышы 100-ден тек 70 ұпай жинады. Яғни А атқыштың сенімділігі 0,90, ал В атқышының сенімділігі 0,70. Алайда А атқышы әрдайым бөтен көздемеге атады, сондықтан оның ұпайлары жарыстарда саналмайды. Ал екінші атқыш көздемені дұрыс таңдайды. Сондықтан А атқышының валидтігі нөлге тең, ал В атқышыныңкі 0,70, яғни мөлшері сенімділікке тең. Егер А атқышы көздемені дұрыс таңдаса, оның валидтігі мен сенімділігі тең болады. Ал кейде ол көздемені шатыстырып алса, тек дұрыс таңдағаны есептеліп валидтігі сенімділігінен төмен болады. Біздің мысалымызда сенімділік аналогы атқыштың дәл көздеп атуы болса, валидтігі атқыштың көздемені дұрыс таңдауы болады.

Бір қасиетті өлшеу үшін оқиғадағы белгілі жағдайда тест танылған инвалидті болады, ал, басқалар үшін валидтілікті көрсетеді. Яғни валидтілікке қажет шарт сенімділік. Сенімді тест валидті бола алмайды, керісінше валидті тест әрдайым сенімді.

Тесттің сенімділігі валидтіліктен төмен болуы мүмкін емес, керісінше валидтілік сенімділіктен жоғары болуы мүмкін емес.

Қазіргі психометрияда үш негізгі валидтілік бар:

- 1) мазмұнды (логикалық);
- 2) эмпирикалық;
- 3) концептуалды. /Мельников В.М., Ямпольский/.

**Валидтілік.** Тест өзі өлшеуге тиістіні өлшей ме және өзінің көмегімен алдын-ала болжанатынды болжай алады ма? Бұл проблема бағалау техникасының кардинальды критериясына, яғни валидтылыққа қатысты. Психологтар валидтіліктің үш типін ажыратады: 1) мазмұнды валидтілік; 2) критериалды валидтілік; 3) конструкциялық валидтілік.

**Мазмұнды валидтілік.** Валидты болып есептелу үшін бағалау әдісі мазмұны өлшеніп отырған мінез-құлық аймағының репрезентативті іріктемесіне сәйкес келетін пункттерді өз ауқымына қосып жүруі керек. Алдымызда ұялшақтықты зерттейтін тест тұр делік. Мазмұны бойынша валидты болу үшін, ол жеке тұлғаның ұялшақтық аспектілерін нын мәнісінде апа түсетін сұрақтардан құралуы керек (Мәселен, “Ұялшақтық сіздің жеке үйлеспеушілігіңіздің (дискомфорт) негізгі қайнар көзі болып табыады ма?”, “Үлкен аудитория алдына шыққанда қысыласыз ба?” және “Айналадағы адамдар сізді үнемі сынайтындығына толық сенімдісіз бе?”. Ұялшақтың мазмұны бойынша валидты тестісі “ұялшақтық” түсінігіне енетін компоненттердің әр қайсысына жеке бағалауы қажет.

**Критериалды валидтілік.** Жеке тұлғаны бағалау әдетте, индивидуум мінез-құлқынның белгілі бір аспектілерін болжау үшін қолға алынады. Мінез-құлықты алдын ала болжау аспирантурада табысты оқуға, терапев-тік бағдарламаның тепе-теңдігіне, кәсіби сәттілікке (т.б.) қатысты болады.

Критериалды валидтіліктің екі тармағы бар. Біріншісі *болжаушы валидтілік* деген атқа ие. Ол критерияға сәйкес болашақтағы мінез-құлықты алдын ала болжау қабілетілігімен аныкталады. Екінші тармағы *азымдағы (текущий) валидтілік*. Ол сол тест нәтижелерінің басқа да критериалды бағалармен қатысты мәнді корреляция көлемімен аныкталады. Мәселен, пациенттің параноидты бетбұрысты өлшеуші тест бойынша

бағасы сол клиника психологтарының мәліметтеріндегі параноидтты бетбұрыстын айқын бағаларымен жағымды түрде корреляция жасаса, онда біз ағымдағы валидтілік туралы айта аламыз. Клиникадағылар тесттің нәтижелерін күні бұрын білмегендері жөн. Әйтпесе, олар білетін мәлімет өздері беретін бағаға әсерін тигізуі мүмкін, бұл құбылыс – *критерия контаминациясы (уақиғаларды ауыстыру)* деп аталады.

**Конструктивті валидтілік.** Жеке тұлғаны біртұтас ретінде бағалауға өте маңызды валидтіліктің үшінші типі. Конструктивті валидизация- тесттің теориядан шығарып алған белгілі бір гипотетикалық конструктты өлшеуінің дәлелін жинастыру үрдісі. Валидизацияның бір жолы – сыналушы конструкттың тесттік бағалары мен шамамен осы конструкт өлшейтін басқа тест көрсеткіші арасындағы корреляцияны табу боп саналады. Бұл проце-дура тәжірибе жүзінде *конвергентті валидизация* деген атаумен белгілі. Біздің алдымызда өзін-өзі бағалау конструктысын өлшейтін жаңа тест түр деп шамалайық. Егер де осы тест шынында да өзін-өзі бағалауды өлшей-тін болса, онда өзін жақсы әрі валидті деп ұсынған өзін-өзі бағалауды өлшеудің басқа процедурасымен шамамен корреляциялануы тиіс.

Конструктивті валидтілікті табудың тағы басқа жолы – қайта өңделген өлшеу процедурасы өлшеуге сол процедура берілмеген және тұжырымды анықтама мен теоретикпен байланысты емес көрсеткіштермен корреляцияланбайтындығын көрсету болды. Бұл *дивергентті валидизация* деп аталады. Мысалы, біздің өзін-өзі бағалау тестісі өзінде ұсынылған концептуалды түрде ажыратылатын сапаларды өлшеуге арнап өңделген басқа тесттердің мағынасымен корреляцияланбайтын болса, онда біз дискриминантты валидтіліктің дәлелдемесіне қол жеткізер едік.

Қазіргі заманғы ғылымның әдістері теориялық және эмпирикалық болып екіге бөлінеді.

Эмпирикалық зерттеу – теориялық құрылымның дұрыстығын тексеру үшін жүргізіледі. Зерттеуші оның мәліметтерін өңдеу және жалпылауда график, таблица, формулаларды қолданады.

Теориялық зерттеу – зерттеу әдісіне, объектіге логикалық талдау жасайды. Бақылау әдісі - ғылым саласындағы

эмпирикалық әдіс болып саналады. Бақылау – зерттелетін объектіні мақсатты ұйымдастырыған және реттелген түрде қабылдау. Бақылау техникалық құралдарды қолдану арқылы жүргізіледі. Оның көмегі арқылы жай, қалыпты жағдайда кездесетін құбылыстарды анықтауға болады. Бақылау кезінде зерттеуші объектіге тікелей әсер ете алмайды, оның қабылдауынан тыс әрекетін анықтай алмайды.

Бақылау әдісінің негізгі ерекшеліктері:

4. бақылаушы мен бақыланатын объектінің тікелей байланысы;

5. бақылаудың эмоционалды жағдайы;

6. қайта бақылаудың қиындығы.

Жаратылыстану ғылымында бақылаушы зерттелетін құбылыс немесе процеске әсер ете алмайды. Психологияда бақылаушы мен бақылауға алынушы арасында өзара іс-әрекет жүзеге асады. Бақылау мен өлшеу әдістерімен салыстырғанда, эксперимент сыртқы орта ерекшеліктері мен құбылыстар арасындағы тәуелділікті анықтауға және арнайы жасалған жағдайда шынайы өмір құбылыстарын қайта жаңғыртуға мүмкіндік береді.

## **9.2. Психодиагностикалық эксперимент валидтілігінің типологиясы**

Эксперименттің валидтілігі деген – латын тілінен аударғанда – «мықты» деген мағынаны білдіреді, яғни эксперименталды психологияда қабылданған эксперименттің нормалар мен стандарттарға сәйкестігін білдіретін базалық сипаттамасы. Эксперименттің валидтілігі экспериментті ұйымдастыру және жүргізу, теориялық моделін құру, нәтижелерді жалпылау және тұжырымдардың дәлдігіне сай қолданылады.

Психологиялық эксперимент валидтілігінің типологиясы:

1. Ішкі валидтілік – экспериментті идеалды экспериментке жақындастыру;

2. Сыртқы валидтілік – экспериментті реалды экспериментке жақындастыру;

3. Конструктілі валидтілік – интерпретацияның теориялық ережелерге сай келуі;

4. Операциялық валидтілік – эксперименттегі теориялық және практикалық ұғымдардың мазмұнына сай келуі;

5. Статистикалық валидтілік – статистикалық тұжырымдардың дәлдігі тұрғысынан эксперименттің сипаттамасы;

6. Жеке валидтілік – статистикалық жалшылау эксперименттегі жеке нәтижелерді анықтайды.

Эксперименттің валидтілігіне кедергі келтіретін факторлар (артефактілер):

Ішкі артефактілер:

1. Фон – бірінші және екінші өлшеу арасында болатын өзгерістер, олар тәуелді ауыспалыда эксперименталды әсер ету арқылы өзгерістер тудыруы мүмкін.

2. Табиғи даму немесе жетілу – тәуелді ауыспалыдағы өзгерістер қатысушылардың табиғи дамуына байланысты пайда болуы мүмкін және эксперименталды әсер етудің нәтижесі болып саналмайды.

3. Тестілеу - алдын ала өлшеудің постэксперименталды өзгерістердің нәтижелеріне әсер етуі.

4. Өлшеуде қателік жіберу – эксперименталды эффектіні өлшеу әдісі арқылы пайда болған өзгерістер.

5. Статистикалық регрессия – қатысушыларды көрсеткіштер мен бағалау арқылы таңдап алу.

Сыртқы артефактілер:

1. Кездейсоқ таңдау – қатысушыларды кездейсоқ таңдап алу.

2. Эксперименталды және бақылау топтарындағы қатысушылардың эксперименттен шығуы.

3. Реактивті эффект немесе тестілеумен өзара іс-әрекет ету эффектісі – алдын ала өлшеуден кейін эксперименталды әсерге қатысушылардың сезімталдығының азаюы немесе артуы.

4. Таңдау мен әсердің өзара іс-әрекеті эффектісі – эксперименталды әсерге топтағы қатысушыларды таңдап алу.

5. Экспериментті ұйымдастыру шарты – экспериментке реакция тудыратын жағдай жасау.

6. Әсерлердің интерференциясы – бір топқа арналған әсерлерді қамтамасыз ететін экспериментті ұйымдастыру.

Эксперименталды зерттеудің стратегиясы деген – эксперименттің жалпы мақсаты және мәліметтерді алу жолдары.

Констатациялық стратегия – эксперименттің мақсаты – құбылыстардың арасындағы себепті-салдарлы байланыстарға констатация жасау. (студенттердің материалдың күрделілігіне қарай қабылдау сапасы).

Стратегияны жүзеге асыру кезеңдері:

1. теориялық талдау.
2. құрылымдық элементтерді анықтау (ауыспалы, эксперименталды болжам).
3. эксперименттің жоспарын таңдау.
4. экспериментті жүргізу.
5. нәтижелерді сандық және сапалық талдау.
6. мәліметтердің статистикалық мәнін тексеру.
7. нәтижелерге интерпретация жасау.

Қалыптастырушы стратегия – эксперименттің мақсаты – бір құбылыстың әсерінен басқа құбылысты қалыптастыру (әрбір тақырып бойынша қорытынды бақылау жұмысын енгізу студенттердің пәнге деген жауапкершілігін қалыптастырады).

Стратегияны жүзеге асыру кезеңдері:

1. теориялық талдау.
2. құрылымдық элементтерді анықтау.
3. эксперименттің жоспарын таңдау.
4. констатациялық диагностикалық өлшеу.
5. экспериментті жүргізу.
6. бақылаушы диагностикалық өлшеу.
7. нәтижелерді сандық және сапалық талдау.
8. мәліметтердің статистикалық мәнін тексеру.
9. нәтижелерге интерпретация жасау.
10. нәтижелерді экспериментке дейін және одан кейін салыстыру.

Салыстыру стратегиясы – эксперименттің мақсаты - әртүрлі сипаттағы топтағы бір құбылыстың басқа құбылысқа әсерін салыстыру. (сабақ барысындағы белсенді студенттерді мадақтау).

Стратегияны жүзеге асыру кезеңдері:

1. теориялық талдау.
2. құрылымдық элементтерді анықтау.
3. эксперименттің жоспарын таңдау.
4. әртүрлі сипаттағы топтарда эксперимент жүргізу.
5. нәтижелерді сандық және сапалық талдау.

6. мәліметтердің статистикалық мәнін тексеру.
7. нәтижелерге интерпретация жасау.
8. әртүрлі сипаттағы топтардың нәтижелерін теңдестіру және салыстыру.

Зерттеу эмпирикалық және теориялық болып екіге бөлінеді. Зерттеуді фундаменталды, қолданбалы, монопәндік және пәнаралық, аналитикалық, кешенді деп бөлуге болады. Эксперименталды зерттеудің негізгі белгілері:

1. Зерттеуші кейбір жағдайда өзгертеді және эксперименталды әсер етуді жүзеге асырады.

2. Зерттеуші белгілі жағдайды бақылайды және олардың өзгерісін реттейді.

3. Зерттеуші жеке факторлардың өзгеру нәтижесін тіркейді.

Психологиялық зерттеу әдістері 3 түрге бөлінеді:

1. жалпы ғылыми әдістер

2. нақты ғылыми әдістер

3. ғылыми әдістер

Жалпы ғылыми әдістерге – индукция, дедукция, талдау және жашылау, біріктіру, салыстыру, жіктеу, бақылау және эксперимент жатады.

Нақты ғылыми әдістер:

1. Шектеу әдісі – В.Вундтан бері келе жатқан тікелей сенсорлық табалдырықты анықтайтын әдіс болып табылады.

2. Сынақтар және қателер әдісі – Э.Торндайқтың докторлық диссертациясындағы сыналған ілімнің түрі.

3. Өзін-өзі бақылау әдісі – сауалнама, өзіне-өзі есеп беру сұрақнамалары жатады.

4. Семантикалық дифференциация әдісі – субъективті семантика-лық кеңестік құру әдістерінің бірі.

5. Психодиагностикалық әдістер – клиникалық әңгіменің түрі.

Экспериментте қолданылатын әдістер түрі:

1. Интроспекция әдісі - өзінің ішкі жағдайын бақылау немесе бағалау, Бұл әдістің негізгі ойы Сократтың «өзінді таны» деген ойынан бастау алған. В.Вундт және оның ізбасарлары өздерінің зерттеулерінде осы әдісті қолданды.

2. Экстропспекция әдісі – зерттеушінің, сыналушының реакциясын, мінез-құлық жағдайын бақылау. Бұл әдіске бақылау, эксперимент, психологиялық өлшеу жатады.



3. Түсіну немесе герменевтикалық әдістер – басқа адамның психологиялық күшін тікелей қабылдау және түсінуін зерттеуге бағытталады. Герменевтикалық әдісті психологияда қолданған және оның теориялық негізін салған, неміс философы, идеалисі В.Дильтей болды.

Қазіргі кезде психологиялық зерттеу әдістерін жіктеуде көптеген ғалымдар үлес қосты. Болгар психологы Р.Д.Пирьов әдістерді төмендегідей жіктеген:

1. Бақылау – объективті және субъективті.

2. Эксперимент – лабораториялық, табиғи, далалық, психологиялық.

3. Модельдеу.

4. Психологиялық сипаттама.

5. Қосалқы әдістер – математикалық, физикалық, географиялық, биологиялық және т.б..

Б.Г.Ананьев Пирьовтың жіктеуін сынға алып, өзінің жасаған жіктеуін ұсынды және әрбір әдісіне сипаттама берді. Барлық әдістерді төмендегідей жіктеді:

1. Ұйымдастырушылық әдістер.

2. Эмпирикалық әдістер – бақылау, өзін-өзі бақылау, эксперимент, психодиагностикалық, іс-әрекет нәтижесін талдау, модельдеу, биографиялық әдістер.

3. Мәліметтерді өңдеу әдістер.

4. Интерпретациялық әдістер.

М.С.Роговина және Р.В.Залевскийдің еңбектерінде жоғарыда келтірілген жіктеу қарастырылады және субъект пен объектінің қатынасына негізделген өзгеше жіктеуді ұсынады:

1. Герменевтикалық әдістер.

2. Биографиялық әдістер.

3. Бақылау әдістері.

4. Өзін-өзі бақылау әдістері.

5. Клиникалық әдістер.

6. Эксперимент әдісі.

Эмпирикалық әдістерден материал алу үшін, оларды белсенді және енжар деп бөлуге болады. Белсенді түріне лабораториялық эксперимент және квазиэксперимент жатады. Квазиэксперимент – зерттеушінің жоспары әртүрлі себептерге байланысты экспериментатор бақылаудан толық бас тартады. Кез

келген рөлдің экспериментін осылай атауға болады. Енжар түріне бақылау, клиникалық әдіс, іс-әрекетті талдау, өлшеу және түзету, ақпараттар әдісінің жинағы, архивтік зерттеулер жатады.

**Тақырыпты пысықтауға және бекітуге арналған сұрақтар:**

1. Валидтілік және оның түрлері.
2. Болжамдық және сол мезеттік валидтілік.
3. Эмпирикалық валидтілік.

## Х. ПСИХОДИАГНОСТИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

### 10.1. Тест тапсырмалары мен оларға қойылатын талаптар

Тест тапсырмалар- жеке тапсырмалар (пунктер), методикалар ыерттеу жұмысында модельдеу үшін қолданылады, жеке тұлғаға қатынасы бар және анализді қолдану. Тестіні дайындау, тест материалдарын жинау ең қиын және жауапкершілікті талап етеді, оның процедурасын бақылау эффектідігі оны қолдануда. Тестік тапсырмаларды құрған кезде тестінің қиыншылығын, тестінің дискриминативтілігін, беріктілігін және бүкіл пунктерінің жиынтығын, валидті топтарды таңдауда мінездеменің кең сферде анализі қолданылады.

Тест тапсырмалар міндетті түрде негізгі мінездер және тапсырма түрлері, жасалатын тестке байланысты (вербалды немес практикалық, қабілеттілік т.б.).

Тест тапсырмалар жасауда негізгі жалпылама ерекшеліктер қолданылады.

Тесттік тапсырмаларға байланысты талаптар:

1. түсінуі оңай;
2. сыналушыға қолданылатын тест, мазмұны мен шығару жолы бойынша жаңалық болу керек;
3. лаконисті;
4. тиімді (орындау уақыты бойынша);

Тез орындалатын тестілерге тапсырма минимальды болу керек.

Тестік тапсырманы былай құруға тырысу керек:

Оларға сыналушылар тарапынан сұрақ бомау керек, оны орындауда көп қиыншылық болмау керек (арифметикалық тестілердегі тапсырмаларды орындаудағы қиындықтар), олар қорықтынды жасау үшін кішкене және қолайлы болуы керек. Психологиялық диагностикада тестік тапсырмалар-дың көп түрлері қолданылады, оларды құрылымдық формасына қарай және жауап беру жолына қарай бөледі.

### **Олардың ішінде негізгілері:**

- жазылған жауаптары бар тапсырма (жабық);
- еркін түрде жауаптары бар тапсырма (ашық).

### **Жазылған жауаптары бар тапсырмалардың түрлері:**

- альтернативті жауабы бар тапсырма;
- сөйлем жалғасын құрастыру тапсырмасы;
- фигураларды құрастыру тапсырмасы т.б.

### **Еркін түрде жауаптары бар тапсырмаларға:**

- символды, суретті, сөзді толықтыру тапсырмасы;
- жауапты еркін түрде құрастыру;
- құрылымдық стимулды тапсырма (проектілі методика);
- нақты тақырыпқа немесе программаға берілген тапсырма.

Тапсырма түрін талдау көбінесе тестінің түрі мен мақсатына байланысты. Қабілеттілікті зерттеуге арналған методикаларды (жалпы, әдейі немесе маманды) қолдану тәжірибиесінде, негізінде дайын жауаптарды қолданады. Жеке сауалнамаларда көбінесе еркін, альтернативті немесе көп түрлі жауапты қамтиды. Жалпы психодиагностикада, әсіресе психометриялық тестерде, негізінде жабық типті тапсырмалар қолданылады.

Жеке тестілерді немесе субтестіні құрастырғанда, бір типті тапсырманы қолданады (кейбір ойдың даму шкаласы, мысалы: Бине-Симона). Тестілік батарейді құрастырғанда, субтесттер тест тапсырмасына ауыстырылуы қажет. Соңғысы әсіресе балаларды қараудағы жоспары әдістемеге қажет. Бұл жағдайда тапсырма типі белгілі тәртіпте жүруі қажет.

Тестік тапсырманы қолдану ережесі мен мазмұнын құрастырудың бірнеше жолдары:

1. әрбір тапсырма (пункт), сұрақ немесе негізінде бір ойды білдіру керек. Егер құрамы екі немесе одан көп болса, оларды бірнеше пунктерге бөлу керек;

2. көп түрлі мағыналарды, терминді, диалекттерді қолданбау керек;

3. өте қысқа сөздер қосымша сұрақ тудырады;

4. өте ұзақ сөйлемдерден аулақ болу керек, оларды кейбіреулері түсіне алмауы мүмкін, ол зерттеу уақытында созады және сыналушыға дұрыс қорытынды жасауға кедергі болады;

5. тапсырмалар нақты, уақытына сәйкес негізгі мазмұнды болуы керек;

6. мазмұны бойынша бір-біріне ұқсамау керек, бір тапсырманы шығару, екіншісінің кілті болмауы керек.

Тест тапсырмалары жинақтау дайындығында оларды объективті және корректілі тексеруден өткізу қажет. Бұларды тексеру эксперттік бағалау және валидті мазмұнын жасау процедурасына жақыт. Талданған тапсырмалар қиындығына қарай немесе кездейсоқ түрде (гемогендік тест) бірігуі мүмкін. Ол негізгі фактор немесе санасын өзгерту (гетерогендік тест) үшін. Кейде эксперименттік тапсырмаларды анықтауда тестік тапсырмалардан комбинация құрайды, олар түрлі методикаларға қатысты. Бөлек, бір кен тапсырмаларды дұрыс қолдану үшін міндетті түрде заңдылығын сақтау керек.

Психолог дайындаған тестінің жауабы туралы құжат. Ол зерттелудегі жағдайларға байланысты жасалу керек. Қорытындының стандартты жазу ережесі жоқ. Ол тестінің жүргізу мақсатына, жағдайына (өткізілген тестінің жері) және психологтың дәрежесіне байланысты. Негізі маманның білімділігіне де байланысты.

Психологиялық диагнозға да байланысты (оқу программасы туралы кеңес, емделу немесе мамандық таңдау т.б.). Тестік тапсырмаларды сыналұшының ерекше қылығымен, яғни төмен немесе жоғары, орташаға сәйкес емес. Психологтың қорытынды жасау сыналұшының сенуіне әсер ету керек. Әдейі терминдерді қолдануға тырысу керек.

Қорытынды дайындаған кезде, міндетті түрде психодиагностиканың этикалық нормасына сүйену керек.

Жүйелі модернизациялау процесі кезіндегі байқалған тенденциялардың бірі сөздік тестер санының кемуі мен әрекет-тестерінің ұлғайуы болып табылады. Сөйтп, XX ғасырға дейінгі кезенді психологиялық тестілердің пайда болу жолындағы дайындық кезені, дег айтуымызға болады.

Өткен 100 жылдықта психологияның тәжірбиелік зерттеулерінде көптеген жаңа психодиагностикалық тестер мен әдістемелер пайда болды. Олар баланың таным процестерінің даму деңгейін т.б. зерттеуге арналған әдістемелер.

Психологиялық құбылыстарды мөлшерлі бағалау XIX ғ. екінші жартысынан басталды, сол кезде ғана психологияны дәл және пайдалы ғылым жасау қажет болды. Одан ерте 1835 ж., қазіргі статистиканы жасаушы А.Кетленің (1796-1874) «Социальная физика» кітабы жарық көрді. А. Кетленің бұл еңбегінде мүмкіндік теориясына сүйене отырып, ол теория бойынша адамдардың мінезі белгілі бір заңдылықтарға бағынатындығын анықтады. Статикалық материалдарды талдай келе, ол адамдардың семья құруы өз-өзіне қол жұмсауы және т.б. сияқты актлеріне мөлшерлік сипаттама беретін тұрақты мән алды. Бұл актлер алдында еркін болып саналатын. А.Кетленің қалыптастырған тұжырымы қоғамдық құбылыстарға метафизикалық көзқарастан туындаса да, ол көптеген жаңалық әкелді. Мысалы, А.Кетле егер орташа мән тұрақты болса, онда оның артында физикамен салыстыруға болатын шындық тұруы қажет, соған орай статистикалық заңдар негізінде әр түрлі (сонымен бірге психикалық та) құбылыстарды болжауға болады. Бұл заңды түсіну үшін әрбір адамды жекелеп зерттеу керек. Зерттеу объектісі ретінде көптеген адамдарың мінез – құқы арқылы, негізгі әдіс – вариациялық статистика болуы қажет.

Психологияда сандық өлшемдер проблемасын алғашқы шешуге деген талпыныс адамның сезіну күшін физикалық бірліктегі стимулмен байланыса отырып адам организміне әсер ететін бірнеше заңды ашуға және қалыптастыруға әкелді. Оған Бугер-Вебер, Вебер-Фехнер, Стивенс заңдарын атауға болады. Онда физикалық стимулмен адамның сезінулерінің арасындағы байланыс анықталатын математикалық формула, сонымен бірге сезінудің салыстырмалы және абсолютті шектері анықталды. Соңынан психологиялық зерттеулерде математика енгендіктен зерттеулер объективтіліні арттырып, психологияны практикалық мәні бар ғылымға айналдырды. Математика психологияға енуінен біртүпті зерттеулердің көп рет жасауға болатын әдістерді талап етті, яғни процедура мен әдістердің стандартталуы проблемасын шешуді қажет етті.

Стандарттанудың негізгі мәні мынада екі адамның немесе бірнеше топтың психологиялық зерттеулерінің нәтижелерін салыстырғанда қате аз болуын қамтамасыз ету үшін, бірдей

әдістерді яғни сыртқы жағдайға карамай бірдей психологиялық мінезді өлшейтін әдісті қолдану керек.

Мұндай психологиялық әдістерге тест жатады. Бұл әдіс жиі қолданылады. Ол психологиялық құбылысқа дәл және сапалы мінездеме бере алатындықтан, сонымен қатар алдымен шешілуі қажет практикалық мәні бар нәтижелерді салыстыруға болатындықтан тиімді. Басқа әдістерге қарағанда тесттер мәліметтерді жинау мен оларды өңдеу, оларды психологиялық түсінуге болатындығымен ажыратылады.

Тесттердің де бірнеше нұсқасы бар. Олар: сауал-тесттер, тапсырма-тесттер, жобалаушы тесттер.

Сауал-тесттер белгілі бір психологиялық мінездеменің бар болуын я айқындағандығы жайлы сенімді ақпарат алатын сұрақтарға зерттелуші-лердің жауабына талдау ретінде қалыптасты. Мұндай мінездеменің дамуы мазмұнына сай келген жауаптардың санына негізделеді. *Тапсырма-тест* белгілі бір тапсырмаларды табысты орындау арқылы адамның психологиялық мінездемесі жайлы ақпарат алу. Мұндай тесттерде тапсырмалардың бірнешеуін орындау қажет. Орындалған тапсырма санынан ол адамдағы белгілі бір психологиялық сапаның бар немесе жоқ, сонымен қатар оның даму деңгейіне негіздеме бола алады. Мидың даму деңгейін анықтайтын тесттердің көбі осы категорияға жатады.

Тесттерді әзірлеуге талпынған адамдардың бірі Ф.Гальтон (1822-1911). 188ж Лондондағы Халықаралық көрмеде Ф.Гальтон антропометриялық зертхана ұйымдастырды (кейіннен бұл Лондондағы Оңтүстік-Кенсингтон мұражайына ауыстырылды). Бұл зертханадан бойының ұзындығын, салмағын, сезімталдықтың әр түрін, реакция уақыты және басқа да сенсомоторлық қасиеттері өлшеуден тоғыз мыңдай адам өткізді. Ф.Гальтон ұсынған тесттер мен статистикалық ұсыныстар өмірдің практикалық мәселелерін шешу үшін кеңінен пайдаланылды. Бұл қолданбалы психологияның бастамасы еді, соңынан бұл психотехника деген атқа ие болды.

Бұл термин Д.Кеттелдің (1860-1944) 1890 ж *Mind* журналында Ф.Гальтонның қортынды сөзімен *Mental Tests and Measurements* (нАқыл-ой тесттері және өлшемдері) мақаласы жарық көргеннен кейін ғалымдардың лексиконына енді. Кеттел

бұл мақалада Психология эксперимент пен өлшемдерге сүйенбейтін болса, физикалық ғылымдар секілді тұрақты және дәл ғылым бола алмайды. Көптеген адамдарға ақыл-ой тесттерін қолдану арқылы бұл салада алғашқы қадам жасауға болады. Мұның нәтижелері психикалық процестердің тұрақтылығын, олардың өзара байланысын және әр түрлі жағдайда өзгеруін ашуда ғылыми бағалы болады.

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде психологиялық тесттерді көптеп пайдаланды. Бұл кезде АҚШ соғысқа кірісуге дайындалып жатқан болатын. Бірақ соғысып жатқан жақтардағыдай қаруланбаған еді. Сондықтан соғысқа кіріспес бұрын (1917 ж.) әскери биліктегілер елдің ең ірі психологтары Э.Торндайк (1874-1949), Р.Йеркс (1876-1956), Г.Уиншле (1878-1976) психологияны әскери қызметте қолдану проблемасын шешіп беруді ұсынды. Американдық психологиялық ассоциациясы мен университеттер бұл бағытта жұмысты бастап та кетті. Р.Йеркстің басшылығымен әр түрлі әскерлерге әскери қызметке шақырылатындардың жарамдылығын (интеллекті бойынша) жалпы тексеру үшін алғашқы топтық тесттер жасалды. Альфа әскери тестісі сауаттыларға, ал бета тестісі сауатсыздарға арналды. Бірінші тест А.Биненің балаларға арналған вербалды тесттеріне ұқсас болды. Екінші тест вербалды емес тапсырмалардан тұрды. 1 700 000 солдат және 40 000 офицер сыналды. Көрестекіштер жетіге бөлінді. Осыған орай жарамдылық деңгейі жеті топқа бөлінді. Бірінші екі топқа міндеттерді орындау қабілеті жоғары және тиісті әскер оқу орындарына жіберілетін тұлғалар жиналды. Кейінгі үш топ қабілет көрсеткіші орташа статистикалық тұлғалардан жиналған еді.

Осы кезде Ресейде де психологиялық әдіс ретінде тесттер жасала бастады. Бұл бағыттың дамуы А.Ф.Лазурский (1874-1917), Г.И.Россолимо (1860-1928), В.М.Бехтерев (1857-1927), П.Ф.Лесгафттың (1837-1909) есімдерімен байланысты.

Тесттерді әзірлеуде Г.И.Россолимонның қосқан еңбегі зор. Оның есімі тек невролог-дәрігер ғана емес психолог ретінде де танымал еді. Жеке психикалық қасиеттерді анықтау үшін тұлға туралы толық көрініс беретін сандық бағалау әдісін әзірледі. Бұл әдіспен бес: зейін, қабылдаушылық, ерік, есте сақтау, ассоциациялық процесстер (ойда суреттеу және ойлау) топқа бөлінетін 11 психикалық процесті бағалауға болады. Осының



әрбір процессін орындауға қарай арнайы шкаламен құшын бағалайды. Оң жауаптар сызбада нүктемен белгіленді. Осы нүктелерді қосып, адамның психологиялық бағытын анықталды. Сыналушылардың категориялары (балалар үшін, интеллигентті ересектер үшін, интеллигенттер емес үшін) бойынша тапсырмалар берілді. Бұдан басқа Г.И.Россолимо сызбадағы көрсеткіштерді арифметикаға айналдыру формуласын ұсынды.

Бүгінде тесттер психологиялық зерттеуде кеңінен пайдаланылатын әдіс. Бірақ тесттер объективті және субъективті әдістердің арасында. Сыналатындардың өз есептеріне негізделген сауалнама-тесттер де бар. Осы тесттерді орындауда тестіден өткізудің нәтижесіне әсіресе оның жауабы қалай түсіндіретінін білгіні болса саналы немесе санасыз әсер ете алады. Алайда объективті тесттер де бар. Оларға *жобалы тесттерді* жатқызуға болады. Тесттің бұл категориясына сыналатындардың есебі қажет емес. Сыналушының орындайтын тапсырмасын зерттеуші еркін түрде түсіндіреді. Мысалы, сыналатын адамның түрлі-түсті карточкалардың түсін таңдауынан оның эмоционалды күйін білуге болады. Кейде сыналушыға белгісіз жағдай салынған сурет беріледі де, психолог оны сипаттауды сұрайды, соның нәтижесінде сыналушының психикалық ерекшеліктерін сипаттайды. Бірақ жобалы тесттер психологтың кәсіби дайындығының жоғары және тәжірибесінің мол болуын және сыналушының интеллектуалды дамуының жоғары болуын талап етеді.

## 10.2. Психодиагностикалық әдістердің классификациясы

Әдіс - әдістемелердің кең класы, олар технологиялық амалдар мен теориялық жүйелермен қамтылады. Бұл әдістемелер валидтілікпен ерекшеленеді.

Әдістемелер - нақты, жеке процедура немесе әрекет жүйесі, ол психикалық қасиеттер (зерттеу заты) жайлы, нақты зерттелуші контингентінде (зерттеу объектісі) анықталған жағдай класында (зерттеу жағдайы), берілген тапсырманы шешу (зерттеу мақсаты) ақпарат алу.

Психодиагностика әдістерінің классификациясы:

1. ұйымдастырушы әдістер
2. эмпирикалық әдістер

3.мәліметтер

4.интерпретация

5.өңдеу әдістері

Б.Г.Ананьевтің психологияда ұсынған әдістер классификациясы: психодиагностикалық әдістер эмпирикалық топқа жатады.

Психологияда зерттеу әдістерінің бірнеше топқа бөлінеді олардың ішінде психодиагностикалық әдістердің өзіндік зерттеу әдістері кездеседі.

Психодиагностикалық зерттеу әдістерінің классификациясы психолог үшін берілген тапсырмаға байланысты зерттеу әдістерін таңдау үлкен мүмкіндік береді. Сол себептен жіктеу диагностикаланатын психикалық қасиеттерге және зерттеу тапсырмасына сай жасалынуы қажет. Бірақ тапсырма мен әдістемелердің толық сәйкестігі жиі кездесе бермейді. Көп жағдайлық әдістемелер бірнеше жағдайды анықтайды, бұлар өте тымді болып келеді. Осы әдістемелерді игеру үшін және жүргізу процедурасын қолдану үшін бірнеше ерекшеліктерді ескеру қажет.

Біріншіден, әдістемелердің тапсырмасына жауап қайтару болып табылады:

- дұрыс жауапты қамтымайтын, тек тапсырмаға негізделетін әдістемелер; олар жауаптың дұрыстығы мен бағыттылығын ескереді (көптеген жекелік сұрақтамалар);

- тапсырмаға негізделген дұрыс жауапты қамтыйтын әдістемелер (арнай мүмкіндіктер және интеллект тестері).

Екіншіден, вербальды және вербальды емес тестерді айыратын психодиагностикалық әдістемелер:

- зерттелушілердің сөздік активтілігіне негізделетін вербальды әдістемелер;

- тапсырмалар есте сақтауды, қиялды сөздік формаға алмастыру тапсырмасына негізделеді;

- зерттелушілердің сөздік мүмкіндіктері тек тапсырма нұсқауын түсіну үшін қолданатын вербальды емес әдістемелер; тапсырманы орындау вербальды емес мүмкіндікке жүгінеді (перцептивті, моторлы).

Үшіншіден, психодиагностикалық инструменттерінің классификация-лық функциясының негізіне әдіснамалық принцип жатады.

Жалпы алғанда психологиялық-педагогикалық жеке адам диагностикасы пәні практикалық психология мен психодиагностиканың бірігуінің нәтижесінде жүреді. Адамдардың жеке қасиеттерін анықтау негізінде психодиагностика қалыптасады. Оған философтардың қосқан үлесі зор Теофраст, Аристотель, Платон. Психологиялық диагностика ғылым ретінде XIX ғ. ғана қалыптасады. Міне осы кезде ғана кең көлемде зерттеле басталды. Экспериментальды психологиядан алғашқы кезде бөлінбеген, психодиагностиканың дамуы психиканың жеке айырмашылықтарына көңіл бөлгеннен басталды. Еңбек сіңірген Гальтон, Кеттелл, Эббингауз кейінен Бинс-Анри. Осы кезден бастап тест өңделіп қолданыла басталды, негізін салған Гальтон ол психологияда психометрика бағытын негізін салған.

1890-1920 жыл аралығында қарқынды дами түсті. Психометрия 1920 жылы Роршах «Психодиагностика» атты еңбегін шығарды. Индивидтті анықтауға арналған әдістердің барлығы психодиагностикаға жатады. Векслердің интеллектіні анықтауға арналған субтест шкаласы. Проективті әдістер (ТАТ), Розенцвейг фрустрация реакциясын анықтауға арналған әдістемесі.

Б.Г.Ананьевтің айтуы бойынша «психологиялық диагностика» психофизиологиялық функциялардың, процесстердің, күйлерді және тұлға қасиеттерінің, мінез-құлқының күрделі түрлерін анықтауға арналады.

К.К.Платонов «психикалық ерекшеліктер мен қасиеттерді анықтауға арналған», ал К.М. Гуревич бойынша «психологиялық диагностика»- бұл адамдарды психологиялық және психофизиологиялық белгілер әдістерін классификациялау деп түсінген.

Психологияның басқа ғылымдар сияқты өз әдістері бар. Ғылыми зерттеулердің әдістері – практикалық ұсыныстарды шығару және ғылыми теория құру үшін керекті мәліметтер алынатын тәсілдер мен құралдар. Әрбір ғылымның дамуы көбінесе пайдаланылатын әдістердің жетілгендігіне және олардың қаншалықты сенімді екендігіне байланысты. Мұның барлығы психологияға да қатысты.

Психодиагностиканың зерттейтін құбылыстардың күрделілігі мен көптүрлілігі ғылыми танымға қиындығы соншалықты, психологиялық ғылымның жетістіктері тек осы әдістерге байланысты болған. Психология жеке ғылым ретінде тек XIX ғ ортасында бөлінді, сондықтан ол философия, математика, физика, физиология, медицина, биология және тарих сияқты нескің ғылымдардың әдістеріне сүйенеді. Сонымен қатар психология информатика және кибернетика секілді жас ғылымдардың әдістерін пайдаланады.

Кез-келген дербес ғылымның өзіне ғана тән әдістері бар екенін атау керек. Ондай әдістер психологияда да бар. Олардың барлығы екі негізгі топқа бөлінеді: субъективті және объективті

### Психологиялық зерттеулердің негізгі әдістері



Субъективті әдістер сыналушылардың өз-өзін бағалауына немесе олардың өзінше есептеріне, сондай-ақ кейбір құбылыстарға сыналушылардың айтқан пікіріне немесе алынған ақпараттарға негізделеді. Психология дербес ғылым саласына айналғаннан бері субъективті әдістер бірінше кезекте дами бастады және қазірде жетілу үстінде. Бақылау, өз-өзін бақылау және сауалнама психологиялық құбылыстарды зерттеудің алғашқы әдістері еді.

*Бақылау әдісі* психологиядағы ескі және бір қарағанда өте қарапайым әдіс секілді. Ол әдеттегі өмір сүру жағдайындағы адамның қызметіне бақылаушы кіріспей, жүргізілетін жоспарлы бақылауға негізделеді. Бұған психологияда бақыланатын құбылыстарды толық және дәл сипаттау, сонымен бірге оларды психологиялық тұрғыдан түсіндіру жатады. Міне психологиялық бақылаудың басты мақсаты осы: ол деректерге сүйене отырып, олардың психологиялық мазмұнын ашу.

Бақылау — ол барлық адамдардың пайдаланатын әдісі. Ал қарапайым адамдардың бақылауы мен ғылыми бақылаудың айырмашылығы өте көп. Ғылыми бақылау жүйелілігімен сипатталып, объективті шындықты алу үшін белгілі бір жоспарға негізделе отырып, жүргізіледі. Яғни, ғылыми бақылау жүргізілгенде арнайы білім және сапаны психологиялық көріну объективтілі ашылатын арнайы дайындықты талап етеді.

Бақылау әр түрлі нұсқаларда жүре алады. Мысалы, кеңінен қолданылатын әдіс *қосылған бақылау*. бұл әдіс психологтың өзінің қатысуымен жүргізіледі. Егер зерттеушінің қатысуынан, оның жағдайды қабылдауы мен түсінуінен нәтиже бұзылатын болса, онда болып жатқан жағдайларды объективті түсіну үшін шеттен бақылаған жөн. Қосылған бақылау мазмұнына қарай басқа әдіске - *өз-өзін бақылауға* өте ұқсас.

Өз-өзін бақылау яғни, өз калып-күйлеріңді бақылау тек психологияда қолданылатын әдіс. Бұл әдістің артықшылығымен қатар, бірнеше кемшілігі де бар. Біріншіден, өз калпыңды бақылау өте қиын. Бақылауға орай олар дұрыс болмауы мүмкін немесе тоқтап та қалады. Екіншіден, бұл бақылауда субъектіліктен құтыла алмайсың, өйткені біздің қабылдауымыз субъективті бояуға ие. Үшіншіден, біздің кейбір калыптарымызды түсіндіру қиын бұл әдісте. Дегенмен, өз-өзін

бақылау әдісі психолог үшін аса маңызды. Тәжірибеде басқа адамдардың мінезін көргенде, психолог оның психологиялық мазмұнын білгісі келеді. Көбінесе ол өз тәжірибесіне, өз қалпын талдауға сүйенеді. Сондықтан психолог табысты жұмыс істеу үшін өз жағдайы мен қалпын объективті түрде бағалауды үйренуі керек.

Бұл әдіс көбінесе экспериментте пайдаланылады. Мұнда бұл әдіс дәл сипатталып, мұны эксперименталды өз-өзін бақылау деп атайды. Бұл жағдайда зерттеушінің аса қызықтыратын кездерінде дәл есептелінген жағдайда адамға сауал қойылады. Мұндайда өз-өзін бақылау әдісі *сауалнама* әдісімен бірге жүргізіледі.

Сауалнама зерттелетіндерден сұрақ - жауап қою арқылы ақпарат алуға негізделген. Сауалнама жүргізудің бірнеше нұсқасы бар. Олардың әрқайсысының артықшылығы және кемшіліктері де бар. Сауалнаманың үш түрі бар, олар: ауызша, жазбаша және еркін.

*Ауызша сауал*, әдетте зерттелушінің реакциясы мен мінез-құлқына бақылау жасау үшін қолданылады. Сауалдың бұл түрі жазбашаға қарағанда адам психологиясына терең бойлатады, себебі зерттеушінің қоятын сұрақ-тары зерттелушінің мінезіне қарай түзетіле алады. Мұндай нұсқа көп уақытты, арнайы дайындықты қажет етеді, өйткені жауаптардың объективтілігі зерттеушінің мінезі мен тұлғалық ерекшеліктеріне де байланысты.

*Жазбаша сауал*, аз уақыттың ішінде көптеген адам санын қамти алады. Мұның ең көп тараған түрі — анкета. Оның кемшілігі мынада, қойылған сұрақтарға зерттелушілердің реакциясын біле алмайсың және зерттеу барысында оның мазмұнын өзгерте алмайсың.

*Еркін сауал*, жазбаша және ауызша сауалнаманың бір түрі, мұнда қойылатын сұрақтар алдын ала белгілі болмайды. Мұндай сауалнамада зерттеудің тактикасы мен мазмұнын оңай өзгертуге болады, онда зерттелуші жайлы әртүрлі ақпарат алуға болады. Сонымен қатар, стандартты сауалнама уақытты аз алады, ең бастысы нақты зерттелуші жайлы алынған ақпарат басқа адамның ақпаратымен салыстырылады, өйткені мұнда сұрақтар өзгеріп отырады.

Сұалнама әдісін қарастыра келе, біз алынатын ақпараттың дәл өсендігі жайлы және психологиядағы сандық және сапалық сипаттама проблема-ларына тірелдік. Бір жағынан бұл проблема зерттеудің объективтілігімен байланысты. Психологтар өзіне көптен бері мынадай сұрақ қойып жүр: Бақыланып жүрген құбылыстың кездейсоқ екенін немесе оның объективті бар екенін немен дәлелдеуге болады? Психологияның қалыптасу және даму барысында эксперимент нәтижесінің шынайылығын дәлелдейтін әдіснамасы анықталды. Бұған дәлел сондай жағдайдағы басқа зерттелушілерді зерттеудегі нәтижені қайталау. Үкестықтар көп болған сайын, табылған құбылыстың бар екендігі жоғары. Бұл нәтижелерді салыстыруға болатындығы проблемасына да байланысты. Әр түрлі адамдардың белгілі бір психологиялық мінездерін қалай салыстыру қажет?

Объективті мәліметтерді зерттелетін қасиет бөлініп, дұрыс бағаланатын жасанды жағдай жасалуға негізделген *эксперимент* - әдістің көмегі арқылы алуға болады. Зерттелетін феноменнің басқа феномендермен себептік байланысы жайлы, құбылыстың пайда болуы мен дамуын ғылыми тұрғыдан түсіндіретін басқа психологиялық әдістерге қарағанда, эксперимент ең сенімдісі. Эксперименттің екі түрі бар: зертханалық және табиғи. Олар бір-бірінен эксперимент жүргізудегі жағдайлармен ажыратылады.

Зертханалық экспериментте зерттелетін қасиет дұрыс бағаланатын жасанды жағдай жасалады. Табиғи эксперимент әдеттегі тұрмыстық жағдайда жасалады. Мұнда зерттеуші кіріспей, жағдайларды сол күйінде жазып отырады. Табиғи экспериментті алғаш рет А.Ф.Лазурский қолдана бастады. Әрине, табиғи жағдайдағысы адамдардың өмірлік мінезіне сай келеді. Бірақ табиғи жағдайда зерттеуші толық бақылау жүргізе алмайтындықтан оның нәтижесі дәл болмауы да мүмкін. Осы тұрғыдан зертханалық дәл, ал табиғи өмірлік жағдайға сай келеді.

Психологиялық әдістердің бірі – *модельдеу*. Ол дербес әдіске жатады. Ол басқа әдістерді қолдану қиындағанда ғана жүргізіледі. Олардың ерекшелігі белгілі бір психологиялық құбылыс жайлы ақпаратқа сүйенетіндігінде, екінші жағынан оны қолданғанда сыналушы қатыспайды немесе нақты жағдай есепке алынбайды. Сондықтан модельдеудің әр түрлі әдістерін объективті немесе субъективті әдістерге жатқызу қиын.

Моделдер техникалық, логикалық, математикалық, кибернетикалық және т.б. болуы мүмкін. Математикалық моделдеуде ауыспалылардың өзара байланысы мен олардың қатысы, зерттелетін құбылыстардағы қайталанатын элементтер мен қатынастар көрсетілген математикалық мән немесе формула қолданылады. Техникалық моделдеуде зерттеуді елестететін құрал немесе құрылғы жасалуы қажет. Кибернетикалық моделдеу информатика және кибернетика саласының психологиялық міндеттерін шешуге пайдаланылады. Логикалық моделдеу математикалық логикада қолданылатын идеялар мен символға негізделген.

Компьютер мен бағдарламалық қамтамасыз етудің дамуы ЭСМ жұмыс істеу заңдарындағы психикалық құбылыстарды моделдеуге бастады, өйткені адамдардың ойлауда қолданатын операциялары, міндеттерді шешудегі ойлау логикасы компьютерлік бағдарламалар жұмыс істеуіне жақын екен. Ол компьютердің жұмыс істеуіне қарай адамның мінезін көзге елестету және сипаттауға бастады. Осындай зерттеулерге байланысты Д.Миллер, Ю.Галантер, К.Прибрам атты америка ғалымдарының және ресей психологы Л.М.Веккердің есімдері белгілі.

Көрсетілген әдістерден басқа психикалық құбылысты зерттейтін басқа да әдістер де бар. Мысалы, *әңгімелесу* - сауалнаманың бір нұсқасы. Сауалнамаға қарағанда әңгімелесу әдісі процедураны жүргізудің еркіндігімен ерекшеленеді. Әдетте әңгімелесу жайлы жағдайда өтеді, ал сұрақтар сыңалушының жағдайы мен ерекшелігіне қарай өзгеріп отырады. Басқа әдіске *құжаттарды зерттеу әдісі* немесе *адамның қызметін талдау әдісі* жатады. Психикалық құбылыстарды зерттеу барысында әр түрлі әдістерді кешенді түрде қолданғаннан зерттеу тиімді болатынын ескерген жөн.

**Тақырыпты нысықтауға және бекітуге арналған сұрақтар:**

1. Әдіс және әдістеме түсініктерінің айырмашылығын атаңыз?
2. Психологиялық зерттеулердің қандай әдістерін білесіз?
3. Тест дегеніміз не? Тесттер қандай болады?
4. Байқау әдісіне қандай талаптар қойылады?

## XI. ТҰЛҒА ПСИХОДИАГНОСТИКАСЫ

### 11.1. Тұлға моделіне қатысты теориялық құрылым

Психодиагностика тұлғаның негізгі түрлерінде базаланады. «Тұлға» ұғымының өзін әр түрлі анықтайды. Голпорт (1949), мысалы тұлғаның 50 түрлі анықтамасын келтірді. Негізінде «тұлға» сөзі психологиялық сапалардың бірлігі, әр адамның ерекшеліктерінің (әлеуметтік, табиғи, психикалық) білдірілетін ұғым ретінде қолданылып жүр.

Тұлға диагностикасы – темперамент, мінез, когнитивті күш, мотивтер, қызығушылық пен басқа да психикалық сапалар туралы мәлімет алуға бағытталған диагностика (Н.Г.Шмелев, 1996).

Тұлға мазмұны – оның ішкі өмірі, әлемі, индивидуальді санасы және өзін-өзі бақылауы, идеялары, көзқарасы, пікірі, түсінігі.

Тұлғалық психодиагностиканың орталық және универсалды ұғымы «психикалық құрылым». Құрылым – бұл заттың түрлілігі мен басқа заттармен байланысын және қатынасын көрсететін философиялық категория құрылымдар интенсивтілігі мен өлшемдеріне орай топталады. Осыған орай құрылымның үш негізгі түрі ерекшеленеді:

- Жыныстық (ер және әйел)
- Сызықты бір өлшемді құрылымдар
- Көпсызықты.

Тұлға бейнесін белгілі бір әрекетке орай орналасуының тұрақты мотиві мен қызығушылығы деп түсінеміз.

Бейнелер түрлері мен олардың арақатынасы. Өзінің жүйесінде бейнелер бумасы «тұлға профилін» құрады. Анықталған бейненің даму деңгейіне анықталған және нормативті нәтиженің индивидті жетістігі тәуелді болады. Егер бейнелер деңгейі нәтиже жетістігіне әсер етпесе, онда сөз стильді бейнеде болғаны. Стильді бейне біртұтастығы әрекет пен іс әрекеттің индивидті стильін анықтайды. Іс әрекетке бағытталған бейнелер мотиві деп аталады. Психикалық құрылымдар көріністер, ауыспалы, тұрақсыздар психикалық күйді құрайды.

Осы жолмен психологиядағы диагностика бағытталған жасырын факторлар қабілеттер немесе стильдік немесе мотивті немесе психикалық күй болып табылады.

Психологияда психикалық күйлер мен олардың факторларының байланысын түсіндіретін көптеген теориялар бар. Әрбір психодиагностикалық әдістеме сүйенетін диагностикалық концепция бұл - бір-біріне іс әрекетті жүзеге асыруға бағытталған психикалық құрылымдардың теориялық жүйесі. Жалпы және жеке көріністер арасындағы айырма жалпы және жекелік психодиагностикалық әдістемелердің айырмашылығын қамтамасыз етеді.

Тұлғаның сансыз және әртүрлі көріністер оның құрлымымен толықтырады. Психологиялық құрылым түсінігі маңызды теориялық және практикалық мағынаға ие. Сонымен қатар, тұлғаның психологиялық құрылымы нақты адамның индивидті психологиялық ерекшеліктерін жүйелі және нақты түрде игерудің кестесі болып есептеледі.

Тұлғаның жаңашыл теориялары фактілер және элементі жағынан үлкен айырмашылықпен сипатталады.

Жеке адам анықталған әлеуметтік қоғамның өкілі, әлеуметтік сапаға ие, тұлғалық ерекшеліктері бар адам.

Тұлға – homo sapiens түсінігіндегі өкіл, тұлғалық көріністерге ие адам.

Бірінші деңгейге адамның мінезі жатады:

- Физикалық ерекшелігі (бойы, сүйек тығыздығы, күші)
- Биохимиялық ерекшелігі (биохимиялық процестің жүруі)
- Соматикалық ерекшелігі.

Тұлға деңгейіне жататын айырмашылықтар:

- 1. Алғашқы «тұлғалық» сапалар: жастық, жыныстық;
- 2. Екіншілік «тұлғалық» сапалар: темперамент пен ерік;
- 3. Үшіншілік «тұлғалық» сапалар: характер, қабілет, қажеттілік және тәжірибе.

Тұлғалық сұрақтар.

Ең көп таралған тұлғалық сұрақтарға: сұрақтар тобы мен бірнеше жауабы бар тесттер жатады. Қабілет тесттерінен айырмашылығы оларда объективті дұрыс және дұрыс емес жауаптар жоқ, бірақ әрбір сұрақ бөліміне, әрбір бейнені анықтап береді. Бейне түсінігінің астарынан үзілісті береді. Бейне



түсінігінің астарынан үзілісті көре аламыз. Бейне мен көріністің үш түрі бар: конституциональді, организм құрылымымен байланысты және жағдайлардың шектеуіне шек қояды; индивидуіті, іс әрекет тәжірибесімен толықтырылған; тұлғалық немесе рефлексті жағдайлық өзіндік әрекеттің саналығымен байланысқан.

Психологияда тұлғаны зерттеудің келесі бағыттарын бөліп қарайды:

L – мәліметтер (Life record date)	Адам туралы мәлімет күнделікті өмір әрекетінен алынуы мүмкін.
Q – мәліметтер (questionnaire date)	Адам туралы мәлімет сұрақ немесе өзін-өзі бағалаудың басқа да әдістері арқылы алынуы мүмкін.
T – мәліметтер (Tests date)	Адам туралы мәлімет объективті тесттер көмегімен алынуы мүмкін.

Конституциональді диспозициялар психодиагностикасы Стреляу және Русалов тесттері арқылы жүзеге асырылады. «Экстроверсия-интерверсия», «нейротизм-эмоциялық тұрақтылық» атты екі базистік тұлға параметрін Айзенканың сұрақтар жүйесімен жүргізеді. Ал басқа базистік параметрлерді Майерс-Бриге және Киерси арқылы жүргізеді және келесі негіздерге сүйеніп адамның психологиялық типін анықтайды:

- «экстроверсия интoрверсия»;
- «Түйсік интуиция»;
- «ойлау эмоциялық»;
- «жоспарлық, пікір импульсивтілік»

16 PF сұрақ жинағының екіншілік факторларының деңгейі берілген сұрақ жинағының категорияларына қатысты болады. «Экстроверсия» мен «нейротизм» рационалдылық-эмоциялылық факторларымен толықтырылады.

Ең көп таралған әдіс келесі бейнелерді анықтайтын «Үлкен бесік» әдісі:

- «өзіне сену мен сенімсіздік»;
- «достық сезім мен қастық»;

«саналылық пен импульсивтілік»;

«эмоциялық тұрақтылық пен қорқыныш»;

«интеллектуальді қаттылық пен ригидтілік».

Бұл әдіс концепциясы көптеген авторлармен (У.Нарман, Л.Гольдберг, П.Коста, Р.Мак-Крей, Д.Дигман, Б.Раад) зерттелді. Көрсетілген, «бестік» адамның жалпы бейнесін сипаттайды.

Бұл тәріздес сұрақтар топтамасына патохарактерлік сұрақ жинағының негізгі бөлігін жатқызуға болады. Сонымен, К.Леонгардт бойынша тұлға, акцентуациясы Г.Шмишектің жинағына негіз болды.

Сонымен қоса, ПДО (А.Е. Личко жасаған), ММРІ т.б. сұрақтар жинақтар бар.

Қызығушылық диагностикалары сұрақ жинақтарын ерекше атап өту керек. Қызығушылық мәселесіне қызығушылық таныту, кеңес беру жұмысының дамуымен байланыста жүзеге асырылады. Жұмысшының да, жұмыс берушінің де позициясы практикалық мағынаға ие. Бірақ, болашақ мамандыққа және анықталған өмір барысына байланысты қойылған сұрақтар адекватты бола бермейді. Оның мотивациясының қалыптасуын жатқызады. Бұндағы мәселе, адам бір – біріне мамандық іс әрекетіне, оған белсенділік танытпай кірісе кетуі мүмкін емес. Сондықтан, көптеген сұрақ жинақтары мамандық таңдау жағына бағытталады. Ең көп тараған жинақтар: Стронг-Кэмпбеллдің және Дж Холланд жинағы, Кьондер, Дж Роттер, М.Рокич т.б. жинағы.

Мотивация диагностикасы мотивацияның әр түрлі типімен құралған, бір бірімен іс әрекет формасын анықтаушы. Жинақ көмегімен мотивті өлшеу адекваттылық деңгейінің төмендеуімен байланысты. Бірақ, бұл минимизация кезінде жинақ мотивтері біршама сенімді және валидті. Ең көп таралғаны: «Жекелік пікір тізімі» А.Эдвардса мен «Тұлғаны зерттеу формасы» Д.Джексонның жинақтары.

А.Мехрабиан және Р.Нигараның, Т.Тьесменнің жинақтары жетістікке жету мен жолы болмаушылықтан қашу мотивтерін көрсетті.

Субъективті шкалалаудың әдістемесі объект мінездемесінің сандық қатынасын және анықталған сандық жүйесін зерттеуге негізделген. Осымен қоса, эмпирикалық объектілердің

жоспарлануы, шкала бойынша шектен тыс болады. Бұл жоспардағы ерекше әдістеме семантикалық дифференциалдың орудының жалпы топтары болып табылады.

Ең көп тараған жинақ Кетгелдің 16PF рейтинг формасы. Бірақ бұл түрдегі әдістемені қолдану мәселесі барлық адамның жеңіл және қарапайым бағалай алмауы.

Индивидті сананың ерекшеліктерін анализдейтін репертуарлы торлы техника ерекше орын алады. Психодиагностикалық әдістердің барлығына тән номонетикалық жолын игере отырып, репертуарлы торлы техника немесе жекелік құрылымның тесті адамның ішкі дүниесін өз сөзімен сипаттай алу заңдылығын береді. Репертуарлы торлы техниканы әр түрлі мақсатта қолданылады: «Мен» концепциясының ерекшеліктерін анықтауға; адамның өзі және қоршаған орта, кризистік жағдай, элемент туралы көзқарасын ашуға, басқа адамдарды қабылдаудағы ерекшеліктерді білуге.

Олардың жалпы саны 300-ден асады.

Бұл тестер қағаз бен қаламның көмегімен орындалады. Адамның жеке басының әртүрлі жақтарын берілген тұжырымдар жиынтығымен «келісу» немесе «келіспеуі» арқылы анықтаймыз. Бұлардың ішіндегі ең кең тараған түрі — Миннесот штатының университетінде жасалған ММРi сұрақтамасы.

ММРi сұрақтамасы адамның жеке басының көрінісінің әртүрлі сапаларын қамтитын (семьялық өмір, кәсіптік белсенділік, жыныстық әдеттер, әлеуметтік және діни әрекеттер) 550 пункттен тұрады. Тест адам бағасын психотерапияда сипатталған патологиялық категориялармен сәйкес, 10 анықталған өлшемде қарастырылады. бұл өлшемдердің әрқайсысына, сол бағытта психикалық ауытқушылығы бар адамдардан тұратын, бақылау тобы таңдалып алынған. Осылайша, адамның депрессияға немесе паранойяға бейімділігі — оның реакциясы мен психиатриялық клиникада депрессия мен паранойяның анық диагнозы қойылған адамның реакциясын салыстыру жолымен бағаланады. нәтижесінде сынақтан өткен әр адамның жауаптарын бақылау тобындағы адамның жауаптарымен салыстыра отырып, нормадан тыс ерекшеліктерді табуға болады.

## 11.2. Тұлғаны зерттеудегі проективті әдістер

Проективті әдістемелердің саны өте көп және күннен күнге өсіп келе жатыр. Проективті әдістемелері туралы әдебиеттердің саны 4000-нан да асып кетті. Индивидтің фантазиясын ояту үшін қысқа, жалпы нұсқаулар ғана беріледі. Сол үшін тест стимулдары нақты емес. Осыған ұқсас тапсырмалар-дан тұратын гипотеза индивидтың тест материалын немесе жағдай «құрылымын» қабылдау мен интерпретация әдісі оның психикасының функцияларының негізгі «фундаментальдық» аспектерін кескіндейді. Яғни тест материалы экран ретінде жұмыс істеу керек.

Проективті әдістемелер жасырын тесттің әдістемелері болып саналады, өйткені зерттелетін адам психологиялық интерпретацияның түрі туралы сирек күдіктенеді.

Проективті әдістемелер тұлғаны бағалауға терең қараумен сипатталады. Зейін тұлғаның бөлек қасиеттерін өлшеуде емес, жалпы суреттемесіне бағытталған. Жобалық әдістемелер тұлғаның жасырын жақтарын ашудағы тиімді процедуралар ретінде қарастырылады. Неғұрлым тест құрылымға аз негізделсе, соғұрлым ол жасырын материалға сезімді болады.

Проективті әдістемелер клиникалық жағдайларда пайда болып, клиенттің құралы болып есептелінеді. Олардың кейбіреулері психикалық ауруларға қолданылған терапевтикалық әдістерден дамыған (мысалы өнер шығармаларымен емдеу). Проективті әдістемелердің теориялық құрылысына психоанаметикалық концепциялардың ықпалы бар.

Проективті әдістемелерге тән терең көзқарасына байланысты тек эмоциялардың, мотивациялық және тұлғааралық мінездемелер емес, тәртіп-тің кейбір интеллектуалдық аспектері қарастырылады. Соңғысына жалпы интеллектуалдық деңгейді, стиль мен ерекшеліктілігін жатқызуға болады.

Тақырыптық апперцепциялық тест (ТАТ). ТАТ проективті әдістемелер тобына жатады. Олар әлеуметтік ортада және қарым-қатынастарда көрінетін тұлғаның ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылады. Бұлар:

а) тұлғаның позициясының ерекшеліктері (әрекеттік, ?)

б) интeрпeрcснaльдық бaйлaныcтapдың epeкшeлiктepi (cимпaтия, aнтипaтия, үйpeншiктi)

в) бaсым тeндeнциялapы ;

г) ic-apeкeт эдiстepi (ic-apeкeттi ұйымдacтырудың эдiстepi , пpaктикaлық oйлaудың epeкшeлiктepi , өмiрлiк ecептepдi шығapу эдiстepi).

д) тұлғаның динaмикaлық жaғы ( ic-apeкeттiң ритмi , эmoциялық лaбильдiк , peактивтiк).

Толық тeст зepттeлeтiн aдaмғa ұcынылaтын cитуaциялық cурeттepдiң бiрнeшeуiнeн тұpaды (6 – 30- ғa дeйiк). Тeст үшiн apнaйы , cалынғaн cитуaциялap 2 нeгiздi тaлaптapғa cай кeлeтiн , cурeттep aлынғaн.

Егep зaттap мeн aдaмдap aнық cалынбaғaн бoлcа, бұж cитуaциялapдың cимпoзициялapы дa дәл cол уaқытты oбъeктивтi aнық eмec бoлaды. Бұл cурeттepдi өзiншe қaбылдaғaнды тaлaптeдi. Зepттeлeтiн aдaм әр қaбылдaуғa өзiнiң бiлiмiн, жeкe тәжiрибeciн, өзiнiң ic-apeкeт эдiстepiн, өзiнiң бaғaлapын қолдaнaды.

Әр cурeттi epкiн әнгiмe peгiндe көpcету керек :

а) дәл oсы кeздe, oның ойыншa, cурeттeгi нәрceнi cипaттaу .

б) oсы жaғдaйдың тууынa нe ceбeп бoлды.

в) әpi қарай нe бoлaтынын бoлжaп көpу.

г) cурeттe cалынғaн aдaм бейнeлepiнiң cезiмдepi турaлы aбыл бepу.

д) aдaмдapдың ойын тaбa бiлу.

Омбpeдaнoның пiкiрiншe бapлық жoбaлық тeсттep cияқты ТAТ тұлғаның epeкшeлiктepiн oның жaуaптapындa кecкiндeйдi. Бiрaқ, бacқa тeсттepгe қарaғaндa, ТAТ бұл әртүрлi өмiрлiк cитуaциялapдaғы тұлғa ic-apeкeтiнiң epeкшeлiктepiнiң тoлық cурeтiн көpcетeдi.

ТAТ вaриaнтындa 28 cурeттep бap.

Бacқa тeсттepгe қарaғaндa ТAТ нaқты cтимулдy нeгiзгe aлып, ic-apeкeт бaғытты тaндaудың шeкciз epкiндiк бepедi. Мыcaлы, Г.Рopшaхтың тeстiнeн айырмашылығын ТAТ cхeмacынa тoмeндeгiдeй көpcетугe бoлaды «нaқты cтимул - epкiн жaуaп». ТAТ жaуaптapы өтe epкiн жәнe eшқaндaй шeктepi қойылмaғaн. Рopшaх тeстiндe тәжiрибe әрқaшaн бейнe шeктeулepi aнықтaлғaн, ал ТAТ-тa бейнe бiрнeшe accoциaциялapды шығapaды. Бұндaй

ассоциациялар жай өмірде тұлға қасиеттері туралы айтатын іс-әрекетте тәртіп жүйесінің ерекшеліктерін анықтайды.

Суреттердің интерпретациясы нәтижесінде алынған материал әртүрлі принциптармен өңделу мүмкін және әртүрлі экспериментальдық есептердің қойылуын кездейді. Мысалы, Томкинс әр ұпайда есептелінетін көрсеткіш-тердің әртүрлі қатынастары бар және әр қатынасқа бағасы бар жүйені құрастырған. Бұл жүйенің кемшілігі бағаның критерийінің тым еркіндігінде. Мысалы, 300 сөзден құралатын әңгіме норма деп саналып, одан ауытқу дұрыс емес деп саналса, онда шешендік пен ойдың нақтылы сияқты тұлға-ның құнды қасиеттері байқалмай қалуы мүмкін. Мэррей басқа бір принципті «берілгенді табу» деп негіздеген. Мысалы эксперименттік материалда жұп болатын қасиеттерді іздеу керек: агрессия мен қорғау, маниактың қасиеттерімен немесе депрессия, оптимизм немесе пессимизм және т.б.

Тест сананың әртүрлі салалары мен деңгейлерін анықтау сияқты тапсырмаларды орындау мүмкін: саналы-санасыз, ашық-жасырын, шығарушы-орын басушы. Мысалы, нақтырақ тапсырмаларда беріледі: субъекті іс-әрекеттілігінің дәрежесін анықтау: «бала ойлайды», «бала армандайды», «баланың орындағысы келеді», «бала бір нәрсе істеп жатыр» деген ойлаулар алдын ала іс-әрекеттіліктің әртүрлі стадиялары немесе дәрежелі есебінде бағалануы керек.

ТАТ әдістемесімен танысу үшін анализдің кең таралған принципі қабылданған-тұлғаның жүйелік кешенін анықтауға бағытталған материал беретін негізгі пункттері табу.

Жалпы әдістемелік нұсқаулар.

Анализдің негізгі категориялары (қасиеттері мен көрсеткіштері)

«Кетіп қалу» категориясы.

Зерттелетін адамның керекті жауаптардан кетіп қалуға бағытталған іс-әрекет – «кетіп қалу» деп аталады.

Бұл кезде зерттелетін адам шын жауаптарды басқа жауаптармен ауыстырады. «Кетіп қалулар» саналы және санасыз болады.

«Кету» 4 түрге бөлінеді.

1. Сипаттау түрі. Әңгіменің 5 бөлігінің ішінен (суретте бейнеленген момент, бастамасы, бітуі, ойлары, эмоциялары) сынаушының бір сәтте қолдана алуы. Бұл сипаттама тым ұзақ немесе өте тым қысқа болуы мүмкін. Мысалыға: «бұл жерде бала отыр. Мынау скрипка. Бала скрипкаға қарап отыр. Мен басқа ешнәрсе білмеймін.»

2. Сюжетті құрудың формальдық түрі (нақты мазмұны жоқ) Бұндай жағдайда зерттелетін сюжетті тек қарқасдан ғана жасайды. Оның көрініп тұрған бейнесін пікірсіз, мінездемесіз толықтыруы. Мысалы, «бұл суретте баланың скрипкаға қарап отырғанын бейнелеген. Ол скрипкада ойнайды. Бұл сәтке не әкелді? Оның ойнай алуы. Егер, ол оқуын жалғастырса, әрі қарай бұндайда жақсы ойнай алады. Ол скрипкада ойнап отырғанын ойнап және жақсы ойнау үшін көп оқу керек екенін сезіп отыр».

3. Ауыстыру түрі. Өзінің жаратқан, сыналатын сюжетінің орнына, схемалық дайын материалға ұқсас нәрсе іздейді-әдеби шығарма, кинофильмнің сценарийі, тарихи эпизод, радио немесе телеспередача және т.б. Мысалы бұл сурет «Бетховиннің концерті» кинофильмнің кадрына ұқсайды. Ол фильмнің кейіпкері де – музыкант бала. Оған байқауға қатысып бірінші орын алып келсең, Мәскеуге барасын деген кезде, ол...Одан кейін фильмнің шығармашылық мазмұнын айтып береді.

4. Кеңдік түрі. Бұндай жағдайда сынаушы сюжетті құрған кезде, әр бұрылыста барынша әртүрлі, түрлерді беруге тырысады. Мысалы, «бұл бала 12 немесе 13-те. Мүмкін одан да үлкен шығар. Мүмкін ол өзінің жасынан ересектеу көрінеді. Мүмкін ол 7-8 жаста шығар. Оның алдында скрипка жатыр. Оған біреу сыйлаған. Немесе оның скрипкасы емес. Мүмкін әкесінікі немесе ағасынікі шығар. Мүмкін мүлдем үйінде емес шығар. Ол басқа бірсудің скрипкасы. Ол скрипкада ойнайын деп жатыр. Мүмкін оның ойнағысы келмей жатқан шығар. Музыкалық мектепте емтихан тапсыру алдында толғануы мүмкін. Бәлкім скрипканы сындырып алып, қорқып отырған шығар» т.с.с.

«Кету» бұл төмендегідей барлық нәрселерге қатысты түр сипаттары:

а). Зерттеуден қорқу, тесттен қорқу, өзінің қызығушылығын, мақсатын, себептерін жасыру сипаты.

б) Қарым-қатынас жасаудың қиындықтары.

в) Интеллектуалды шектеу.

г) Интеграция қабілетінің төмендігі

«Персонаждардың позиция» категориясы. Өмірлік позиция өзін, суреттегі бейнеленген бейнемен салыстыру. Позиция көптеген өмірлік есептермен конфликттерді шешу үшін бастапқы нүкте болып саналады. Ситуацияны өзгертуге бағытты, одан активті шығуға бағытталуы іс-әрекет-тің позицияда бақыланады, керісінше, пассивтік, іс-әрекетсіздік тәуелді позицияда «Үшінші адам» ретінде «жанынан қарау», бірақ ситуацияға қатыспау. Жоюға конфликтке бағытталуы агрессивтік позицияға тән.

Позициялардың барлық түрлері тұлғалық сәйкес тенденцияларының тіке көрсеткіштері болып саналады. Бұлардың бәрі тұлғалық іс-әрекетінің әдістері туралы сұрақтарды шешу үшін материал береді.

Әрекеттік позицияның қасиеттері: осы шақтық етістіктерін қолдану.

Тәуелдік позицияның қасиеттері ықпалдар мен әсерлер туралы ойлар

болып табылады. Ойлар әсер ететін адамның атынан жүргізіледі. Зейін

қудалау фактілерге тұрақталады.

Агрессивті позицияның қасиеттері императивтік конструкциялардың басымдылығы болып саналады. Басқа тұлғаға әсер етуге акцент қойылады. Әрекеттік позициядан айырмашылығы – белгілі бір мақсаттың, іс-әрекеттердің жоспарының жоқтығы.

Солидаризация дегеніміз басқа бір адамның сізді –түсінуі. Зерттелетін адам басқаның позициясын қабылдау мүмкін емес, сонымен қатар басқаның қабілеттері мен қасиеттері зерттелетін адамдікіне жағымды болуы мүмкін. Әдеттегідей, зерттелетін адам оларды бірден айтады.

«Сюжеттік сызықтан ауытқу» категориясы. Бұл категорияның қасиеті әңгіме бағытын бірден өзгертуі болып саналады. Анықтамалық және мемориялдық, ауытқулар болады. Анықтамалық ауытқулар – реонерство (өсиетшіл) көрсеткіштері. Мемориялдық-эгонтризмнің көрсеткіштері. Жиеленіп кеткен ауытқулар идеялардың секірулері болып саналады.



«Қабылдау қателері» категориясы. Қабылдау қателері деп суреттегі бейнеленген заттардың басқа түрлерін қосу және ойдан шығару емес, әншейін айту болып табылады.

Қабылдау қателері – мықты нұсқаулардың басымдылықтың қасиеттері.

«Әңгіменің жалпы уақыты» категориясы. Тоқтаусыз әңгімелер әртүрлі ассоциациялармен бай сананы, фантазияға үйірлілігін сипаттайды. Бір суретке айтылған ұзақ әңгіме зерттелетін адамды ситуация мен сюжет өте қызықтырғандығын білдіреді. Егер, әңгіме 30 минутқа тоқталып қалса «ортасында» онда ол аффекттік реакцияның белгісі болады.

Эксперимент процедурасы. Тест басталғанша зерттелетін адам көрсеткіштер жүйесі, тест бағалары туралы ешнәрсе білмеу керек. Тест карточкалары зерттелетінге кезек-кезек ұсынылады. Оған 5 бөліктен тұратын нұсқау көрсетіледі :

1) «Бұл суретте не көріп тұрсыз?» , «ситуацияны сипаттап беріңіз.»

2) «Бұл ситуация не туғызды?», «Қандай себептер?»

3) «әрі қарай не болады сіздің пікіріңізше?»

4) «Суретте бейнеленген адамдардың ойлары қандай?»

5) «Адамдар қандай сезімде тұр?»

Жауаптар алғашқы хаттамаға (бағасыз), мүмкіндігінше сөзбе-сөз жазылады.

**Эксперименттік материалды өңдеу тәртібі:**

1. Барлық жауаптар мен сипаттамалар, ойлар, алғашқы хаттамада жазылғандар, екінші хаттаманың пункттеріне сәйкес жайғастырылу мақсатында анализден өткізіледі.

2. Жауаптар мен олардың қатынастарынан (сәйкестік қарама қайшылық) «проекцияның құрылымы» шығарылады.

3. Кез-келген категория жауаптарының көпшілігінің негізінде тұлғаның психологиялық нақты тенденциясы шығарылады.

4. Тұлға туралы жалпы қорытынды құралады. Оның ішінде тұлға жасайтын орта туралы ойлар, позиция, сапа туралы мәліметтер, тұлғаның динамикалық тізбегі туралы, эмоциялық және жігерлік сфера туралы, іс-әрекет әдістері, тұлғаның бөлек қасиеттері және оның бағытталуы туралы қорытынды жасалады.

Экспериментатордың негізгі зейіні мәтінін өңдеу барысында қорытындыға, оның дәлелдеу жағына көп көңіл бөлу керек.


Тұлғаның өзін-өзі бағалау шкаласы. Теориялық негізделуі. Ұсынылатын әдістеме А.М.Пригожин мен құрастырылған. Бұл Дембо-Рубинштейннің әйгілі әдістемесінің варианты ретінде талап деңгейлердің қосымша параметрлерді енгізген.

Мақсаты: Өзін-өзі бағалау ерекшеліктерін зерттеу.

Нұсқау: Әр адам өзінің қабілеттілігін, мүмкіншіліктерін, мінезін бағалайды. Шарт түрінде адамның даму деңгейін вертикальды сызық етіп алып, төменгі нүктені – ең төмен даму, ал жоғарғы нүкте – ең жоғары даму нүктелері дейміз.

Мысалы, «денсаулық» сызығындағы төмендегі нүкте адам ауру екенін, ал жоғары нүкте сау екенін білдіреді.

Өзін-өзі бағалау шкаласы.



Тест материалы. 7 сызық (вертикалды), ұзындығы 100 мм. Жоғарғы, төменгі жағы үлкен нүктемен белгіленген, ортадағысы кішкентай нүктемен.

Әдістеме. Зерттеу фронтальды (бір топпен) немесе жеке түрде етуі мүмкін. Фронтальды зерттеуде әр қатысушы шкаланы қалай толтырғанын тексеру керек. Ол үшін аудиторияны аралап зерттелетіндердің сұрақтарына жауап беріп, белгілерді қалай қолданып жатқандығын тексеру керек. Содан кейін олар дербес жұмыс істеу керек. Шкаланы толтыруға нұсқаумен бірге 10-12 минут беріледі.

Зерттелушілер тапсырманы қалай орындап жатқандығын бақылау керек. Олардың әртүрлі реакциялары нәтижелерді өңдеу үшін қосымша информация береді.

Нәтижелерді интерпретациялау. Өңдеуге 6 сызық жатады. «Денсаулық» шкаласы есептелінбейді. 100мм = 100 ұпайға тең.

1- этап. Әр 6 шкала бойынша - «ой қабілеттері», «құрдастар арасындағы авторитеті», «шебер қолдар», «сыртқы көрінісі», «өз өзіне сенуі» - анықталатын нәрселер:

а) берілген қасиетке қатысты талап деңгейі – төменгі нүктеден (0) – (x)-қа дейін;

б) өзін-өзі бағалау деңгейі- (0)-ден(-)-дейін;

в) талап пен өзін-өзі бағалау деңгейлерін сипаттайтын өлшеулердің айырмашылығы (x)-тен (-)-қа дейін.

Егер, талап деңгейі өзін-өзі бағалау деңгейінен төмен болса, онда нәтиже теріс санмен анықталады. Содан кейін әр көрсеткіш жазылады: талап деңгейі, өзін-өзі бағалау деңгейі және олардың арасындағы айырмашылығы (шкала бойынша ұпайларда).

2-этап. Әр көрсеткіштің орта өлшеуі анықталады. Оны 6 шкала бойынша әр көрсеткіштің медианасы сипаттайды.

3-этап. Талап пен өзін-өзі бағалау деңгейінің дифференциация дәрежесі анықталады. Оларды зерттелетін адамның бланкілердегі барлық (x)-терді қосумен алады. Алынған профильдер зерттелетін адамның өз тұлғасының әртүрлі жақтарын бағалаудағы айырмашылығын көрсетеді.

Дифференциацияның сандық мінездемесі керек болған кезде, максималды және минималды сандармен айырмашылығын қолдануға болады.

Дифференциация көрсеткіші неғұрлым жоғары болса, соғұрлым орта өлшеу шартты болып және соғұрлым маңызы аз болады.

Өте үлкен дифференциацияда зерттелетін өз тұлғасының кейбір жақтарын өте жоғары бағаласа, кейбіреулері өте төмен бағаланады, орта өлшемдік талдау шындығында мағынасын жоғалтады және тек бағыттау үшін қолданады.

Әсіресе талаптар өзін-өзі бағалаудан төмен болса, кейбір шкалалар толтырылмай қалып, жауаптары шкаладан тыс шығып кетсе (белгілер жоғары сызықтан немесе төменгі сызықтан түсіп кетсе) нұсқауда ескерілмеген белгілер қолданылса, ал жауаптарға комментарий берілсе ерекше көңіл бөлу керек.

**Тақырыпты нысықтауға және бекітуге арналған сұрақтар:**

1. Тұлға психодиагностикасына сипаттама.
2. Тұлға моделіне қатысты теориялық құрылымның әртүрлігі
3. Тұлғалық жеке сұрақтар.

## ХІІ. ПРОЕКТИВТІ ӘДІСТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

### 12.1. Проективті әдістер мен тесттердің теориялық негіздері

Бізге бір жақты емес ынталандырғышты ұсынғанда біз оны өз сезімдерімізбен, қажеттіліктерімізбен және қызығушылықтарымызбен сәйкестендіре өңдеуге бейімбіз, яғни сол ынталандырғышқа тиеліміз. Осы принципке негізделінген әдістемелерді телімелі сынақ деп атаймыз. Әдетте, олар парақ бетіне бұлдыр, анық түспеген бейнелерден тұрады. Сыналушы оларды суреттеуі тиіс. Ал, психологтың міндеті сыналушының жауабын өңдеу, оның жеке басының даму күшін анықтау.

Роршах тесті. Бұл тесті 1911 жылы Швейцар психиатры Герман Роршах түсірілген 10 парақтан тұрады. Сия дақтарының симметриялылығы парақты бүгу нәтижесінде алынады. Парақтардың тең жартысы қара және сұр түстерден тұрады. Басқа екі парақтағы дақтарға қызыл түс қосылады, ал қалған үшеуіндегі дақтар ақ, қара, сұрдан өзге, пастельді тондарға боялады. Роршахтың шамалауынша түрлі-түсті дақтарды көргендегі шошу сыналушының эмоционалды өмірін бейнелейді, сондай-ақ оның өзін-өзі бақылау деңгейінен түсінік береді. Дақтардың формасы және оны сыналушының бейнелік сипаттауын өңдеу мен бағалау дақтың парақ бетіне орналасуына және өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Тапсырманы өңдеу барысында сыналушының сия дағын түгелдей дерлік сипаттауы немесе жеке бөліктерін баяндауы ескеріледі. Ол сыналушының жинақтауға және шындықты абстрактылы қабылдауға бейім еместігін хабар береді. Роршах, психологтардың зерттеу нәтижесін өңдеуді бір жүйеге келтіретін бағалар жүйесін жасаған. Бірақ, бұл өңдеулер алынар деректердің жиынтығына және олардың өзара ұйымдастырылуына негізделген. Соңдықтан, зерттеу нәтижесі көп жағдайда зерттеушінің клиникалық тәжірибесі мен көрегенділігіне байланысты.

### *Тақырыптық апперцепция тесті. ТАТ*

Бұл тесті отызыншы жылдың аяғында Мюррэй жасап шығарған. Олардың әрқайсысы адамдармен көп мағыналы сахнашы бейнелеген 30 суреттен тұрады. Зерттеуші сыналушыға осы суреттерге сүйене отырып, басына бірінші келген оқиғаны айтып беруді ұсынады. Сыналушының әңгімесінен оның суреттегі кейіпкерлерінің біріне немесе бірнешеуіне өзінің қажеттіліктерін, алаңдауын немесе бірнешеуіне өзінің қажеттіліктерін, алаңдауын немесе үмітін телігенін аңғаруға болады. Бұл сыналушының өмір сүріп отырған ортасынан, басынан кешкен тартыстарынан хабар береді.

Зерттелушінің әртүрлі картиналарды суреттеуінде жиі кездесетін тақырыптарды таба отырып, алаңдауын, санадан тысқары тілектерін, өмірді бағдарлауын аңғара білуі керек.

### *Проективті тестердің бағасы*

Сыналушының баяндаған материалдың нәтижесі зерттеушінің жеке басы мен тәжірбиесіне ғана емес, оның ұстаған мәдениетіне және мәдени- әлеуметтік ортасына да байланысты. Сыналушының бір әңгімесінің нәтижесі оның талдаған зерттеушілердің санымен пара-пар болуы мүмкін. Мұндай жағдайда әртүрлі психологтардың өңдеуін салыстыруға мүмкіндік туады.

Бұл зерттеулердің мақсаты –сыналушының жеке басының дәл, нақты портретін анықтау емес, оның мінез-құлқының негізінде жатқан динамика-ның даму күшінің басында. Демек, тәлімелі тестер адам қылықтарының беретін құрал болып табылады.

### *Отбасы суреті әдістемесі*

Бұл тесті пайдалану арқылы жанұядағы (жанды жерлерді) болжауға болады. Тесті өткізу мен өңдеуге аз уақыт кетеді. Жас айырмашылығы кедергі болмайды.

1. Жанұя мүшелерінің суретін салғанда бірізділіктің деңгейін, олардың арақашықтығын кеңістікте орналасуын, суретте жанұя мүшесін қалдырып кетуін талдайды.

2.Форма. Пропорциядағы графикалық айырмашылыққа В.Вульф (1947) адамның жеке басының мінездемесі ретінде үлкен мән беріп, бірқатар әдістемелер жасап шығарған.

Мысалы, «қанұяның суретін сал» тапсырмасында жанұя мүшелерінің бірін мақсатты түрде суретке салудан қалдырып кету –оның артында тұрған қандай да бір маңызды себепті білдіреді. (ол адамның құтылығысы келеді, ол жанұя берекесін кетірген, оның жақыным деп қабылдамайды)

Адамның формасы өте үлкен қылып немесе болмыстан мүлде кішірейтіп бейнелеу мен-ол адам туралы баланың пікірін білдіреді (зор, мықты адам немесе кішкентай).Ал адамның қандай да бір дене мүшесін зорайтып көрсету баланың эмоциялық қатынасын білдіреді, мұндай жағдайда оның себебін баланы әңгімеге тарту арқылы анықтауға тырысу керек. Бала әңгімесімен суреті сәйкес келсе зерттеу шындыққа жақынырақ.

*Кеңістікте орналасу.* Өзін басқалардан зорайтып бейнелеу – жанұядағы өзінің маңызын білдіргісі келгендігі, ал жанұя өзінің мүшелерін (ата-аналарын зорайтып бейнелеу- жанұядағы олардың рөлін баса көрсету) 3-4 жастан бастап-ақ балалар түстік байланыстарды қиналмай жеңіл бере біледі, ал тест міндеттерін ойын ретінде қабылдайды. Тіпті әңгімелесуі қиын, сөзшең емес баланың өзінің суреттері мәнді нәтиже береді. Балалар ата-анасын неғұрлым жақсы көрсе, оны белгілейтін бояу түсі де соғұрлым ашық, қанық әдемі.Ал, шеттетілген ата-ананы түстерді реттегендігі неғұрлым жоғарғы бояуға ығыстырады.Баланың ата-анасын байланыстырған түсінік ретімен қоса, түстің өзінің де диагностикалық маңызы жоғары. Мысалы, анасын қызылмен байланыстыру-анасының белсенділігін., жасыл-қатаңдықты, шектен тыс қамқорлықты., сұр-жанұядағы ұғыныспаушылықты, баланың ата-анасынан шеттетілгендігін білдіреді.

Баланың өзін-өзі бояуы қызық нәтиже береді. Өзін-өзі белгілеудегі бояу неғұрлым түстік реттеудегі аз санға ие болса, соғұрлым бала өзін-өзі түстес етіп бояуы олардың арасындағы (мықты) байланысты дәлелдейді.

Түстік реттеуде өзі ата-анасынан бұрын тұрса мен олардан гөрі жақсымын дегендігі, олардан кейін тұрса-олар менен жақсы,. Олардың арасында тұрса-екеуіне ортақ, арқылы қатынасты білдіреді

Қарым-қатынастың түрлі-түсті тестін анықтау мақсатында отырау үшін мына процедураларды орындау қажет.

1. Психолог сыналұшыны қоршаған адамдардың тізімін жасауы және ол үшін ұғымдарды жазып алуы қажет. Тізімнің нақты формасы контекстке, аурудың жеке басына және өмір жолына байланысты.

Мысалы, невроз ауруына шалдыққан баланың ұғымдары менің анам, әкем, аға, әпке, ата,апа немесе балалармен араласып тұрғын басқа адамдар.менің мұғалім, тәрбиешім, менің досым, өзім мектептегі (бала-бақшадағы) көңіл-күйін, менің дәрігерім. Осындай тізімді өмірімдегі маңызды адамдарды атауды өтіне отырып, сыналұшының өзінен алған жөн

2. Сыналұшының алдында ақ фонға ретсіз қойылған бояулар түрін жаяды. Сосын зерттеуші әр адамға «Мен» ұғымына сәйкес түсті таңдауды ұсынады.

3. Асықпай, ретімен ұғу «Мен» адамдардың тізімін оқиды.Таңдалған түстердің қайталануына болады. Сыналұшы сұрық қойып немесе түсінбей, кідіріп қалған жағдайда түстер киімінің түсіне, мінез-құлықына байланысты таңдалатынын ескертеді.

4. Нәтижені өңдеу үшін мына процедуралар жүзеге асады - бояулы байланысқа жауапқа, сапалық талдау жасау, жауапты тұтастай бір-бірімен байланыстыра қарау керек, әр түрлі стимулдар бір түсті бояумен ғана белгіленген жағдайда (мысалы, баланың ата-аналарының бір-бірімен байланысы) оның диагностикалық маңызы өте құнды.

Қарым-қатынастың түрлі түсті тесті сөздік емес, шағын ғана диагностикалық әдіс.

Адамның саналы әрекетімен қоса, кейде аңғара алмайтындай да қарым-қатынасы болуы адамның эмоциялық өмірімен тығыз байланысты. Қарым-қатынастың түрлі- түсті тестінде көк, жасыл, қызыл, сары, күлгін, қоңыр, кара түстер пайдаланылады.

## **12.2. Психодиагностикалық тесттерге қойылатын талаптар**

Психодиагностикалық тесттерге ерекше талаптар қойылады. Бірінші талап- тесттің әлеуметтік- мәдени бейімділігі. Ол

дегеніміз- тест тапсырмалары мен бағаларының сәйкес келуі. Егер, тест басқа елден алынған жағдайда, зерттелетін адам тапсырмаларды орындау барысында олардың мәдени ерекшеліктеріне мән беруі керек. Мысалы, бір елде құрылған тесттің танымдық құрамында сөздік – логикалық емес, бейнелік және практикалық ойлау басым болып тұрса және ол тест Европада пайда болып, басқа елде қолданылса, онда ол міндетті түрде сол елдің әлеуметтік-мәдени жағдайына бейімделуі керек. Керісінше, ол ортаға икемделмеген жағдайда қолданатын болсақ, біз басқа елдің тұрғындарының ойлауының даму деңгейіне сәйкес келмейтін өте төмен нәтижелер аламыз. Егер де ақыл-ой тестінде практикалық ойлауға арналған тапсырмалар көп болып, оны вербальдық танымы басым елде қолданса, біз ол жерде ой дамуының адекваттық емес көрсеткіштеріне ие боламыз. Егер тест қайта қолданған жағдайда, алғашқы құрылған кездегіден өзгеше болса, мұндай жағдайда тестті бір-бірімен салыстыру немесе жаңа жағдайға бейімдеу талап етіледі. Әсіресе мұндай жағдай өзге елде құрылып, басқа тілде жазылған бланк тесттерге қатысты. Бір тілден басқа тілге аударма ешқашан нақты болмайды. Ол үшін сөзбе- сөз аударудан гөрі мағынасына қарай аудару нақтырақ болады.

Екінші талап- тұжырымдамалардың қарапайымдылығы мен тест тапсырмалардың бірегейлігі. Бұл талапқа сәйкес сөздік және басқа тапсырмаларды орындау барысында адамдар әртүрлі қабылдайтын нәрселер болмауы керек (мыс: сөздер, суреттер т.б.)

Үшінші талап- тест тапсырмаларын орындауға бөлінген уақыт. Тестті орындау үшін 1- 1,5 сағаттан көп бөлінбеу керек. Өйткені бұдан көп уақыт орындаса, адам өзінің жұмыс істеу қабілетінің жоғары деңгейін сақтай алмайды.

Төртінші талап- тест үшін берілген тест мөлшері. Тест мөлшері дегеніміз- бір топ адамдармен жеке тұлғаның көрсеткіштерін салыстыруды айтамыз. Мұнда жеке тұлғаның психологиялық даму деңгейі бағаланады, яғни мөлшер дегеніміз нақты бір тесттің репрезентативтік орта көрсеткіштері. Тест мөлшері әдеттегідей, зерттелетін адамдардың жасы мен жынысына қарай таңдап алынған тест нәтижелерімен және жасына, жынысына қарай келесі релеванттық дифференциациясы көрсеткіштерінің орташа алынған бағасымен анықталады.



Сонымен тест мөлшері дегеніміз-зерттелетін адамға әлеуметтік-демографиялық мінездемелері бойынша ұқсайтын адамдардың үлкен жиынтығы дамуының орта деңгейі. Жылдан жылға адамдардың психологиялық дамуы өзгеріп тұрады, сондықтан тест мөлшері де өзгеріп отырады.

Әрбір норма уақыт өткен сайын адамдарда болатын психологиялық дамуындағы асылда болатын өзгерістермен бірге өзгереді. Ғасырдың бірінші 25-жылдарда анықталған интеллектуалдық дамудың нормалары соңғы 25-жылдарда сай келмейді, өйткені бұл уақыттың ішінде адамдардың ой даму деңгейі өте жоғарлап кеткен. Эмпирикалық анықталған ереже бойынша әр бес жыл сайын тест нормалары , әсіресе интеллектуал , қайта қарастырылып тұруы керек.

Ол былай болуы керек. Белгілі тест көмегімен зерттеу жүргізілген бір топ адал анықталу керек. Әлеуметтік – демографиялық сипаттама бойынша айырмашылығы бар адамдар топшаларға бөлінеді. Әр топша үшін тест көмегімен белгілі адамдар зерттеледі. Алынған көрсеткіштер орталандыру нәтижесінде әр адам тобы үшін тесттік норма анықталады. Тест сипаттамасында қашан, қай жерде, кімге анықталғаны жазылады.

Талаптармен қатар тест жүргізу үшін бірнеше ережелер анықталған.

1. Белгілі бір тестті қолданудан бұрын , оны өзіне немесе басқа бір адамға жүргізіп көру керек.

2. Тест алдында зерттелетін адамдар нұсқаулар мен жақсы танысып алу керек.

3. Тест барысында зерттелетіндер өзінше жұмыс істеу керек , бір-біріне тәуелді болмай, ықпал етпей.

4. Әр тест үшін нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау процедурасы болу керек. Ол , әсіресе, математика-статистикалық өңдеу әдістеріне қатысты.

Практикалық тест өткізу үшін дайындық жұмыс жүргізу керек. Зерттелетіндерге тест ұсынылып, оған тест не үшін керек, қандай мақсаттары үшін, оның нәтижесінде қандай нәтижелер алынуы мүмкін, олар өмірде қалай қолдануға болатынын түсіндіреді. Нұсқау таратылып, барлық зерттелетіндер оны жақсылап түсініп алу керек. Содан кейін барып тест жүргізіледі.

**Тақырыпты пысықтауға және бекітуге арналған сұрақтар:**

1. Проективті әдістер және олардың негізгі белгілері.
2. Розенцвейг, ТАТ, Роршах тесті,
3. Люшердің түстерді таңдау тестімен жұмыс істеу ерекшеліктері
4. Тесттердің теоретикалық негіздерін, шкалаларын қысқаша сипаттау.

## ХІІІ. ҚАБІЛЕТТІҢ ПСИХОДИАГНОСТИКАСЫ, ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ШАРТТАРЫ

### 13.1. Қабілетті дамытуға арналған жалпы шарттар

Қабілеттіліктің өлшемі – белгілі бір істің нәтижелі болып орындалуында. Қабілет адамның іс-әрекетінің белгілі бір түріне, өнер саласының біріне жарамдылығын жақсы көрсете алады. Белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр түрлі жеке қасиеттерінің (музыкалық саңылау, түстерді жақсы ажырата алу, қолдың икемділігі т.б.) қиысып келуін, яғни адам қасиеттерінің синтезін *қабілет* деп айтады.

Қабілеттің дамуы оны қажет ететін қызмет саласында және әрекетке үйрену үстінде көрініп отырады.

Қабілеттің ойдағыдай дамуы адамда тиісті білім жүйесінің, икемділік пен дағдының болуына байланысты болады. Мәселен, оқушыда техникалық қабілеттің ойдағыдай дамуы үшін техникалық конструкциялардың құрылысын жақсы білуі, оны тәжірибе жүзінде пайдалана алуы қажет. Баланың білімі тереңдеп, икемділігі артып, дағдысы көбейе түссе, оның қабілеті де ойдағыдай дамып отырады.

Қабілет негізінен екіге бөлінеді. Адамның ақыл-ой өзгешеліктерінің жеке қасиеттерін көрсететін кез келген адамнан табылатын қабілет *жалпы қабілет* деп аталады. Ақылдың орамдылығы мен сыншылдығы, материалды еске тез қалдыра алу, зейінділік пен бақылағыштық, зеректік пен тапқырлық т.б. осы секілді ақыл-ой әрекетінде көріністік өзгешеліктер жалпы қабілет болып табылады.

Іс-әрекеттің жеке салаларында ғана көрініп, оның нәтижелі орындалуына мүмкіндік беретін қабілетті арнаулы қабілет деп атайды. Бұған суретшінің, музыканттың, актердің, спортшының, математик-ғалымның, ақын-жазушының қабілеттерін жатқызуға болады. Соңғы кездері кейбір зерттеушілер қабілеттің үшінші түрі деп практикалық іске қабілеттілікті айтып жүр. Бұған ұйымдастырғыштық, педагогтық, конструктивті-техникалық қабілеттерді жатқызады. Қабілеттердің осы түрлері іс-әрекеттің басты салаларына (ғылым, өнер, практика) орайлас бөлінеді.

Адам қабілетінің дамуы қоғамдық прогреске, оның әлеуметтік сипатына ғылыми-техникалық прогреске байланысты болып отырады.

Жоғары деңгейде сақтау және даму туралы ойлайтын жалпы қабілеттерді екіге бөлуге болады. Екінші жалпы қабілеттердің тобына төмендегідей: ұғымды нақты анықтау және логикалық ойлау қабілеті, ойында тіке және керісінше қиын іс-әрекеттерді орындау, әлемді бейне түрде көру, ұғымдар құрылымында кескіндеу, ұғымдар мен әрекеттену және ойдағы бейнелер мен манипуляциялау, қолмен нақты координациялық іс-қимылдарды жасау қабілеті, әртүрлі адамдарға және өмірлік ситуацияларға бейімделу, өзара түсініктерге жету, адамдарға ықпал ету.

Екінші қабілеттер біріншілердің негізінде қалыптасады. Оларға зейін, бейнелеу, ойлау, сөйлеу жатады.

Жоғары деңгейіне жетіп бірінші және екінші қабілеттіліктер адамның өмір бойы дамуы мүмкін. Солардың көмегімен адамдар іс-әрекеттерде үлкен жетістіктерге жетуі мүмкін. Жалпы қабілеттер жетістіктерге жетуімен қатар іс-әрекет үстінде өздеріде дамиды. Сондықтан жалпы қабілетті жетілдіру үшін әртүрлі іс-әрекеттерге қатысып үнемі оларды ауыстырып тұру керек. Ол теориялық және практикалық жұмыстардың міндетті түрде бірігуіне қатысты. Теория бейнелік және логикалық ойлауды жетілдіреді, ал практика бейнелі - әрекеттік және практикалық ойлауды жетілдіреді. Жалпы қабілеттердің толық дамуының міндетті шарты болып қиын есептердің үнемі шешуі және сол есептердің басқа қабілеттілігі күшті адамдардың шешуін жүйелі түрде байқау болып табылады.

Адамның әртүрлі әрекеттерге кірісуі жанжақты білім алуды, қиын қабілеттіліктерге кіретін көптеген қабілеттерді дамытады. Мысалы, қазіргі заманның машиналарын құрастыру үшін, яғни дамыған техникалық қабілеттерге ие болу үшін, қазіргі физика, математика, техника салаларында терең білімге ие болу керек, жақсы дамыған шығармашылық ойлау (жалпы қабілеттілік) болу керек, компьютерде жұмыс істей білу керек, сызу сызып, оны оқып білу керек, машиналарды өз қолымен шашып жинауды білу керек т.б. Мысалы, қазіргі хирург немесе бизнесменнің жоғары дамыған қабілеттіліктерге ие болу үшін, жоғарыдағыдай көптеген нәрсені біліп, істей алатын болу керек.

Мұның бәріне адам практикалық жүзінде білу үшін сәйкес салалардағы кәсіпкерлерден үйрену керек. Бұл адамдар басқаларды үйрете білу керек, білімдерін, қабілеттерін басқаларға беру керек.

Педагогикалық қабілеттер педагогикалық теория мен практиканы білуден, педагогикалық психологияда, әртүрлі жастағы адамдарды дұрыс оқытып тәрбиелеуде көрінеді. Адамда педагогикалық қабілеттер ойындарда дамиды, мысалы бала мұғалім болып ойнайды, мектепте өзінің құрдастары мен мұғалімдермен араласқанда, жанұяда -- кіші інілерімен қарындастарымен қарым-қатынасында көріне бастайды.

Ұйымдастыру қабілеті адамның басқалармен бірге әртүрлі есептерді табысты шешу үшін ұйымдастыра білуде көрінеді. Ең алғашқы қабілетті болып, лидер болудағы мақсаты, басқаларды меңгеру, психологиялық ықпал ету болып табылады. Екіншіден, сол адамның практикалық ойлауы шешуші болады. Әрбір қиын жағдайдан тез арада оптимальдық шешім таба білгендігі болады.

Шығармашылық есептер, жоғары деңгейлі қиындықтар адамда, жай тапсырмалардан гөрі, қызығушылық туғызады. Шығармашылық процесте адам өзіне жаңа мүмкіншіліктермен қабілеттерді ашады. Нәтижеде өзін-өзі бағалау жоғарылайды, әлеуметтік қажеттіліктер жоғары дәрежеде қанағаттандырылады.

Жоғарыда аталған шарттардың негізінде адамның ең маңызды арнайы қабілеттіліктердің оптимальді даму жолдарын қарастырайық: математикалық, лингвистикалық, техникалық, педагогикалық және ұйымдастырушылық.

Математикалық қабілеттер – қазіргі математика әртүрлі саланың білімдерінен тұратын кең ұғым, сонымен қатар оларды практикада қолдана білу. Жалпы және арнайы математикалық қабілеттердің құрамына кіретін жекешеленген қабілеттердің ішінде математикалық ұғымды анықтау мен ойды нақты математикалық түрде тұжырымдауды айтуға болады; гипотезаларды құрып, логикалық ретімен оларды дәлелдеу; математикалық ұғымдармен тұжырымдамалардың арасындағы байланысты көре білу; бір математикалық есептің бірнеше шешуін таба білу; сандық қатынастарды анықтап, математикалық түрде сипаттау. Бұл салада жоғары деңгейге жету

үшін ерекше қабілеттер барлық адамдарда бірдей табыла бермейді.

Лингвистикалық қабілеттер – тілді білу мен сөйлеудің дамуында көрінеді. Сөйлеуде ауызша және жазбаша түрде, монологиялық және диалогтық түрде анықталатын қабілеттерді қарастыруға болады. Тіл біліміне келетін болсақ, лексика, грамматика, марфология, стилистикаға қатысты информацияны меңгеруді айтамыз.

Ауызша сөйлеу дегеніміз тыңдау, сөйлеу, қарым-қатынас қабілеттерін қажет етеді. Жазбаша түрі стилистикалық дұрыс, көркемді, нақты, рациональды және эмоциональды түрде өзінің ойын жазбаша түрде көрсете алатындықты қажет етеді. Монологтық сөйлеу ішінен ойлау мен ойды практикалық түрде көрсете білуіне, ал диалогтық-өз ойы мен сезімдерді басқаларға жеткізумен байланысты, бұған ақпарат алмасу қабілеттері де кіреді.

Лингвистикалық қабілеттерді дамыту үшін көп оқып, басқалармен араласып, ауызша және жазбаша мәтіндерді құрастырып, публиканың алдында сөз сөйлеу керек. Егер басқаларды түсініп, олардың өзіңе деген реакцияларын бағалай білсеңіз, тек сол кезде ғана сіз, өз ойларыңызды нақты және қысқа жеткізіп, ауызша сөйлеуді жақсы меңгересіз, егер басқаларды түсініп, өзінің сөздеріне басқалардың реакцияларын бағалап, өз ойларыңыз-ды нақты және қысқа айта білесіз. Сонымен қатар коммуникацияның паралингвистикалық компоненттерін пайдалана білу керек – мимика, пантомимика, қолмен қимылдату (жест)

Техникалық қабілеттердің дамуы көптеген жағдайларға тәуелді: физика заңдарын білуден, әртүрлі материалдарды өңдеу әдістерін және - білуден, әртүрлі приборлар, құралдар, машиналармен қолдана білу, сызу сызып оны оқып білу, техникалық құжаттарды оқып білу және т.б. Бұл қабілеттердің барлығы жас кезінен баланың әртүрлі құралдармен пайдалана білуден басталады: қайшы, пышак, балға, сызғыш, отвертка және т.б.

Техникалық қабілеттерді дамыту үшін әртүрлі приборлар мен машиналардың істеу принципі, ішкі құрылысын шашып, қайта жинауды білу керек.

### 13.2. Қабілеттің түрлері және оларды дамыту

Жалпы қабілетті дамыту үшін шешілетін есептердің қиындық деңгейінің маңызы көп. Бұл деңгей орташадан сәл жоғары болып, адамның интеллектуалдық мүмкіншіліктерді жоғалтпай да төмендетпеуі де керек. Әрине, осы есептерді шешу кезінде адам жеңілістерден гөрі жетістік-тері басым болғанын қалаймыз. Мүмкіншілігінше есептер комплексті болғаны дұрыс болар еді, өйткені олар адамнан қиын, ішкі (ойлы) және сыртқы (практикалық) іс-әрекеттерді талап етеді, қолмен жұмыс істеуді, бейнелермен операциялау және ұғымдар деңгейінде логика срежелерімен іс-әрекет жасауды талап етеді. Бұл есептер зейін, жады, бейнелеу және сөйлеу қабілеттеріне салмақ салады.

Біріншілік, немесе элементарлық, жалпы қабілеттер басқалардан тыс арнайы жаттығулардың көмегімен дамиды. Көптеген осындай жаттығулар туралы психологиялық әдебиеттерде жазылған. Әсіресе соңғы 20-30 жылда шыққан әдебиеттерде, практикалық психологияға қызығушылық ол жоғары көтерілген еді. Психологиялық әдебиеттерде берілген нұсқаулар бойынша жоғарыда аталған жалпы қабілеттерді жетілдіруге болады. Зейін, бейнелеу, жады, ойлау, сөйлеудің дамуына қатысты бірнеше нұсқау берейік. Оларды өмірлік әртүрлі жағдайларда қолдануға болады.

Мысалы, зейінді дамыту үшін төмендегі нұсқауларды орындау керек.

1.Кез келген жағдайларда бір өзгешеліктерді байқап, өзіне сұрақ қоя білу керек: Бұл жағдайдың ерекшелігі неде? Бұрын болған жағдайлардан өзгешелігі қандай?

2.Егер бұл жағдай сізге таныс болып тұрса, онда болған өзгерістерді байқауға тырысыңыздар.

3.Оқып отырып мәтіннің көп бөлігін қамтуға тырысыңыз, тез оқып, мағынасын ұғып алуға тырысыңыз.

4.Егер мүмкіншілік болса, бірден бірнеше істі бітіру керек. Мұндай жұмыс зейінді жақсы дамытады, әсіресе бір жұмыстан екіншіге ауысады. Өмірлік ситуацияда адам системалық түрде зейінді бір объектіден екіншіге ауыстыру, бір бейнеден басқаға, бір сезу мүшеден басқаға ауыстырып тұру керек, (көруден естуге, иіс білуге, дәм білуге).

5. Бір кездері концентрацияның дамуына және зейінді орналастыруға бағытталған арнайы жаттығуларды орындап тұру керек. Мысалы, көп затты бар бөлмедегі заттардың барлығын бірдей көре біліңіз. Сол бөлмеде ие болып жатқандардың барлығын байқаңыз.

Бейнелеуді дамыту үшін төмендегі нұсқауларды қолданыңыз:

1. Барлық көрген, білген, ойлаған, сезген нәрселерді жадыңызда бейне түрде анықтаңыз.

2. Алған білімдерді, мәліметтерді, схема, чертеж белгілі бір символдар түрінде бейнелеу, мүмкіншілігінше фантазияға жүгінгеніңіз жөн.

3. Үлкен заттарды әртүрлі жобаларда кескіндеп, оларды жан – жағынан қалай көрінетінін ойша бейнелеу.

4. Қабілетіңіз жеткенінше әдеби, техникалық және шығармашылықтың басқа түрлерімен шұғылданыңыз.

5. Жоғары сапасына және жылдамдылыққа жетіп бейнелеу қабілеттілігін дамытуға бағытталған арнайы жаттығуларды орындау.

а) Бір таныс затты алыңыз, 20-30 секунд қарап, есіңізде сақтаңыз. Осы затты ойша бөлменің басқа жағына қойыңыз да сол жаңа орынды ойша ойлап көріңіз. Егер бірден істей алмасаңыз, жаттығуды қайталаңыз, басқа екі- үш заттарды қолданыңыз.

б) Бір затқа қарап, оны есіңізде сақтаңыз, осы затты 90 градус бұрып, көзіңізге елестетіңіз. 120 градус және 80 градусқа затты ойша бұрып, көзіңізге елестетіңіз. Осы жаттығуды басқа 2 – 3 қиын заттармен орындаңыз.

в) Өзіңізді өз бейнеңіздің қасында тұр деп елестетіңіз. Өзіңіздің позаңызды, бет бейнеңізді, киіміңізді ойша өзгертіп, жаныңыздан бақылап көріңіз.

г) Өз бейнеңіздің қасында басқа бір таныс адамның бейнесін елестетіп көріңіз. Жаттығуды осы адамға жасап көріңіз. Ойша сіз тек соны ғана емес, өзіңіздің де бейнеңізді елестету керексіз.

д) Екі бейненің сөйлесуін елестетіңіз. Сөйлеу барысында олардың дауысы, беті, денесі, қолының өзгеруін бақылап, бағалаңыз.

б. Сенсорлық бейнелеуге бағытталған арнайы жаттығуларды орындау керек.



а) Тамақтанып болғаннан кейін, жеген заттардың дәмін елестетіп көріңіз.

б) Бір тыныштықта алғашта естіген дыбыстарды елестетіп көріңіз.

в) Алдын сезген жағымды иістерді елестетіп көріңіз.

г) Қиын іс-қимылдарды ойша қайталап елестетіп көріңіз.

д) Денеге немесе қолға тиген әртүрлі заттардың тигізгеннен алатын әсерін елестетіп көріңіз.

7. Жадыны дамытуға қатысты бірнеше пайдалы нұсқаулар бар.

а) Әртүрлі информацияны (фактілерді, есімдерді, сандарды, телефон номерлерді, сөздерді) ауызша (жазбай) есте сақтауға тырысыңыз.

б) Сезу мүшелері көмегімен қабылданатын жаңа информацияны бірден есте сақтауға тырысыңыз.

в) Информацияны есте сақтау, қайта бейнелеу үшін әртүрлі мнемотехникалық құралдарды қолданыңыз. Бұл құралдар ой өңдеу әдістерінен тұрады.

г) Өзіңіздің практикаңызда басқалармен шығарылған мнемотехникалық құралдарды іздеп, қолданыңыз.

д) Жаңа материалды қабылдап есте сақтаған кезде оның маңызын түсінуге тырысыңыз, белгілі фактілермен ойлармен ассоциация жүргізіңіз.

е) Қайта есте сақталатын материалда эмоционалдық реакцияны туғызатын қызық бір нәрсені таба біліңіз. Жоғарыда аталған нұсқаулар жалпы жадыға қатысты, адамның өмірінде негізгі роль атқаратын жадының бөлек бір түрлеріне ешқандай қатысы жоқ. Осы түрлермен адамның негізгі білімі қабілеті байланысты. Жадының негізгі түрлерінің дамуын жылдамдататын және жетілдіретін арнайы жаттығуларының бірнешеуін ұсынамыз.

Арнайы қабілеттер. Адам шұғылданатын қанша іс-әрекеттер болса, сонша арнайы қабілеттер бар. Бұл іс-әрекеттердің ішінде әсіресе қиын және кең таралғаны. Егер осыған сәйкес қабілеттер болса және олар үнемі дамып тұратын болса, осы жағдайда ғана адам осы іс-әрекеттермен шұғылданады. Бұл жерде біз ғылыми, техникалық, көркемсурет – шығармашылық, ұйымдастыру іс-әрекеттері туралы айтамыз.

Адамның әрбір іс-әрекетінің бірнеше түрлері бар, олар белгілі бір қабілеттіліктерді қажет етеді. Мысалы, ғылыми іс-әрекет математикамен, физика, биология және т.б. пәндермен байланысты, қоғамдық пәндермен (тарих, философия, экономика, құқық және т.б.), гуманитарлық пәндермен (антропология, психология, педагогика және т.б.). Техника саласындағы шығармашылық іс-әрекет әртүрлі машиналарды шығаруға қатысты (ЭВМ, космос аппараттары, байланыс құралдары, транспорт және т.б.).

Көркемдік шығармашылықта түрлер одан да көп: әдебиет, театр, кино, телевидение т.б. Жоғарыда аталған іс-әрекеттердің барлығы адамда жоғары дамыған арнайы қабілеттіліктерді талап етеді.

Осы қабілеттіліктерді жақсы дамытуға арналған жалпы шарттарды қарастырайық.

1. Іс-әрекетке сәйкес жүйелі түрде өткізілетін дәрістерге адамда тұрақты қызығушылық үнемі болу керек. Егер бұл мотивация (себеп) болмаса, онда ешқандай қабілеттер дамымайды. Қызығушылық – адамды белгілі бір іс-әрекетпен шұғылдануға итермелейтін, керекті арнайы қабілеттерді дамытатын негізгі шарт. Бос жерден ешқандай қызығушылық пайда болмайды, тек іс-әрекетке сәйкес өткізілетін дәрістердің барысында пайда болып, дамиды.

2. Қабілеттілікті тек қатаң мінез, жігерлік пен қиындықты жеңу арқасында ғана дамытуға болады. Қиындықтардың ең негізгісі адамда алғашқы қабілеттердің жоқтығы болып есептеледі.

3. Белгілі бір іс-әрекет түрінің дәрістеріне деген жалпы қабілеттердің болуы. Элементарлық жалпы қабілеттерге жақсы жады мен дамыған интеллект жатады.

4. Жұмыс істеу қабілеттілігі. Егер адам жұмыс істей білмесе жоғарыда аталған шарттар негізінде ешқандай қабілеттер жақсы дамымайды.

5. Адамда мақсат болу керек, іс-әрекетке сәйкес мотивация. Белгілі бір іс-әрекетте жоғары жетістіктерге жету оған сәйкес қабілеттердің дамуының негізгі факторы. Адам басқалардан алда болу, мақтау есіткен кезде, жетістіктер үшін мадақтау, жоғары

нәтижелерге ие болған кезде, осы іс-әрекетте жетістіктерге жету тілегі, мақсаты орындалады.

6. Қол жеткізген нәтижелерге қанағаттанбау. Осы сезім әрі қарай дамуға стимул береді.

7. Адамның жетістіктерінің жоғары деңгейі. Адам өзінің мүмкіншілік-теріне, қабілеттіліктеріне қарай белгілі бір жетістіктерді белгілеу керек. Неғұрлым деңгейі жоғары болса, соғұрлым жетістіктерге деген құштарлығы күшті болып, керек қабілеттер тез дамиды.

8.Өзіне және өзінің мүмкіншіліктеріне сену.

9. Белгілі бір іс-әрекеттерге байланысты жүйелі түрде дәрістер өткізу.

10. Қойылған есептердің шешіміне шығармашылықпен қарау.

**Тақырыпты пысықтауға және бекітуге арналған сұрақтар:**

1.Қабілеттің психодиагностикасы, түрлері және шарттары.

2.Жалпы қабілеттер туралы түсінік және олардың дамуы.

3.Арнаулы қабілеттер туралы түсінік және олардың дамуы.

## XIV. ИНТЕЛЛЕКТ ПСИХОДИАГНОСТИКАСЫ

### 14.1. Интеллектіні анықтаудағы негізгі амалдар

Интеллектіні анықтау тәсілдері, оны өлшеу тесттері, олардың түрлері, интеллект құрылымы, интеллект құрылымының иерархиялық теориялары, Терстоун, Гилфорд, Айзенк және т.б. ғалымдардың интеллект үлгісінің теориялық және практикалық тұжырымдарын зерттеу, талқылау, тәжірибеде қолдануды қалыптастыру.

Интеллект тесттері зерде, ақыл-ойдың даму деңгейін анықтауға арналған. Бұл жерде интеллект деп жеке даралықтың кез-келген көріністері емес, танымдық үрдістер мен қызметтер (ойлау, ес, жад, зейін) туралы айтылып отыр. Интеллект тесттер психодиагностика әдістемелерінің ішіндегі тарихи ертеректе пайда болғаны болып есептеледі.

Психодиагностикада ақыл-ой дамуының тұрақты көрсеткіші ретінде *«интеллектуалды коэффициент»* деген ұғым қалыптасқан. Бұл коэффициент психодиагностикалық жолмен *«ақыл-ой жасын»* (орындалған тест тапсырмаларының санына қарай) хронологиялық немесе паспорттық жасқа бөліп және алынған санды 100-ге бөлу арқылы шығады. Егер көрсеткіш 100-ден жоғары болса, онда зерттелушінің үлкен жасқа арналған тапсырмаларды орындағаны, егер IQ төмен болса, онда зерттелушінің өзінің жасына сәйкес тапсырмаларды орындай алмағаны болып табылады. Арнайы статистикалық аппарат арқылы нормалар шегі анықталады, яғни белгілі бір жастағы адамның интеллектуалдық дамуынан хабар беретін IQ көрсеткіштер есептеледі. Ол шектер 84-тен төмен болса, ол төмен интеллект, егер 116-дан жоғары болса, интеллектуалдық дамудың жоғары көрсеткіші деп қарастырылады. Шетелде, әсіресе АҚШ-та интеллектуалдық тесттер білім саласында кең тараған. Оқу орнына және жұмысқа орналасуда тесттер практикалық психологияның міндетті құралы ретінде қолданылады.

Көп тараған интеллект тесттеріне Д.Векслердің, Р.Амтхауэрдің, Дж.Равеннің Стенфорд-Биненің тесттері жатады. Бұл тесттердің сенімділігі мен валидтілігі тұрақты болып табылады.

М.К.Акимова, Е.М.Борисова, К.М.Гуревич, В.Г.Зархин, В.Т.Козлова, Г.П.Логинова, А.М.Раевский, Н.А.Ференс – осы авторлар ұжымы оқуға түсушілерге арналған интеллектуалдық дамуды анықтайтын АСТУР тестін құрастырып шығарды. Тест 8 субтесттен тұрады:

- 1) мағлұматтылық,
- 2) қосарланған ұқсастықтар,
- 3) лабильділік,
- 4) жіктеу,
- 5) жалпылама,
- 6) жүйелік кестелер,
- 7) сандар қатары,
- 8) геометриялық пішіндер.

Тестілеу нәтижесін өңдеу барысында тек орташа ұпай ғана емес, сондай-ақ зерттелушінің жеке дара тестілік профилін де анықтауға болады.

Адамның қабілеттерін мына топтарға бөлуге болады:

- *жалпы қабілеттер* (заңдылықтарды анықтауға қабілеттілік интеллектінің жалпы деңгейі);

- *модальдық жалпы қабілеттер* (вербалдық интеллект, нумерикалық

- интеллект (есептеуге мүмкіндік беретін), кеңістіктік интеллект,

техникалық практикалық интеллект);

- *арнайы қабілеттер* (белгілі бір арнайы іс-әрекет түрлерін жеңіл және жемісті игеруге жағдай жасайды: музыкалық қабілеттер, техникалық қабілеттер, әртістік, педагогикалық қабілеттер);

- *жеке-дара қабілеттер* (психикалық танымдық қызметтердің даму деңгейі: жад, ес, зейін, қабылдау, ойлау, слестету).

Адамның танымдық үрдістерінің жиынтығын интеллект анықтайды.

*Интеллект* – ол саналы әрекет ету, өнімді ойлауға, өмірлік жағдайлар-ды жақсы шеше алуға жоғары қабілеттілік (Векслер), яғни интеллект адамның қоршаған ортаға бейімделе алу қабілеті ретінде қарастырылады.

Алғашында Спирмен (1904 ж.) мынадай пастулаттар құрастырды: интеллект адамның басқадай тұңғалық сипаттарына тәуелді емес; интеллект өзінің құрылымына интеллектуалдық емес сапаларды қоспайды (қызығушы-лықтар, жетістікке жету түрткілері, үрейлену және т.б.). интеллект ақыл-ой қуатының жалпы факторы ретінде танылады. Спирмен кез-келген интеллектуалдық іс-әрекеттің жемісі жалпы факторға, жалпы қабілеттерге тәуелді екендігін көрсетті. Осылайша, ол интеллектінің басты факторын (*G* факторы) және арнайы қабілеттердің көрсеткіші болып табылатын *S* факторын бөліп көрсетті. Спирменнің пікірі бойынша, әрбір адам белгілі бір жалпы интеллектуалдық деңгейімен сипатталады.

Интеллект тесті- интеллект – бұл тұлағаның интегралданған көрінісі, ол барлық психикалық функциялардың активизациясында, процесстерде (ойлау, ес, қиял) көрінеді, бұл қоршаған дүниені тануды қамтамасыз етеді. Интеллект танымдық қасиеттерге және ерекшеліктерге қатысы бар индивидуалдылықтың көрінісі.

Интеллект тесті интеллект теориясына тәуелді құралады.

Мысалы:

1. Векслер тесті;
2. Амтхауер тесті;
3. Равен матрицасы;
3. ШТУР тесті.

Креативтілік тесті- тұлағның шығармашылық мүмкіндіктерін өлшеуге арналған әдістер тобы:

Мысалы:

1. Дж. Гильфордтың креативтілік тесті;
2. Е. Торранстың креативтілік тесті;
3. Д.Б.Богоявленскаяның «креативтілік кеңістік» әдістемесі.

Интеллектінің когнитивтік моделі (Р. Стернберг). Интеллект психиканың қасиеті емес, ол танымдық үрдістердің жүйесі. Интеллекттің 3 типтік компо-ненті бар: метакомпларсент (мәселені барлығын мойындау және оның шешу жолдарын іздеу), орындаушы компонент, білім игеру компоненті.

Интеллекттің бірнеше түрлері бар және олар өздерін әртүрлі әдістермен көрсетеді. Академиялық «милық» интеллектуал IQ жоғары деңгейімен, мысалы, элеуметтік мағынада мүлдем

дамымаған болуы мүмкін яғни спорт, музыка, пометикалық ойлау т.б. қабілеттері жоқ болуы мүмкін. Кейбір, он жасар бала, басқа ақыл- ой коэффициенті жоғары үлкен адамдарға қарағанда, өмірлік жағдайларда тез шешім қабылдауы мүмкін.

#### 14.2. Интеллектінің факторлық моделдері, типтері мен жалшы ережелері

Көптеген психологтар интеллектті тума фактор етіп қарастырады. Интеллектіні көздің түсі мен адамның бойы сияқты нәрселерді болжауға болады деп сенеді. Израиль психологы доктор Ройвен Фойерштайн басқалармен қатар адамның миының функциясын кез-келген жаста жетілдіруге болатынын айтқан.

Егер, біз интеллекттің түрлі анықтамаларын қарастыратын болсақ, онда ақылдың даму шегі туралы ой – пікірлер әртүрлі болып келетіні заңдылық. Барлық нәрсеге қол жеткізуге болады деген тұжырымдама дұрыс емес шығар, бірақ сіздің өз миыңыздың іске асырылмаған үлкен потенциалын меңгеруіңізге болады. Бұл нәрсені оптимизм деп айтуға болады.

Интеллект коэффициенті генетикалық факторлардың ең тәуелдісі ретінде білім беру саласында, коммерциялық іс-әрекеттерде және Батыстың барлық ресми жүйелерінде үлкен роль атқарады. Ол біздің өмірімізге жан-жақты ықпал етеді. Бірақ бұндай көзқарас маңызды шектеулерге тап болады және коммуникация қабілетіне, яғни әлеуметтік интеллектке негізгі зейін аудармайды.

Интеллектінің әр түрі адам үшін мәдениеттен немесе қоршаған ортаның тіке байланысынан тыс өзінің құндылығына ие болады. Мысалы, көптеген үйде отыратын әйелдер немесе көп балалы аналар бірден пайда болған бірнеше тапсырмаларды ойдағыдай шеше алады. Керісінше, бұл тапсырмаларды әлдеқайда ақылды адамдар, әсіресе еркектер, орындай алмайды. Интеллекттің әр түрінің құндылығы өзіңіздің өміріңіздегі ең маңызды нәрсеге тәуелді.

Ең басты, мақсатқа жету үшін дұрыс құрал таба білу. Интеллекттің түрін қалай ажырата аламыз, егер эксперттердің өңдері бір шешімге келе алмай отыр? Оқытушы ма, оқушы ма? Жұмысқа қабылдаушы немесе кәсіпорын жұмысшысы ма? Студент немесе емтихан қабылдаушы ма? Менеджер – маман

немесе тәуелсіз антерпренер? Интервьюер немесе интервью алушы ма? Ата – аналардан төмен интеллектуалды деңгейді алатын болсақ, онда біз не істеуіміз керек?

Төмендегі сұрақтарға жауап беріп сіз интеллект туралы өзіңіздің тұжырымдамаңызға келесіз.

- Сіз үшін « интеллект » ұғымы не білдіреді?

- Сіздің табыстарыңызға, келешегіңізге ықпал ететін адамдар үшін – жұмыс берушіге, клиенттеріңізге, достарыңызға, мұғалімдеріңізге осы ұғым нені білдіреді.?

- Егер, сіз интеллектіңізді дамытсаңыз, қандай жетістіктерге жетуді қалайсыз, кім болғыңыз келеді?

- Интеллектінің қай түрлерін сіз бағалайсыз, ой іс-әрекеттердің қай саласында жетістіктерге жетуіңізді қалайсыз?

- Жаңа жетілдірілген интеллектпен сіздің өміріңізде не өзгеруі мүмкін?

- Өз интеллект потенциалыңызды іске асырып, өмір сүру үшін сіздің қызығушылығыңыз неде?

Ақылдың дамуы қайта оқуды қажет етеді. Біз беріміз әдетке беріліп, өзіміздің өмірімізді өзгертуге асықпаймыз, бұл өзгеріс жақсы өмірге әкелсе де. Ең қиыны - өзіңіздің тума интеллектті қабылдап әртүрлі формада оны қолдану. Егер сізге нейрохирургиялық операциялық жасалынбаған болса, онда «аппарат» және сіздің миыңыздың ресурстары аденваттық түрде жауап береді. Бұл нейрофизиологияның мәселесі. Егер миы дұрыс пайдаланбасақ, онда адамның миы атрофияға тап болады. Бұл нәрсе мәдени және элеуметтік жағдайлардың ықпалымен болады. Осы кезде «қайта оқу» іске кіріседі, әсіресе бұл төмен өзі-өзін бағалауға қатысты. Барлық керек емес нәрселерден босатылып, сіз өз миыңызды дамытып, өзіңіздің потенциалыңызды ашасыз.

Интеллектінің әртүрлі типтері кейбір жалпы ережелерді талап етеді.

1. Интеллектіні өзгермейтін нәрсе деп қабылдауға болмайды. Әртүрлі жолдармен әртүрлі дәрежеде сіз оны жақсы жаққа қарай өзгертіп жаңа статус алуға мүмкін.

2. Интеллект деңгейі сіздің өміріңізге, жұмысыңызға, қоғамдық және жанұялық қарым – қатынастарға ықпал етеді. Егер, сіз интеллектіңізді дамытсаңыз, оны айналадағылардың бәрі байқайды.



3. Интеллект түрлері арасында абсолюттық шек қою мүмкін емес. Олар өзара тәуелді және белсенді. Интеллекттің барлық жағының бірегейлілігі – адам табиғатының терең тұлғалық көрінісі.

Кейбір анықтамаларда мысалы. Қабілеттерден өзгеше, жеке тәжірибе көмегімен пайда болған тума қасиеттер.

Британ энциклопедиясы. Қабілеттерден өзгеше, оқу процесі барысында пайда болған тума қасиет.

Герберт Спенсер. Жалпы тума танымдық қабілеттер.

Сирил Берт. Ойдағыдай іс-әрекет жасау қабілеттілік, қоршаған ортаға қатысты тиімді әрекеттену және рационалды ойлай білу.

Д. Векслер. Интеллект – бағдарламалы түрде емес (шығармашылық түрде) проблемаларды шешу қабілеттілігі.

Стивен Дж. Тулд. Абстрактың ойлауға қабілеттілігі.

Л. У. Терман. Жоғары интеллекттің белгісі – сана-сезімінде, екі карама – қарсы идеяны бір уақытта ұстап қалу қабілеттілігі және сол кезде әрекет жасау қабілеттілігі.

Ф. Скотт Фитцджеральд. Қоршаған ортаға байланысты, ситуацияға жауап беретін адекватты әдісті табу қабілеттілігі.

Роберт Франклин. Интеллект – жаңа проблемаларын шешу үшін керекті білім алу қабілеттілігі; проблеманы шешетін интеллект деңгейі жылдамдылықпен өлшенеді.

Дональд Штерпер. Интеллект неге негізделген, неден құралады, оған мінездің қандай қасиеттері кіреді? Интеллект неден құралады?

Бұл сұрақты шешу үшін көптеген принциптер бар. Британ психологтары Сирил Берт пен К. Е. Сперман бірінші орынға екі негізгі принципті: біріншіден, интеллект біреулік өлшенетін объект, екіншіден, ол тума және өзгермейді.

Чикаго университетінің психологы Л. Л. Тёрстон олармен келіспейді, жеті біріншілік ой қабілеттердің бәрін айтады.

- сөйлеуді түсіну;
- сөйлеу қабілеттілігі;
- санауға қабілеттілігі;
- айналаны қабылдау;
- ассоциативті жады;
- қабылдау жылдамдылығы;
- логикалық ойлау.

Интеллектінің анық еместігі. Психолог Джой П. Гилфорд 120-дан астам ой қабілеттерді анықтаған. Ал, Гарвардтың психологы зерттеушісі Стивен Дж.Гулд интеллектті адекваттық өлшеуге болмайды дейді. Терстон 7 , ал Гилфорд 120 ой қабілеттіліктің анықтауларының өзі ақылдың негізгі қасиеттерінің нақты шеңберінің бары фантазияның нәтижесі деген фактіні білдіреді. Интеллект анықталмаған болып қала береді.

1990 ж. Джон Б. Кэррол 70-тен астам әртүрлі қабілеттердің тізімін ұсынған. Оларды IQ-ға тест көмегімен анықтауға болады.

1994 ж. Wall Street Journal-да басылған 52 жетекші психологтың пікірін ұсынамыз:

– Интеллект жалпы ой қабілеттілігі жоғары, ол өзіне логикалық ойлауға, жоспарлауға, проблемаларды шешуге, абстракттық ойлауға, қиын идеяларды қабылдауға, тез білім алуға, тәжірибе негізінде білім алуға қабілеттіліктерден құралады.

– Интеллект IQ-ға тест көмегімен өлшенуі мүмкін. Вербальдық емес тесттер тек нақты қабілеттер тілімен байланысып тұрмаса ғана қолданылады.

–IQ-ға тесттер мәдени қалыптаспаған.

– Басқа өлшеу жүйелерге қарағанда IQ білім саласымен тығыз байланысты, экономикалық, іс-әрекет түрлерімен және әлеуметтік ортамен. Сонымен қатар IQ-ға тесттер өлшеудің маңызды шкаласы болып табылады.–Тума фактор қоршаған ортаға қарағанда интеллекттің құрылысына маңызды роль атқарады, бірақ орта қатты ықпал етеді.

– Тұлғалар IQ көрсеткіштен туылмайды , ол жастық шақта тұрақталып , кейін өзгеріске аздап тап болады.

Ешбір адам интеллекттің бір нақты анықтамасын бере алмайды.

**Тақырыпты нысықтауға және бекітуге арналған сұрақтар:**

1. Интеллектіні зерттеуге арналған қандай тест түрлері бар?
- 2.Терстоун, Гилфорд, Айзенк, Кеттелл, Стернберг бойынша интеллект құрылымдарын бір-бірімен салыстыр, айырмашылықтарын тап.

## ХV. АҚЫЛ-ОЙДЫҢ ДАМУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКАСЫ

### 15.1. Ақыл-ой деңгейіне әсер етуші факторлар мен эмоционалды сана-сезім

Адамның ақылы туралы біз өте аз білеміз. Соңғы жылдары ғана ғылым-ның қарқынды дамуының арқасында ақыл-ой мен психикаға байланысты зерттеулердің арқасында біз білімнің негізгі бөлігіне қол жеткіздік. Мысалы, IQ идеясы (ақыл- ойдың коэффициенті) ақыл- ойдың жан-жақты табиғатына сәйкес екенін білеміз. Бұл әдістеме ой қабілеттерінің белгілі бір ғана бөлігін, мәдени ортада, белгілі бір мақсатпен өлшейді. Қысқасы, ол әдістеме тілмен, логикамен, акадубен, академиялық біліммен байланысты «солдық – жартышарлық» функцияларды өлшейді, және ол интеллекттің қызығушылық қабілеттермен байланысты функцияларды өлшейді.

EQ-да стандартты, негізделген түрдегі тест болмайды. Сондықтан, тестілеудің техникалық тәсілдерін меңгеріп алудың қажеті шамалы. Алайда эмо-ционалдық ақыл-ой өлшенетініне немесе өлшенбейтініне қарамастан жақ-саруы мүмкін. Бұл жерде мынау маңыздырақ: эмоционалдық ақыл-ойдың (интеллект) өзгеруі сіздің бүкіл өміріңізге едәуір түрде ықпал етуі мүмкін.

Дэниел Гоулман өзінің әйгілі «эмоционалдық ақыл-ой» кітабында эмоционалдық ақыл-ойдың бес негізгі қасиетін сипаттайды. Олар эмоционалдық ақыл-ой ұғымын енгізген Мейер мен Салюэй анықтаған бес «басымдыққа» негізделген. Олар:

- өз эмоцияларын білу;
- өз эмоцияларын басқару;
- өзінің бастапқы себептерін анықтау;
- өзге адамдардың эмоцияларын білу;
- өзара қарым-қатынастарды басқару;

Тұтастай бұл Говард Гарнердің классификациясы бойынша көп жақты ақыл-ойдың екі құрамдас бөлігі болып келетін ішкі және тұлғааралық ақыл-ой категорияларына сәйкес келеді. Алайда, эмоционалдық ақыл-ойда өз эмоцияларын қарапайым түрде ұғынумен қатар оны басқару да болады. Бұл өз кезегінде тұлғаның ішкі ақыл- ойының маңызды қасиеттерінің бірі болып

табылады. Ол ерекше принципиалды маңызы бар дағды ретіндегі өзіндік жеке себептерден де тұрады.

Эмоционалдық ақыл-ойдың өзге элементтері де өте жиі пайдаланылады. Сондықтан, ендігі сөз солар жайында болмақ.

Олар:

- стрессті жою;
- импульстерді бақылау;
- көңіл-күйді басқару;

Стрессті жою. Стресс, жұмыста, үйде және әлеуметтік жағдайларда ауыртпалықтарды сезініп жүрген қазіргі заманғы адамның көбірек тараған ауруы болып отыр. Шапшаң технологиялық даму, бәсекелестікпен байланысты болып келетін күнделікті қысым мен эмоционалдық ауыртпалық, жұмыстың тұрақсыздығы, ұйымдардың құрылым келбетінің әрдайым өзгеріп тұруы, өзгерістердің тұтастай үздіксіз кезекпе-кезек болуы – міне осының бәрі елеулі роль ойнайды. Көптеген кітап осы мәселе жайында жазылғандықтан қажетті кеңестерді тауып алу оншалықты қиын емес.

«Стресске шыдамдылық» – бұл ерекше бір зиян көрмей-ақ қолайсыз жағдайлар мен стресстік жағдайларға төтеп беру қабілеті. Бұл дегеніміз стресстен оң әсер ала отырып, оны оңтайлы басқаруды білдіреді. Бұл мынаны білдіреді:

- Стресстің сізге зиян тигізбестен бұрын оны жеңілдету мен жоюдың жолдарын іздестіру қорларына ие болу.

- Тіптен жарақат алу секілді келеңсіз жағдайларға тап бола отырып, жұмыста, үйде және жеке өмірде тиімділікті сақтай білу.

- Әрдайым «су бетінде қалқып тұру»

- Өмірдегі қиындықтарды жеңе білу қабілетіне ие болу.

- Жеке өміріңізде стресстік жағдай қалай пайда болатынын ұғынып алу, және де оларды жоюды үйреніп олардың сізге әсерін реттеп тұру.

- ЭГО қуаты немесе «эмоционалдық жинақылық» дегеннің болуы.

- Өзгерістерде міндетті болуы тиіс құбылыс ретінде қабылдау, олардың сіздің өміріңізге әсерін игілікке қолдануды үйрену.

EQ-дың осы аспектісінің жоғары деңгейі, сіздің қиындықтармен бетпе-бет кездесіп, қуатты эмоциялардың

өзіңізді жеңіп кетуіне мүмкіндік бермейді. Сіздің ақыл-ойыңыздың баға жетпес бұл қасиеті өмірлік тәжірибе барысында дамуы мүмкін. Қазіргі аумалы – төкпелі кезеңде мұндай қасиеттер жұмыста да отбасылық өмірде де аса қажет болады. Өзгерістер – бұл біздің көпшілігіміз үшін өмір шарты, ал олардың келтіретін қысымы – болмай қоймайтын құбылыс.

Алайда, адамдардың стресске қалай жауап беретіні мен оның сол адамдар өміріне қалайша ықпал етуінің арасында едәуір айырмашылық бар. Бір адам үшін стресстік жағдай ретінде қабылданатын әсер өзге біреу үшін – рақаттанудың көзі, әсерлердің алуан түрлілігі ретінде болуы мүмкін. Кейбір адамдар стресстік жағдайлар мен соған сәйкес мінез құлықты қажетсінумен болады. Біреулердің стресс жағдайында тасы өрге домалап, олардың жетістіктері тек сырттан жасалған қысымның әсері арқасында пайда болады.

Ақыл-ойдың осы аспектісі жоғары дәрежеде дамыған адамдар өмірдің қым-қуат тіршілігінен туындаған шиеленіскен жағдайдан құтыла біледі.

Олар өздеріне бағытталған ауыр соққыларды алаңсыз тосып алады. Олар жағдайды үнемі бақылауда ұстайды. Олар төмен қарай құлдырап құлағанымен, көп жатып қалмайды. Стресстің әсерін толық дәрежеде сезіне отырып (кейде олар өзгелерден гөрі ауыртпалықтарды көбірек қабылдайды). Олар өздерін толық күйреуге дейін жеткізбейді.

«Бұл – мен бе?» деп өзіңізге сұрақ қоя отырып, өзіңіздің стресстік жағдайға деген әсеріңізді тексеріп көріңіз. Сізге мынадай сұрақтар көмектесе алады.

- Сіз қолайсыз жағдайларға шыдай аласыз ба?
- Сіз түсіп кеткен көңіл-күйіңізді тиімді түрде басқара аласыз ба?
- Сіз өзіңізге артық ауыртпалықтарды болдырмай өмір сүре аласыз ба?
- Сіз белгісіздік факторы үлкен рөл ойнайтын жаңа жағдайға жақсы бейімдей аласыз ба?
- Сіз жанжалды болдырмау үшін, өзіңіздің ашуыңызды баса аласыз ба?
- Сіз әдеттегідей түнде жақсы ұйықтай аласыз ба?

- Сіз стресстік қысымның өскенін сезе тұрып, өзіңіздің келіспейтініңізді айтпастан өзіңізді тежеп жүруге қабілеттісіз бе?

- Сіз өзіңізді ашындырып жіберетін, күнделікті түрде жиі қайталанып тұратын құбылыстарға қалайша бейімделе аласыз?

- Достарыңызбен әріптестеріңіз сізге өзіңіздің ашу-ызаңызды тежей алатыныңызды айта ала ма? Ал сіздің отбасыңыздың мүшелері де осыны айта ала ма?

- Сіз өзгелердің өкпе-ренішін қабылдай аласыз ба?

Стресс – бұл біздің ішкі дүниемізде болып жататын бір құбылыс, оның тек сыртқы жағдайлар мен өмірдегі оқиғаларға қатысы болмайды. Бұл біз адамдардың бірдей жағдайларға қалайша әртүрлі жауап беретінін бақылаған-да ғана айқын бола бастайды. Бұл жауап ойлаудың, әдеттің, көзқарастардың, құндылықтар мен тұлғаның ішкі интеллектісінің компоненттеріне байланысты болып келеді. Біз стрессті оның тұрақты түрде бар екендігі мен келеңсіз әсерін сезінгеннен бастап басқаруға кірісе аламыз. Содан соң оны мақсат қою мен құндылықтарды бағалау жүйесіне енгізу қажет.

Көңіл-күйді басқару. Эмоционалдық даму тыныштық сақтау қабілетінің болуын немесе ызаны, құлазуды немесе алаңдаушылықты болдырмауды көздейді. Демек, бұл өзіңізді эмоцияның жетегінен жібермеу дегенді білдіреді. Эмоционалдық дамудың төмен деңгейіндегі адамдар әрдайым жайбарақатсыздық пен өкініш сезімдеріне бейім болады. Ал, жағымсыз сезімдерге берілмегендер өмірде көбірек табыстарға қол жеткізеді. Өз сезімдеріңді басқару – бұл өз эмоцияңды түсінуге негізделетін қабілет. Міне осылайша сана-сезім эмоционалдық интеллектінің шешуші сәтіне айналады.

Эмоцияны білдіру және оны басу. Эмоцияны басқару дегеніміз сезімдерді бөлу дегенді білдірмейді. Мұндай басу психоаналитиктерге бай азық бере алады, алайда ол «емделушінің» асқан ақылдылығының көрінісі бола алмайды. Аристотель былай деген: «Әрбір адам ашулана алады – бұл оң-оңай. Алайда, соған лайықты адамға, қажетті дәрежеде, және уақытында, ізгі мақсат үшін және лайықты түрде ашулану – бұл оңай шаруа емес». Бірақ эмоцияларды басқару дегеніміз оларды үздіксіз білдіру дегенді білдірмейді. Мәселен «арқаға жасырып қою» деген сөз кейбір жекелеген жағдайларға сәйкес келгенімен,

оның эмоционалдық интеллектінің көрінісі болуы екіталай. Керісінше көпшілік жағдайларда кері қауіпті эмоцияларды жасыруға тырысу түбінде жағымсыз салдарға әкеп соғуы мүмкін. Сөзімдерді мүлдем басқаша түрде басқару қажет. Кейбіреулер ашу-ызадан арылу үшін, оны ашық түрде білдіру қажет дейді. Алайда тәжірибелер мен бақылаулар көрсеткендей, егер де сіз ашу-ызаға ерік берсеңіз, онда ол мұны күшейте түседі. Денені босаңсыту, медитация, терең тыныс алу, керек болса жай қарапайым онға дейін санау дағдылары тиімді әрі саналы эмоционалдарда да эмоциялар әмірші мен қожайын ретінде емес, қызметші ретінде пайдалы. Кейбір эмоционалдық жауаптар интенсивті болса да бір сәтте болады. Өзгелері көп жылдық әдетке ауысып, біздің кәдуілгі көңіл-күйіміз бен себептерімізді айқындайды. Көңіл-күй жақсы немесе жаман болуы мүмкін. Жақсы әрі қуат беруші көңіл-күй толыққанды өмір сүруге көмектеседі. Құлазыған көңіл-күй мен себептердің жетіспеушілігінің бізге тек қана зиянды әсері болуы мүмкін. Көңіл-күй бізге қалауымызға қол жеткізуге көмектесуі немесе керісінше кедергі келтіруі мүмкін.

## 15.2. Өзін-өзі бақылау - өзінің көңіл-күйін басқарудың амалы ретінде

Өзінің сезімін өте әдемі білдіре алатын, бірақ оны басқара алмайтын үш жасар баланың даму деңгейі мен эмоциясын бақылауды сақтай отырып, өзіндік бір эмоционалдық жануар ретінде соған бола қалуға негіз жоқ. Интеллект адам психикасының осындай алғашқы міндетті қасиеттерін түсінуден, басқарудан және бақылаудан тұрады.

EQ-дың кең тараған анықтамасы әдеттегі өзіндік эмоциялардан тұрады. Мәселен олар «оптимизм», «табандылық», немесе «жылылық сезім» секілді жеке бастың қасиеттері бола алады. Жалпылама түрде, EQ жеке адамның IQ-ға қатысы жоқ параметрлерін сипаттайды, ал мұндай параметрлер өте көп. Мәселен Майер он эмоциялардың бар болуын міндетті деп есептемейді. Ол адам депрессия жағдайында бола тұрса да, (бұл адамның табиғи жағдайы, ол әрбір адамда бола береді) эмоционалдық интеллектінің жоғары деңгейін

сақтай алады деп жауап береді. Ол (яғни еркек немесе әйел) өз жағдайының себептерін өте жақсы түсіне алады, ал өзін-өзі терең түсіну мен дамыған танымдылық қабілеттердің болуына қарай мұндай адамның ауыр психологиялық жағдайдан шығып кетуге мүмкіндігі болады. Осындай жағдайда өз қажетін дәл білу өте маңызды болып табылады. Біз өз ақыл-есімізді мақсатты қойып оған жету үшін пайдаланамыз. Соның ішінде оны «кері» эмоциялардан арылу үшін де пайдаланамыз (эмоцияларды бағалау әрқашан да оларды басынан кешіргендердің көзқарасы тұрғысынан жүргізіледі) – нәтижеде сіздің интеллектіңіздің сапасы артады әрі өсе түседі.

Өзіндік себептерді (мотивацияларды) анықтау. Егер, сіз көңіл-күйді жинақтауға өз іс-әрекетіңіздің себептерін құруға және дағдыларды дамытуға, қол жеткізуге тырысып, шығарда өз мақсатыңызды қызметке қойсаңыз – ол жұмыстың қажетті бөлігі болып табылады. Өзін-өзі эмоционалдық тұрғыдан бақылау рахаттануды кейінге қалдыру мен артық сезімді (импульсивтілікті) тежеу қабілетінің болуын білдіреді, осыған орай кез келген жетістіктер баянды болып келеді. Ол сізге жағдайларға соңғы мақсат көзқарасы тұрғысынан қарауға мүмкіндік беретін, сізде қандай да бір нәтижеге қол жеткізуге себептің болуына жағдай жасауы немесе кедергі болуы мүмкін. Яғни ол қабілет алға қойылған міндетті сәтті түрде шешу үшін ең лайықты болып табылатын эмоционалдық жағдайда болады. Осындай қасиеті бар адамдар әдеттегідей жоғары өнімділікке ие болып, іс-әрекеттің кез-келген түрін тиімді түрде жүзеге асыра алады. Эмоционалдың интеллектінің бұл ерекшелігі жоғарыда сөз болған жеке бастың ішкі интеллектісінің даму деңгейімен тығыз байланысты.

Өзін-өзі бақылау өзінің көңіл-күйін басқарудың амалы ретінде. Сіз өзіңізге өзіңіздің көңіл-күйіңізді басқаруға дайындығыңыздың дәрежесін ұғынуға көмектесетін мынадай келесі сұрақтарды қойыңыз.

- Сізге келеңсіз жағдайға, ауыр тәжірибені түсіндіруге деген көзқарасыңыз-ды өзгерту қаншалықты оңайға түспек?

- Сіз бас тартуды реттей аласыз ба?

- Сіз өмірде оның жарық жағын көре білуге бейімсіз бе?



- Сіз келеңсіз жағдайларға жақсы қарсы тұра аласыз ба?
- Сізді қоршаған адамдар сізді жақсы адам деп айта ала ма?
- Сіз бұлттарды, арасынан күнді ажырата аласыз ба?
- Сіз көпшілігінде өз өміріңізге ризасыз ба?
- Сіз өзіңізді бақыттымын деп айта аласыз ба?
- Сіз өзіңізге және өзгелерге жақсы сезімде бола аласыз ба?
- Сіздің өміріңіздің қазіргі сәтінде ермек болар бір нәрсе бар ма?

-Сізге өзіңіздің оң (жақсы) сезімдеріңізді білдіру қаншалықты оңай?

- Сізді қоршаған адамдар сіз туралы өмірлік қуаты толы адам деп айта ала ма?

Көңіл-күйді басқару, IQ деңгейін тексеруге ұқсас емес. Мұнда дұрыс және дұрыс емес жауаптар жоқ. Эмоционалдық интеллект өмірлік мақсат-тарға қолдану контекстінде қабылданады. Мұндай жағдайларға қарай батыл түрде әрекет ете білу мен қойылған мақсаттың мүддесіне қарай әрекет ете білу қабілеті «ақылдың» көрінісі ретінде есептеледі. Сондай-ақ эмоционал-дық жағдайды бақылау эмоционалдық интеллектінің өзіндік жеке параметрі ретінде оқшаулана алмайды. Кейбір адамдар өз ашу ызасын бақылауда ұстай алғанымен, өз үрейін ұстай алмайды. Басқалары тіптен қуана білмейді және т.б. Бұл жағдайда адамның жеке басының ерекшеліктері мен нақты жағдай-ларға қарай әрбір эмоция жайлы жеке әңгіме еткен дұрыс. Асқақтықтың шегі ретінде біздің нақты жағдайға және сол нақты сәтке қатысты эмоцияларды анықтап және бақылауға алу қабілетімізді айтуға болады.

Біздің эмоционалдық интеллектіміздің дамуы екінші кезектегі міндет ретінде көрінуі мүмкін, алайда шын мәнінде туғаның осы жағы біздің бүкіл өмірімізге маңызды түрде жиі әсер етеді.

Эмоционалды интеллект деңгейін өлшеуге арналған ешқандай да бір сәттік «он бір жылдық» тест жоқ. Автомобильді жүргізуді үйренгендегідей, біз бір уақытта бір-екі жағдайды өз назарымыздың шегінде ұстап отыра аламыз. Біз эмоционалдық дағдыларға кезек кезеңімен асықпастан үйренеміз, бірақ өз көңіл-күйімізді бақылау шеберлігіне қол жеткізу – осы саладағы ен

маңызды міндеттердің бірі. Және де бұл процесс сіздің оқып, ойлана бастауыңыздан басталады.

**Тақырыпты пысықтауға және бекітуге арналған сұрақтар:**

1. Ақыл-ой деңгейіне әсер етуші факторлар.
2. EQ деңгейін көтеру.
3. Стресстен құтылу.
4. Көңіл-күйді басқару
5. Өзін-өзі бақылау, өзінің көңіл-күйін басқарудың амалы ретінде.

## СЕМИНАР, ПРАКТИКА, ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТАРДЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ

1. «Психологиялық және педагогикалық диагностиканың маңызы мен ерекшеліктері».

Семинар сабақта қарастырылатын сұрақтар тізімі:

1. психодиагностика негіздерінің қасиеті;
2. әдіс түсінігі және мазмұны жөніндегі түсініктер;
3. әдістеменің негізгі мазмұны;
4. Б.Г.Ананьевтің психодиагностикалық әдістер жөніндегі көз-қарасы;
5. психодиагностикалық әдістемелердің бірнеше ерекшеліктері;
6. әдістемелердің даму тарихы;
7. ең алғаш зерттеу лабораториясын ашқан ғалым және қосқан үлесі;
8. психометрия түсінігі және оның ерекшелігі;
9. ғылыми диагностиканың феноменологиялық білімнен ерекшелігі;
10. әлеуметтік практикада психодиагностиканы қолданудың жолдары.

Әдебиеттер тізімі:

Бурлачук Л.Ф. Психодиагностика. М, 2003.

Бодалев В.В, Столин А.Н. Общая психодиагностика М., 2004.

2. «Психодиагностикалық әдістің мазмұны».

Семинар сабақта қарастырылатын сұрақтар тізімі:

1. Ф. Гальтон және жекелік ерекшеліктерді өлшеу;
2. А. Биненің интеллектіні өлшеуге қосқан үлесі;
3. Эксперименталды психологияда психодиагностиканың құрылуы (В. Вундт).
4. В. Штерн және интеллект коэффициенті.

Әдебиеттер тізімі:

Бурлачук Л.Ф. Психодиагностика. М, 2003.

Бодалев В.В, Столин А.Н. Общая психодиагностика М., 2004.

Гуревич К.М. Что такое психологическая диагностика? М, 2001.

### **3.«Тесттік нормалар»**

#### Семинар сабақта қарастырылатын сұрақтар тізімі:

1. Тесттерді құру технологиясының барысында ескерілетін жағдайлар
2. Тестерді бөлу ерекшелігі және түрлері
3. Тестерді қолдану ережесі

### **4. «Психодиагностикалық технология»**

1. Психодиагностикалық әдістерді құрастыру және бейімдеу.
2. Психодиагностикалық технологияның негізгі кезеңдері
3. Тұлғалық сұрақнамалар, репертуарлық әдістемелер

### **5. «Тұлға психодиагностикасы»**

1. Р.Кэттел 16 факторларлы тұлғалық сауалнамасын студенттерге түсіндіріп жеке-жеке әр студент 5-6 адамға осы әдісті жүргізу.
2. Люшердің түстерді таңдау тесттерімен жұмыс істеу.
3. Дж.Равеннің прогрессивті әдісі.
4. Рене Жиля әдістемесі. Осы әдісті 5-10 жас аралығындағы оқушыларға жүргізу.
5. Апперцептивті тест (ТАТ).
6. Айзенк сауалнамасы

### **6.Тесттік нормалар**

5. Тест шкалаларының статистикалық табиғаты
6. Тесттік нормалар және оларды тексеру.
7. Диагностикалық нормалардың түрлері: абсолютті, статикалық, критериялық.
8. Әртүрлі диагностикалық нормаларды қолдану шегі.

### **7.Шкалалар, түрлері өлшеу деңгейлері.**

4. Психодиагностикалық өлшеулердің статистикалық принциптері.
5. Мәліметтердің негізгі түрлері (L, Q, T – мәліметтері). Өлшеулердің шкалдары және деңгейлері.

**8,9.Сенімділігі.** Сенімділікті тексеру процедуралары.  
**Валидтілік**

1. Сенімділік. Өлшеу қатесі формуласындағы тесттің дәлдігі мен сенімділігінің байланысы. Сенімділік түрлері: ретестік, синхронды сенімділік.

2. Параллель формаларды салыстыру, тест-ретест. Сенімділік өлшемдері. Сұрақтамалардың сенімділігі.Әлеуметтік жағымды көріну түсінігі және сол сияқты мотивациялық бұрмалаулар.

**10.Валидтілік және оның түрлері** (конструкттік, эмпирикалық, критерий бойынша). Критерийлердің түрлері.Болжамдық және сол мезеттік валидтілік. Эмпирикалық валидтіліктің әдістері

### **11. Психодиагностикалық технология**

1. Тестік тапсырмалар

2. Әдіс және әдістемелер түсінігі.

3. Б.Г.Анаевтің психологияда ұсынған әдістердің типі.

### **12.Тұлға психодиагностикасы**

1.Тұлға моделіне қатысты теориялық құрылымның әртүрлілігі

2.Тұлғалық, жеке сұрақтар.

### **13.Тесттік нормалар**

1.Тестік шкалардың статистикалық табиғатын тексеру.

2.Тесттік нормалар және оларды тексеру.

3.Әртүрлі диагностикалық нормаларды қолдану шегі.

**14-15 Интеллект психодиагностикасы. Интеллекттің когнитивті модельдері.**

1. Интеллектіні анықтау тәсілдері

2. Интеллектіні зерттеуге арналған қандай тест түрлері бар?

3. Терстоун, Гилфорд, Айзенк, Кеттелл, Стернберг бойынша интеллект құрылымдарын бір-бірімен салыстыр, айырмашылықтарын тап.

4. Интеллект пен тұқым қуалаушылық арасында қандай байланыс бар?

## Зертханалық және студиялық сабақтардың жоспарлары

### 1. Қабылдауды зерттеу әдістемелері:

- «компастар» әдістемесі (кеңістік қасиеттерді қабылдау);
- «сағат» әдістемесі;
- уақытты қабылдауды зерттеу әдістемесі.

### 2. Зейіннің зерттеу әдістемелері:

- «корректоралық проба» әдістемесі;
- «қара-қызыл таблица» әдістемесі;
- Мюнстенберг әдістемесі;
- «сандарды орналастыру» әдістемесі;
- «сандарды табу» әдістемесі;
- «сандарды басқа нәрсеге зейінді аударумен табу» әдістемесі.

### 3. Есті зерттеу әдістемесі:

- кезекті еске сақтаудың әдісі (Л.С.Выготский бойынша);
- пиктограмма әдісі (А.Р.Лурия бойынша);
- «сандарды есте сақтау» әдісі;
- «бейнелерді сақтау» әдісі;
- екеулік қайта бейнелеу әдісі.

### 4. Ойлауды зерттеу әдістемелері:

- Векслер әдістемесі (балалар варианты) ;
- ШТУР;
- «Қиын ассоцициялары» әдістемесі;
- «Равен матрицалары» әдістемесі;
- «Ұғымдар қатынасының анализі» әдістемесі;
- «Жалпы ұғымдарды анықтау» әдістемесі;
- «Сандық қатынастар» әдістемесі;
- «Интеллектуалдық лабилдың» әдістемесі;

### 5. Сөйлеу дамуының зерттеу әдістемелері:

- вербалды қайта бейнелеудің өнімділіктің бағалау әдістемесі;
- мақал – мәтелдердің түсіндірмесі.

#### **6. Оқу мотивацияның зерттеуі:**

- оқу мотивацияның зерттеу әдістемесі;
- мақұлдау мотивациясы - Марлоу-Краун шкаласы;
- бақылау локализацияның шкаласы және т.б.

#### **7. Тұлғаның даму ерекшеліктерін және оның қасиеттерін зерттеу әдістемелері:**

- Кэттелл сұраулығы;
- Бриендік тұлғаның анкетасы (БТА);
- К. Леонгардтың мінездік сұраулығы;
- Тейлор ұйымдар бағалау шкаласы;
- Спилберг;
- Депрессия шкаласы;
- «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесі;
- «Өмірде жок жануар» әдістемесі;
- «ДДИ» әдістемесі;
- Субъективтік бақылаудың деңгейін зерттеу әдістемесі;
- Өзін-өзі бағалауды зерттеу әдістемесі (Будасси, Дембо-Рубинштейн және т.б. бойынша)
- Талап деңгейінің зерттеу әдістемесі;
- Конфликттік ситуацияларға реакциялау әдістемесі (К.Томмас);
- Q – іріктеу әдістемесі;

#### **8. Микротоптық деңгей қасиеттерін зерттеу әдістемелері:**

- социометрия;
- референтометрия;
- Тимоти-Лири бойынша тұлғааралық қатынастардың диагностикасының әдістемесі;
- репертуарлық торлар;
- ГОЛ.

Жеткіншектің даму ситуациялары (биологиялық, психикалық, тұлға-мінездік ерекшеліктер) кризистерге, конфликттерге, элеументтік ортаға адаптациялау қиыншылықтарға әкеліп соғады. Осы жаңа кезенді ойдағыдай аттай алмаған жеткіншек, «қиын» деген статус алады. Бұл, біріншіден, элеуметтік емес іс-әрекеті бар жеткіншектерге қатысты. Жеткіншекте физи-калық әлсіздік, мінез дамуының

ерекшеліктері, коммуникациялық қабілет-терінің жоқтығы, эмоциялық ержетпеу, айналадағы әлеуметтік ортаның нашарлығы. Жеткіншектерде белгілі бір әрекеттік реакциялар пайда болады, олар арнайы кешенді құрады. Ол эмансипация реакциясы ретінде анықта-лады, әрекеттің бұл түрі арқасында ол үлкендердің бақылауынан босатылып кеткісі келеді.

### **9. Осы деңгейдегі қасиеттерді зерттеу әдістемелері:**

- «қызығушылық картасы» әдістемесі;
- ДДО әдістемесі (Климов);

**1. «Жетістікке жету» әдістемесі.** Психологиялық анализдің қажеттілігін ескеріп, тұлғаның адаптациялық мүмкіншіліктерін бағалау керек. Әлеумет-тік жұмыс бойынша маманның кәсіби маңызды қасиеттерді зерттеуге ерекше көңіл бөлу керек, әсіресе: эмпатикалық ерекшеліктеріне, коммуникативтік қабілеттеріне, төмен конфликттікке.

**Теориялық негіздеу.** Әдістеме Ю.М.Орловпен құрастырған. Ф.Хонне ұғымдан жетістікке жету қажеттілігі туралы түсінік бастама алады. «Мен» - деңгейі. Адам санасезімінің неғұрлым жоғары деңгейде жоғары талап деңгейі көмегімен ұстап тұру талпынуы. Кештеу бұл ұғым «жетістікке жету мотивіне» айналды. Х.Хенхаузен оны өзінің қабілеттерін жоғарылату талпынысы етіп анықтаған.

**Мақсаты:** Кез келген іс-әрекетте жетістікке жетудің адамның қажеттілігінің анықтау дәрежесін шығару.

**Нұсқау:** ұсынылатын әдістеме тест-сұраулық түрінде болады, 23 бөлімдерден тұрады. Зерттелетін адам «ия», «жоқ» деп жауап беру керек.



## Тест материалы

1. Өмірдегі жетістік бір жағдайға, есептен гөрі тәуелді.
2. Егер мен ұнататын істен айырылсам, өмірдің мәні жоғалады.
3. Кез келген істі орындау барысы қызықтырады, нәтиже емес.
4. Адамдар, менің ойымша, жұмыстағы кемшіліктерден жақындармен нашар қатынастардан гөрі көп зардан шегеді.
5. Көп адамдар, менің пікірімше, алыс мақсаттармен, жақын емес, өмір сүреді.
6. Менің өмірімде басқа нәрседен жетістіктер көбірек болды.
7. Әрекеттік адамдардан гөрі, эмоционалдық адамдарды ұнатамын.
8. Қарапайым жұмыстың өзінде оның кейбір элементтерін жетілдіргім келеді.
9. Жетістікке жетемін деп, қорқудыда ойламаймын.
10. Менің жақындарым мені жалқау деп ойлайды.
11. Менің төмендеуімде жағдай кінәлі, өзім емес.
12. Менің ата-анам мені өте қатал бақылайды.
13. Менде қабілеттіліктерден шыдамым басым.
14. Жалқаулығым қойған мақсаттардан айнытады.
15. Өзім-өзіме сенімді адаммын.
16. Жетістікке жету үшін қауіп-қатерге ұшырауымда мүмкін.
17. Мен еңбекқор емеспін.
18. Барлық нәрсе ойдағыдай болса, менің күшім көбееді.
19. Мен журналист болғанда, оқиғалар туралы емес, адамдардың ойлап тапқан жаңалықтар туралы жазар едім.
20. Менің жақындарым жоспарларымды қолдамайды.
21. Менің құрдастарымнан гөрі, өмірге деген талаптарым төмен.
22. Қабілеттіліктерден табандылық менде көбірек.
23. Күнделікті істерден босасам, мен одан көп жетістікке жетер едім.

Нәтижелерді өңдеу. Әр жауап үшін 1-ұпай қойылады:

«ия» -2,6-8, 14, 16, 18, 19, 21-23 бөліктер бойынша.

«жоқ» -1, 3-5, 9-13, 15, 17, 20 бөліктер бойынша.

Жетістіктерге қажеттілік (ЖҚ) «ия» мен «жоқ» жауаптарының қосындысын тең. Бағалау шкаласы 0-ден 23-ке дейін.

Нәтижелердің интерпретациясы. Неғұрлым көп ұпай жинаса, соғұрлым онда ЖҚ көп.

## 2. «Жұмыспен қанағаттанудың бағасы» әдістемесі.

**Теориялық негіздеу.** Бұл әдістеме В.А.Разоновамен құрылған. Жұмыскердің тиімділігі көбінесе жұмысымен қанағаттануға тәуелді. Егер жұмыс істеуге жақсы жағдай жасалған болса, бастықпен, әріптестермен жақсы қарым-қатынаста болса, айлығының деңгейі кәсіби өсуінің перспективасы бар болса, онда жұмыскер өзінің жұмысына қанағаттанып жүреді.

**Мақсаты.** Еңбек жағдайымен, іс-әрекеттің мазмұнымен, бастықтармен әріптестермен жақсы қарым-қатынасымен және басқа факторлармен қанағаттануды зерттеу.

**Нұсқау.** Зерттеу жеке және топта өткізілуі мүмкін.

Зерттелушіге анкетаны береді (табл.35), оларда 14 тұжырымдамалар, жауаптық 5 нұсқа (бағалау шкаласы 1-5 ұпай)

Әр тұжырымдаманы бағалау керек, оны шеңберге аласыз

- 1 ұпай - өте қанағаттанамын
- 2 ұпай - қанағаттанамын
- 3 ұпай - онша емес
- 4 ұпай - қанағаттанбаймын
- 5 ұпай - өте қанағаттанбаймын.

### Тест материалы

Тұжырымдама	Өте қанағатты	Қанағатты	Онша емес	Қанағатсыз	Өте қанағатсыз
1. Мекемемен қанағаттануыңыз					
2. Физикалық жағдайлармен қанағаттануыңыз					
3. Жұмыспен қанағаттануыңыз					

Тұжырымдама	Өте қанағатты	Қанағатты	Оңша емес	Қанағатсыз	Өте қанағатсыз
4. Жұмыскерлердің бірлігімен қанағаттануыңыз					
5. Бастықтың стилімен қанағаттануыңыз					
6. Бастығыңыздың кәсіби біліктілігімен қанағаттануыңыз					
7. Еңбек жалақысымен қанағаттануыңыз					
8. Басқа мекемелермен салыстырғанда еңбек жалақымен қанағаттануыңыз					
9. Кәсіби жоғарлауымен қанағаттануыңыз					
10. Жоғарлау мүмкіншіліктерімен қанағаттануыңыз					
11. Өз тәжірибеңізді және қабілеттеріңізді қолдануыңызбен қанағаттануыңыз					
12. Интеллектіңізге талаптарымен қанағаттануыңыз					
13. Жұмыс күнінің ұзақтығымен қанағаттануыңыз					
14. Жұмыспен сол дәрежеде қанағаттануыңыз, басқа жұмыс іздеуге ықпал ететін.					

**Нәтижелерді өңдеу:** Анкетадағы ұпайлар қосылады. Егер, бір топ жұмыскерлерді зеріттеген болса, онда топ бойынша орта бағалар анализдер өткізіледі, бағалау төменгі шкала бойынша: 5-20-«өте қанағат»; 21-32 ұпай – «қанағат»; 33-44 ұпай-«оңша емес қанағ-сыз»; 45-60 ұпай-«қанағ-сыз»; 60-тан жоғары – «өте қанағ-сыз».

**Нәтижелерді интерпретациялау.** Зерттеу нәтижелері бойынша 14-тен 70 ұпайға дейін алуға болады. Егер адам 40 немес одан көп ұпай жинаса, онда ол жұмысымен қанағаттанбағандығын көрсетеді. Егер жұмыскер аз ұпай алса, онда оның қанағаттанбауы жоғары болады.

### **3.Стреляу тесті:**

**Нұсқау.** «Сізге әртүрлі шарттардағы мен жағдайлардағы сіздің іс-әрекетінің ерекшеліктері туралы сұрақтар ұсынылады. Сіз бізге шынайы жауап бергеніңіз жөн болар еді. Сұрақтарға кезек-кезек жауап беру керек, «ия», «жоқ», «білмеймін» деген жауап беру керек. Ешқандай сұрақты тастап кетпеңіз. Бастаңыз.»

### **Сауалнаманың мәтіні.**

1. Сіз өзіңіздің адамдармен тез тіл табыса алатын адамдар қатарына жатасыз ба?
2. Бір іс-қимыл жасамай (бұйрық берілгенше) өз-өзіңізді ұстай аласыз ба? 3.Ұзақ жұмыстан кейін Сізге қысқа демалыс жетеді ма?
4. Жағдайы жоқ жерде жұмыс істей аласыз ба?
5. Дискуссия кезінде дәлелі жоқ аргументтерден өзіңізді аулақ ұстайсыз ба?
6. Ұзақ үзілістен (демалыс, каникул) кейін жұмысты оңай, жеңіл қайта бастай аласыз ба?
- 7.Жұмысқа қызып кетіп, шаршамағыңызды ұмытасызба?
8. Біреуге белгілі бір жұмыс тапсырып, оның нәтижесін күте аласыз ба?
- 9.Тәуліктің әр кезінде ұйықтай аласыз ба?
- 10.Егер сізге өтініш жасаса, құпияны сақтай аласыз ба?
- 11.Бірнеше апта немесе ай істемеген жұмысты қайта бастай аласыз ба
- 12.Біреуге түсініксіз нәрсеге шыдаммен түсіндіре аласыз ба?
- 13.Ой жұмысы сізге ұнайды ма?
- 14.Бірқалыпты жұмыс сізге ұйқы келтіреді ме?
- 15.Қатта уайымдардан кейін сіз тез ұйықтай аласыз ба?
- 16.Өзіңіздің басымдылығыңызды керек кезде ұстап тұра аласыз ба?

17. Бейтаныс адамдардың алдында өзіңізді бұрынғысыңша ұстайсыз ба? 18. Ашудың ұстауға қиналасыз ба?

19. Қиын сәттерде өз-өзіңізді ұстай аласыз ба?

20. Керек кезде өзіңіздің іс қимылыңызды айналадағылардікіне бейімдей аласыз ба?

21. Жауапты жұмыстарды істеуді ұнатасыз ба?

22. Айналадағылар сіздің көңіл күйіңізге ықпал ететі ме?

23. Қиындықтарды жеңе білесіз бе?

24. Тәуелді адамның көзінше сіз бұрынғыдай сөйлесесіз бе?

25. Күн тәртібіндегі өзгерістер сізді өзіңізден шығарады ма?

26. Барлық сұрақтарға дайын жауаптарыңыз бар ма?

27. Маңызды шешім күткен кезде өзіңізді сабырлы сезінесіз бе?

28. Демалыс күндеріңізді оңай ұйымдастыра аласыз ба?

29. Сіздің реакцияңыз жылдам ба?

30. Өзіңіздің жүрісіңізді сізден баяу адамдардың жүрісіне оңай бейімдей аласыз ба?

31. Жатқан кезде тез ұйықтайсыз ба?

32. Жиналыс, семинарларда сөйлеуді ұнатасыз ба?

33. Көңіл күйіңізді оңай бұзуға бола ма?

34. Істеп жатқан жұмысыңызды уақытша тез тастай аласыз ба?

35. Әңгіме басқаларға кедергі жасаса сіз одан оңай бас тартасыз ба?

36. Сізді бір нәрсеге провокациялау оңай ма?

37. Біргелікте жұмыс істеп тұрып, әріптесіңізбен оңай тіл таба аласыз ба?

38. Маңызды істің алдында үнемі ойланасыз ба ?

39. Бір тестті оқыған кезде автордың ойын басынан аяғына дейін қадағалай аласыз ба?

40. Жолшыбай адамдармен оңай тіл таба аласыз ба?

41. Біреудің дұрыс еместігін көз жеткізе аласыз ба?

42. Қолыңыздың шеберлігін, жылдамдығын талап ететін жұмысты ұнатасыз ба?

43. Басқалардың пікірін тыңдап, шешім қабылдап қойған нәрсені өзгерте аласыз ба?

44. Жұмыстың жаңа жүйесіне тез үйрене аласыз ба?

45. Күні бойы жұмыстан кейін түнде жұмыс істей аласыз ба?

46. Беллетристинаны тез оқисыз ба?
47. Егер кедергілер болса, өзіңіздің жоспарларыңыздан бас тарта аласыз ба ?
48. Жағдайларда өзін-өзі ұстай аласыз ба?
49. Таңертең оңай тұрып кете аласыз ба?
50. Импульсивті реакциядан бас тарта аласыз ба?
51. У-шу жағдайда жұмыс істей аласыз ба?
52. Қажет кезде шындықты айтпай, өзіңізді ұстай аласыз ба?
53. Өзіңіздің толқуыңызды емтихан алдында, бастықпен кездесу алдында ұстай аласыз ба?
54. Жаңа ортаға тез үйренесіз бе?
55. Жай өзгерістер сізге ұнай ма?
56. Күндізгі қиын жұмыстан кейін түнімен өзі-өзіңізге келе аласыз ба?
57. Қысқа уақыт ішінде әртүрлі іс қимылдарды талап ететін дәрістерден бас тартасыз ба?
58. Пайда болған қиындықтармен өзіңіз күресесіз бе?
59. Біреу сөйлеген кезде оның сөзін аяқталуын күте аласыз ба?
60. Жүзе білсеңіз, батып бара жатқан адамды құтқаратын едіңіз бе?
61. Қауырт жұмысқа, оқуға қабілеттісіз бе?
62. Орынсыз ескертулерден өзіңізді ұстай аласыз ба?
63. Тұрақты нәрселерге қатты көгіл бөлесіз бе?
64. Бір тапсырмадан екіншіге оңай көше аласыз ба?
65. Маңызды шешім қабылдағанда, бәрін таразыға саласыз ба ?
66. Кедергілерді оңай өте аласыз ба?
67. Бөтен біреудің қағаздарын, заттарын қараудан бас тартасыз ба?
68. Үнемі бірдей орындалатын іс әрекет сізді жалықтырады ма ?
69. Қоғамдық орындарда міндеттемелерді, тиындарды орындайсыз ба ?
70. Сөйлеген кезде сіз қолыңыздың артық жестикуляциялаудан сақтайсыз ба
71. Айналадағы өте көп қимыл сізге ұнайды ма ?
72. Үлкен күш салуды талап ететін жұмыс сізге ұнайды ма ?

73. Ұзақ уақыт бойы белгілі бір тапсырманы орындау үшін кейінді жоғарыландыра аласыз ба ?

74. Тез қимыл талап ететін тапсырманы ұнатасыз ба ?

75. Қиын өмірлік жағдайларда өзі-өзіңізді ұстай аласыз ба ?

76. Қажет болса ұйқыдан тез тұра аласыз ба ?

77. Өзіңіздің жұмысыңызды бітіріп, басқаларды күте аласыз ба?

78. Ыңғайсыз жағдайдың куәсі болғаннан кейінде сіз бұрынғысынан нақты әрекет жасайсыз ба?

79. Газеттерді тез көріп шығасыз ба?

80. Түсініксіз, тез сөйлейсіз бе?

81. Басыңыз ауырып тұрсада, жұмыс істей бересіз бе?

82. Үзіліссіз ұзақ уақыт жұмыс істей аласыз ба?

83. Жұмыс сіздің көңіл күйіңізді өзгерте алады ма?

84. Егер сізді достарыңыз күтіп тұрса, сіз жұмысыңызды сабырлы түрде жалғастыра бересіз бе ?

85. Тосын сұрақтарға тез жауап бересіз бе?

86. Тез сөйлейсіз бе?

87. Қонақ күтіп отырып, жұмыс істей аласыз ба?

88. Ақылды аргументтердің ықпалымен өз пікіріңізді тез ауыстыра аласыз ба?

89. Шыдамдысыз ба?

90. Өзіңізден баяу қимылдайтын адамның ритміне үйлесе аласыз ба?

91. Өзіңізді жоснатыңызда бірден бірнеше істі атқару бар ма?

92. Көңілді достарыңыз сіздің көңілсіз күйіңізді сергете ала ма?

93. Ешқандай қаналмай бірнеше іс қимылды бірден атқара аласыз ба?

94. Көшедегі бір оқиғаның куәсі болып қалсаңыз, психикалық теңдікті сақтай аласыз ба?

95. Әртүрлі манипуляцияны талап ететін жұмысты ұнатасыз ба?

96. Жақындарыңыздың біреуі ауырып, немесе қатты уайымға ұшырса, сіз өзіңізді сабырлы ұстайсыз ба?

97. Қиын ситуацияларда өзіңізді дұрыс ұстай аласыз ба?

98. Үлкен бейтаныс компанияда өзіңізді ұстай аласыз ба?

99. Қажет болса әңгімені бірден тоқтата аласыз ба?

100. Басқа адамдардың әдістеріне тез бейімдей аласыз ба?
101. Жұмыс түрлерін тез-тез ауыстыруды ұнатасыз ба?
102. Кезектен тыс бір нәрсе болса, инициативаны өз қолыңызға ала аласыз ба?
103. Лайықты емес ситуацияларда күлкіңізді ұстай аласыз ба?
104. Бірден интенсивті жұмыс істеп кете аласыз ба?
105. Егер біреудің пікірімен келіспесеңіз оны айта аласыз ба?
106. Депрессия жағдайын жеңе аласыз ба?
107. Өте күшті ой жұмыстан кейін дұрыс ұйықтайсыз ба?
108. Мысалы, кезекте көп тұра аласыз ба?
109. Алдын ала бекер екенін біле тұра, біреудің ісіне араласа аласыз ба?
110. Қатты дискуссия кезінде өзіңіздің тұжырымдамаңызды дәлелдей аласыз ба?
111. Қызықты жағдайға бірден реакция бере аласыз ба?
112. Егер сізден өтінсе, өзіңізді өте тыныш ұстай аласыз ба?
113. Дәрігерлік процедураларды толқусыз қабылдайсыз ба?
114. Интенсивті жұмыс істей аласыз ба?
115. Демалыс орындарды тез ауыстырып тұрасыз ба?
116. Жаңа күн тәртібіне тез үйренесіз бе?
117. Тосын жағдайда жәрдем бере аласыз ба?
118. Жарыстарда айқайламай отыра аласыз ба?
119. Көп адамдармен әңгімелесуді талап ететін жұмысты ұнатасыз ба?
120. Мимикаңызды меңгере аласыз ба?
121. Энергиялық іс қимылды талап ететін істер ұнайды ма?
122. Өзіңізді батыр деп санайсыз ба?
123. Тосын жағдайда даусыңыз жықпай қалады ма?
124. Сәтсіздік моментінде сіз жұмыс істей бересіз бе?
125. Егер сізден өтінсе, сіз ұзақ уақыт тыныш тұрып, отырасыз ба?
126. Егер біреуге жақпаса қуанышыңызды бірден баса аласыз ба?
127. Мұңнан қуанышқа бірден өте аласыз ба?
128. Тез ашуланасыз ба?
129. Ортаға міндетті тәртіп ережелерін оңай сақтай аласыз ба?
130. Жұрттың алдында сөйлегенді ұнатасыз ба?



131. Жұмысқа бірден кірісе аласыз ба?  
 132. Өміріңізді тігіп біреуге көмекке келесіз бе?  
 133. Іс қимылыңыз жылдам ба?  
 134. Жауапты жұмысты орындауды ұнатасыз ба?

#### Тест интерпретациясы.

Әр қасиеттің бағасы, сұраққа жауаптардың қосындысынан шығады. Егер жауабы кодпен сәйкес келсе, онда ол 2 ұпайға бағаланады, егер сәйкес келмесе = 0 ұпай, «білмеймін» деген -1 ұпай.

#### Код.

1. Күштарлық процесінің күші.

«Ия» -3,4,7,13,15,16,19,21,23,24,32,39,45,56,60,61,66,72,73, 78,81,82,83,94,97,98,102,105,106,113,114,117,121,122,124,130,132, 133,134, «жоқ» - 47,51,107,123.

2. Тежеулік процестерінің күші.

«Ия» - 2,5,8,10,12,16,27,30,37,38,41,48,50,52,53,62,65,69,70,75, 77,84,87, 89,90,96,99,103,108,109,110,112,118,120,125,126,129, «жоқ» - 18,34,36,59,67, 128.

3. Жүйке процестерінің ширақтығы.

«Ия» - 1,6,9,11,14,20,22,26,28,29,31,33,40,42,43,44,46,49,54,55, 64,68,71,74,76,79,80,85,86,88,91,92,93,95,100,101,107,111,115,116, 119,127,131, «жоқ» - 25,57,63.

Диагноз: 42 ұпайға тең қосынды және одан жоғары әр қасиеті бойынша оның анықтығын жоғары дәрежесін білдіреді.

#### 4. Коммуникациялық қабілеттерді зерттеу әдістемесі.

Теориялық негізделу. Еңбек іс-әрекеті процесінде адамдар қарым-қатынаста болады, оның нәтижесі әлеуметтік – психологиялық климатына, араласудағы қадеттілігіне қанағаттанғанында көрінеді, оның әрекеттіліктің тиімділігінде.

Адамдардың коммуникациясы бірі-бірімен белгілі бір мақсатпен қарым-қағынасын айтамыз:

- мәлімет алу немесе беру, олар функционалдық және қызметтік міндеттерін сапалы орындау үшін керек.

- әсер ету, яғни Адам іс-қимылымен меңгеру, олардың жағдайларымен, мақсатқа қатынасымен, тапсырмаларға және мекеме өмірінің басқа ерекшеліктеріне.

-Адам араласуға қажеттілігінің қанағаттануы.

Коммуникация екі өзара тәуелді аспектен тұрады: коммуникация жүйе ретінде және коммуникация процес ретінде, яғни қалыптасып қалған дәстүрлер, нормалар және стереотиптер ретінде.

Жүйе ретінде коммуникация өңім технологиясынан, сату, финанстық және мекеменің басқа ерекшеліктерінен тұрады. Динамикалық процес ретінде, адамдардың кәсіби іс-әрекетінің элементі ретінде – адамның айналамен үздіксіз қарым қатынасының технологиясы.

Коммуникациялық ерекшеліктерін зерттеу көрсетті, араласу құралдарының арасында коммуникациялық минимум бар. Негізгі коммуникациялық минимум теоретикалық білімге қойылатын талаптардың тізімі болып табылады. Төменде берілген коммуникациялық минимум стандарт сияқты анықталып коммуникативті компетенциясының балауының негізі болып табылады.

**А.Теориялық білім (емтиханда тексеріледі).**

1. Комуникативті информацияның физиологиялық негізі мен этаптары.

2. Адамдардың бір-бірін қабылдауының психофизиологиялық және психологиялық ерекшеліктері.

3.Коммуникация процесінде адамдардың вербальдық және вербальдық емес іс-әрекетінің ерекшеліктері.

4.Коммуникация процесінде қарым қатынастарының түрлері.

5. Комуникатордың және реципиенттің тәртібінің композиментарлықтың ережесі.

6. Субъективті қызығушылықтың, адамның психологиялық ерекшелік-терінің, оның тәжірибесінің, күтуінің ықпалдарының ерекшеліктері.

7.Коммуникациядағы эмоциялардың ролі мен маңызы.

8.Комуникативті акттің құрылымы мен функциялары.

9.Диалог жүргізудің құрылымы, фазасы және есептері.

10.Мекемедегі тұлға аралық коммуникацияның құрылымы.

**Б. Коммуникация негізгі техниканың теоретикалық білімі.**

**(Жазбаша бақылау жұмысымен тексеріледі).**

1. Активті және пассивті тыңдау.

2. Синхронизация техникасы, яғни әңгімелесуші адамның жағдайының және тәртібінің есебі.

3. Диалог жүргізудің әр түрлі стратегиясы.

4. Әңгімелесуші адамдардың қайшылықтарды шешу техникасы: мағынасын түсіндіру ережелерін сипаттау және қолдану жағдайлары, үлгі беру.

5. Эмоциялық шаршауды түсіру техникасы:

6. Тұжырымдау техникасы:

7. Вербализация техникасы:

8. Сұрақ техникасы:

9. Интерпретация техникасы:

10. Пауза техникасы:

11. Тоқу техникасы:

12. Кезектік мақұлдаудың техникасы:

**В. Практикалық қабілеттер (анкета негізінде немесе араласудың бағалауы негізінде эксперттермен тексеріледі)**

1. Диалог бастау инициативасын өз қолына алу және оны жүргізу қабілеті.

2. Адаммен контакт құрған кезде – түсінісу, өзін-өзі ұстай білу, кімге не айтатынын, әңгімеге жақсы көңіл күй туғызу.

3. Адаммен әңгімелескен кезде – оның мәліметтерді тыңдап, оның вербальдық және вербальдық емес тәртібінің ерекшеліктерін бақылай білу.

4. Әңгімелесуші адамның психологиялық ерекшеліктерін түсіну, оның тәртібінің конгруэнттігін анықтау, әңгімені жалғастыру – жалғастырмау ынтасы, оның өз порциясын өзгертуге дайындығы.

5. Әңгіме барысында – айтылған нәрселерден ең маңыздысын анықтау, жасырын мақсаттарын түсіну қабілеттілігі.

6. Өте агрессивті әңгімелесуші адамды өз қалпына келтіру қабілеттілігі.

7. Диалогқа әсер етегін эмоцияналдың күштілікті түзету қабілеттілігі.

8. Әңгімелесушіні бір нәрсеге көзін жеткізу – оның тақырыпқа көзқарасын білу, әңгіменің әр түрлі аспектілеріне порциясын білу; керекті аргументтерді таба білу.

9. Әңгімелесушіге барлық аспекттер бойынша кері байланыс беру қабілеттілігі.

**Мақсаты.** Маманның коммуникативті біліктілігін бағалау.

**Нұсқау.** Зерттелетіндерге түсіндіреді, таблицада әртүрлі коммуникативті қабілеттер берілген оларға әріптестерді бағалау ұсынылады. Егер әріптестерінде осы қабілеттер бар болса онда 7 санын шеңберге алы керек, егер онша емес болса -6 саны, солай 1-ге дейін.

**Тест материалы.**

**Таблица.**

Сұрақтар							
1. Сіз әңгіменің нәтижесін жоспарлайсыз ба, оған жету әдістерін, кезеңдерін ?	7	6	5	4	3	2	1
2. Әңгіме үшін сіз адамға қатысты фактілерді, аргументтерді келтіресіз бе?	7	6	5	4	3	2	1
3. Болатын әңгімеге адамды дұрыс бұра аласыз ба ?	7	6	5	4	3	2	1
4. Миника, қол қимылдарынан адамның әңгіме жалғастыруға ынтасын біле аласыз ба ?	7	6	5	4	3	2	1
5. Егер әңгімелесушінің көңіл-күйі болмаса, оған көмектесе аласыз ба ?	7	6	5	4	3	2	1
6. Егер сіз өзіңіз сондай күйде болсаңыз, әңгімеге ықпал етпейтіндей, өзіңізді баса аласыз ба ?	7	6	5	4	3	2	1
7. Ұсынылған тақырыпқа, проблемаға оның көзқарасын біле аласыз ба ?	7	6	5	4	3	2	1
8. Дұрыс шешім қабылдау үшін қандай аргументтер келтіру керек екенін біле аласыз ба ?	7	6	5	4	3	2	1

Сұрақтар							
9. Ашық, түсінікті етіп сөйлей аласыз ба ?	7	6	5	4	3	2	1
10. Сіздің қызықтыратын мәселе бойынша мақұлдаула аласыз ба ?							
11. Диалог біткеннен кейін, өзіңіздің алған әсер, нәтижелер туралы айтасыз ба ?	7	6	5	4	3	2	1
12. Сізге әңгімелесуші адамның әңгіме жүргізуі ұнаса, оған айтасыз ба №	7	6	5	4	3	2	1
13. Егер әңгімелесушінің әңгіме барысында аспектілер сізге жақпаса оған білдірпей, қалпына келтіре аласыз ба ?	7	6	5	4	3	2	1
14. Диалог процесін менгеріп, керек кезде бітіре аласыз ба ?	7	6	5	4	3	2	1

Нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау. Нәтижелер шкаланы қолданумен өңделеді. Оның ішінде екі сұрақтардың орта мәні әр шкала бойынша анықталады.

1. 30-ға дейін ұпай жиналса, онда әлеуметтік жұмыскерлердің коммуникациялық біліктілігі жоғары болғаны.

2. 30-дан 60-қа дейін ұпай жиналса, онда кейбір аспектілер қанағаттанарлықсыз екеніне көңіл бөліңіз.

3. 60-тан жоғары ұпай алса, онда жұмыскердің коммуникациялық қабілеті мүлдем жоқ деген сөз.

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МАТЕРИАЛДАРЫ

### Студенттердің оқытушы жетекшілігімен жасайтын өзіндік жұмыстары (СОӨЖ)

№№ п.п.	СОӨЖ тақырыптардың аттары және тапсырмаларының мазмұны	Жүргізу түрі
1тақырып	Психодиагностиканың негізгі бағыттары және міндеттері.	Белсенді семинар
2тақырып	Негізгі психодиагностикалық амалдар және әдістер	Дөңгелек стол
3тақырып	Психологиялық диагноз және оның деңгейлері туралы түсінік	Конференция
4тақырып	Психологиялық кеңес беру, психотерапия, кәсіби таңдау салалары	Белсенді семинар
5тақырып	Психодиагностикада қолданатын кәсіби-этикалық принциптер	Дөңгелек стол
6тақырып	Кәсіби құпия, әдістемелерді тарату және баспаға шығарудың ережелері	Сұрақ-жауап
7тақырып	Психодиагностика процесінің кезеңдері	Белсенді семинар
8тақырып	Өлшеу деңгейлері мен шкалалары	Дөңгелек стол
9тақырып	Сенімділік: түсінігі, түрлері, мөлшері	Белсенді семинар
10тақырып	Валидтілік: түсінігі, түрлері, сенімділікпен және байланысы	Конференция
11тақырып	Тұлға тестін және жетістіктер тестін құрастыру принциптері	Реферат
12тақырып	Негізгі проективті әдістермен жұмыс істеудің принциптері. Проективті әдістердің негізгі белгілері	Конспект жазу
13тақырып	Интеллектің факторлық моделдері (Спирмен, Кэттел, Терстоун, Гилфорд)	Реферат
14тақырып	Интеллектің когнитивті моделдері (Р.Стернберг)	Эссе жазу
15тақырып	Дж.Равеннің прогрессивті матрицалары	Реферат

## Студенттердің өзіндік жұмысы

№№ п.п.	СӨЖ тақырыптардың аттары және тапсырмаларының мазмұны	Бақылау формасы
1 тақырып	Психодиагностиканың негізгі бағыттары және міндеттері.	Реферат
2 тақырып	Негізгі психодиагностикалық амалдар және әдістер	Реферат
3 тақырып	Психологиялық диагноз және оның деңгейлері туралы түсінік	Реферат
4 тақырып	Психологиялық кеңес беру, психотерапия, кәсіби таңдау салалары	Бақылау жұмысы
5 тақырып	Психодиагностикада қолданатын кәсіби-этикалық принциптер	Реферат
6 тақырып	Кәсіби құпия, әдістемелерді тарату және баспаға шығарудың ережелері	Реферат
7 тақырып	Психодиагностика процесінің кезеңдері	Шағын сынақ
8 тақырып	Өлшеу деңгейлері мен шкалалары	Жоба дайындау
9 тақырып	Сенімділік: түсінігі, түрлері, мөлшері	Реферат
10 тақырып	Валидтілік: түсінігі, түрлері, сенімділікпен және байланысы	Реферат
11 тақырып	Тұлға тестін және жетістіктер тестін құрастыру принциптері	Реферат
12 тақырып	Негізгі проективті әдістермен жұмыс істеудің принциптері. Проективті әдістердің негізгі белгілері	Конспект жазу
13 тақырып	Интеллекттің факторлық моделдері (Спирмен, Кэттел, Терстоун, Гилфорд)	Реферат
14 тақырып	Интеллекттің когнитивті моделдері (Р.Стернберг)	Эссе жазу
15 тақырып	Дж.Равеннің прогрессивті матрицалары	Реферат

## БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Неліктен психодиагностика теоретикалық ғылым ретінде психология ғылымының пәндерімен тығыз байланысты.

А) Психодиагностика әртүрлі пәндер аймағында құралды

С) Психодиагностиканың басқа ғылымдармен байланысында осындай дәстүр бар.

Д) Психодиагностика психологиялық практиканың әртүрлі аймақтарына қызмет етеді.

Е) Психодиагностика психология ғылымының басқа пәндеріне қарағанда кейін қалыптасты

Е) &Психодиагностикада қарастырылатын «айнымалы» соған сай ғылым аймағында теоретикалық мәнге ие болуы керек.

\*\*\*\*\*

Психодиагностиканың практикалық іс-әрекет ретіндегі сипаттайтын ерекшеліктеріне сай емес пунктты

А) Кәсіби және этикалық нормаларды орындау

С) Диагностикалық жұмыстың пайдалы дағдыларының болуы

Д) Психодиагностикалық құралдардың қолдану ережелерін білу

В) &Өлшеу процедураларын құрастыру

Е) Тексеру нәтижелеріне әсер ететін факторларды түсіну

\*\*\*\*\*

Көп нүктенің орнын толтырыңыз: «Теоретикалық психодиагностика психологиялық білімнің үш аймағын қамтиды ол- ....., психометрика, психологиялық білімнің қолдану аймағы».

А) & Дифференциальды психология

В) Математикалық статистика

С) Әлеуметтік психология

